- 24 Вяткин М.П. К истории распада казахского союза // Материалы по истории Казахской ССР. – Алматы: из-во АН КазССР, 1946. – Т. II. – Ч. 2. (1741-1751). – С.4.
- 25 Витевский В.Н. И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758. – Казань: Типо-лит. В.М. Ключникова, 1897. – Т. I. – 292 с.
- 26 Вяткин М.П. Батыр Срым. – М-Л.: из-во АНССР, 1947. – 392 с.
- 27 Чулошников А. Торговля Московского государства с средней Азией в XVI–XVII вв. // Материалы по истории народов СССР. Вып. 3. Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. – М-Л.: АН СССР, 1933. – Ч. I. – 504 с.
- 28 Памятники сибирской истории XVIII века. – СПб.: типогр. м-ва внутр. дел, 1885. – Кн. II. 1713 – 1724. – 541 с.
- 29 Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб.: Н.П., 1865. – 288 с.
- 30 Мир Мухаммед Амин-н Бухари. Убайдулла-наме. – Ташкент, 1957. – 326 с.
- 30а. Валиханов Ч.Ч. Аблай. // Собр.соч. – Алма-Ата: из-во АН КазССР, 1961. – Т. 1. – С.
- 31 Семенюк Г.И. Проблемы истории кочевых племен и народов периода феодализма (На материалах

---

Казахстана) – Калинин, 1973. – 148 с.

32 Абдиров М. Хан Мухаммед Абулхаир II // Простор, 1993. – №12. – С. 243-253.

33 Абдиров М. Он был ханом, его звали Абулхаир II // Казахстанская правда, 1993. №137 – 138, 16 июня.

34 Архив Ленинградского отделения института истории России. Коллекция 115. – № 495. – Л.84-85.

35 Маев Н.М. Очерки истории киргизского народа с 1732 по 1868 год // Материалы для статистики Туркестанского края. – СПб., 1873. – Вып.2. – С.415 – 426.

36 Диваев А. Мавзолей Кок-Кесене // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Год 10. – Ташкент, 1905. – С. 40-41.

37 Сүлейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Аблая). – Алма-Ата: Наука, 1988. – 144 с.

38 Ходжаев А. Поход цинских войск в Джунгарию в 1717 г. (Из истории взаимоотношений цинского Китая с Джунгарским ханством). // Девятнадцатая научная конференция «Общество и государство в Китае». Тезисы докладов. – Ч. II.: Наука, 1988. – С. 121–126.

39 Вяткин М.Л. К истории распада казахского союза // Материалы по истории Казахской ССР. Под редакцией М.П.Вяткина. – Алма-Ата: из-во АН КазССР, 1948. – Т. 2. – Ч.2. – 457 с.

40 Материалы по истории Казахской ССР. Под ред. М.П. Вяткина. – Алма-Ата: из-во АН КазССР, 1948. – Т. 2. – Ч. 2. – 457 с.

41 Златкин И.Я. История джунгарского ханства 1635-1758. – М.: Наука, 1983. 332 с.

42 Кычанов Е.И. Повествование об ойротском Галдане Бешокту. – Новосибирск: Наука, 1980. – 190 с.

43 Гуревич В.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первой половине XIX вв. – М.: Наука, 1983. – 309 с.

44 Географическо-статистический словарь Российской империи. Составил П.П. Семенов. – СПб.: изд.- во Калмоблисполкома, 1865. – Т. II. – С. 590.

44а. Пальмов Н.Н. Этюды по истории приволжских калмыков. – Астрахань, 1926. – Ч. 1.

45 Пальмов Н.Н. Этюды по истории приволжских калмыков. – Ч. III и IV. – Астрахань: изд.- во Калмоблисполкома, 1929. – 391 с.

46 Жданко Т.А. Очерки исторической этнографии каракалпаков. Родоплеменная структура и расселение в XIX - начале XX вв. // Труды института этнографии им.Н.П. Миклухо-Маклая АН СССР новая серия. – М-П.: изд.-во АН СССР, 1950. – Т. IX. – 169 с.

47 Камалов С.К. Каракалпаки в XVIII-XIX веках (К истории взаимоотношения с Россией и среднеазиатскими ханствами) – Ташкент: Фан, 1968. – 327 с.

### Түйін

Мақалада XVIII ғасырдың соңындағы қазақ қоғамында орын алған саяси ахуалдың астары ашылып көрсетіледі. Онда 1709-1712 жылдары орын алған жоңғарлардың әскери іс-қимылдарына қарсы тұру мәселесіне басты көңіл бөлінеді. Осыған орай 1710 жылғы Қарақұм съезіндегі қазақ элитасы өкілдерінің ұстанымдарына және Әбілқайырдың кіші хан ретінде ұсынылуына баса мән беріледі. Сонымен бірге Аягөз өзені маңында болған шайқастағы жеңілістің себептері мен 1723-1730 жылдардағы Отан соғысы қарсаңындағы жағдай нақтыланады.

### Summary

In this article the author described the political events in Kazakh Khanate in the beginning of XVIII century. A special attention is paid to war actions against Junghars in 1709-1712. In this connection there was described a work of Kazakh elite representatives at the Kara-Kum congress in 1710, and Abulkhair's promotion to the position of Junior Khan. The author defined concretely the defeat on Ayaguz River, described the situation on the eve of Patriotic War 1723-1730 against the Junghar invasion.

**А.Ш. МАХАЕВА**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д.

## **ЖЕТІСУ ӨҢІРІ: XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ОТАРШЫЛДЫҚҚА ҚАРСЫЛАСТЫҚ**

### **Аннотация**

Мақалада XX ғасырдың бас кезіндегі Жетісу өңірінде патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы орын алған халық наразылықтарының желісі баяндалған. Онда нақтылы материалдар негізінде Жетісудың жергілікті халқының наразылықтарына әсер еткен оқиғалар мен құбылыстар ашылып көрсетіледі. Мақаланың хронологиялық шегі орыс-жапон соғысынан Орталық Азияда орын алған 1916 жылғы көтеріліске дейінгі аралықты қамтиды.

**Түйін сөз:** Жетісу, отаршылдық, өлкетану, азаттық қозғалыс, ұлттық саяси элита.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында Білім және ғылым министрлігіне орта, техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орындарында өлкетану курстарын енгізу жөнінде ұсыныс жасауды тапсыратынын атап көрсеткен-ді [1]. Бұл тапсырманы жүзеге асыру тарихшылар қауымына да үлкен міндет жүктейді. Мұндай міндеттің бірі өткен дәуірлерде орын алған оқиғалар мен құбылыстардың аймақтық ерекшеліктерін шынайы тұрғыда бағамдау болып табылады. Жекелеген өңірлердің тарихына байланысты зерттеулер Өлкетану курстарының мазмұнына, сапалық деңгейіне оң ықпалын тигізеді. Сондықтан да аймақтар мен өңірлердің тарихына қатысты зерттеу жұмыстарын қарқынды түрде жүргізе түскеніміз абзал. Осыған орай XX ғасыр басында патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына наразылық түрінде өрбіген қарсыластықтың Жетісу өңіріндегі ерекшеліктерін ашып көрсету де өзіндік маңызға ие деп санауға болады.

Өткен ғасырдың бас кезінде Жетісу патшалық Ресейдің Орталық Азиядағы отарлық аймақтарының бірі ретінде саналып, тұтасымен дерлік Түркістан генерал-губернаторлығының Жетісу облыстық басқару жүйесі құрамында болды. Верный, Лепсі, Жаркент, Пішпек және Пржевальск уездерінен тұратын Жетісу облысы патшалық Ресейдің ұзақ жылдар бойы жүргізген отаршылдық саясатының нәтижесінде көпэтностық өңірге айналып, оның жергілікті тұрғындары саналатын – қазақтар мен қырғыздар отаршылдық саясаттың тауқыметін бірге тартты. Олардың оташылдық саясатқа қарсы наразылықтарының өрістеуіне империяда туындаған оқиғалар өз әсерін тигізбей қоймады. Сондай оқиғалардың алғашқылары қатарына 1904 жылы басталған орыс-жапон соғысын да жатқызуға болады. Сол кезде Полиция департаментіне келіп түскен мәліметтерде қазақтар мен қырғыздардың ғана емес, империядағы өзге де түркі-мұсылман халықтарының дүрлігіп, үкімет тәртібіне қарсылық көрсетуі екпін ала түскені және олардың арасында жапондықтардың «Азия – азиялықтар үшін» деген ұраны кең етек ала бастағаны жайлы хабарланып жатты [2, 14 п.].

Қалыптасқан осындай ахуал жағдайында Түркістан өлкесіндегі отарлық билік орындары жергілікті халықтың көңіл-күйіне жіті бақылау орнатуды күшейтіп, Жапониямен соғыстың барысы қазақтарға, қырғыздарға, өзбектерге және түрікмендерге қалайша ықпал етіп жатқаны жайлы мәліметтер жинауға кірісті. Мұны жүзеге асыруды әрбір уездік бастықтары өзінің басты міндетінің бірі ретінде санады [3, с.15].

Татарстандық зерттеуші Р.Б. Гайнетдиновтың келтірген мәліметтеріне қарағанда, Жапония патшалық Ресеймен соғысқа кірісер алдында түркі-мұсылман халықтарының орыс үстемдігіне қарсы екенін ескерусіз қалдырмай, оны өз мүддесіне сай пайдалануға 1902 жылдан бастап кірісіп, бірқатар татар буржуазиясы өкілдерімен байланыс орнатып, солар арқылы ұлттық езгідегі халықтар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге тырысқан және мұсылмандардың ілтипатына бөлену үшін Токио қаласында мұсылман мешітін тұрғызып, бұл шараны түрлі басылымдар арқылы кеңінен жарнамалаған [4, с. 44].

Орыс-жапон соғысы барысында патша үкіметі жапондық жансыздардың Түркістан өлкесіне еніп кетуінен қатаң сақтанып, бұл жөнінде өлкелік әкімшілікке арнайы нұсқау жөнелтті. 1904 жылы қыркүйекте жіберілген бұл нұсқауда орыс әскерлерінің соғыс майданында тауып жатқан жеңілістері жайынан Жетісу өңіріндегі қазақтар мен қырғыздардың қалайша хабардар болып жатқанын тексеру

---

керектігі де аталып көрсетілді. Патша үкіметі Жетісудың жергілікті халқының орыс әскерлерінің майдандағы сәтсіздіктерін жылы қабылдауын өңірге Шығыс Түркістаннан енген жапондық жансыздардың әрекетімен байланыстырып, оларды іздестірумен әлекке түсті [5, 6-9 п.]. Патшалық Ресейдің Құлжадағы консулдығы Шығыс Түркістанда жапондық жансыздар орналасуы ықтимал екенін ескеріп, Қытай жеріне Түркістан өлкесінен келген қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр халықтарының өкілдеріне бақылау орнатып, олардың соңынан өз тыңшыларын қояды. Сол тыңшылар арқылы алынған мәліметтерді консулдық қызметкерлері тиесілі Ресей билік орындарына жөнелтіп жатты. Осындай мәліметтердің бірінде консулдыңтың Ферғана өңіріндегі Ош, Әндіжан және Қоқан қалаларында және оған іргелес Жетісу өңірінде орыс билігіне қарсы «бүлік» әзірленіп жатқанын, сондай-ақ бұл «бүлікке» өңірдің қырғыз, өзбек, қазақ тұрғындарын тегіс тарту жолында бір иманның жұмыс жүргізіп жатқанын анықтағаны айтылады [6, 1 п.].

Шығыс Түркістандағы консулдықтан келіп түскен мәліметке орай Әділет министрлігінің тапсырмасы бойынша Түркістан өлкесіндегі билік орны Ферғана өңіріне арнайы тексеру жұмысын жүргізу үшін Ташкент сот палатасының прокурорын жібереді. Ол өңірге келгеннен соң жергілікті халық арасында 1898 жылы Әндіжанда болған оқиға секілді «бүлік» ұйымдастырылып жатыр, мұндай «бүлік» Ресейдің Жапониямен соғысып жатқан кезінде сәтті болмақ деген қауесеттің кең тарағанына көз жеткізгенін және тыңшылар арқылы Әндіжан уезіндегі Базар-Қорған елдімекеніне таяу жерде орналасқан қырғыздардың мундуз руының өкілі Мәулен Сағынбаев деген адамның 8 мыңнан астам қырғыз бен қазақты көтеріліске бастап шығуы мүмкін деген мәлімет алғанын жеделхат арқылы Әділет министрлігіне хабарлайды [6, 14 п.].

Алайда отарлық билік орындары күткендей Түркістан өлкесіндегі қырғыздар мен қазақтар ашық көтеріліске шыға қоймады. Бірақ та олар өздерін ұлттық езгіге түсірген Ресейге Жапониямен соғыста қолдау көрсетуге қарсы екенін ашық танытты және отаршылдық саясатты өршіте түскен патша өкіметінің Жапониямен соғыста жеңіліс табуын жақтады. Мұны жетісулық қырғыз қайраткері Б. Солтоноевтың орыс-жапон соғысы кезіндегі халықтың көңіл-күйі жайлы былай деп жазғанынан да аңғаруға болады: «Орыс-жапон соғысы тұсында отаршылдардың жәбір-жапасына шыдай алмаған халық отарлаушылардың жеңілісін тілеп отырды. Кейбір кісілер жапондықтар құрметіне жаңа дүниеге келген сәбилеріне «Жапония» деген есім де берді» [7, 87 п.].

Жергілікті әкімшілік орындары орыс-жапон соғысы кезінде өздерін отаншыл рухта көрсетіп қалуға тырысады, майданда жараланғандарға жәрдем ретінде жергілікті халықтан ақша жинады, күшпен алынған мұндай жәрдемдер халықтың ашу-ызасын тұғызады. «Орыстандыру саясатының тәжірибесіне қаныққан қазақтар, – деп жазды Ә. Бөкейханов, – жақсының бәрі исламнан тыс болуы мүмкін емес деп ұғынып, жапондықтар мұсылман екен, олармен қазақтардың туыстық байланысы бар екен деген лақапқа сенді» [8, с.75].

Орыс-жапон соғысы барысында Жетісу өңірінде «орыс қаруының күшіне» күмән келтірушілік ахуал орын алды. Мұны билік орындары: «Орыс-жапон соғысындағы сәтсіздік қырғыздардың алдында орыс билігі қадірінің төмендеуіне алып келді. Қырғыздар бұрын ойлағанымыздай орыстар соншалықты күшті емес екен деген пікірде» [9, 4 п.], – деп мойындады. Осы мәліметтің өзі патшалық Ресейдің жапондықтармен соғыста жеңіліс табуы шет аймақтардағы отарлық жүйесінің беделіне өзіндік нұқсанын тигізгендігін көрсетеді және көрнекті татар қайраткері Г. Исхакидің «жапондықтардың тамаша жеңісі мен орыс қаруының моральдық, әрі күші жағынан жеңіліс табуынан Ресей түркілері ұлттық-саяси мәселені шеше алатын мүмкіндігін аңғарды» [10, с.43] деген пікірін нақтылай түседі.

Ұлттық-саяси мәселені шешу жолындағы жетісулық қазақ және қырғыз ұлттық-саяси элитасы өкілдерінің бірлескен әрекеттері бірінші орыс революциясы тұсында және одан кейінгі кезеңде айқын көрініс берді. Мұндай әрекеттер көп жағдайда қазақтар мен қырғыздар іргелес орналасқан өңірлерде орын алды.

1905 жылы қаңтарда Ресей астанасы Петербургте орын алған қанды жексенбі оқиғасынан кейін бүкіл империя революция жалыны құрсауына енді. «Қанды жексенбі» оқиғасы империядағы түркі-мұсылман халықтарын бейжай қалдырмады. Патша өкіметінің халықтың бейбіт шеруін жауыздықпен басып-жаншуы түркі-мұсылман халықтары арасында кешірілмес күнә ретінде айыпталып жатты. Басталған революцияның өршуін әлсірету мақсатында ІІ Николай 18 ақпанда «Халықтан сайланған» адамдарды заңдық жобаларды әзірлеуге және талқылауға қатыстыру туралы Ішкі істер министрі А.Г. Булыгин әзірлеген рескриптке қол қойды. Либералды топтар бұл рескриптті «арғы жағынан жарқын болашақтың мүмкіндіктері көрініп тұр» деп мәлімдеп, оны зор қуанышпен қарсы алды.

---

Аталмыш құжатпен бірге жеке адамдар мен ұжымдарды халықтың әл-ауқатын жетілдіре түсуге үндейтін құжат та өмірге келді. Мұның артынша 17 сәуірде дін еркіндігі жөніндегі патша жарлығы шықты. Бұл құжаттар түркі-мұсылман халықтарының саяси өмірге құлшына араласуына өзіндік серпін берді [11, с. 65]. Сол тұстағы империяның шет аймақтарынан орталық билік орындарына ұлттық-саяси мәселеге қатысты петициялар (арыз-тілек) жолдау қарқын алды. Зерттеуші К. Залевскийдің пікірінше, бұл езгідегі ұлттардың азаттық қозғалысының бір қыры ретінде танылды [12, с. 233].

1905 – 1906 жылдары империядағы түркі-мұсылман халықтары атынан орталық билік орындарына 500-ден астам петиция жолданды [13, б1 п.]. Сол петициялардың бірі Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздарының атынан Министрлер комитетінің төрағасы, граф М.Ю. Виттеге жіберілді. Петицияны жолдауды ұйымдастыруда белгілі қырғыз манабы Шабдан Жантаев белсенділік танытты. Соған орай ол петиция ғылыми әдебиеттерде «Шабдан Жантаевтың петициясы» деп те аталады.

Аталмыш петицияның орыс тіліндегі нұсқасы Ш. Жантаевтың ұсынысы бойынша Пішпек уезінің Талқан болыстығының тұрғыны Ахметбек Қойбағаров тарапынан қағазға түсірілді және оның 1905 жылдың маусым айында М.Ю. Виттеге жолданады. 11 тармақтан тұратын бұл петицияның алғашқы 6 тармағы дін мәселесіне арналды. Дін мәселесіне орай петицияда Түркістан өлкесі қырғыздары мен Жетісу облысы қазақтарына өз алдына бөлек діни басқарма (мүфтилік) ашу, мүфти мен имамдардың мұсылмандар тарапынан сайлануы, өңірдегі мұсылмандардың некесі мен отбасына қатысты істер Шариғат бойынша шешілуі, мұсылмандар білім алатын мектептер мен медреселердің мүфтилік қарамағында болуы, мүфтилікке вақуфтық иеліктің берілуі және оның земстволық салық есебінен қаржыландырылуы қажет деп көрсетілді.

Петицияның 7-тармағында 1905 жылы 18-ақпандағы император жарлығына сәйкес заң жобаларын талқылау, оны қабылдайтын жиынға, яғни Мемлекеттік думаға қазақтар мен қырғыздарға өз өкілдерін сайлауға тосқауыл қоймау мәселесі талап етілді.

Қазақ және қырғыз тілдерінде газет-журналдардың, кітаптардың шығарылуына рұқсат берілуі керектігі петицияның 8-тармағында көтеріліп, бұл мәселенің рухани дамудағы орны баса ескертілді.

Қазақтар мен қырғыздардың жылжымайтын мүлік алуына және таңдаған мамандығы бойынша қызмет етуіне билік орындары тарапынан кедергілер қойылуына наразылық петицияның 9-тармағында көтерілді. Осы тармақта қазақтар мен қырғыздарға бұл мәселе бойынша қойылатын шектеушіліктердің алынып тасталуы талап етілді. Петицияның 10-тармағында үкімет тарапынан ашылған оқу орындарында, атап айтқанда, гимназияларда білім алып жатқан қырғыз және қазақ жастарына христиандық ілім негіздері оқытылмай, оның орнына мұсылмандық ілімнен дәріс оқытылуы керектігі сұралды. Жер мәселесі петицияның соңғы 11-тармағында көтеріліп, орыс шаруаларының қоныс аударылуы доғарылсын деген талап қойылды [14, 103 б.]. Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздарының петициясында дін мәселесінің бірінші кезекке қойылуы өлкедегі мұсылмандардың діни істерінің діни басқармаға қаратылмай, оның отаршылдық әкімшіліктің қарамағында болуына байланысты туындаған еді. 1905 жылы көктемде Министрлер комитеті жанында құрылған Ерекше комиссияға Түркістан өлкесіндегі мұсылмандардың діни басқармасын, мүфтилігін құру туралы заң жобасын әзірлеу тапсырылған-ды [15, с.182]. Бұл өз кезегінде өлкедегі қазақтар мен қырғыздардың аталмыш заң жобасының тез арада әзірленіп, қабылдануына ықпал етсек деген ниетін күшейте түсті.

Петицияда қазақтар мен қырғыздарға алдағы уақытта құрылуы тиіс Мемлекеттік думаға депутат сайлауға және депутат ретінде сайлануға шектеу қойылмауын талап етудің өзіндік себебі бар еді. Ондай себептің қатарына отарлық билік орындарының Түркістан өлкесінің жергілікі халықтарын Мемлекеттік думаға сайлауға қатысуына құлықсыздық танытуын жатқызуға болады. Тіпті, Мемлекеттік думаға сайлау ережесін дайындау үшін Министрлер комитеті жанынан құрылған Ерекше комиссияның мүшелері арасында Түркістан өлкесінің жергілікті тұрғындарын Мемлекеттік думаға қатыстырудың қажеті де жоқ, өйткені олардың даму деңгейі төмен, әлі заң шығару ісіне даяр емес деген пікір орын алған-ды [16, с. 81-82.]. Петициядан осындай пікірдің күш алып, қазақтар мен қырғыздар Мемлекеттік дума жұмысынан тыс қалуы мүмкін деген алаңдаушылықтың болғаны аңғарылады.

Қазақ және қырғыз ұлттық саяси элита өкілдерін Ресей империясының қол астындағы өзге халықтар тілінде, соның ішінде татар тілінде де түрлі мерзімді басылымдардың жарық көруі толғандырмай қоймады. Сол тұста Ресейде татар тілінде 33 мерзімді басылым (21 газет пен 12 журнал) шығып тұрған [17, с.10.]. Мұның өзі петицияда көрсетілген қазақ және қырғыз тілдерінде газет-журналдардың шығарылуына рұқсат берілуі жөнінде талап пісіп жетілген мәселе екенін аңғартады. Петицияда бүркемеленген орыстандыру саясатына, отарлық билік орындарының түрлі тәсілдер арқылы қазақтар

---

мен қырғыздарды болыстық деңгейден жоғары лауазымға тартпауына және орыс шаруаларын қоныс аудару арқылы патша өкіметінің жергілікті халыққа жерсіз қалу қаупін төндіргеніне қарсылық таныту екі халықтың ұлттық еркіндікке талпынысының көрінісі еді.

Бірінші орыс революциясының бастапқы кезінде Ресейдің орталық аудандарында өршіген шаруалар көтерілісін басу үшін патша өкіметі Орталық Азияда жер кесу жұмыстарын қауырт жүргізіп, ол жерлерге орыс шаруаларын шұғыл түрде қоныс аударта бастады. 1906 жылға қарай Жетісу облысына 40 мың орыс шаруасы қоныстандырылды [18, 247 б.]. Бұл өз кезегінде жергілікті халықтардың өз жерінде жер тапшылығын тартуына әкеліп соғып, патша өкіметінің аграрлық саясатына қарсы олардың күресінің екпін алуын күшейтті. Т. Седельников 1907 жылы жарық көрген еңбегінде сол тұстағы қазақтар мен қырғыздардың жер үшін күресі «халық өседі, жер өспейді» деген принцип тұрғысында жүріп жатқанын атап көрсеткен-ді [19, с. 11].

1905 жылдың алғашқы жартысында Жетісу облысының қазақтары мен қырғыздарының орыс шаруаларының қоныс аударуына қарсылықтары жер кесу жұмыстарын жүргізушілерге қоқан-лоқы көрсетулерінен байқалды. Соған орай Түркістан генерал-губернаторы мұндай толқудың кең етек алып кетуінен сескеніп, Петербургтегі орталық билік орындарына былай деп жазды: «Жергілікті түземдіктер арасында мемлекеттік тәртіп пен қоғамдық тыныштыққа қарсы үгіт табысты болуы мүмкін. Өйткені, олардың ішінде орыс үстемдігіне мойынұсынғысы келмейтіндер мен азаттыққа жетуді аңсайтындар әлі күнге баршылық» [20, с.17]. Жер мәселесіне байланысты Жетісу өңірінде орын алған толқулар жөніндегі хабарлар өлкелік отарлық билік орынына жиі түсіп жатты. Түркістан генерал – губернаторы Жетісу облыстық әскери-губернаторына: «Маған келіп түскен мәліметтер бойынша қырғыз тұрғындары арасында соңғы уақытта үкіметтік тәртіпке қарсы бағытталған толқулар байқалып жатқан көрінеді. ... Уездік бастықтар мен бөлімшелік приставтарға көшпенділерге мұқият қадағалау орнатуды тапсырыңыз. Көшпенділер арасында сенімсіздік туғызатын адамдар байқала қалса, ондайларды аластауға шара қолданыңыз» [21, с.71], – деп жазды.

Жетісу облыстық әкімшілігінің жергілікті халықтың толқуларына тосқауыл қоюға деген талпынысына қарамастан, «үкіметтік тәртіпке» қарсы бағытталған үгіт-насихат жұмыстары тиыла қоймады. Әскери министрлікке Түркістан өлкесінен келіп түскен мәлімдемелерге қарағанда, Жаркент, Верный және Пішпек уездерінде қолға қару алып, билік орындарына ашық қарсылық көрсетуге үндеушілер саны күннен күнге арта түскен.

Қалыптасқан мұндай ахуал жағдайында Түркістан генерал-губернаторы Жетісу облыстық әскери-губернаторына: «Сіз тез арада түрлі үгіт-насихаттың тиылуына тегеурінді шара қолданыңыз. ... Егер де қандай да бір ереуіл немесе тәртіпсіздік бой көрсете қалса, ондайды тез арада қару күшімен басып тастаңыз» [22, 65 п.], – деген нұсқау берді.

Қазақтар мен қырғыздардың Түркістан өлкесіндегі орыс тұрғындарын өз жерлерінен ығыстырып тастау мақсатында оларға қауіп төндіріп тұрғаны жайлы отарлық билік орындарына мәліметтер ағылумен болды. Бірінші орыс революциясының Түркістан өлкесіндегі жергілікті халыққа тигізген ықпалы туралы еңбек жазған Е. Федоровтың көрсетуінше, сол кезеңде өлкенің көшпенді халықтары арасына жасырын түрде қару таратылып жатқаны жөнінде мәлімет алған билік орындары 1898 жылғы Әндіжан оқиғасы қайталанғалы жатыр, егер ол қайталана қалса, оған өлкедегі қазақтар, өзбектер және қырғыздар тегіс тартылуы мүмкін деп қауіптенген [3, с.19].

Жергілікті тұрғындар арасында қарудың таратылуы жайлы мәліметті тексеру және табылған қаруды тәркілеу ісіне уездік приставтар жұмылдырды. Осындай тексерулер барысында өлкедегі өзге ұлт өкілдерінен тұратын революцияшыл топтардың да көтеріліс ұйымдастыру мақсатында жергілікті халықтың қарулануына мүдделік танытқаны айқындалды. Мәселен, Верныйдағы жасырын үйірмеге жетекшілік етіп, Пішпек және өзге де Жетісу өңіріндегі қалалардағы революцияшыл пиғылдағыларға өз ықпалын жүргізген Л.Н. Руммадан жергілікті халық арасына тарату үшін деп жасырған бірнеше винтовка мен бір жәшік оқ-дәрі тәркіленген [23, с.158].

Сол тұста қазақтар мен қырғыздардың қоғамдық-саяси өміріне өлкеде қайырымдылық көрсету мақсатында Верный, Пішпек, Әулиета секілді тағы басқа қалаларда бой көтерген «Гап» немесе «Машраб» деп аталатын мұсылмандық үйірмелер де өз ықпалын тигізді. Полиция департаментінің Түркістан аудандық күзет бөліміне тыңшылар арқылы келіп түскен мәліметтердің бірінде аталмыш үйірмелер жайлы былай делінген: «Жетісу, Ферғана және басқа да облыстарда «Гап», әрі «Машраб» деп аталатын үйірмелер бар. Верныйда мұндай үйірмелер оннан астам. «Машрабқа» ұлтына, жасына, кәсібіне қарай кем дегенде 17-20 адам тартылады. Үйірме мүшелері апта сайын 20 тиыннан жарна төлейді. ... Әр жексенбіде үйірме мүшелері жиналып, үйірменің атқарар жұмыстарын талқылайды» [24, 4 п.].

---

Патша үкіметі мұсылмандық үйірмелер жергілікті халықтар арасында орыс билігіне қарсы үгіт-насихат жүргізуде, өңірдегі қазақтар мен қырғыздардың толқуларына түрткі болуда деп олардың қызметін тыңшылар арқылы бақылауға алды. Тыңшылардың жеткізуі арқылы Верныйдағы Жәбек Нығматуллин, Рахманқұл Әбдірахманов, Гаппаржан Мақсұмов деген адамдар кірген «Машраб» үйірмесінің жиынында патша өкіметінің жүргізіп отырған саясаты, әсіресе Жетісуға орыс шаруаларының қоныс аударылуы, қазақтар мен қырғыздардың иелігінен орыс шаруаларына деп кесіліп алынып жатқан жер мәселесі және орыстандыру мен шоқындыру бағытындағы үкіметтік шаралардың барысы жиі талқыланатыны жайлы билік орындары хабардар болды. Соған орай үйірменің жетекшісі Ж. Нығматуллин жергілікті билік орнының шешімімен өкіметке қарсы әрекет жасауда деген айыппен тұтқындалып, абақтыға жабылды [24, 3 п.].

«Машраб» үйірмелері арқылы қазақтар мен қырғыздар арасына Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының саяси күштерін біріктіру жолында, олардың мүддесін қорғайтын «Ресей мұсылмандары одағы» атты саяси партия құру жолында «Тәржіман» газетінің редакторы И. Гаспринскийдің, татар халқының көрнекті қайраткерлері Ю. Акчүра мен Ә. Ибрагимовтың және әзербайжан халқының қайраткері Ә. Топчибашевтің ұйымдастырып жатқан іс-шаралары туралы мәліметтер кеңінен тарады. Мұндай мәліметтер алған өңірдің қазақтары мен қырғыздары жалпыресейлік мұсылмандық қозғалысқа тартыла бастады. Мәселен, 1906 жылы тамыздың 16-21 аралығында Нижний Новгород қаласында 800-ге жуық делегаттың қатысуымен өткен бүкілресейлік үшінші мұсылман съезіне Жетісу облысының қазақтары мен қырғыздарының өкілдері жіберілді. Съезге Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздары атынан екі өкіл қатысты. Оның бірі кезінде Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздарының орталық билік орындарына жолдаған петициясын әзірлеуге қатысқан қырғыз А. Қойбағаров, ал екіншісі Пішпек уезінің қазағы Ы. Дауылбаев еді [25, 11 б.].

«Ресей мұсылмандары одағы» атты саяси партияның бағдарламасы мен жарғысын бекітіп, оның 15 мүшеден тұратын Орталық комитетін сайлап, Түркістан өлкесі мұсылмандарына өз алдына бөлек мүфтилік ашылсын, мұсылмандардың діни істеріне билік орындары қол сұқпасын деген қаулылар қабылдаған бүкілресейлік мұсылман съезіне Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздары атынан халық ағарту ісін ретке келтіру керектігі жөнінде жедел хат жіберіліп, бұл туралы делегаттар Халық ағарту министріне ұсыныс түсірсін деген өтініш те білдірілген болатын.

Делегаттар Жетісу қазақтары мен қырғыздарының өтініші орынды екенін білдіріп, Халық ағарту министрлігінің 1870 жылы 31 наурызда бекіткен ережесіне сәйкес мұсылмандық оқу орындарында орыс тілін оқыту міндетті етілуін, гимназиялар мен орыс-түзем мектептеріндегі оқу ісінің орыстандыру саясатымен ұштастырылуын айыптай отырып, мұсылман балалары үшін барлық елді мекендерде мектептер ашылсын, оқу араб әліпбиі негізінде ана тілінде жүргізілсін, мұсылман мектептерінде бірегей оқу бағдарламасы болсын, түркі-мұсылман халықтары бірлігін арттыра түсу мақсатында «ортақ түрік тілі» оқытылсын деген мазмұндағы қаулы қабылдап, оны Халық ағарту министрі атына жолдады [25, 62 б.].

Бүкілресейлік үшінші мұсылман съезінің өткізілуімен түркі-мұсылман халықтарының саяси өмірі жандана түсті. Осы оқиғадан соң қазақтар мен қырғыздардың ғана емес, өзге де түркі-мұсылман халықтарының өзара байланыстары нығайып, бірлескен саяси іс-шараларды өткізуі жиілей түскенінен билік орындары секем ала бастады. «1906 жылы Нижний Новгородта өткен бүкілресейлік мұсылман съезі орыс мұсылмандарын ағартуда үлкен рөл атқарды. ... Сол съездің нәтежесінде ағартушылық бағыттағы мұсылмандық қоғамдық ұйымдар көптеп ашылуда, мұсылмандардың білімін көтеруге деп қаржы жинау жаппай етек алуда және мұсылмандық баспасөздердің таралуы қарқын алды. Башқұрттар, ноғайлар, қырғыздар және т.б. бірлесе әрекет етудің нәтижелі екенін аңғарды» [27, 6 п.], –деп мойындады сол кезде Түркістан өлкесінің полиция басқармасының бастығы.

Бірінші және екінші Мемлекеттік думалардың жұмысы кезінде ондағы мұсылман фракциясына Түркістан өлкесінің қазақтары мен қырғыздары үлкен үміт артып, оған жер мәселесі туралы бірлескен шағымдар түсіруді жиілетте түсті. Мұндай жағдай Түркістан генерал-губернаторының көрсетуінше, өлкеде орыс элементтерінің көбейіп, олардың мемлекеттің тірегіне айналуына белгілі дәрежеде кедергі келтірген. Сол себепті Түркістан генерал-губернаторы Қоныс аудару басқармасының бастығы А.В. Самсоновқа мәлімдеме жолдап, Жетісу облысындағы қырғыздар мен қазақтарды алаңдатып отырған ахуалды сейілтуді жергілікті қоныс аудару мекемелерінің қызметкерлеріне жүктеуді өтінген [28, 91 п.].

Екінші Мемлекеттік думаға депутат сайлау барысында да Жетісудағы қазақ және қырғыз халықтарының белсенді өкілдері ұйымшылдық танытып, думаға депутаттыққа көрнекті қазақ қайраткері М. Тынышбаевты сайлады [29, 62 б.]. Патша өкіметі Түркістан өлкесіндегі қазақтар мен

---

қырғыздардың «үкіметтік тәртіпке» қарсы әрекеттеріне тосқауыл қоюды 1907 жылы 3-ші маусымдағы патша жарлығынан кейін күшейте түсті. Столыпіндік реакция кезінде жер кесу жұмыстарына қарсылық танытқан қазақ және қырғыз қауымдары қуғындалып, олардың жерін тартып алу ашық жүргізіле бастады. Өз жерлерінен ығыстырылған қазақ-қырғыз қауымдарының арасында Қытай жеріне көшіп кетуге талпынушылық байқалды. Мәселен, 1911 жылы Пішпек пен Верный уездерінен 9 қазақ-қырғыз болыстықтары Шығыс Түркістанға көшуге әрекеттеніп, онда өз өкілдерін жіберіп, Қытай азаматтығын қабылдауға тілек білдірген. Бірақ та Қытайдың билік орындары көшіп келуші қазақтар мен қырғыздарды қабылдаудан бас тартқан [30, 39 п.].

Жандармдық басқарманың нұсқауы бойынша жалпыресейлік мұсылмандық қозғалысқа атсалысқандар да қуғындауға түсті. Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздары атынан бүкіл ресейлік үшінші мұсылман съезіне қатысқан А. Қойбағаров пен Ы. Дауылбаевтың үстінен мемлекеттік тәртіпке қауіпті адамдар ретінде қылмыстық іс қозғалды. А. Қойбағаровты абақтыға жабу мақсатында оны 1910 жылы Пішпек қаласының Папановский деген мировой судьясына қастандық жасады деп айыптады. Ал Ы. Дауылбаевтың іс-қимылдары қатаң бақылауға алынып, оны абақтыға отырғызуға себептер қарастырылды [31, 102 п.].

Столыпіндік реакция кезінде қуғын-сүргіннің күшейе түскеніне қарамастан, қазақ және қырғыз ұлттық саяси элитасы өкілдері арасындағы байланыс үзілмей, олардың бірлесе отаршылдық саясатқа қарсы әрекет етулері жалғаса берді. Оған 1910 жылы 21-ші қазанда қазақ және қырғыз ұлттық саяси элита өкілдерінің қатысуымен өткен Ұзынағаш съезі дәлел бола алады.

Жетісу облысына қарасты қазақтар мен қырғыздардың өкілдері бас қосқан бұл съезд Верныйға таяу жердегі Ұзынағаш елді мекені маныңда өтуіне байланысты жандармерия құжаттарында Ұзынағаш съезі деп аталды. Сондай-ақ ол құжаттарда съезді ұйымдастырушылар ретінде көрнекті қазақ қайраткері Барлыбек Сыртановтың, әйгілі қазақ шешені, Верный уезіне қарасты Қалғұты болыстығының бұрынғы басқарушысы, прапорщик Ноғайбай Дәулетбақовтың, сол тұстағы қырғыздардың көшбасшысы ретінде танылған Шабдан Жантаев пен Дүр Сауранбаевтың есімдері аталады.

Съез жасырын түрде ұйымдастырылып, Жетісу облысы әкімшілігінің орыс әскерлерінің Ұзынағаш түбінде қоқандық әскерді жеңуіне 50 жыл толуына орай жасаған салтанатты іс-шарасы кезінде өткізілген. Бұл салтанатты жиынға қазақтар мен қырғыздардың танымал өкілдері де шақырылған болатын. Салтанатты жиын аяқталған соң қазақ-қырғыз қайраткерлері Ұзынағаш маңындағы үйдің бірінде жиналып, съез өткізеді.

Ұзынағаш съезіне қатысушылар патша өкіметінің отаршылдық саясатының қазақтар мен қырғыздарға тигізіп жатқан ауыртпалықтарын айыптап, бірінші кезекте орыс шаруаларының өңірге қоныс аударылуын доғару жолдарын қарастыру керек деген ұйғарымға келеді. Съезде Жетісу облысына орыс қоныс аударушыларын орналастыруды және оларға деп жер кесуді доғарту туралы патшаға өтініш түсірту керек, ол үшін Петербургке арнайы делегация жіберілсін, делегацияға кететін шығынды жабу үшін әр болыстықтан ақша жиналсын, делегация мүшелері Бұқар әмірінен патшаның қабылдауына кіруге көмек көрсетуді сұрасын деген шешімдер қабылданды. Съезге қатысушылар Петербургке баратын делегация құрамына кімдердің енуі керек деген мәселені де қарастырып, оның құрамы екі адамнан – Б. Сыртанов пен Д. Сауранбаевтан тұрсын деп шешті [32, 17 п.].

Ұзынағаш съезі және оның шешімдері жайлы билік орындары кешірек болса да тыңшылар арқылы хабардар болды. Жетісу облысының әскери губернаторы қайткенде де қазақ және қырғыз ұлттық саяси элитасы өкілдерінің съез шешімдерін орындау жолындағы әрекеттеріне тосқауыл қоюды қарастырып, Жаркент, Верный, Лепсі, Пішпек және Пржевальск уездерінің басшыларына өз уездерінде Б. Сыртанов пен Д. Сауранбаевтың Петербургке баруына деп ақша жинау ісіне жол бермеу керектігін ескертумен болды. Ал уездік приставтарға кімдердің ақша жинау ісімен айналысып жүргенін, съездің шешімдерін қазақтар мен қырғыздар қалай қабылдап жатқанын және съезге кімдердің қатысқанын анықтауды тапсырды.

Отарлық билік орындары қазақ және қырғыз депутациясын Петербургке аттандырмауға бар күшін салды. Бұған қарамастан Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз болыстықтары уездік басшылыққа білдірместен депутацияға арнап ақша жинау ісін жалғастыра берді. Әрбір болыстықтан 200 сом көлемінде ақша жиналды. Осындай жиналған ақшаның көлемі облыс бойынша 5 000 сом болған [33, 67 п.].

Қазақ және қырғыз қауымдары арасында Ұзынағаш съезінің шешімдерін насихаттап, оның маңызын түсіндіруге әкімшілік орындарында тілмаштық қызмет атқарып жүрген ұлттық саяси элита өкілдері де атсалысты. Патша өкіметінің «Қара» деп аталатын бүркеншік есімдегі тыңшысының жандармерияға



---

берген мәлімдемесінде Жетісу облысындағы қырғыздар мен қазақтардың саяси қозғалысына орта дәрежелі білім алып, әкімшілік орындарында төменгі дәрежедегі қызмет атқарып жатқан Тымбай Серікбаев, Найзабек Тулин, Дүр Сауранбаев, Мәмбетәлі Мұраталин, Ибраһим Жайнақов, Ешмұхамед Абылайханов секілді қазақ-қырғыз халқының зиялы қауым өкілдері жетекшілік етіп жүргені атап көрсетілген [34, 41-п.]. Сондай-ақ мұрағат құжаттарында аталмыш қайраткерлерге Б. Сыртановтың нұсқау беріп отыратыны жайлы да мәліметтер бар. Олардың бірінде Б. Сыртановтың Жетісу қазақтары мен қырғыздардың саяси өмірінің ұйытқысы болуымен қатар Ұзынағаш съезінің шешімдерін насихаттау мақсатында Лепсі, Қапал, Пржевальск, Пішпек уездерін аралап, Пішпек қаласынан Петербургке аттанғандығы айтылады [34, 44 п.].

Билік орындарының назарына ілігіп қалмау мақсатында Петербургқа Д. Сауранбаев араға біраз уақыт салып, Б. Сыртановтан кейін аттануы тиіс болды. Бірақ та көп ұзамай билік орындарына Д. Сауранбаевтың Петербургке жүргелі тұрғаны белгілі болып қалып, ол сапарға шықпай Пішпекте қалып қояды [34, 17 п.].

Қазақ және қырғыз ұлттық саяси элитасы өкілдері патша өкіметінің отарлық саясатына бірлесе қарсылық көрсетудің жолдарын қарастыруда съез өткерудің қиындықтарын да ескерді. Сондықтан да мұндай мәселелерді талқылауға ыңғайлы жағдайды пайдалануға тырысты. Мәселен, 1911 жылы маусымда Н. Дәулетбақовқа Қордай өңірінде ас берілгенде оған келген қазақтар мен қырғыздардың бас көтерер азаматтары отарлық билік жағдайында жергілікті халықтың құқықтарын қорғау жолын талқылап, бұл істе бірлесе әрекет етуге уағдаласқан. Н. Дәулетбақовтың асына қатысқандардың ішінде Жетісу өңіріне кеңінен танымал мынандай қайраткерлер болған: Пішпек уезінің Тынай болыстығынан Д. Сауранбаев, Шабдан Жантаевтың ұлы Мокуш, Верный уезінің Шамалған болыстығынан М. Измаилов, Үлкен Алматы болыстығынан Б. Әшекеев, Қордай болыстығынан Е. Базаров, Бәйтік болыстығынан Ә. Байсалов, Шу болыстығынан Ә. Қозыбеков, Шығыс Қастек болыстығынан Ш. Құдайбергенов, Ботбай болыстығынан Ө. Танкин [30, 11 п.].

Мұндай бас қосулар кезінде Ұзынағаш съезінің шешімі бойынша Петербургке Жетісу қазақтары мен қырғыздарының атынан патшаға өтініш білдіру арқылы олардың жер мәселесінен туындаған мұңын жеткізуге талпынған Б. Сыртанов әрекетінің сәтсіздікпен аяқталуының себептері де талқыланып, ендігі жерде ресейлік өзге түркі-мұсылман халықтарымен бірлесе әрекет ету қажеттіктері де қарастырылғанды. Сондай-ақ Н. Дәулетбақовтың асына жиналғандар арасында М. Дулатовтың 1909 жылы Уфа қаласында жарық көріп, 1910 жылы екінші рет басылып шыққан әйгілі «Оян, қазақ» атты шығармасы да насихатталған болатын [30, 117 п.].

М. Дулатовтың «Оян, қазақ» шығармасы сол кезде Верныйдағы Ахмет-Кәрім Зейнуллиннің кітап дүкені арқылы өңірдегі зиялы оқырмандар арасына кеңінен таралған. Бұл жөнінде көрнекті тарихшы-ғалым К. Нұрпейісов былай деп жазады: «1910-1911 жылдары Алматыда «Оян, қазақты» оқып, ондағы өлеңдерді жаттап алып халыққа таратушылардың қатарында Жетісудағы белгілі тілмәш, жергілікті патша әкімшілігіне жақын жүретін Қойсерке Тоқсанбаевтың, Қалмұхамед Қадырбаевтың, Мырзахан Төлебаевтың, Түленбек Теміровтың т.б. адамдардың есімдері аталады. Мұндай адамдар Қазақстанның басқа аудандарында да аз кездеспеген. Жоғарыда айтылғаннан мынандай қорытынды жасауға болады. Біріншіден, 1909 жылы жарық көрген «Оян, қазақ» Қазақстанның барлық аймақтарына кеңінен тараған, оған кітаптың қазақ өлкесінің алыс өңірі Алматыға дейін жетіп, жергілікті кітап дүкені арқылы оқырмандарға таралғандығы дәлел. Екіншіден, Қазақстанның Жетісу өңірі сияқты басқа аймақтарында айтарлықтай зиялы қауым болған. Осы қауым «Оян, қазақты» өздері ғана оқумен шектелмей, оның мазмұнын халық арасында мүмкіншіліктері жеткенше кеңінен насихаттаған. Үшіншіден, «Оян, қазақтағы» жалпы демократиялық талап-тілектер жергілікті халық ішінде отаршылдыққа қарсы саяси хал-ахуал қалыптастыруға қызмет еткен. Сондықтан да патша әкімшілігі ол кітапты патшалық тәртіп үшін зиянды шығарма деп бағалап, оны тұтқындаған» [35, 45-50 б.].

Патша өкіметінің отарлық саясатын әшкерелеуімен, сынауымен ерекшеленетін М. Дулатовтың «Оян, қазақ» шығармасы Жетісу өңірінің қазақтары арасында ғана емес, қырғыздар арасында да құрметке ие болды. Верныйдағы тілмәш И. Жайнақовтың атсалысуымен «Оян, қазақ» Пішпек уезіне жеткізілген. Онда бұл шығарманы Пішпек уезі басқармасының хатшысы Тымбай Серікбаев қабылдап алып, оны бірқатар болыс басшыларына үлестіріп беріп, оларға шығарма мазмұнын қырғыздар арасында кеңінен насихаттауды тапсырған. Бұдан хабардар болған жаңдармерия тыңшысы өлкелік билік орнына «империядағы көшпелі халықтың қазіргі уақыттағы жалпы жағдайын баяндайтын және оларды патша өкіметінен құтылуға үгіттейтін» шығарма қырғыздар арасына да тарады деген мәлімдеме жөнелтті [33, 55 п.].

---

М. Дулатовтың «Оян, қазақ» шығармасымен Пішпек уезінің қырғыздары ғана емес, өзге өңірлердің де, соның ішінде Ферғана өңірі қырғыздары да танысты. Бұған 1912 жылы 18-ші наурызда «Қаршыға» деген бүркеншік есімдегі тыңшының Түркістан аудандық күзет бөліміне Әндіжан қаласында уез бастығының тілмәші Ибрагимнің ұлы Исаның 7 дана «Оян, қазақ!» шығармасын алғанын, оның бұл шығарманы Ферғана өңірі қырғыздарына таратып бергенін, Исаға бұл шығарманы Верный қаласының Мірқасым Сүлейменов деген тұрғыны жіберіп тұратынын хабарлауы дәлел бола алады [34, 55 п.].

Түркістан өлкесінде «Оян, қазақтың» таралуына отарлық билік орындары жол бермеу үшін оны ұлттық саяси элита өкілдерінен тәркілеу шарасын жүзеге асыруды қолға алды. Осы мақсатта Б. Сыртанов, Д. Сауранбаев секілді тағы басқа қазақ және қырғыз қайраткерлерінің үйлеріне тінту жүргізілді. Мұндай тінту шаралары билік орындары күткендей нәтиже бере қоймады. Дегенмен осы жерде жандармерия адамдарының Б. Сыртановтың үйінде тінту барысында билік орындарын қызықтырарлықтай материалдар тапқанын айта кеткен жөн. Ол материалдардың қатарында Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздарының толқуы себептеріне қатысты Б. Сыртановтың Түркістан генерал-губернаторы мен әскери министр атына жолдаған мәтінінің көшірмесі, сондай-ақ қазақтардың жер мәселесіне байланысты Б. Қаратаевтың Ә. Бөкейхановқа жолдаған хатының көшірмесі бар еді [34, 26 п.].

Мұрағат құжаттарынан патша өкіметінің жалдамалы жандайшаптары қазақ қайраткерлерінің іс-әрекеттерінен «күдікті жәйттар» іздестіріп, бұл жайлы жандармерияға мәлімдемелерді үзбей түсіріп отырғандығы аңғарылады. Түркістан аудандық күзет бөліміне «Қара» деген бүркеншік есімді тыңшының жолдаған сондай бір мәлімдемесінде былай делінген болатын: «Жетісу облысының білімді, әрі құрметті қазақтары Б. Сыртановтың, И. Жайнақовтың, Е. Абылайхановтың және бірқатар тілмәштардың басшылығымен Жетісудың ғана емес, бүкіл Түркістан өлкесінің қазақтары мен қырғыздарын тығырықтан шығарамыз деп оларды басшылыққа қарсы қоюда. Орыс үкіметі тарапынан болатын көмектен күдерін үзген қазақтар Е. Абылайханов пен тілмәш Жайнақов арқылы Түрік сұлтанымен және Бұқар әмірімен астыртын байланыс орнатуға көшті. Осыдан екі жыл бұрын Меккеден білімдар бір араб келіп, ол Сұлтан мен Әмір үкіметтерімен байланыс орнатудың жолдарын көрсетіп берді. Оның айтуынша, дұрыс байланыс орнатылған жағдайда Сұлтан мен Әмір орыс үкіметінен Түркістан өлкесі мұсылмандары құқықтарының тапталмауын талап ететін көрінеді» [32, 2 п.].

Осы мәлімдемедегі айтылғандарды тексеру үшін жандармдық басқарма Б. Сыртановтан жауап алады. Ол өз жауабында араб діндарының Жетісу өңірінде ислам дінін уағыздаумен шектеліп, оның ешқандай да саясат ісіне араласпағанын, қазақтар мен қырғыздардың толқуларының астары жер мәселесімен және Түркістан мұсылмандарының діни басқармасы болмауымен байланысты екенін айтқан. Сондай-ақ, Б. Сыртанов жауап алу барысында егер де Түркістан өлкесі мұсылмандарына мүфтилік ашылмайтын болса Жетісу облысының қазақтары мен қырғыздары Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары мен Ішкі Бөкей Ордасы қазақтарымен бірге Орынбор мүфтилігіне қосылуға ұмтылатынын мәлімдеген [34, 50 п.].

Б. Сыртановтың мұндай жауабына қарамастан, Түркістан өлкесіндегі отарлық билік орындары қазақтар мен қырғыздардың толқуының себептерін Түркия жансыздарының «панисламдық» идеологияны насихаттауымен байланыстырды. Өйткені, Балқан соғысы кезінде Түркиядағы «Иттихид вә тәрраки» (Бірлік және прогресс) ұйымынан Түркістан мұсылмандары арасына эмиссарлар жіберіліп жатқаны, олардың жергілікті халықты орыс үстемдігіне қарсы бас көтертуді мақсат тұтатыны туралы хабарлар Полиция департаментіне жиі келіп түсетін. Сол кезде патшалық Ресейдің азиялық иелігіндегі түркі-мұсылман халықтары арасында түрікшілдік және исламшылдық бағытындағы үгіт-насихатты жүргізуді жастүріктердің жетекшілерінің бірі Әнуар паша жақтады [36, с.435]. Негізінде Түркістан өлкесі мұсылмандарына «Иттихад вә тәрраки» ұйымы ғана емес, Түркиядағы өзге де ұйымдар өз ықпалын тигізуге тырысқан еді. Сондай ұйымдардың бірі 1910 жылы Стамбұлда құрылған «Тараф-ул-мұслимин» (Мұсылмандарды өзара таныстыру) атты ұйым болатын. Бұл ұйым Түркияға эмиграцияға кеткен көрнекті татар қайраткері Ә.Ибрагимовтің жетекшілік етуімен құрылған-ды.

«Тараф-ул-мұслимин» ұйымы Ресей империясындағы қазақ, қырғыз, өзбек, татар секілді т.б. түркі-мұсылман халықтарын азаттық қозғалыста бірлестіруді мақсат тұтып, өзінің басылымдарын Түркістан өлкесіне де таратты. Сондай басылымдардың бірінде Түркістан өлкесіндегі ахуалға арналған материал жарияланып, онда былай делінді: «Бұрын Исламның қасиетті орны саналған Түркістан өлкесі бүгін де қаратүнекте, оның мұсылман тұрғындары езгіге түсіп тапталған. Түркістандықтардың мұндай ахуалы біздің көзімізге жас ұялатады» [37, 325 п.].

Балқан соғысы кезінде Түркістан өлкесіндегі қазақтар мен қырғыздар арасында Түркияны қолдауға үндейтін мынандай мазмұндағы үнпарақтар да тараған: «Мұсылмандар біздің өміріміздің тірегі Түркия

---

екенін ескеріңіздер. Егер біз бұрынғыдай жалқаулыққа бой алдырып, нақтылы іске бармасақ, дініміз жоғалып, жауларымыздың тұтқынына айналамыз. Ақша жоғалса, қайта табылады, ал дін жоғалса, қайта табылмайды. Қараңыздар, орыстар Болгария мен Сербияға және Черногорияға көмегін аямай, дәрі-дәрмектерін жөнелтуде, тіпті, ерікті қарулы жасақтарын аттандыруда. Мұндай істі неге бізге де жүзеге асырмасақ. Патшаға ешнәрсе бермесек бермейік, бірақ мұсылман бауырларымызға көмек көрсетейік!» [34, 16 п.]

Верный уезіндегі ротмистр Железняков сол кездегі қазақтар мен қырғыздардың түріктерге іш тартатындығын мәлімдей отырып, Түркістан аудандық күзет бөліміне былай деп хабарлайды: «Манап Қарымбай Қанаткatieв Түркиядан хат алды. Ол хатта Қанаткatieвтан Түркиядағы орыс әскерлерінің жағдайы және мұсылмандардың қалай өмір сүріп жатқаны туралы сұрастырылып, түрікстандық мұсылмандар түріктерге көмек көрсететін болса, онда түріктер соғыста жеңіске жеткен жағдайда Түркістан генерал-губернаторлығы аумағында жеке мұсылман мемлекетін құруға көмек көрсететіні айтылған. Хаттағы мұндай ұсынысқа орай Қанаткatieв болыс басқарушысы Б. Мағуевпен және тағы да басқалармен астыртын жиналыс өткізген. Жиналыста түріктер сұраған мәліметтерді беру және оларға қолдау көрсетуге шешім қабылданды» [38, 51 п.]

Түркияға көмек көрсету мақсатында қазақтар мен қырғыздар арасында ақша жинастыру шаралары жүрген. Мұндай шараны Тоқмақта бір діндар жүзеге асырған [39, 4 п.]. Верный уезінің қазақтары Түркия үшін деп 10 мың сом жинап, бұл іске ұйытқы болған Меккеден келген діндарларды полициядан тасалап баққан [38, 39 п.]

Түркістан өлкесіне Түркиядан келген тыңшылар, үгіт-насихат жүргізушілер, Меккеден келген діндарлар Түркияны қолдауға, оған сенім артуға, жылу жинауға, Түркияның төңірегінде топтасуға шақырып жатты. Жетісулық қазақтар мен қырғыздар және басқа мұсылмандар оларға мол қаражат жинап беріп, аса құпия түрде келесі өңірге аттандырып салып отырған [38, 40-п.]. Мұны Түркістан өлкесіндегі отарлық билік орындары аңғармай қалмады. Соған орай Түркістан генерал-губернаторы Н. Гродеков орыс армиясының бас штабына өлкеге түрік азаматтарының келіп-кетуі орыс үкіметінің мүддесіне қайшы келеді деп хабарлаған болатын [36, с.149].

«Соңғы кезде, – деп хабарлайды Верный қаласындағы іздестіру бөлімінің меңгерушісі, – Түркістан өлкесіне мұсылмандар арасына үгіт-насихат таратушы ара ағайындар – ауғандар, парсылар және түріктердің өлкеге құпия түрде келуі жиілеп кетті... Олар мұсылмандардың діни көңіл-күйін қозғап, Иранды, Түркияны мысалға келтіре отырып, басқа мемлекетті құру керектігіне сендіреді» [38, 41 п.]

Осындай жағдайда «Айқап» журналы төңірегінде топтасқан Б. Қаратаев пен М. Сералин бастаған қазақ зиялыларының қырғыз қайраткерлерімен байланыста болып, өзара хат алысып тұрғаны жандармерия құжаттарында айтылады. Бірақ оларда қазақ қайраткерлерінің қырғыздардың қандай бас көтерер азаматтарымен байланыста болғаны айтылмай, «пішпектіктер» деп көрсетіледі. Сол құжаттарға қарағанда, Б. Қаратаев пен М. Сералиннің пішпектіктерге жолдаған хаттарының бірінің мазмұны жандармерияның «Қара» деген бүркеншік есімдегі тыңшысына мәлім болған көрінеді. Бұл жайлы Түркістан аудандық күзет бөлімінде 1912 жылы сәуірде толтырылған іс-қағазда былай делініп көрсетіледі: «Қызметкер «Қара» хабарлайды ... Қаратаев пен Сералин пішпектіктерге Бұқар әмірі арқылы Түрік сұлтанымен байланыс орнатылғаны және сұлтанның егер Ресей Қытаймен немесе басқа мемлекетпен соғыса қалса діндестеріне көмек беруге уәде еткені жайлы жазған» [32, 75 п.]

«Айқап» журналының редакторы М. Сералиннің Жетісу өңіріне жолдаған әрбір хатының мазмұнын жандармерия білуге аса «ынталылық» танытты. Бұл жөнінде Верныйдағы іздестіру бөлімінің меңгерушісі Полиция департаментіне хабарлай отырып, 1912 жылы 21 сәуірде М. Сералиннің И. Жайнақовқа реніш білдіріп, қысқа қайырған хатты жолдағанын мәлімдеді. Ол хаттың мазмұны мынандай еді: «Бұрын келісілген шешімдер ешкімге де мәлім болмауы тиіс еді. Алайда бұл біреулерге белгілі болған секілді. Бәлкім бұған мен кінәлі шығармын. Егер бұған сен кінәлі болсаң, сен мұндай қателікті еш жібермеуге тиісті едің» [32, 12 п.]

Полиция департаменті М. Сералиннің бұл хатының мазмұнына күдіктеніп, оны Жетісу өңіріндегі қазақтар мен қырғыздарды қандай да бір іс-шара төңірегіне топтастырмақшы деп топшылады. Осы себепті Полиция департаменті Орынбор губерниялық жандарм басқармасы мен Түркістан аудандық күзет бөліміне М. Сералиннің араласуы мүмкін адамдары жайлы мәлімет жинауды және олардың соңынан қатаң бақылау орнатуды тапсырды [37, 5 п.]

Бұл істі тез арада орындауға талпынған Түркістан аудандық күзет бөлімі көп ұзамай Пішпек уезіндегі қырғыздардың және өзге де түркі-мұсылман халықтарының қоғамдық-саяси өміріне қатысты Полиция департаментіне мынандай мазмұндағы мәлімдеме жолдады: «Пішпекте адвокат Ахметбек

---

Қойбағаров, көпес Ысқақ Дауылбаев, Сейіткәрім Мырзабаев, бұрынғы тілмәш Найзабек Тулин, Талқан болыстығында Ахмет Құдайбергенов, Тоқмақтың тұрғыны Ташмұхамед Бикаев Оренбург пен Троицкіден үкіметтің көшпелі халықтан жер кесіп алуын ашық айыптайтын мақалалар жариялауымен танылған «Айқап», «Ақмолла» және «Вақыт» секілді мұсылмандық басылымдарды алып тұрады. Бұл басылымдардағы жағымсыз мақалалардың авторлары – Орынбордағы Қаратаев пен Троицкідегі Сералин. ...Тыңшылардың айтуынша, Орынбор мен Троицкіден алынған басылымдар жасырын түрде Пішпектегі «Машраб» үйірмесінде оқылатын көрінеді. Басылымдардағы жағымсыз мақалаларды насихаттауда Қойбағаров белсенділік танытады. Жоғарыда аталған Пішпек тұрғындарын және Құдайбергенов пен Бикаевті Орынбордағы Қаратаевпен, Троицкідегі Сералинмен хат жазысып тұрады деп сезіктенуге болады» [32, 101 п.].

Осы жерде «Айқап» журналының редакторы М. Сералинге қырғыз халқының көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы Ишаналы Арабаев жақсы таныс болғанын да айта кеткен жөн. Уфадағы «Ғалия» медресесінде М. Жұмабаев, Б. Майлин секілді қазақ жастарымен бірге білім алған И. Арабаев [40, с. 130] «Айқап» журналының оқырманы ғана болып қойған жоқ, оның беттерінде өз мақаласын да жариялап, автор ретінде қазақ оқырмандарымен ой бөлісуге ұмтылды. «Айқап» журналының 1912 жылғы алғашқы екі нөмірінде оның халық ағарту ісі мәселесіне және қазақ-қырғыз халқының тарихына қатысты ой қозғаған «Орынбордан Ташкентке дейін» деп аталатын мақаласы жарияланған болатын.

Полиция департаменті үкіметке «жағымсыз» мақалалар жариялайды, орыс үстемдігіне қарсы қырғыздарды қазақтармен бірлесе әрекет етуге үндейді деп бағалаған «Айқап» журналы [41, 61 п.] редакциясына қырғыздардан түрлі хаттар жолданып, оларда қырғыздардың арасында болып жатқан елеулі оқиғалар хабарланып тұрды. Мәселен, журналдың 1911 жылғы санында Пішпек уезіндегі қырғыздардың беделді өкілі Қанат қажының медресе салдырып, жергілікті жастардың жаңа оқу әдісімен (жәдидтік) білім алуына қолдау көрсетіп, Уфадағы «Ғалия» медресесіне қырғыз балаларын жіберіп жатқаны және Шабдан Жантаевтың 15 мың сомға мешіт салдырып, оның жанынан мектеп ашқаны хабарланды.

Халық арасында «Шабдания» мектебі деп аталған, Ш. Жантаев салдырған мешіт жанында ашылған оқу орнында татар мұғалімдерімен бірге Орал облысына қарасты Темір уезіндегі Ембі болыстығының Нұртілеу Молдағазин деген деген қазағы да ұстаздық етіп, ондағы қырғыз балаларына жәдидше білім беру ісімен айналысқан [41, 78 п.].

Мұның өзі ХХ ғасыр басында екпін алған жәдидтік қозғалыс арнасына қазақтардың да тартылып, бұл қозғалыстың алдына қойған мақсатын жүзеге асыруға араласқанын айғақтайды. Өзбекстандық зерттеуші Х.Д. Садықовтың көрсетуінше, жәдидтердің қызметінің негізгі бағыты жаңа оқу әдісіндегі жәдидтік мектептер арқылы ұлттық рух пен сана-сезімді көтеру болған [42, с.24].

- 30 Перечневая ведомость о движении дел в подведомственных Министерству внутренних дел местах за 1839 г. // Журнал Министерства внутренних дел. – 1841. – № 6. – Приложение.
- 31 Полное собрание законов Российской империи (ПСЗ РИ), 2-е собрание. – СПб., 1835.– Т. 6. – С. 301-302
- 32 ГАОО. Ф. 6. Оп. 6. Д. 12298.

### Түйін

Аталған мақалада Орынбор Мұсылман Діни Жиналысының (ОМДЖ) қазақтардан түскен арыз-шағымдарды талқылау ісіне араласуы қарастырылады. ОМДЖ бірінші инстанциялық сот ретінде де, екінші инстанциялық сот ретінде де көріне алды. Ресейдің әкімшілік-құқықтық жүйесінің бір бөлімі ретінде ОМДЖ қазақ даласында шариғат ережелерін ресейлік заңдарды қосу арқылы біркелкі қолдануды жүзеге асырды. Бұл мекеме сонымен қатар дағдылы қазақ құқығының бірқатар нормаларымен (әмеңгерлік ғұрпы, мәжбүрлеп некелесу, кәмелетке толмағандар арасындағы неке, қалың мал төлеудегі шектеулер және т.б.) күресуге ұмтылды.

Мақалада осы ұйымның қазақтардың арыз-шағым, талаптарын қарау мүмкіндіктерін шектеу мақсатында бірнеше рет жоғарғы үкіметтік институттарға ықпал етуге тырысқан Ресей империясының өзге де институттарымен, мекемелерімен ОМДЖ-ның өзара біркелкі іс-әрекет жасағаны да атап көрсетіледі.

### Summary

In the article considers the participation of OMSA in practice of the trial of the suits and complaints from Kazakhs. OMSA could to act both court of the first, and the second instance. Being a part of the Russian administrative and legal system, OMSA advanced in the Kazakh steppe more homogeneous application of rules of a shariat with inclusion of the russian laws. This establishment also aspired to struggle with some norms of the Kazakh common law (customs of the amangerstva, a marriage on compulsion, between minors, restriction on payment of the kalym and another).

In the article is marked, that OMSA cooperated with other institutes and establishments of the Russian empire which repeatedly tried to affect on the supreme governmental institutes with the aim to limit possibly OMSA to investigate the suits and complaints from Kazakhs.

**З.О. ДҮКЕНБАЕВА**

ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы институты, т.ғ.д. профессор;

**Қ.Б. АДИЕТ**

магистрант

**ОМБЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ**

**Аннотация**

Мақалада Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының, кейінен дала генерал-губернаторлығының құрамына Ақмола және Семей облыстары кірген басты орталық – Омбы қаласының Сібір аумағындағы саяси, ағартушылық орталықтарының бірі болғаны, онда бірталай қазақ жастарының білім алуы мен шыңдалуы, оқыған азаматтардың саяси қызметіндегі қанатының қатаюы, қазақ зиялыларының қалыптасуы, талантты қазақ жастарының өздерін саясаткерлер ретінде де танытуын зерделеу. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының Омбыдағы алғаш саяси күреске белсене араласуы баяндалған. Қазақ жастары қоғамдық-саяси, шығармашылық қызметін осы Омбы қаласымен байланыстырды. Мұрағат деректері, мерзімді басылмалардың мәліметтері және жарияланған құжаттар негізінде жазылған Омбыда оқыған және қоғамдық-саяси қызмет атқарған қазақ зиялылары жайлы баяндалады.

**Түйін сөздер:** зиялылар, училище, семинария, жастар ұйымы, саясат, Омбы, Сібір өлкесі

Омбы қаласы XIX ғ. II-ші жартысында Сібір өлкесінің ағартушылық және саяси орталығының бірі болып табылды. Дала өлкесінің әкімшілік-саяси орталығы ретінде Қазақстанның да саяси-экономикалық тағдырында үлкен роль атқарды. Сібір темір жолының құрылысы қазақ даласына да көптеген өзгерістерге әкелді. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Омбы қаласының оқу орындарында бірталай қазақ жастары білім алған болатын. Бұл Сібір өлкесіндегі қала қазақ ұл-қыздары көп шоғырланған орталықтың бірі. Қазақ даласы мен Батыс Сібірдің шекарасында жатқандықтан, қаладағы саяси жағдайлар қазақ зиялы қауымына да өз әсерлерін тигізді. Себебі қазақ интеллигенциясының көп бөлігі Омбы қаласында тек білім алып қана қойған жоқ, сонымен бірге олар ғылыми жұмыстарын жазып, саяси қызметтермен айналысып, елдің саяси-мәдени өміріне белсене араласты. Сібірдегі ең бір ескі оқу орны 1813 ж. негізі қаланған Сібір кадет корпусы болатын. Бұл элитарлық оқу орнында, 1847-1853 жылдары қазақтың ағартушы ғалымы Ш. Уәлиханов әскери ғылыми білім алғанын білеміз. 1853 жылы Шоқан кадет корпусын бітіргеннен кейін Сібір казак әскеріне қызметке жіберіледі. Көп ұзамай Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорт оның қабілеттілігіне назар аударып, 1854 жылы Шоқан оған адъютант болып тағайындалды. 1855 жылы Ш. Уәлиханов Гасфорттың Омбыдан Іле Алатуына дейінгі сапарына қатысады. 1856-1857 жылдың қысында ол экспедицияларда жинақталған этнографиялық материалдарын өңдеумен айналысты, сондай-ақ ертедегі қазақтар тарихынан қызықты, бұрын беймәлім болып келген деректерді іздеп табу мақсатымен Омбы мұрағатында болды. Шоқанның тұлға болып қалыптасуына Омбы қаласы үлкен роль атқарды [1, с.151-152.].

1881 жылы 1 қаңтарда Омбы қаласында 20 оқу орны орнатылды. Мұнда 1567 ер балалар және 414 қыз балалар білім алды. Мұның бәрі орта оқу орны деген статусқа ие болған болатын. Сонымен қатар Омбы қаласында гимназия, прогимназия, пансиондар семинариясы, арнаулы мектеп, тағы да басқалар болды. XX ғасырдың басында Батыс Сібірдегі алғашқы арнаулы оқу орындарының бірі Омбыдағы оқытушылар семинариясы еді. Ол 1872 жылы 1 желтоқсанда педагогикалық кеңестер шешімімен ашылған. Оқу орындағы барлық жағдайлар түгелімен жазылып, педагогикалық кеңестің хаттамасы Омбы мұрағаттарында сақталады [2, 130-131 б.]. 1900 жылы 1 қаңтарда семинарияда тек 77 оқушы болғандығын, ұлты мен діни нанымы бойынша оларды 1889 жылы орыстар - 77, немесе 96,1 %, қазақтар - 3 немесе 3,9%, 1890 жылы орыстар - 76 немесе 98,7%, қазақтар-1 немесе 1,2% /217/ екендігін айтылған. Бұдан да басқа кейінгі мәлімдемелерден, мәселен, 1900 семинария есебіндегі «Бұратана (киргиз) халқына келетін болсақ үш білім алып жатқан оқушы, 1-ші жартысында 2-еуі семинария курсы бітірді, II-ші жартысында біреуі бітіруші класында қалдырылды. Ал 1 және 2 класста бір де бір бұратана халықтың жоқ екендігі айтылды. Берілген жеңілдіктерге қарамастан 1900-1909 жж. олардың ешқайсысының білім алмағандығы айтылады. Қазақтардан оқушының аз

---

болуын, Ақмола және Семей облыстарында, көшпелі қазақтарда мектептердің жоқтығы кейінгі уақытта облыстық әкімшілік және жергілікті дирекцияның назарын аударып, ауылды жерлерде мектеп ашу ісін қарастырды. Семинария курсы бітіргендер көбіне облыстық, уездік және басқа да мекемелерде көбіне аудармашылық кәсіпті қалап, мектепте сабақ беруге ынталы емес еді. Себебі қазақ халқы ежелден көшпелі еркіндікті қалап өскен халық. XIX ғасырда семинарияда оқитын қазақтар саны өте аз болған. Семинарияда айтулы оқытушылар жұмыс істеп, олар қазақ халқына ағарту ісінің қажеттігін түсініп, 1904 жылғы педагогикалық кеңесте семинария жұмысына қазақ тілінің мамандарын шақыру туралы шешім қабылдады [3, 159-б.]. Сонымен қатар мұнда «Омская учительская семинария, будучи единственной, на всю западную Сибирь, в течение большого времени обслуживала огромный район, приготовляя учителей для народных, сельских, городских и уездных училищ. Но в настоящее время обстоятельства изменились, почему и роль семинарии должна прийти в соответствие с ними. Семипалатинская семинария озобочена приготовлением учителей для киргизских школ этой области. Между тем Акмолинская область, с многочисленным киргизским населением, для которой Министерством народного просвещения открываются многочисленные школы-без контингента учителей-киргиз. Мы должны позаботиться о подготовке учителей - киргиз для киргизского населения, по примеру, Ташкентской и Семипалатинской семинарий».

Бұдан әрі педагогикалық кеңес семинария директорының өтінішімен:

1. Омбы семинариясына жылына қазақтардан 10-15 адамға дейін оқуға түсуге, ондағы кандидаттарды Омбыға орыс-қазақ пансионнан 2-і класты қазақ училищесінен алуға болады.

2. Қазақ тілінің маманын жылына 600 сом айлық жалақымен жұмыс істеуге шақыру және қазақ тілін оқытуға қосымша сағат берілу керек деп, қазақ тілін оқытуға молданы шақыруды керек еместігін айтты. Бұл өтінішті дала генерал-губернаторлығына жіберді. Сөйтіп XX ғасырдың бас кезінде оқушы қазақ семинарист саны көбейді. 7 мамыр 1914 жылы тәрбиеленушілердің 1-3 кл. дейінгі білімін, яғни, 1913-1914 жылдары оқу жылының көрсеткіші мен емтиханға жіберілу көрсеткіші мынандай «дайындық курсына тәрбиеленуші 4 - кл. М. Жұмабаев, бірінші. кл. - З. Байлин Тұрғанбек, Сейфуллин, Сәдуақасов екінші кл.-1. Арыстанбек Сәдуақасов, Нұрмақов Нығмет. Семинарияға қатысушылары тізе беретін болсақ, Нұрмақов Нығмет Семей облысы, Қарқаралы уезінің қазағының баласы. Степендиат, 19 жаста оның бағалары «тәртібі - 5», педагогика - 3, орыс тілі - 3, арифметика - 4, геометрия - 4, тарих - 4, география - 3, жаратылыстану - 3, таза жазу-3, сызу -3, гимнастика -5, қол еңбегі - 2, ән айту - 3. [4, 16-б.] Баржақұлы Ахмет- №1 қазақ ауылының баласы Ақмола облысының, Атбасар уезінің, Жезді болысының степендиаты, жасы 21-де, ықыласы орташа, денсаулығы мықты, бірақ өзі баяу. Мешінбаев Сейіл-Ақмола облысының, Атбасар уезінің №5 қазақ ауылының ұлы, жасы 23-те, жұмсақ мінезді және шыдамды, қол еңбегі сабағын жүргізе алады. Нұрұмов Қорған-№2 қазақ ауылының, Ақмола облысының, Атбасар уезінің Айнақұл болысының ұлы, степендиат, жасы 20-да, талпынысы айтарлықтай жақсы, орташа тәрбиелі. Ал бұлардан бір жыл кейін оқыған Мағжан Жұмабаевтың жақсы оқығандығы жайында баяндалған [4, 77 б.]. 1914 жылы жоғарыда аталған үш қазақ мұғалім атағына ие болды. 2-класстық тәрбиеленушілер арасынан Сәкен Сейфуллинді атап өтеміз. 1916 жыл қазақ жастарының семинарияда оқуға деген талпынысы едәуір өскендігі жайлы деректер көре аламыз. Мұнда да таныс есімдер кездеседі. 1916 жылдың 7 тамызындағы хаттамада семинарияның дайындық класына түсу үшін өтініш білдірушілер: 1. Альмұхамедов Нұрмахамет; 2. Жүніспеков Сүтжан; 3. Жанғұнақ Жүнісбек; 4. Қадылбеков Нұрғали; 5. Сейілов Айтмұхамед; 6. Садуақасов Исмаил [5, 30-31 б.].

Қазақ жастары жыл сайын бөлінетін стипендияға оқитын еді. Бірақ қазақ жастары үшін бұл стипендия жеткіліксіз болатын, сол себептен олар мемлекет тарапынан қолдау жасауларына өтініш білдірген еді, бірақ бұл өтініштері мемлекет тарапынан қабыл болмады. 1882 жылы Батыс Сібірде Омбы техникалық училищесі құрылған еді. Ресей императорының бұйрығы бойынша бұл училище төменгі техникалық мамандар дайындау үшін құрылған болатын, училищенің негізгі мақсаты Сібір темір жолын салуға кадр мамандарды қажет етті. Техникалық училищенің бітірушілерінің арасынан біз Итжанов Ільяс, Тарабаев Иманбай, Сердалин Мәмбет-Әлі және Әлихан Бөкейхановты да кездестіреміз. Әлихан Бөкейхановты директордың өтініші бойынша ең үздік оқушылардың бірі болғандықтан Санкт-Петербургке орман шаруашылығы институтына жіберіп, оны ол жақсы бітіріп шығады. Еліне қайтып оралғаннан кейін ол Омбыдағы орман шаруашылық училищесінде сабақ берді [6, 65 б.].

Омбыда Транссібір магистралінің ашылуымен жаңа оқу орындары ашылып көптеген ауыл шаруашылық, өнеркәсіп, сауда мамандығына даярлады. Сібірде медицинамен қамтамасыз ету өте мардымсыз болатын. Ауылдық фельдшерлерді дайындау үшін 1878 жылы Томск губерниясында Фельдшерлік мектеп ашылды. Мектептегі оқытылатын қиын пәндердің болуына қарамастан мұнда

қазақ жастары көбірек келе бастады. 1883 жылы 2-ші арнайы кластың тізімі бойынша емтихандардан өту туралы мәліметтерде:

1. Досымбеков Баймұрат, хирургиядан - 5, медсанургидан - 5, фармакология - 5.
2. Досымбеков Садық орташа балы хирургия - 4,9, медсанургидан - 4,5, фармакология - 5.
3. Айманов Атбас хирургия - 4, фармакология - 4.

Қазақ балаларының оқудағы жетістіктерін көруге болады. «1886 жылы 2-кластың үздік оқушысы Ниязбековке Құрмет грамотасы берілген еді. Осы сияқты толық ақпараттарды Қазақстан тарихындағы ең алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Арын Сүлейменов туралы мәліметтерді көреміз. Осы фельдшерлік мектепке қазақ тәрбиеленушісі, оқытушылар да келе бастады. Қазақ балаларына «Дала мектеп интернаты» Семей және Ақмола облыстарында ашыла бастады. Бұл мектептерде бар жоғы 10-12 бала ғана білім алды. 90-жылдары бұл мектептер ауыл-шаруашылық мектептері болып қайта құрылды. 1910 жылы Омбыда орта ауыл шаруашылығы және коммерциялық училишелер құрылды. Бұл кезеңде де Орынбор, Орал, Омбы гимназияларында ашылған қазақтарға арналған пансиондарды да жатқызуымызға болады. Омбы орта ауылшаруашылық училищесінде ауылшаруашылық бөлімі бойынша 3-сынып оқушысы Нагибина және 2-сынып оқушысы Кемеңгеров оқыған. Ауылшаруашылық училишелерінде басты назарды жазғы практикаға оқушылар қоныстандыру басқармаларында, статистикалық әртүрлі комиссиялар ведомстваларында жұмыс атқарды. Оларға арнайы куәліктер беріліп, онда былай деп жазылды: «Айбасов Бірмұхаммед жазғы практикада Ақмолалық қоныстандыру басқармасына 1-қыркүйекке дейін командировкаға жіберілсін. Шорманов Аспандияр Омбы ауылшаруашылық училищесінің мәдени-техникалық бөлімін аяқтады және инженер гидротехник М.Д. Глебовқа көмекші ретінде жіберіледі. Кемеңгеров, Қазыбековке статистикалық бөлім қызметінде қалуға рұқсат, 17 мамыр 1917 жыл [3, 165 б.] 1916 жылы бұл оқуға Смағұл Садуақасұлы түседі.

1916 жылы Омбыда 11 орта жалпы білім беретін оқу орны 2946 оқушы оның ішінде 3-і ерлер гимназиясы, 5-і қызбалалар гимназиясы, 3-і жеке меншік гимназия, 6-ы арнаулы оқу орны, 1646 оқушысымен (коммерциялық училище кадет корпусы, ауылшаруашылық училищесі, оқытушылар институты, 14-кәсіптік-техникалық, 1267 оқушысымен темір жол техникалық және механикалық училищесі және фельдшерлік мектеп т.б.) бес жоғарғы және Еврей училищесі, мектеп пен медреселер, орыс-татар училищесі жұмыс істеді. 1912 жылғы халыққа білім беру шығыны 128438 сом немесе 18,1 %.

XX ғасырдың басында негізі қаланып, кейін Омбы ауылшаруашылық институтының құрылуына себеп болған училищеде қазақтың талай жалынды жастары білім алды. Солардың ішінде Смағұл Қазбеков, Сүлейімбек Бижанов, Бірмұхамбет Айбасов, Мұхтар Саматов, Аспандияр Шорманов, Рақымбек Толысбаев, Жүніс Бабатаев, Жарқынбек Көбенов, Ахмет Абдрахымов секілді шәкірттерді атауға болады. 17 мамыр 1917 жылғы деректерде Омбыда білім алған қазақ жастарының үлкен дәрежеде білім алғанын, кейінірек олардың жауапты орындарда жұмыс істеп, қадірлі тұлғаға айналғандығы айтылады. Атақты Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Ақбаев, Е. Итбаев, Асылбек және Мұсылманбек Сейітовтер, Райымжан Марсеков және тағы да басқалар өздерінің саяси қызметін осы қаладан бастап дала өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайына маңызды әсер етті. Солардың біреуін айтатын болсақ, Әлихан Бөкейхан – Алаш қозғалысының іргесін қалаушы, көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым, аудармашы, азаттық жолындағы күрестің рухани басшысы. Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметі Омбы қаласымен тығыз байланысты [7, 92-93 б.].

1894-1908 жылдары Омбы орман училищесінде оқытушы, Омбы қоныс аударушылар басқармасында қызмет істейді.

1896 жылы Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесінің мүшелігіне өтеді.

1896-1901 жылдары Тобыл губерниясы экономикасын зерттеу экспедициясының, кейін Ф.А. Щербина экспедициясының құрамында болады. 1903 жылы С.П. Швецов Сібір экспедициясының құрамында болып қазақтың дәстүрлі шаруашылығының жай-күйіне арналған іргелі еңбегін жазады.

1905 жылдан бастап қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы саяси күрес ісіне белсене араласады. Петербургтің заң университетін алтын медальмен бітірген қазақтан шыққан тұңғыш құқық магистрі Жақып Ақбаев 1903-1906 жылдары Омбы сот мекемелерінде қызмет еткен [7, 102-103 б.] Айтпенов Мұқан өзінің өмірінің тең жартысын Омбы қаласында өткізіп, Кеңес өкіметінің идеяларын жақтаушылардың бірі болды. Смағұл Садуақасов ірі мемлекет және саяси, мәдениет қайраткері. 25 жасында Қазақ елінің Халық ағарту комиссары болған асыл азамат пешенесіне жазылған 33 жыл ғұмырында он бес жасынан Омбы өңіріндегі ауылдарда бала оқытып (Екі сыныптық орыс қазақ училищесін үздік аяқтаған С. Садуақасұлы 1915 жылдың тамыз айында ауылға мұғалім болып жіберіледі) [8, 101-102 б.], 27 жасында Ташкенттегі қазақ педагогика институтының ректоры қызметтерін атқарып,

---

мемлекеттік, қоғамдық қызметпен қоса әдеби-ғылыми шығармашылықпен айналысып азаматтық болмысы жарқырай танылған. Итбаев Ережеп Омбы сотында жұмыс істеп Алаш қозғалысының белсенді қатысушыларының бірі. Азаттық жолында құрбан болған Алаш көсемі Отыншы Әлжанұлының есімі де осы қаламен байланысты. Білім іздеп келген Отыншы Омбының уездік училищесіне оқуға түседі. 1891 жылы қолына мұғалім деген қағазын алған Отыншы осы қалада қалуды ұйғарады. Ақмола облысының орталығы Омбы қаласында Отыншының он төрт жыл өмірі өтті. Қайраткер қаладағы сот кеңселерінің маңайында қызмет етті. Облыстық сот әскери ведомствоға бағынғаннан кейін, ол әскери офицер де болған деп айта аламыз [9, 15-18 б.].

Осы жігіттердің бастауымен Омбыда 1914 жылы қазақтың алғашқы жастар ұйымы «Бірлік» құрылды. «Бірлік» қазақ тарихындағы ұйымдастырылған тұңғыш жастар ұйымы болды. Бұл ұйымға мүше болған қазақ жастары негізінен Омбының оқу орындарында оқыған және осы қалада қызмет қылған қазақ жастары еді [10, 41-п.]. Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған құжаттардағы қазақ жастарының «Бірлік» ұйымына қатысты деректерде 1918 жылдың басында барлық өңірлердегі қазақ жастарының мәдени-ағартушылық ұйымдарының саны 51-ге жеткендігі көрсетілген [11, 99-п.]. «Бірлік» ұйымы қазақ ұлттық-демократиялық жастар қозғалысының өрістеуіне ықпал етіп қана қоймай, социал-демократиялық бағыттағы жастар қозғалысының да қалыптасуына негіз жасады. «Бірліктің» мақсаты жайлы С. Сәдуақасов «Жастарға жаңа жол» атты кітабында: «Қазақ халқын мәдени нәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу нәм ұлттықты сақтау. Бұл айтылған мақсаттарға жету үшін жастар арасында ұлтты сүю сезімін сіңіре беру», - деп айтып кеткен. Далалық өлкенің 1909-1914 жылдар аралығындағы саяси өміріне шолу жасаған Омбы губерниялық жандармериясының есебі бойынша бұратана халықтардың арасындағы мұсылман қозғалысы бақылауға алынған. Көшпелі тұрғындар көшіп қонатын жердің тарлығына байланысты оңтүстікке қарай ығысқандығы, көпшіліктің арасында ұлттық сана-сезімнің өсіп келе жатқандығы көрсетілген [12, 8-п.].

Петропавл уездік басшысының Ақмола облысының губернаторының атына жіберген мұсылман халқының, сонын ішінде қазақтардың арасындағы қалыптасқан қоғамдық жағдай жөніндегі мәлімдемесінде қазақтардың арасында ұлттық қозғалыс тамыр жая бастағандығы, халықтың рухани оянуында үлкендердің сеніміне ие болған оқыған қазақ жастарының рөлі артып келе жатқандығы айтылған [13, 15-п.]. Халықты ағартамын деген ізгі ой ұстанған ұйым оқу орындарына түсемін деген жастарға даярлық курстарын, концерттер ұйымдастырды. Кез келген ұйым – бірлестіктердің өз үні болуы тиіс, сондай үн «Бірлікте» де болды. Ол қолжазба күйінде шығып тұрған «Балапан» журналы мен «Жас азамат» газеті еді. Ұлттық интеллигенцияның үздік өкілдері өздерінің табиғи туа біткен және саналы түрде жетілдірген түйсіну қабілеттерінің арқасында өмір бойы білім-парасат деңгейін өсіріп, оқып-тоқып, үйренумен болды. Сондықтан олардың шығармашылық өресі жан-жақты дамып, шыңдалып, таным-білімі үнемі кеңейіп әрі тереңдеп отырды. Бұл жерде олардың шығармашылық өресі қалыптасып, Омбы баспасөзінде олардың алғашқы шығармалары баспасөзде жарияланды. Жастар ұйымы «Бірлікте» талантты қазақ жастары өздерін саясаткерлер ретінде де танытты.

Қазақ зиялыларының Омбы бөліміндегі қызметтерінде, XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанға буржуазиялық қатынастардың енуі, ұлттық буржуазия мен интелегенцияның қалыптаса бастауы, жалпыхалықтық ояну жағдайында ұлттық-мемлекеттік бірлік мәселесін айқындауға алғашқы іргетасын қалады.

Омбы қаласы «Үш жүз» партиясының құрылған жері екендігімен де белгілі. Ол жөнінде – Омбы кеңес депутаттарының органы болған «Революционная мысль» газеті: «Қазақ социалистік партиясы «Үш жүз» құрылды, ол өзінің орталық комитетін сайлады, тұрағы Омбы қаласы» - деп жазды [14, с. 28]. Қазақ тарихында «Үш жүз» партиясы социалистік бағытта құрылған тұңғыш саяси партия ретінде орын алады. Ал оның көсемі Көлбай Төгісов қоғамдық-саяси қызметін, өмір жолын, публицистикалық шығармашылығын осы Омбы қаласымен байланыстырды.

Омбы қаласы дала өлкесінің ағартушылық орталығы ретінде қазақ интелегенциясының қалыптасуы мен дамуына, саяси күресте шыңдалуына маңызды әсер еткендігін атап өтуіміз керек. Сонау Шоқан Уәлихановтан бастап Омбыда білім алған Әлихан Бөкейханов, Қошке Кемеңгеров, Мағжан Жұмабаев, Мұхан Айтпенов, Сәкен Сейфуллин, Асылбек және Мұсылманбек Сейітовтер, Айдархан Тұрлыбаев, Ахмет Әбдірахымұлы, Әділбек Майкөтов, Смағұл Қазыбекұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Мұхтар Саматұлы, Сүлембек Байжанұлы, Бірмұхамед Айбасұлы, Асфандияр Шорманұлы, Ережеп Итпаев және тағы да басқаларды атауымызға болады. Кеңес дәуірінде Жұмабай Шаяхметов, Фазыл Карібжанов, Шапық Шөкин, Ғайниден Мұсабаев, Жүнісбек Жанқонақов, Сейілбек Исаев, Қайырболат Есенов, Шабкен Бектұров, Балташ Тұрсынбаев, Жәнібек Карібжанов, Серікбай Әлібаев, Амангелді Шакенов, Ромин

---

Мадинов сияқты мемлекет, қоғам, ғылым, өнер қайраткерлері білім нәрімен сусындап, қоғамдық-мәдени, саяси-ағартушылық қызметтер атқарды [9, 4-5 б.]. Омбыдағы оқу орындары қазақ интеллегенциясының рухани баюына ұлт-азаттық ауыр кезеңдерде революциялық күрес тұсында қазақ көшбасшыларының шығуына әсер етті. Омбы қазақ халқының мәдениеті мен ғылымына, әдебиеті мен өнеріне әсер еткені белгілі. Ертіс жағасындағы бұл қала ұлтымыздың талай біртума ұлдарының қанатын қатайтты. Осы қалада оқыған, бұл жерде қызмет істеген Алаш азаматтарын толық атап өту мүмкін емес. Тұтас алғанда Омбы қаласы көп уақыт бойы қазақтың дәстүрлі қоғамдық өмірі мен қазақ зиялы қауымының қалыптасуына өз әсерін тигізді. Қазаққа кесірін де тигізген, септігін де дарытқан Омбы қаласының Алаш баласына байланысты кешегісі мен бүгіні, тарихи орны зерттеліп келеді.

---

#### **Әдебиеттер**

- 1 Из историй Омска. 1716-1917 годы. Омск: Западно-Сибирское книжное издательство, 1967. – С. 151-152.
- 2 Первая всеобщая перепись населения Российской империи. 1897, Акмолинская область. – Спб.: Издание Центрального статистического комитета Министерства внутренних дел, 1904. – Т. 31. – 130-131 б.
- 3 Омск в панораме веков. – Омбы, 1999. – 159 б.
- 4 Весть Омск, Справочник. – Омбы, 1911. – 16 б.
- 5 Көлбай Төгісов. Шығармалар жинағы. – Алматы, 2003. – 30-31 б.
- 6 Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 65 б.
- 7 Құлмұхамед М. Алаш бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. – Алматы, 2000. – 92-93 б.
- 8 Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты. 8-қ., 1-т., 9-іс.
- 9 Кемеңгеров Қ. Омбыда оқыған қазақтар. – Петропавл, 2010. – 15-18 б.
- 10 Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты. 3-қ., 7-т., 11296-іс.
- 11 Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты. 643-қ., 1-т., 29-іс.
- 12 Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты. 270-қ., 1-т., 59-іс.
- 13 Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты. 270-қ., 1-т., 627-іс.
- 14 Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М.: Республика, 1994. – С. 28.

#### **Резюме**

В данной статье рассматривается роль г. Омска в формировании общественно-политической жизни казахской интеллигенции в конце XIX – в начале XX века.

#### **Summary**

In this article we see the role of Omsk city in the formation of social and political life of Kazakh intellectuals in the late XIX early XX centuries.

---

**Тарих және тұлға**  
**История и личность**  
**History and Person**

**ӘӨЖ 930(091); 930(092)**

**Ж. ЖАҚСЫҒАЛИЕВ**

М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік  
университетінің аға оқытушысы, т.ғ.к.

**ӘЗ ЖӘНІБЕК ХАН: ТАҒДЫРЫ ЖӘНЕ «АҚТАҢДАҚТАР»**

**Аннотация**

Мақалада Әз Жәнібек хан тарихының тәуелсіздік жылдарында зерттеушілердің жаңа көзқарастағы пікірлеріне тарихнамалық шолу жасалады. Әз Жәнібектің ата-бабасының шежіресін деректерге сүйене отыра тарқатады. Асан қайғыны қай Жәнібек ханның замандасы екендігін, Аңыз астарындағы Асан ақиқатын айшықтауға тырысады. Асан қайғы жырындағы ақтаңдақтарды анықтау қажеттілігін дәлелдейді. Жәнібектің Сарайшықта жерленуі, Кіші Жәнібектің жерленуі, Қазақ ханы Жәнібектің ата-тегі хақында мәлімет беретін деректер мен көзқарастарды саралауға ұмтылыс жасалынған. Жәнібек ханға қатысты тарихнамадағы түйткілдер туралы ой қозғайды.

**Түйін сөздер:** Алтын Орда, тарихнама, деректану, хан, орта ғасыр.

**I. Әз-Жәнібек қай Жәнібек?** Әз-Жәнібек хан тарихы тәуелсіздік жылдарында зерттеушілердің, ғылыми-көпшілік қауымның қызығушылығын оятып, жұртшылықтың назарын өзіне аудара бастады. Аталмыш мәселе туралы соңғы жылдары жаңа көзқарастағы пікірлер көтеріліп, бірнеше мақалалар дүниеге келді. Мұны мойындамау-ақиқатқа қиянат. Тарихшылар Ж. Артықбаев, Б. Ермұқанов, И. Шәмшәтұлы, Т. Омарбеков, Ш. Омарбеков, Б. Кәрібаев, М. Қасенов, жазушы Қ. Салғараұлы, ақын Б.С. Қошым-Ноғай т.б. [1] бірауыздан Алтын орда ханы Өзбекұлы Жәнібекті (1342-1357) Әз-Жәнібек деп ортақ шешімге келгендей болды. Осыған қарамастан соңғы кезге дейін, әсіресе әдебиетші-ғалымдарымыз тәуелсіздік жылдары жарық көрген тарихшылардың зерттеулерін «айналып өтіп», қазақ ханы Жәнібекті Әз-Жәнібек ретінде бейнелеп, Асан Қайғы бабамызды соңғысының бас уәзірі нәм ақылшысы етіп көрсетуді әдетке айналдырды. Қарапайым оқырманды былай қойғанда, кәсіби мамандардың өзі шатаса бастады. Жәнібектанудағы «ақтаңдақтардың» ақиқатын аршып алу қай зерттеушіге де оңай болмай тұр. Оның бірнеше себептері бар. Негізгісі, деректердің жұтаңдығы, екіншісі, осы мәселеге қатысты алғашқы зерттеулердегі жаңсақтықтар, үшіншісі, Асан Қайғы заманынан жеткен жыр-аңыздарды талдаудағы кереғарлықтар.

**I. 1. Жәнібектанудағы жаңсақтықтардың сыры неде?** Сонымен, Жәнібек хан хақында алғаш пікір білдіргендердің бірі ХІХ ғасырдағы қазақтың ұлы ғалымы Ш. Уәлиханов қазақ сұлтандарының шежіресін Орыс хан – Қойрұшық (дұрысы Құйыршық – Ж.Ж.) – Барақ хан – Әз-Жәнібек деп анықтаса [2], 1911 жылы Орынбор қаласынан басылып шыққан еңбегінде Ш. Құдайбердиев: «...Құйыршық ханның баласы – Барақ хан. Оның екі баласы Дәруиш нәм Абусағид хан. Әз-Жәнібек хан аталған осы Абусағид еді. Қазақты ертіп алып Қашқардағы Шағатай нәсіліне қаратқан Әз-Жәнібек осы еді» [3], – деп ұғынады. Көрнекті қазақ ғалымы мен ойшылының осы бір жаңсақ пайымы алдағы қателіктерге жол ашты. Қазақ хандығының негізін Кереймен бірге қалаған Жәнібек сұлтан тарихи әдебиетте еш күмәнсіз «Әз-Жәнібек» атала бастады. Шәкәрім Құдайбердіұлынан бір жыл бұрын Қазан қаласында жарық көрген «Тауарих-и хамса-йи шарқи» (Шығыстың бес елінің тарихы) деген еңбегінде белгілі тарихшы Құрбанғали Халид Өзбекұлы Жәнібек хан хақындағы баянын төмендегіше түйіндеді: «Жәнібек хан өте әділ, шарғи мәселелерге жетік кісі болуымен «Әз Жәнібек хан» лақабын алған. Әзіз Жәнібек деген сөз, бұл халыққа аса әділдігімен беделді болып көріне білген. Әзіз-арабша «ғазиз» - қымбат, қадірлі деген сөз» [4]. Өкінішке орай, тарихшының дер кезінде айтылған шынайы пайымдамасы зерттеушілердің назарынан тыс қалды. Тіпті кеңес дәуіріндегі беделді басылымдардың бірі саналатын «Қазақ Совет энциклопедиясы» сияқты іргелі басылымда: «Жәнібек хан (Әбу Саид деген атпен де белгілі)



(т.-ө.ж. белгісіз) Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі, Барақ ханның баласы. XV ғасырда өмір сүрген, XV ғасырдың 50 жылдарына дейінгі өмірі мен қызметі туралы нақты деректер жоқ... Оның есімі тарихи мәліметтерде соңғы рет 1473 жылы кездеседі... Жәнібек хан сол дәуірдегі жиі болып тұрған соғыстардың бірінде қаза тапқан деп жорамалдауға болады. Ел арасында сақталған аңыз-жырларда Жәнібек ханды «Әз-Жәнібек» деп те атайды [5]. Сөйтіп, қазақ ханын Әз-Жәнібек ретінде дәріптеу сол уақыттан күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Мысалдарды тізе бергеннен, мәселенің мәні өзгермейді. Басқасын былай қойғанда, жыраулар поэзиясына терең бойлап, аталмыш тақырыпқа зерттеушілік ғұмырын арнаған белгілі ғалым М. Мағауин «Қобыз сарыны» монографиясында «Қазақ ханын Әз-Жәнібек» [6] – деп анықтаса, кейін кенеттен пікірін өзгертіп «Ғасырлар бедері» зерттеуінде «Алтын орда ханын Әз-Жәнібек» [6, 220 б.] деп қабылдап, бір мәселеге екіұштылау пікір білдіреді. Сонда қалай? Қайсысы дұрыс? Кейінгі еңбектерінде классик жазушы өз ойын тағы да өзгертіп, алғашқы көзқарасына қайта оралып: «Әз-Жәнібек – қазақ жұртының іргесін бекітіп, ордасын орнықтырған ұлы хан ғана емес, сол халықтың бар игілігіне ұйытқы болған асыл ұрық, ұлы әулеттің де негізін салушы» [7],- деп нақтылайды. Шындығында осы тұжырым дұрыс па? Негізі, жәнібектануға қатысты бұдан басқа да екіұшты пікірлер мен дүдәмал ойлардың көптігі және солардың ақ-қарасын анықтауға тырыспаушылық біздің Жәнібектей ұлы хандарымызды танып-білу, зерттеп-зерделеу ісіне әлі де немқұрайлы қарап отырғанымыздың белгісі демеске лаж жоқ. Тарихтың құпия сырын ашуда деректің қай түрі де қымбат. Соның ішінде әлбетте, жазба дерек аса маңызды. Қозғалған проблеманы зерттеуде ілгері жылжу бұрын пайдаланылмаған, жаңа дереккөздерін айқындап, тартуға және ғылыми айналымға ендігі енгізілген деректерді тереңірек талдауға келіп тіреледі.

**1.2. Деректер не дейді?** Алдымен, Алтын орда ханы Өзбекұлы Жәнібектің ата-бабасының шежіресін тарқатайық. Әл-Ахаридің «Шайх-Увайс» дерегіне сенсек, бұл әулеттің шежіресі Жәнібек – Өзбек – Тұғрылша – Мөңке Темір – Тоқан–Бату– Жошы - Шыңғыс хан [8]. Басқа дереккөздерден біз Өзбектің шын мәнінде Тұғрылшаның ұлы, демек Батудың ұрпағы екенін талассыз айғақтайтын мәлімет таппаймыз. М.Г. Сапарғалиевтің пікірінше, Батудың тұқымы Тоқтамен бітуі, ал Өзбек уақыт өте бүкіл билікке қол жеткізген жалған атты болуы әбден мүмкін [9].

Му'ин ад – дин Натанзидің «Мунтахаб ат – таварих – и Му'ини» деген еңбегі Қазақстан тарихын зерттеу үшін құнды деректеме болып табылады. «Ескендір анонимі» деген атаумен белгілі бұл ортағасырлық қолжазбаның авторы Өзбек хан хақында: «Ол әділ және мейірімді патша еді, асқан діншіл әрі тақуа болғаны сондай, пайғамбар жолын ұстанды; кемшілігі үшін пұшайман болып, қажет еткен кісілерге қайыр, жақсылық көрсетіп, кешірім өтінді. Ол билік еткен жылдарда Дешті Қыпшақ, Аллаңқа сенетін елге айналды» [10] деп жазуы назар аударарлық. Әйгілі шығыс зерттеушісі Лев Гумилев: «өзінің алдындағы хан Тохтуды (Тоқта деп те жазылады –Ж.Ж.) у беріп өлтірген өктем билік иесі аяушылығы жоқ басқыншы және қатігез Өзбек» [11], – деп атап өткен. Жәнібектің әкесі Өзбектің өмірі мен жеке басының қасиеттері туралы деректер қайшылықты. 1341 жылы Алтын Ордада Өзбек хан кенеттен дүние салды. Өзбек хан өлімі оның ұлдарының яғни тақ мұрагерлері арасында ауызбірліктің жоқ екендігін көрсетіп қана қойған жоқ, Алтын Орда мемлекетінде ішкі қайшылықтың бар екенін айқындап берді. Өзбек ханның өзі тақ мұрагері ретінде атап кеткен ұлы Тыныбек «Шайх-Увайс» жазбасына қарағанда, көп ұзамай бауыры Жәнібектің қолынан мерт болған [12]. Ал «Тарих ал-Малик ан-Насир Мухаммед ибн Кулан уа ауладуху» дерегінде Жәнібек пен шешесі Тайдулла ханымның бірігіп, Тыныбекті Сарайшықта өлтіргені баяндалады [12, с. 202]. Ортағасырлық шығыс билеушілері үшін Алтын Орда сияқты ұлы мемлекеттің бас тағын иелену жолында мұндай әдет жат саналмайтын. Осынау тарихи үрдістің иірімінен Жәнібек сияқты болашақ «ғазиз» ханда шет қала алмаған. Бұл жолы да «қан сасыған хан сарайы» өзінің ойын ережелеріне бағынған «ойыншыларының» саясатта мерейі үстем нәм мәртебесі асқақ екендігін дәлелдеді. Кейін өз тағдыры да дәл осылай тәмам боларын сол мезетте қанша сұңғыла болса да Жәнібек те білмеген болар. Пенденің фәни дүниеде жасаған қай амалы да бақиға кетпейтінін Әз-Жәнібек тағдыры тағы бір мәрте дәлелдегендей болды.

Әз-Жәнібектің өмірі мен қызметін XIV ғасырда өмір сүрген ұлы тарихшы Му'ин ад-дин Натанзи «Ескендір анонимі» атты еңбегінде Жәнібек хан туралы «оның әділдігі Ануширван (атақты парсы патшасы - Ж.Ж.) әділдігінен бір де кем соқпайды. Ол Өзбек Ұлысын тұтас исламға бағындырды, пұтқа табынушылардың храмдарын түгел қиратып, көптеген мешіт, медресе салдырды. Ислам дінін ұстанған адамдардың жағдайларының жақсы болуына басты назар аударды. Жан-жақтағы ислам елдерінен неше түрлі оқымысты, ғалымдар осы сарайға қарай ағылды. Елдегі әмірлердің ұлдары білімдерін жан-жақты жетілдіріп ғылымға мойын бұрды, олар заманының озық ойлы азаматтарына айналды, күні бүгінге дейін олардың айтқан пікірлері, қорытқан ойлары жиын-тойда ескеріліп тұрады. Исламның

басқа елдерде ұстанатын әдет-ғұрып, салт-жораларын бұл мемлекетке енгізген сол» [13],- деп сүйсіне жазды. Мұндай пікірлерді ортағасырлық түркі деректемелері, соның ішінде Маулана Мұхаммед Достының ұлы Өтеміс қажының «Шыңғыснама» тарихи шығармасы да: «Даңқты әзірет Жәнібек хан – оған Алланың рақымы жаусын – әкесінің тағына отырып хан болғанда *оның әділдігі, әулиелігі мен дарқандылығы* елге мәлім болды, Дешті Қыпшақ уәлаятында ақ жолдан таймайтын, адал да қуатты, теңдесі жоқ патша болып, атасының бүкіл мемлекетіне әмірін жүргізді» [14] деп қуаттай түседі. Ал «Таварих-и гузида-йи нусрат-наменің («Жеңістер кітабының таңдамалы тарихы») авторы ол туралы «Жәнібек Дешті Қыпшақ елінің ханы болды. Халық оған дене болса, ол халықтың жаны болды» деп жазды [15]. Келтірілген деректерді уақытында жан-жақты саралаған Л. Гумилев Жәнібек ханның әкесіндей емес мейірімді, нәм әділетті жан болғанын атап өткен [11, 14 б.]

Қазақтың ұлы ғалымы Ш. Уәлиханов өмір сүрген заманда орыстың белгілі археологы, шығыстанушы, нумизмат тарихшы П.С. Савельевтің ғылыми тұрғыда әлі күнге маңызын жоғалтпаған құнды еңбегі дүниеге келді. Бұл еңбектегі ғылыми тұрғыда талданған нумизматикалық деректер қазақ тарихы үшін бірегей керемет. Ақиқатын айтар болсақ, орыс ғалымының бұл зерттеуіне қазақ қауымы қарыздар. Зерттеуші нумизматикалық жәдігерліктерге иек артып, Әз-Жәнібек хан есімі бедерленген теңгелердің Хорезм қаласында хижраның 700-751 жылдарынан (1350 жыл) құйыла бастағанын баяндайды.

Әз-Жәнібектің ел билеген тұсында құйылған теңгенің бір жағында араб қарпімен **«әл-сұлтан әл-ғадл ғазиз Жанибек хан»**, екінші жағында «харб/сы/Гүлстан әл-джәдид» **(1-сурет)** деген сөздер таңбаланған. Соңғы жылдары Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының ғылыми қызметкерлері Жәнібек ауданындағы Жаңатұрмыс обасынан 1353-1354 жж. Гүлстандағы теңге сарайында құйылған Әз-Жәнібек хан дәуірінің теңгесін тапты **(2-сурет)** [16]. Деректерге сүйенсек, Жәнібек хан кезінде Гүлстан ірі портты қалаға айналады. 1347 жылы осы Гүлстан портында Жәнібек Венеция саудагерлерімен сауда келісімін жасаған. М. Әбсеметовтің пікірінше, бұл порт бүгінгі Атырау қаласының маңы болуы мүмкін [17]. Нумизмат тарихшы Әз-Жәнібек бақилық болғаннан кейін де, әйгілі ханның есімі бедерленген теңгелердің құйылғандығы хақында хабарлайды. Біз үшін аса құнды жәдігер саналатын сол теңгелердің бірінде **«әл-сұлтан әл-мархұм ғазиз Жанибек хан» (3-сурет)** деген тіркес оймышталған. П.С. Савельев зерттеген нумизматикалық деректерге қарағанда Жәнібек хан билікке келгеннен кейін құйылған алғашқы теңгелерде «әз» (ғазиз) атанбаған, тек он шақты жылдан соң ғана осы атақты иеленген тәрізді. Оған дәлел, теңгенің бір бетінде **«әл-сұлтан әл-ғадл Жанибек хан»**, ал екінші бетінде **«харб/сы/Харезм әл-джәдид 754» (4-сурет)** деген сөздер ойып жазылған [18]. Тұңғыш бұл деректі қазақ оқырмандарына журналист М. Имашев таныстырса, бертін келе ақын Б.С. Қошым-Ноғай аталмыш мәселеге жұртшылықтың тағы бір мәрте назарын аударды.

Шыңғыс ұрпақтарынан болған хандардың өздерінің ұстанған саясаттарына сай келетін тарихтарын жаздырып қалдыруы ертеден дәстүрге айналған болатын. Хиуа ханы (1645-1663), шығыс әдебиеті мен мәдениетінің асқан білгірі Әбілғазы баһадүр ханның «Шежіре-и түркі» («Түркі шежіресі») атты тарихи шығармасының деректемелік маңызы өте зор. Ол өзінің еңбегінде: «Өзбек хан өлгеннен соң оның ұлы Жәнібекті хан көтерді. Жәнібек хан ғажайып мұсылман патша болды, өзі ғұлама, ибалы, ақылды кісі еді. Сарайшық шаһарында таққа отырды, шарифатты қатаң сақтар еді... Ұлы Бердібекті Әзірбайжанға әкім етіп, өзі жұртына қайтып келді. Одан соң ауруға шалдығып, ол ұзаққа созылды. Хан: «Енді мен бұл аурудан жазылмаймын», – деп, Әзірбайжандағы ұлы Бердібекті шақыртты. Бердібек хан келіп жеткенше, Жәнібекке уақыт болды. Ол қайтыс болар алдында халқын жиып, оларға көп насихаттар айтты. Хижраның жеті жүз елу сегізінші жылы қайтыс болды, ол он жеті жыл патшалық құрды, Сарайшықта жерленді» [19] – деп жазды. Му'ин ад-дин Натанзидің дерегінде, Әз-Жәнібектің өлімі басқаша анықталып, оқиғаның қалай өрбігені төмендегіше баяндалады: «Бердібек таққа отырғасын 6 айдан соң, Жәнібек хан науқасқа шалдықты. Мемлекетіндегі басты тұлғалардың бірі Тоғлу бай (деректерде Тұғлы-би, Тавлубий, Тувлубий – Ж.Ж.) Әзербайжанға жедел кісі аттандырады, Бердібекті шақыртады. Әкесі көз жұма қалса, таққа ие болатын сол. Дешті Қыпшақ тағын тақымына бір қысуды көксеп жүрген Бердібек Әзербайжанды тастап, Дербент арқылы жеделдете Ордаға жөнеледі. Он шақты серігімен түн жамылып келіп, Тоғлу байдың үйіне түседі. Күтпеген жерден Жәнібек хан беті бері қарап басын көтереді, айыққандай болады. Сөйтіп, ертеңіне кеңеске қатысқысы келетінін айтады. Сенімді кісілерінің бірі Жәнібекке Бердібектің келгенін жеткізеді. Мына хабар мазасын қашырған ол мұны Тоғай Тоғлу хатунға айтады. Хатун ұлын қорғаштап, мұның жалған екеніне сендірмек болады. Жәнібек одан Тоғлу байды жеке қабылдауына шақыртады, осының бәрін бастап жүрген сол Тоғлу бай екенін білмейтін хан мына жайды құпия түрде оған да айтады. Тоғлу бай бірден секем алып, мән-жайды біліп келейін деген сылтаумен тысқа шығады да, ізінше өзіне жақтас бірнеше адаммен қайта кіреді, сол жерде бірден Жәнібекті жайратып салады» [20].

## Түйін.

Сонымен қазақ халқы алтынордалық Жәнібек ханды «Әз-Жәнібек» атандырған, ал бұл атаудың отандық тарих ғылымында Қазақ хандығының негізін салушы ретінде мойындалып келген Жәнібек (Әбу Саид) Барақұлына еш қатысы жоқ. Өйткені, Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» толғауындағы:

*Алты жыл балшық бастырып,  
Тоғыз жыл керіш соқтырып,  
Сусынын шайға қандырып,  
Хандығына жұртын нандырып,  
Адыра қалғыр, Аштархан,  
Әз-Жәнібек хан салдырып.  
Ақылын кәуірге алдырып,  
Айласы құрып кеткен жер,*

- деген жыр жолдары Алтын Орда билеушісі, Жәнібек Өзбекұлына ғана қатысты.

Келтірілген әртүрлі тарихи деректерді: нумизматикалық жәдігерлерді, жыр-аңыздарды, толғауларды, кәсіби мамандардың тың ойларын саралай келе, біз осыған дейін Әз-Жәнібек деп жүрген ханның Қазақ хандығының негізін қалаған Барақұлы Жәнібек емес, Алтын Орда ханы Өзбекұлы Жәнібек екендігін тағы бір мәрте тиянақтадық. Өкініштісі, тәуелсіздігімізге 20 жыл толса да, академиялық басылым Қазақстан тарихының 2-томындағы Әз-Жәнібек туралы мағлұмат сын көтермейді. Жалпы орта білім беретін мектеп оқулықтарындағы мәлімет те солай.

### II. Асан Қайғы қай Жәнібектің замандасы?

*Аштархан деген үлкен шәр,  
Әз Жәнібек ханыңның.  
Өз қолынан салдырған,  
Қаласын салған жерлерде,  
Сан бұлағы көрінген.  
Ақ Еділдің жағасы,  
Асан Қайғы, Жиренше,  
Әз Жәнібек ханыңның  
Тұсында болған данасы.  
(Шынияз Шанайұлы, XIX ғ.)*

Әз-Жәнібектің қай Жәнібек екендігі жөнінде тарихшылар бірыңғай ортақ пікірге келгенімен, Асан Қайғының қай Жәнібектің замандасы екендігі тарихи әдебиетте әлі күнге басы ашылмаған мәселе күйінде қалып отыр. Бұл екі мәселе шындығында бір-бірінен еш ажырағысыз. Әйгілі жыраудың өмір сүрген мерзімі туралы нақты тарихи деректердің жоқтығынан көп нәрселер ауыздан-ауызға бұрмаланып жетіп, Асан Қайғы бейнесі бүгінде мейлінше аңызға айналған. Асан Қайғы жөніндегі тарихи деректерде бірізділіктің жоқтығы да осы жағдайлармен байланысты. Халық аузындағы аңыздарда Әз-Жәнібекпен қатар айтылатын данагөй абыз, өз заманының сұңғыла саясаткері, қабырғалы қайраткері нәм қиядағыны болжайтын көрікпел әулиесі Асан Қайғының қай Жәнібектің замандасы екендігін анықтауда әртүрлі көзқарастар қайта көтеріліп, зерттеушілердің пікірлері бір тоқтамға келмей, мәселе шешілмеген күйінде қалып отыр. Оған мүмкіндік бермей отырған, біріншіден, нақты деректердің жоқтығы, екіншіден, зерттеушілер дереккөзі ретінде пайдаланып жүрген Асан Қайғы толғауларын талдаудағы қарама-қайшылықтар болса, үшіншіден, бірқатар ғалымдардың жырауды фольклордағы жиынтық бейне екенін дәлелдеуге ұмтылуы. Бізге жеткен жыр-аңыздардың сарыны Асан Қайғыны Алтын Орда ханы Әз-Жәнібектің замандасы ретінде бейнелейтініне қарамастан, кейбір зерттеушілер, сол тирадалардың қайсыбір үзінділерінің мазмұнын - қазақ ханы Жәнібектің заманындағы миграциялық үдерістермен байланыстыра қарастырудан аса алмай жүр.

Асан Қайғының Жәнібекке айтқан жыр-толғауларын екі Жәнібектің қайсысына сәйкес келетінін шендестіре талдау кейінгі кезге дейін мамандардың назарына ілікпеді және зерттеулерде пайдаланылмады. Кеңес кезеңінде тарихшы-ғалымдарға атышулы «Бекмаханов ісінен» кейін хандар тарихын зерттеуге «тұсау» салынды да, аталған тақырып жыраулар тарихы аясында әдебиетші-ғалымдардың ғана қаламына ілінді. Сол заманнан жеткен жыр-аңыздармен толғаулардың шынайылығы тарихи деректермен салыстыра тексеріліп, оның ақиқаты дәлелденбеді. Соған байланысты, кеңес заманынан бергі ғылыми әдебиетте Асан Қайғы тек қазақ ханы Жәнібектің замандасы ретінде біржақты насихатталды. Бұл жаңсақтықтар негізінен Асан Қайғының қай Жәнібектің қасында болғандығын білмегендіктен туындады және кезінде қазақ ханын Әз-Жәнібек деп ұлықтаған қате пайымдаулармен

байланысты еді. Осыған дейінгі Жәнібек пен Асан Қайғы туралы зерттеулерден байқалатын тағы бір кемшілік, әр зерттеуші Асан толғауларындағы «өзіне керекті» шумақтарды пайдаланып, ғылыми талдауды қажетсініп тұрғанына қарамастан «өзіне керексізін» айналып өтетіндігі.

Сонымен, Асан Қайғы тарихын зерттеген Б. Кенжебаев, Ә. Дербісәлин, М. Мағауин, Ж. Тілепов, М. Жармұхамедов, Ә. Сарай, Қ. Салғараұлы, С. Негимов, Б. Бораш [21], т.б. еңбектерінде Асан Қайғы қазақ ханы Жәнібектің замандасы ретінде сараланады және осы авторлардың дені оны Әз-Жәнібек деп анықтайды. Бірақ бұл пікір тарихшылардың соңғы жылдардағы зерттеулерінде мақұлданбайды. Ғылыми әдебиетте ғасырдан аса үстемдік еткен осы түсінік бүгінде нанымды, орнықты, салмақты пікірге айнала бастағандай. «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы» сияқты іргелі басылымда: «Асан Қайғы Сәбитұлы (XIV ғасырдың ақыры-XV ғасырдың басы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған», - деп жазылса (471 б.), 2010 жылы жарық көрген академиялық «Қазақстан тарихының» 2-томының авторлары да әйгілі жырауды 1370 жылдары Еділ жағасында туды (238 б) деген бұрынғы көзқарастан аспаған.

**II.1. «...Қырында киік жайлаған» қай Жәнібекке арналған?** Біздіңше, тарихи әдебиетте Асан Қайғыны қазақ ханы Жәнібектің замандасы деп көрсетуге мұрындық болып жүрген басты дәйектердің бірі, атақты жыраудың «... Қырында киік жайлаған», - деп басталатын кезіндегі көлемді толғауының бүгінге жеткен шағын жұрнағы.

*Қырында киік жайлаған,  
Суында балық ойнаған.  
Оймауыттай тоғай егіннің,  
Ойына келген асын жейтұғын  
Жемде кеңес қылмадың,  
Жемнен де елді көшірдің.  
Ойыл деген ойынды,  
Отын тапсаң тойынды,  
Ойыл көздің жасы еді,  
Ойылда кеңес қылмадың,  
Ойылдан елді көшірдің.*

*Елбең-елбең жүгірген.  
Ебелек отқа семірген,  
Екі семіз қолға алып,  
Ерлер жортып күн көрген.  
Еділ деген қиянға.  
Еңкейіп келдің тар жерге,  
Мұнда кеңес қылмасаң,  
Кеңестің түбі нараду...  
Көңілді жаман қалдырдың...  
Ақылды белден алдырдың.  
Нәлет біздің жүріске!*

Жырдың мазмұны шығыстан батысқа қарай лықсыған қалың көштің біраз уақыт табан тірейтін жайлы қоныс таба алмай, қалжырай қозғалған тағдырынан сыр шертеді. Жырдың қашан және неге байланысты шыққандығы жөнінде зерттеушілердің арасында пікір бірлігі жоқ. М. Мағауин бұл көштің маршрутын батыстан шығысқа қарай қозғап, Жәнібек, Керей хандардың Моғолстандағы Иса-Бұға ханға беттеп көшкен ұзақ сапары деген қорытындыға келсе [6, 30 б], оны сәл кейін Ж. Тілепов: «Жоқ, көріпкел жырау Еділден бастап жылжып, жайлы мекендерді кейінге қалдырып келе жатырмыз деп қайғырып қапаланбайды, керісінше, Шығыстан Батысқа қарай беттеген жолдарында ордалы жұрт болып орнығуға лайықты Ойыл, Жем секілді сулардың бойындағы шұрайлы атыраптардан тоқтамай өтіп, бір қиыр шеттегі Еділ атты тар жерге келгендігінен, егер осында байырқамаса, шаруаның түбі берекелі болмайтындығын хабардар етеді. Көшпенді елге Жайық пен Еділді тастап әрмен барғанда береке табар жөн жоқ, енді осында аялдағын деп кеңес береді» [22], - деп көштің бағытын басқаша анықтады. Осы сарындағы пікірді соңғы жылдары жарық көрген кесекті еңбегінде белгілі жазушы Ә. Сарай әрі қарай жалғастырып «Асан Қайғы Жәнібектің Ноғайлы, Алтын Орда топырағына келгенін анық-қанық жырлайды... Алтын Орда тағы Сарайға беттеген Жәнібектің жылыстап көшіп-қонған жерлері тайға таңба басқандай аталған [23], – деп Асан Қайғыны қазақ ханы Жәнібектің замандасы ретінде түсіндірді. Уақыт өткен сайын осы түсінік зерттеулерде сан мәрте қайталанып, өңделіп, толықтырылып бүгінде еш талас тудырмайтын ақиқатқа айналды. Дерексіз болжам тарихқа ден қойған қауымды ақиқаттан алыстатары хақ. Тарих деректілікті талап ететін ғылым. Бұлтартпас деректер болмағандықтан, бұл көштің сипатын әр зерттеуші өзінше сан-саққа жүгіртіп жүр.

Ноғай Ордасының тарихына тереңірек бойлаған белгілі зерттеуші В.В. Трепавлов та осы жырдың жетегінде кетіп, төмендегідей ғылыми болжам жасауға мәжбүр болды. Ғалым «Жәнібектің алғаш Қазақ хандығының батыс бөлігінде қосымша хан болуы мүмкін» деген жорамалын сол жырда кездесетін дерекпен дәлелдеуге тырысты. Мұның өзі Асан Қайғының «Қырында киік жайлаған» толғауының тарихи дереккөзі ретінде зерттеушілердің бірнеше буынын өз ықпалынан шығармай, олардың көзқарасына күшті тәсір жасай алған жыр екенін анықтап қана қоймайды: ғылыми пікір қалыптастырудағы шайыр шумағының «құдіретінің күштілігін» байқатады. Осыған қарамастан зерттеуші Асан Қайғы жырларының

ноғай нұсқаларын саралай келе, «Ноғайлардың ата-бабаларын Мәуереннахрдан Еділге бастап әкелген аты аңызға айналған Әз-Жәнібек пен Барақ ұлы Жәнібек хандардың бейнесі (Асан Қайғы жырларында – Ж.Ж.) араласып кетуі мүмкін» [24] екендігіне назар аударған. Ресейлік зерттеуші атақты жыраудың Алтын Орданың әйгілі ханы Әз-Жәнібектің замандасы болуы мүмкін-ау деген қисынға мүлде мән бермегенімен, жыраудың ноғайларда сақталған өлеңдерінің мазмұнынан Әз-Жәнібектің тарихи тұлғасына сәйкесетін үзіктердің ұшқынын байқаған.

Сонымен, Асан Қайғыны қазақ ханы Жәнібектің тұсында өмір сүрді деп анықтайтындардың табан тірейтін дерегі осы шумақтар. Зерттеушілердің түсіндіруінше, оқиға Керей мен Жәнібектің Шу бойында орнығып, Қазақ хандығының әжептәуір нығайып, Әбілқайыр хан өлгеннен кейін, бұрынғы ата қонысты қайтару үшін батысқа көшуге шешім қабылдағаннан соң болған. Мұнда бір назар аударар нәрсе, Жетісудан «өкше көтерген» қазақ хандарының Дешті Қыпшақтың нақты қай аумағына орналасқаны, нақтыласақ Еділге жеткені туралы мәліметтер ортағасырлық деректемелерде кездеспейді. Сондықтан бұл жырдың ол көшке еш қатысы болмауы да мүмкін. Көштің жүру бағыты жырда былай көрсетілген: Жем-Ойыл-Еділ. Көштің Шу-Сарысу емес неге Жем өзенінен басталатындығы да түсініксіз. Егер көш Шу- Сарысудан басталса, жолшыбай кездесетін басқа да өзендер жырға неге енбеген? Толғаудың басы уақыт өте келе «түсіп» қалып жүрмесе, бізге жеткен жырда көштің басы Жем өзенінен тартылған. Түйіндеп айтқанда, аталған шумақ осыған дейінгі тарихи әдебиетте Қазақ хандығының құрылу уақытын бейнелеп, осы толғаудың соңғы шумағы әйгілі «Ел айырылған» оқиғасына жыраудың көзқарасын білдіріп, Асан Қайғының қазақ ханы Жәнібекке айтқан толғауы деп түсіндіріледі:

*Еділ менен Жайықтың  
Бірін жазға жайласаң,  
Бірін қысқа қыстасаң,  
Ал, қолыңды маларсың  
Алтын менен күміске!..*

Бұл – Жәнібек, Керей хандардың Моғолстанға беттеп көшкен сапарына қарсы Асан Қайғының елін қимай, артта қалып бара жатқан қоныстардың артықшылығын айтып, босқан жұртты қайырып, көшті тоқтатпақ болғандағы айтқаны делініп жүр. Осы логиканы нақтылайтын құжаттық негіздің жоқ екені өз алдына, Қазақ хандығының құрылу жылдарында әрі-бері қоныс аударған Керей мен Жәнібек көшінің тарихы мен өлең сарынындағы көштің бағыты бір-біріне тым қиғаш келеді. Сондықтан «...Қырында киік жайлағанды» сол көшке телу қисынсыз.

**II.2. Асан Қайғы жырындағы анықтауды қажет ететін ақтаңдақтар.** Асан Қайғының қазақ ханы Жәнібекке айтты делініп жүрген толғауы тарихшы – ғалымдар тарапынан соңғы кезге дейін зерттеу нысаны ретінде арнайы қарастырылмағандығын баса көрсетеміз. Осыдан басқа жыр-аңыздар мен толғаулардың мазмұны Асан Қайғыны қазақ ханы Жәнібек заманында өмір сүрді деген көзқарасты бекітуге мүмкіндік бермейді. Жырда билеушінің есімі аталмағандықтан ақылман абыздың осы толғауды қазақ ханы Жәнібекке арнап айтқаны күмән тудырады, тек бұл емес, жіктей берсек жырда күдік тудыратын нәрселер жеткілікті.

**Бірінші.** Керей мен Жәнібек бастаған қазақтардың қалың бұқарасының Шайбани Әбілқайыр хан өлімінен кейін Батыс Жетісудан бастап «Еділге дейін созылған шеруі» басқа тарихи деректермен неге мақұлданбайды? Шу мен Еділ өзендері аралығындағы осындай «ұлы қоныс аударудың» ортағасырлық деректемелердің назарынан тыс қалуы неліктен? Моғолстан тарихын жан-жақты зерттеген М.Х. Дулати атақты «Тарих-и Рашиди» еңбегінде осы мәселе туралы неге үнсіз?

**Екінші.** М.Х. Дулати дерегінше, Қазақ хандығының құрылуы сияқты аса маңызды оқиғада релі Жәнібектен басым болып, нағыз хан дәрежесінде көрінетін Керей туралы -Асан Қайғының ләм деп ауыз ашпауы жыраудың сол заманда өмір сүргендігіне күмәнді күшейте түседі. Осы жерде талантты зерттеуші, марқұм С. Қондыбайдың «қазақтың фольклорлық жады Жәнібек пен Керей туралы ештеңе білген жоқ» [25], – деу себебіне көз жіберген дұрыс.

**Үшінші.** Асан Қайғы жырларын зерттеуші Баян Бораш әділ байқағандай, біз Асан Қайғы шығармашылығы түгел жинақталып, реттеліп болды деп айта алмаймыз. Оған кешегіге дейін Асандікі деп жүрген белгілі толғаудың («Таза мінсіз асыл тас...») оның толғауы еместігі дәлелденгендігі куә. Сонымен қатар оған телініп жүрген жыр нұсқаларының қайсыбір ерекшеліктері бойынша жыраудікі болмауы мүмкін... Сондықтан ондай күмән туған нұсқаларға мәтін танымдық зерттеулер қажет [26].

**Төртінші.** Ноғай, қазақ және башқұрт фольклорында «Ұлы Татариядан» немесе «Бұхарадан» Еділге өту кезінде ноғайларды бастаған Әз-Жәнібек туралы мәліметтер сақталған [27]. Ноғай аңыздарында айтылатын Әз-Жәнібек көшінің астарында біз көтеріп отырған мәселеге тікелей қатынасты, ғылыми

ортаға әлі күнге беймәлім бір құпия сыр жатқандай көрінеді. Бізге Құдабай ақын арқылы жеткен «Асанның асыл түбі ноғай деймін..., Тегінде ноғай-қазақ түбіміз бір» деген жыр жолдары мен Әз-Жәнібек бастаған ноғайлар көшінің арасында - байқаған адамға бір байланыстың бар екені аңғарылып тұр. Қазақ шежірелерінде бұл қазақ ноғайлының ханы Әз-Жәнібек ханға қарап тұрдық делінген. Осы билеушінің есімі бедерленген теңгелер алтынордалық Гүлстан қаласында 767/1365-1366 жылдары құйылғаны жоғарыда айтылды. Аталған деректер негізінде орыс тарихшысы В.В. Трепавлов маңғыттардың үлкен бөлігінің оңтүстік-шығыстан басталған белгілі қоныс аударуы 1350-1360 жылдары болған деп жорамал жасайды. Біздің көзқарасымызша, бұл сол тұста Асан Қайғының Әз-Жәнібекке айтқан жыры болуы да мүмкін. Әрі қарай ғалым былай дейді: «Сол уақытқа дейін Алтын Ордада халықтардың қандай-да бір ірі қоныс ауыстыруының болғандығы белгісіз, мұндай көштің болуы да мүмкін емес» [21, с. 57]. В.В. Трепавловтың пікірінше, Өзбекұлы Жәнібек ханның өлімінен (1357 ж.) соң басталған дүрбелең барысында Дешті Қыпшақ жұртының «үдере көшуі» басталған. Мұны төмендегі қазақ аңызы да растай түседі.

**Бесінші.** Ш. Уәлихановтың: «Қазақтардың аңызында, Алаша ханның балаларының басы кесілгеннен кейінгі хан Жәнібек (Барақтың ұлы) дегенімен, ертедегі асыл сөздерде Жошы әулетінен шыққан Жәнібек те қазақтың бірінші ханы болған деседі. Әбілғазы да Жошы балаларын қазақтардың хандары дейді. Жәнібек билік құрғанда, туыстас қазақтар мен ноғайлар бірге көшіп-қонған, ол кез қазақ жырларында алтын ғасыр деп аталады. Қазақтардың көптеген аңыз-дастандары да сол алтын ғасырға дәп келеді. Сондай-ақ, Жиренше шешеннің бірлік, тәлім-тәрбиелік нақылдары, әділ хан Әз-Жәнібек те, Ноғайлардың философ-данасы Асан Қайғы да осы күнге дейін далалықтардың аузынан түспейді. Ескі аңыз желісінде - алтын ғасырдың соңында халықтың тоз-тозы шығып, оңтүстіктен солтүстікке қарай босу басталған...» [28] деп жазуы назар аударарлық.

Қорыта келгенде, екіншісі бірі: иә, бұл жыр Асанның Әз-Жәнібектің өзіне арнап айтқаны немесе аңыз бойынша ғасырға жуық өмір сүрген жырау Әз-Жәнібектен басқа да ел билеушілерімен замандас болып, солардың біріне шығарған толғауы болуы да мүмкін, осы шумақтарды тек қазақ ханы Жәнібекке ғана бағыттала айтылған деп анықтау - тарихи шындыққа қайшы.

Тарихи деректерге жүгінсек, Керей мен Жәнібектің Жетісуға (Моғолстанға) қоныс аударғанға дейін Қазақстанның қай аймағын мекендегені туралы ешбір мәлімет жоқ, сол себепті олар бастаған көштің қай жерден «қозғалғаны» туралы анық пікір айту қиын. Еліміздің жетекші ғалымдары жазған «Қазақстан тарихының» 2-томында Қазақстанның оңтүстік аудандарында Керей мен Жәнібекке рулар мен тайпалардың едәуір бөлігі бағынғандығы, олардың төңірегіне көшпелі рулық-тайпалық шонжарлардың айтарлықтай топтары, әсіресе үстем таптың Барақ ханды қолдаған және Сырдариядағы қалалармен байланысты бөлігі топтасқандығы, сонымен бірге Қаратау баурайлары мен Сырдариядағы қала орталықтары мен бекіністер – Созақ, Сығанақ, Сауран мен басқа да онша ірі емес бекіністер, Жәнібек пен Керейдің қолында болғандығы анықталады. Жәнібек пен Керей хандар бастаған қазақтардың қалың бұқарасының Жетісуға, Шу, Талас алқабына қарай Оңтүстік және Орталық Қазақстаннан ойысуы нақтыланып, XV ғасырдың 70-80 жылдарында Жәнібек пен Керей хандарға байланысты жазбаша деректемелерде келтірілген негізгі оқиғалар Оңтүстік Қазақстанда өткендігі баяндалады [29]. Сонымен, Асан Қайғы толғауында айтылатын Батыс Қазақстан аумағындағы «халықтардың қоныс аудару қозғалысын» тарихи деректер мақұлдамайды. Тарихшы Б. Кәрібаев соңғы жылдары белгілі болған тарихи аңыздарға сүйене келе, Жәнібек әкесі Барақ хан қайтыс болған соң, 1428-1457 жылдарда Сыр өңірінде ұлыс басқарғаны туралы жазады [30]. Ақ Орда тарихында Сыр өңірі XIII ғасырдың соңынан бері саяси-әкімшілік, сауда-экономикалық, діни-мәдени орталық болған. Ал Керей мен Жәнібектің Еділ-Жайық өңірімен байланысын анықтайтын жазба деректер жоқтың қасы. Сондықтан Асан Қайғының аталған өлеңін қазақ ханы Жәнібектің көшіне қарата айтылған жыр ретінде қабылдау, кеңес әдебиетінде үстіртіндеу айтылған жорамал деп есептейміз.

**II.3. Аңыз астарындағы Асан ақиқаты.** Асан Қайғының алыстағыны болжайтын көріпкелдігі мен сәуегейлігін баяндайтын аңыздардан Әз - Жәнібек ханның жасаған үш тойы туралы айтқан сыни болжамы халық арасына кең тараған. Ғалым Потанин жазып алған екі аңыз нұсқасы XIX ғасырдың аяғында «Дала уәлаятының газетінде» жарияланды. Мұның бір бөлігі бізге тек қара сөз күйінде жетсе [31], енді бір тобы өлеңі мен қарасөзі аралас болып баяндалса да [32], бұлардың мазмұнында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Бұл аңыздағы өлең жалпақ жұртқа Асан Қайғының «Әй, хан, мен айтпасам білмейсің» атты толғауы түрінде белгілі. Дәл осы аңызға үндес нәм төркіні бір мысалдың басқа да түркі тілдес халықтар әдебиетінде кездесуі (сол сияқты Жиренше туралы да – Ж.Ж.) Асан Қайғы мен Жиреншенің бір ғана қазақтың еншісіндегі ақын не шешен емес екендігі, Алтын

---

Орда һәм Ноғайлы дәуірінде бір мемлекеттік бірлестікте ғұмыр кешкен қазақ, ноғай, татар, қырғыз, қарақалпақ, т.с.с. түркі халықтарына ортақ ірі тұлға екендігін айғақтайды.

Аталған аңыз «бұрынғы заманда Еділ менен Жайықтың арасында бір үлкен патшалы жұрт болған. Ханы Жәнібек хан деген екен. Оның жұртында бір Асанқайғы деген жұрттың қамын ойлаған данышпан адам болыпты» (509 б) деп басталады. Бір қызығы Ш. Уәлихановтың пайымдауы бойынша «Еділ мен Жайық – орыстардың Алтын Орда деп атайтын жері» [33]. Аңыздың «Еділ - Жайық» аралығында деп басталуы Алтын Орда ханы Әз-Жәнібек заманының сағымға айналған сұлбасын аңғартқандай. Соңғы жылдары Жәнібек пен Асан Қайғы тақырыбына аса ынта қойып, ғылыми жағынан зерттеу жұмысына көңіл бөлген, ортағасырлардағы Қазақстан тарихының көрнекті маманы З. Жандарбек осы аңызға егжей-тегжейлі талдау жасап, жыраудың аталмыш толғауды тек Алтын Орда ханы Әз-Жәнібекке айтқанын ғылыми тұрғыда дәлелдегендіктен, біз ғалым пікірін қайталап, бұл аңызға тоқталуды жөн көрмедік [34].

Жыр-аңыз желісінде кездесетін тұлғалар сол XIV ғасырда Алтын Орда дәуірінде өмір сүрген қайраткерлер екендігі басы ашық мәселе. Тарихи жазбаларда Жәнібекұлы Бердібек ханның тұсында Асам (Асан) би есімді тұлғаның Алтын Орда мемлекетінің қоғамдық-саяси қызметінде жүргендігі, әсіресе, сыртқы елдермен қарым-қатынастардағы ролі баяндалады. Асам (Асан) бидің есімі 1358 жылы Бердібек ханның венециялықтармен сауда-саттық жөнінде жасасқан келісінде аталады. Бұл келісімде Өзбекұлы Жәнібекті өлтіріп, оның орнына Бердібектің отыруына ықпал еткен беделді Тоғлу бидің есімі де бар [40]. Ал М. Мағауиннің пікірінше, аталған Асан – ақын Асан Қайғы емес, Алтын Орда ханы Әз-Жәнібектің атақты әмірлерінің бірі Асан би, дала феодалдарының ханға қарсы партиясын ұйыстырушы, Әз-Жәнібектің өліміне себепші болған, таққа оның ұлы Бердібекті отырғызған мықтылардың басы. Асан бидің аты көптеген деректерде, оның ішінде Әз-Жәнібектің 1347 жылы, Бердібектің 1358 жылы венециялықтармен жасасқан сауда келісінде аталады. (Асам-бей)... Мұғалы бай да сол Әз-Жәнібектің белді әмірлерінің бірі, Бердібек тұсында тіпті көтеріліп, бас әмір сайланады, оның есімі батыс европалық документтерден ғана емес, орыс жылнамаларынан да ұшырасады (Моғал-бей – Моғал) [6, 220 б.].

Қазақ аңызында Әз-Жәнібек өзінің қарындасы Қаныбетті Айсыл баласы Әметке бермей, Мұғалы байдың Тастемір деген ұлына бергендігіне өкпелеп, тойға келмей қалатындығы айтылады. Асан Қайғы мен Жәнібек арасындағы кикілжің туралы жазушының жоғарыдағы пікірін жыр-аңыздардың мазмұны да растай түседі. Алтын Орда ханы Әз-Жәнібектің қасындағы атақты әмірлерінің бірі Асан би есімді тұлға болғандығын тарихи деректер анықтап отыр. М. Мағауиннің пайымдауына, Алтын Орда ханы Әз-Жәнібектің қасындағы Асан би басқа тұлға да, қазақ ханы Жәнібектің қасындағы-нағыз Асан Қайғы. Сонда қалай? Аяғы жерге тимей тұрған мәселе-осы.

Әзірше, қолда бар тарихи деректердегі Асан есімді тұлғалардың арасынан тарихтағы Асан Қайғыға қатысы болу мүмкіндігі жағынан жырау тұлғасына толық сәйкес келетін осы Асан би деп нық сеніммен айтуға болады. Бұл пікірімізді тарихи құжаттар да растай түскендей. Деректерде Тоқтамыс ханның тұсында бірнеше рет елшілік сапарға барған Асан би деген кісінің есімі аталады. Ол Тоқтамыс ханның Литва-Польша королі Ягайлоға 1392 жылы Дон өзені бойынан жазған хатында бірнеше рет аталады. Онда ол ханның атынан Литва короліне екінші рет барып отырған би [31]. Бұл құнды деректі А. Қазембек, И. Березин, Д. Банзаров, Ш. Уәлиханов, В. Радлов сияқты ғалымдар қазақ тарихы ғылымының игілігіне айналдырды. Асан Қайғы мен Әз-Жәнібекті жиынтық бейне дегеннің өзінде аңыздағы олардың тарихи бейнесіне алғаш негіз болған Алтын Орданың ханы Өзбекұлы Жәнібек пен оның сарайында қызмет атқарған нақ осы Асан би екеніне еш күмәніміз жоқ. Сондықтан бұл жыр-аңыздың сол заманға толық сәйкесетініне иланбауға негіз аз. Басқа да беделді ғалымдардың еңбектерінде аңыздағы баяндалатын оқиғалар Алтын Орда заманындағы Асан Қайғының Әз-Жәнібекке айтқаны ретінде сараланып жүр [37].

Ғалым З. Жандарбектің ғылыми мақаласындағы: «Асан Қайғы Алтын Орда мемлекетіне астана болар жерді іздеп, Жошы ұлысы құрамына кіретін барлық жерді шарлайды. Ол желмаяға мініп, «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған жер» Жиделібайсында, Сыр бойында, Жетісуда, «түйе бойы қара бар» Ертіс жағасында болады. Сапарының соңында ол елге астана болуға лайық жер ретінде Еділ бойын таңдайды. Ол жерге Жәнібек хан Хажы Тархан қаласын салдырады. Егерде Асан Қайғы Қазақ хандығының негізін салған Жәнібектің тұсында өмір сүрсе, еліне қоныс қарап, сонша жерді аралай алар ма еді? Жиделібайсын ол кезде Темір ұрпақтарына, Сыр бойы Шайбанилер иелігінде, Ертіс бойы Сібір хандығының, Жетісу Моғолстан құрамында, ал Еділ бойы ол кезде үлкен Орданың, кейіннен Астрахань хандығының құрамында болғаны белгілі. Егер де Асан Қайғы Қазақ хандығы кезеңінде өмір сүрсе, осынша жерді шарлап, елге қоныс болар жерді еш аралай алмаған болар еді. Өйткені, ешкім өз

иелігіндегі жерін өзгенің қонысы үшін бере алмасы белгілі. Алтын Орда дәуірінде Асан Қайғы аралап көрген жердің бәрі - сол мемлекеттің құрамындағы жерлер. Демек, Асан Қайғы Қазақ хандығының ханы Жәнібектің заманында өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан, Асан Қайғыға қатысты аңыздарды Алтын Орда ханы Жәнібек ханның заманында болған оқиғалар-деп, Асан Қайғының өзін сол ханның замандасы ретінде қарастыру керек...» [34, 51-56 бб.], – деген пікірі ғылыми жағынан жаңаша сарапталған соны ұстаным екенін атап өтпекпіз.

### Түйін.

Сонымен Асан Қайғының қай Жәнібектің заманында өмір сүргенін анықтауда зерттеушілердің ортақ пікірге келуі - уақыт күттірмейтін шаншулы мәселе. Қазіргі аяқымызбен жылжи берсек, әлі де жүз жыл таз қалпымызда жүре беретін түріміз бар. Ыждағаттылық жетіспейді. Мақаламыздың осы бөлігінде данагөй Асан Қайғының қай Жәнібектің замандасы екендігі хақындағы өз пайымдамамызды негіздедік.

Біздің көзқарасымызша, Асан Қайғыны қазақ ханы Жәнібектің замандасы деген пікірдің қалыптасуына ықпал еткен тағы бір жағдай, ғылыми тұрғыда түбегейлі анықталмағанына қарамастан, қазақ ханы Жәнібектің Сарайшықта жерленгендігі туралы тарихнамадағы күмәнді пікірдің тұрақты тұжырым ретінде орнығуы. Бұған алда арнайы тоқталамыз.

**III. Сарайшықта жерленген қай Жәнібек?** Бұл сауалдың жауабын, Әбілғазының «Түрік шежіресіне» иек артып, Сарайшықта жерленген Алтын Орда ханы Өзбекұлы Жәнібек деп қысқа қайыруға болар еді [19, 114-115 бб.]. Бірақ тарихи әдебиетте орнықты түрде қалыптасқан қазақ ханы Жәнібек Барақұлы Сарайшықта жерленді деген пікір зерттеушілерді, ғылыми-көпшілікті, оқырманды әлі күнге екі ұдай күйде қалдырып отыр. Қолда бар ортағасырлық деректемелерде Қазақ хандығының негізін салған Керей мен Жәнібек хандардың қай жерде жерленгендігі туралы еш мәлімет жоқ.

**III.1. Қазақ ханы Жәнібектің ата-тегі хақында.** Қазақ хандығының негізін салған Жәнібек кім? Жәнібектің ата-тегі хақында не білеміз? Алдымен біз қазақ хандарының түпатасы болып саналатын Жәнібек ханның шығу тегі хақында мәлімет беретін деректер мен көзқарастарды саралайық. Әбілғазыға сенсек, Жәнібек ханның азан шақырып қойған аты-Әбусәғит [19, 117 б.]. Ол - Ақ Орданың ақырғы ханы Барақтың Мір-Сайд, Мір-Қасым есімді ұлдарынан кейінгі кенже ұлы.

Жәнібек ханның аталары жөнінде Қадырғали би Жалайыри былай деп жазады: «Ол заманда Жәнібек ханнан соң (Алтын Орда ханы Өзбекұлы Жәнібек-Ж.Ж.), қият Истайұлы Чирақтлу ұлысты түгел биледі. Чирақтлуны Орус хан өлтірді. Орус ханды бәрінің ағалары патшалыққа отырғызды. Содан Орус Алатау маңына орын тепті... Орус хан неше жылдар осы жерде патшалық құрды. Ақырында солтүстік жағында Киштим деген жерде ажал тапты. Оның ұлы Құйырчық еді. Атасынан соң ұлысын сол биледі. Ол заманда Қашғар уалаятымен қақтығыс бар еді. Бұл Құйырчық сұлтанды атасынан соң патшалыққа отырғызысты. Құйырчық хан өтіп еді. Оның ұлы Барақ аталық болатын. Атасынан соң падишаһ болды. Ұлысты түгел өзіне қаратты. Құйырчық ханнан соң соны хан көтерісті. Барақ ханды жеңімпаз батыр, алып еді деседі. Айналасындағы уалаяттарды өзіне тәуелді қылды. Ақырында Еділ мен Жайықтың арасы, Сарайшыққа жақын Қазы, Наурызбен ұрыста ажал тапты. Оның ұлын Кіші Жәнібек хан деп айтады. Бұл Жәнібек хан атасының ұлысын биледі» [38].

«Таварих-и гузида-йи нусрат-намеде» берілген шежіреге сәйкес, Қазақ хандығының негізін қалаушылар Жәнібек пен Керей немере ағайын болған. Керей ханның (деректемелерде «Кирай хан») шежіресі: Ұрұс хан-Тоқтақия-Полад-Керей хан. Жәнібек ханның шежіресі: Ұрұс хан-Құйыршық-Барақ хан-Жәнібек хан [39]. Қазақ хандығының шаңырағын көтеруші сұлтандар Керей мен Жәнібек Жошының қай баласының ұрпағы деген мәселеде отандық тарихнамада екі түрлі көзқарас жарыса өмір сүріп келе жатыр. Зерттеушілердің бірі Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен өрбітсе, екіншілері Жошының 13-ұлы Тоқа – Темірге тоқталады. Қазақ хандарының шығу тегі мәселесінде Қазақстан тарихының 2-томының авторлары «Ұрұс хан мен оның ұрпақтарының Жошы тармағындағы Тоқа-Темірден тарайтындығының немесе олардың тегі Орда-Еженмен байланысты болуының принципті маңызы жоқ» (328-329 бб.) дегенімен, біздіңше, бұл мәселені нақтылаудың маңызы ерекше. Тарихшы Б. Кәрібаев әділ байқағандай, қазақ хандарының шығу тегін нақты анықтау арқылы ордаежендік және тұқайтемірлік әулеттердің XIII-XV ғғ. Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси өміріндегі алатын орнын көруге болады [40]. Жошы ұрпақтарының генеалогиясына қатысты деректемелерде (авторы белгісіз «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме», Махмұд бен Әмір Уәлидің «Бахр-әл-асрар фи манакиб әл-ахийары») қазақ хандарының генеалогиясын Жошының ұлы Тоқа-Темірге апарып тірейді: Жошы - Тоқа-Темір-Үз Темір-Қожа-Бәдік-Ұрұс хан - Каруджақ (Құйыршық) – Барақ – Жәнібек хан [41, 39-42 бб.], оны Бу Са' ид деп те атаған. Керей хан мен Жәнібек ханды Махмұд бен Уәли «Жошы ханның ұлы Тоқа – Темір ханның ұрпағына»



жатқызады («Барақ сұлтанның ұлы Жәнібек хан – Тоқа-Темірден (шыққан) сұлтандардан) [51]. Қадырғали Жалайыриде Ұрұс ханды Жошының 13-ұлы Тоқа – Темірдің ұрпағы деп атайды.

Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеушілер В.В. Вельяминов-Зернов [42], Лэн-Пуль Стэнли [43]. Ұрұс ханды Жошының үлкен ұлы Орда Ежен әулетінен таралатынын анықтады. Кейін мұны қазақ тарихшысы М. Тынышпаев та қолдады. Бүгінде Қазақ хандары генеалогиясын зерттеумен айналысып жүрген Т.И. Сұлтанов, И.В. Ерофеева, Ж.О. Артықбаев, Б.Б. Кәрібаевтар соңғы пікірді құптауда. Ұрұс хан шежіресіне қатысты орта ғасырлық шығыс деректерін жан-жақты талдаған шығыстанушы Т.И. Сұлтанов Ұрұс хан – Шымтайдан, Шымтай-Ерзеннен, Ерзен-Сасы Бұқадан, Сасы Бұқа-Баяннан, Баян-Құйыншыдан, Құйыншы-Сартақтайдан, Сартақтай-Орда Еженнен, Орда Ежен-Жошыдан, Жошы-Шыңғыс ханнан тарайды деген қорытынды жасады [44].

**III.2. Тарихнамадағы түйткілдер туралы.** Енді негізгі мәселеге ойыссақ. Сонымен қазақ ханы Жәнібек қайда жерленген? Қандай дерекке сүйенгендігі белгісіз 1957 жылы жарық көрген бес томдық «Қазақ ССР-нің көне заманнан бүгінге дейін тарихына»: «Жазбаша деректер айқындайтындай XV (XIV ғ. емес- Ж.Ж.) – XVI ғғ. ең үздік архитектуралық туындылар деп Сарайшықтағы Жәнібек пен Қасым хан мавзолейлерін атауға болады» деген жолдар енгізілсе, аталған іргелі еңбектің 1979, 1983 жылғы басылымдарында еш өзгеріссіз «жазбаша деректемелердің айғақтауына қарағанда, Сарайшықтағы ежелгі некропольдегі қазақ хандары Жәнібек пен Қасымның мавзолейлері... архитектуралық көріктілігімен ерекше болған» [45], - деп жалғасты. Кеңестік тарихнамада К.А. Пищулина «сәулет өнерінің мәнері жөнінен Сарайшықтағы ежелгі зиратта жатқан қазақ хандары Жәнібек пен Қасымның ... кесенелері ерекше көзге түсетін еді [46], - деп жазса, зерттеуші В.В. Трепавловтың «XVI ғасырдың басында Сарайшықта Жәнібек б. Барақ және Қасым ханға арналған сәулетті күмбез бас көтерді» деген пайымдаулары жоғарыдағы дәлелсіз пікірді ақиқатқа айналдырды. Күні бүгінге дейін осы түсінік зерттеулерде сан мәрте қайталанып, үздіксіз насихатталуда. Жазушы Ә. Сарай «Өмірінің соңғы кезеңінде Жәнібек, өлерінің аз-ақ алдында Қасым хан Қазақ хандығының астанасын Сарайшыққа көшірулерінде саяси астардан басқа да сыр жатқан сияқты. Шамалауымызша, осы әулеттің ата-бабалары, атап айтқанда, Орыс хан, оның ұлы Құйыршық, Құйыршық ұлы Барақ, Барақ ұлы Жәнібек, Жәнібек ұлы Қасым хан және қазақтың алғашқы ханы Тоқа-Темір Керей де осында жатқан сияқты... XVIII ғасырдың I жартысында Сарайшықта болған Уфә шекара комиссиясының шенеуніктері сыртқы сылағы шашылып, өзі қирап-бүліне бастаған қазақтың бірінші ханы Жәнібектің күмбезін көрген. Оны сақтап қалу ешкімнің ойына кіріп шықпады» [25, 40-42 бб.], – деп батыл қорытынды жасағанымен, автор өз пайымын дәлелдейтін дерек көздеріне сілтеме бермеген. Аталмыш мәселенің кей тұстарында жазушы-ғалым сүйенген ресейлік тарихшы В.В. Трепавловтың өзі отандық академиялық басылым «Қазақстан тарихын» негізге алған. Бұл басылымда кеткен жаңсақтықтар туралы біз жоғарыда тоқталдық. Тек тәуелсіздік тұсында ғана бұл түсініктің тиянақсыздығына ғалымдар назар аудара бастады. Мәселен, Ж. Артықбаев, Ә. Пірманов: «Жәнібек ханның да нақты қашан өлгені, қайда жерленгені белгісіз...Кейбір деректерге қарағанда Керей мен Жәнібек хандар Сарайшық қаласына жерленген» [47] – деп, бұрыннан бар мәліметтің нақтылығына күмәнмен қарады. Деректермен дәлелденбеген мұндай пікірді 2010 жылы жарық көрген академиялық «Көне заманнан бүгінге дейінгі Қазақстан тарихының» 2- томының авторлары да аңғарып, оқулыққа төмендегідей түзету енгізген: «Әбілғазының айтуынша, Алтын Орда хандары Жәнібек, Бердібек, сонда хан тағына отырған; Алтын Орда хандары Меңгу-Темір, Тоқтағұл, Жәнібек (XV ғасырдағы Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі Жәнібек ханмен шатастырмау керек. - ред.) сонда жерленген» [48]. Ортағасырлық деректемелер бұл туралы нақты мәлімет бермегенімен, бар деректерден сыр суырпақтауға болатындай. Қадырғали Жалайыри Қасым хан туралы «ұзақ уақыт атасының ұлысында (әкесі Жәнібектің ұлысында деп жазбайды-Ж.Ж.) патшалық етті. Ақыры Сарайшықта өлім тапты. Бүгін де оның қабірі Сарайшықта» деп жазып қалдырған [38, 258 б]. Шынымен қазақ ханы Жәнібек Сарайшықта жатқан болса, Қ. Жалайыри еңбегінде «Қасым хан әкесі Жәнібектің жанына жерленді» деген бірауыз сөзді жазуға еш ойланбас еді. Сол сияқты «Өзбекұлы Жәнібектің Сарайшықта жерленгенін» анық көрсеткен Әбілғазы баһадүрдің қазақ ханы Жәнібектің Сарайшықта жерленгендігі жөнінде сөз қозғамауына да мән бергеніміз жөн. Демек қазақ ханы Жәнібектің Сарайшықта жерленгендігі күмәнді. Мұны Қазан төңкерісіне дейінгі дворяндық-буржуазиялық орыс тарихнамасының беделді өкілдерінің еңбектері де анықтай түскендей. Мәселен Н.М. Карамзин «1580 жылы Жайық казактары Ноғай Ордасының астанасы Сарайшық қаласына шабуыл жасады. Қалада Ұлы Даланың талай айтулы ұландары жерленген бейіттер болатын. Тіпті онда қазақ ханы Қасымның кесенесі сонадайдан көз тартатын. Казактар байлық іздеп қабірлерді талқандады, өлген адамдардың сүйектерін далаға шашты» [49], - деп жазса, аса көрнекті

ориенталист В.В. Вельяминов-Зернов өз ойын: «Әрқайсысы (Жәнібек ханның ұлдары мен немерелері) өз ордасын құрды, сонда билеуші болып, атақ-даңққа бөлене білді. Олардың есімдері әлі күнге дейін ел есінде. Солардың бірі Жаған-бегімнен туған Қасым хан еді. Ол біраз уақытқа дейін әкесінің ұлысында билік құрды және көптеген көрші елдерді бағындырды, оны бүгінде барлығы есте ұстайды. Ол Сарайшықта қайтыс болды және оның зираты қазір де сонда орналасқан» [42, с. 125] деп нақтылады. Тарихи деректер алғашқы қазақ хандары тұсында Қазақ хандығы аумағы батыста Ойыл, Жем өзендерімен шектелгенін, Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» шығармасында «Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының шекарасы... солтүстік-батыста Жайық өзендеріне дейінгі жерлерді алып жатты» деп анықтады. Бұл дерек қазақ ханы Қасымның Сарайшықта жерленуімен де дәлелденеді. Ал Қасымның әкесі Жәнібек ханның өмірін Сарайшықпен байланыстыратын деректердің болмауы, қазақтың алғашқы хандарының бірі Жәнібектің жерленген орны туралы кеңес тарихнамасында асығыс қорытынды жасалғанын аңғартқандай.

**III. 3. «Кіші Жәнібек» қайда жерленген?** Ұзақ жылдар тарихнамада қалыптасқан Қазақ ханы Жәнібек Сарайшықта жерленді деген пікірдің жаңсақ екенін алғаш байқағандардың бірі, белгілі шығыстанушы Т. Сұлтанов болатын. Ғалым шын мәнінде Сарайшықта жерленген қазақ ханы Жәнібек емес, Алтын Орда ханы Жәнібек екендігіне назар аударды [44, с. 171]. Дәлелді сынға даудың қажеті жоқ. Осыдан кейін-ақ сонда «Кіші Жәнібек хан» қайда жерленуі мүмкін деген өткір сауал тарихшы-ғалымдардың алдына қойылды.

Соңғы жылдардағы ғылыми ізденістерде қазақ ханы Жәнібектің Созақ қаласына жерленуі мүмкін деген бұрыннан бар жорамал қайта көтеріле бастады. Тарихшы Мұхтар Қожа Өзбекәлі Жәнібековтің мәліметтерін негізге алып «...Созақ ауданында қатар жатқан екі мұнараны жұрт Әбілқайыр мен Жәнібектікі дегенді айтады. Тірісінде бірін-бірі көргісі келмесе де, өлгеннен кейін қатар жатыр, - деген ақсақалдың сөзін менің де естуім бар. Амандық болса сол жаққа бір барып қайтсақ, дұрыс болар еді...» [50] деген хатын келтіреді. Халық жадынан өшпей сақталып қалған бұл әңгіме қаншалықты шынайы? Жәнібек ханды Созақпен байланыстыратын деректер бар ма? Керей мен Жәнібек ханның және олардың балаларының Созақта болғандығы тарихи деректерден мәлім, нақтыласақ 1470 жылы Керей ханның Түркістанға, Жәнібек хан бастаған қолдың Созаққа шабуыл жасағаны белгілі. Осы соғыста Созақ пен Сауран қалалары Қазақ хандығының құрамына кіреді. Академик Ә. Марғұланның «Созақ-алғашқы қазақ хандарының тірегі болды» деген сөзіне де мән бергеніміз жөн. Атақты жазушы І. Есенберлин «Алмас қылыш» романында: «Ханы өлген қазақ әскері... Жәнібектің денесін ақ қиізге орап, ақ түйеге артып, екінші баласы Махмұд билеп тұрған Созаққа беттеді. Қайғылы ел күңірене күрсініп, алғашқы ханының бірі Жәнібекті ардақтап ақырғы сапарына шығарып салды. Әбілқайыр жатқан Жуантөбедегі көк күмбезді мазардың жанында тағы бір салтанатты алтын айлы мазар пайда болды. Тірі жүргендерінде бүкіл Дешті Қыпшақтың кең даласына сыймаған қос тарлан, енді он шаршы құлаш жерге үн-түнсіз қатарласа көмілді. Өмір татуластыра алмаған екі ханды, енді өлім татуластырды» [51] деп жазылды.

Осы жорамалдың ақиқаты дәлелденіп жатса, тірісінде бітіспеген антипод екі күштің «мәңгілік мекенінде» қаз – қатар жатуы «жазмыштан озмыш жоқ деген» аксиоманы тағы бір мәрте есімізге салғандай. Бұл тарихи дерек емес, бар болғаны жазушының өзіндік болжамы дегеннің өзінде, оның Ө. Жәнібековтің мәліметімен үндесіп тұрғанында бір сыр жатқан сияқты. Қазақ хандығының тарихын тұтастай жазу үшін біраз деректерді ақтарған, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін бір жүйеге түсірген жазушының бұл трилогиясы әлі күнге маңызын жоймаған тың тұжырымдарымен ерекшеленеді. Оған дәлел соңғы кезге дейін талас тудырып жүрген Әз-Жәнібектің шындығында қазақ ханы Жәнібек емес, Алтын Орда ханы Өзбекұлы Жәнібек екендігін, сол кездің өзінде алғаш аңғарғандардың бірі І. Есенберлин еді [51, 12 б.].

Жорналшы Т. Тәшенов созақтық тарихшы Сүлеймен Тәбірізулының мәліметтеріне иек артып «Созақ ауылының байырғы қарттары бірауыздан қамал-қаланың түстік жақ шетіндегі қазір тегіс жерге айналып, белгі қалмаған орынды «Хан мазары» деп көрсеткендігіне тоқталады. Яғни 1950 жылдарға дейін қамал-қаланың сыртқы жағында дуалға жапсарласа тұрған қос қабірді халық «Хан мазары» деп келген. Қабірлердің үстінде жасыл түсті, күйдірілген құмыра тәрізді шошақ белгі болған. Кейіннен қабір қамалдың құлаған дуалдарының астында қалып, тегістеліп кеткен» [52]. Бұл әңгіменің кезінде ұлы жазушы М. Әуезовтің Созаққа келген сапарында тілге тиек болуы да бекер емес сияқты.

Түйіндеп айтқанда, Қазақ мемлекетінің негізін қалаған Керей мен Жәнібектің нақты қай жерде жерленгенін анықтау мемлекеттік деңгейдегі кезек күттірмейтін іс.

**III. 4. «Сарайшықтың аққу көлі» қай Жәнібекке тиесілі?** Сонда қазақ ханы Жәнібекті Сарайшықпен

---

байланыстыратын еш дерек болмағаны ма? Сарайшықтағы Секер көлдің қазақ ханы Жәнібекке қаншалықты қатысы бар? Халық жадынан өшпеген Жәнібек хандарға қатысты айтылатын аңыз - әңгімелердің астарында қандай сыр жатыр?

Сарайшық туралы бізге жеткен аңыз көп. Соның бірі – қаланың түбіндегі Шекер көл немесе Аққулы көл атанған жасанды көл. Осы кезге дейін көне Сарайшықтың күн шығысында Секер көл деген орын бар. Егер тарихтағы аңыздарға зер салсақ, Жәнібек хан осы көлге 40 атанмен секер төктіріп, онда өз ата-бабасының пірі болған аққуды қысы-жазы өсіріп ұстаған. Ағаштардың ортасында орналасқан бұл су қоймасында аққулар арнайы өсірілген. Мұнда сонымен қатар ұшып келген неше түрлі жабайы құстар мен қаздар да жүзіп жүрген. Аңыз бойынша оларды көлдің қант қосылған тәтті суы өзіне тартқан. Аққулардың көптігі сонша Сарайшықтың қыздары көлден су алғанда аққуларды ысырып жіберіп, шелектерін содан соң суға малады,- деген әңгімелер күні бүгінге дейін ел ауызында сақталған. Содан бұл көл халық арасында «Жәнібек ханның аққу көлі», «Сарайшықтың аққу көлі» немесе жәй «Аққу көл» деп аталып кеткен. Мұны Жәнібек хан айырықша жаратылған ажарлы қызын сұқ көзден сақтау үшін жасатқан екен. Ноғай әдебиетінде кездесетін аңыз нұсқасында Жәнібектің айдай сұлу қызының есімі Секербике екен деседі [53]. Алтын қайыққа мінген хан қызы құрбыларымен осы көлде серуен құрыпты. Ай дидарына аттылы адам түсіп, жаяу адам тоқтай қалып қарайтын ару қызы он бес жасында қыршынынан қиылыпты. Біреулер оны сұқ көзден жазым болды десе, енді біреулері ғашығына қосыла алмайтынын біліп, өзіне-өзі қол жұмсады деседі. Хан Жәнібек аяулы қызын қырық күннен кейін жерлеймін, қазасына қырық күн толмай, жер қойнына бермеймін деп жар салыпты. Жәнібек хан сүйікті қызы ауырып өлгенде оны алтын табытқа салып, ешкім білмес үшін жерленген қабіршілердің көзін жойып жіберген. Қара халық хан қызының көмілген жерін білмек түгілі, қашан, кім көмгенінен де хабарсыз қалыпты. Өйткені хан уақыт өткеннен кейін қызының қабірінің ашылмауы үшін, аруақтың мазасын алмасын деп, жерлеген жетрудің де басын алдырыпты. Осы аңыз құлағына жеткен казактар кейін Сарайшықтың астын үңгіп, алтын қайық пен табытты табуға тырысыпты. Бұл алтын іздеу жұмысы аттай он бір жылға жалғасыпты. Дегенмен хан қызының зираты да Шыңғыс ханның моласындай мылқау тарихтың еншісінде, құпиясын аспады [37, 95-95 бб.].

Аңызда айтылатын тартымды көріністердің сыр-сипатын қазақ ханы Жәнібек заманымен байланыстыру өте қиын. Өйткені, жаңадан мемлекет құру жолында бар күш – жігері мен уақытын сарп еткен Жәнібек хан тұсындағы қоғамдық - саяси жағдайларға аңыз сарыны қиғаш келеді. Керісінше, аңыздағы баян Алтын Орда ханы Әз-Жәнібек астанасының сән - салтанаты мен аста - төк молшылық дәуренінің куәсіндей. Халық көңілінен суымаған аңыз желісі өмір шындығынан алшақ кетпей, Алтын Орда мемлекетінің гүлденген дәуірінен сыр шерткендей. XIX ғ. өмір сүрген Еділ - Жайық аралығының тарихын бір кісідей білетін Шығияз Шанайұлының:

Астраханнан бергі Ақбұлақ,  
Арбалап шекер төктірген  
Әз-Жәнібек ханыңның,  
Құладың салған көлі еді, - деген

жыр жолдарына да көңіл аударғанымыз жөн. Жырда, біріншіден, Секер көлдің қай Жәнібекке тиесілі екені нақтыланса, екіншіден, Әз-Жәнібектің тұсында шекер төктірген көлдер тек Сарайшықпен шектелмегенін аңғарамыз.

**Түйін.** Қазақ хандығының шаңырағын тіктеген екі ханның бірі Жәнібек қазақ ұлттық элитасының негізін салушы ірі тұлға екені әмбеге аян. «Қазақ ханы Жәнібек Сарайшықта жерленген» деген пікірді шегелейтін айғақтардың жоқ екендігі, оның өзге деректермен қошталмауы, «Кіші Жәнібектің» өлке тарихындағы рөлі - әлі де тереңдете зерттей түсуді қажет етеді.

**Ой түйіні.** Қысқартып айтқанда, біздің көзқарасымыз айдай анық ақиқат, осымен жәнібектанудағы түйткілдерді толық тарқатып бердік деуден аулақпыз. Біздікі тек ой қозғау, оқырманмен пікір алмасу ғана. Қазақ мемлекетінің негізгі ұйымдастырушысы нәм ұйтқысы болған қазақ халқының тарихына құрмет артпай, ұлтаралық татулық орнамайтыны, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани-идеологиялық негіздері қалыптаспайтындығына отандық кәсіби тарихшылар жиі назар аударуда.

Бүгінгі тарихи сана қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың бейнесін жас ұрпақ санасында жаңғырту тұрғысында жұмыстануда. Бұл, әрине, құптарлық жәйт. Көк құрақтай желкілдеп өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын Әз-Жәнібек пен Асан Қайғыны қаншалықты біледі? Олар үшін Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек кім? Өскелең ұрпақты өз тарихы үшін марқая алатындай дәрежеге жеткізе алдық па? Мемлекет құраушы ұлт қазақ – қазақ болғаны үшін мақтанатындай дәрежеге жетпей ұлттық рух, қуатты мемлекеттік идеология хақында сөз қозғау қиын. Әр өңірдің батырлары мен хандары

«өз көшелерінде» атқа мінген заманда ұлттық һәм мемлекеттік деңгейге көтерілген ірі тұлғаларды ұлықтауымыз марғау.

Біздің қазақ – ырымшыл халық. Қазақтың ғазиз ханы Әз-Жәнібек есімін иемденген азаматтар елімізде баршылық. Оның атақты әкесі Өзбек ханның да есімі халық көңілінен суымаған. Бұған, әріге бармай-ақ Өзбекәлі Жәнібековтің есімін мысал қылсақ та жеткілікті. Әз-Жәнібек пен Асан Қайғының, Керей мен Жәнібектің өнегелі өмірі, тағлымды табиғаты – Отанды, елді, жерді сүюдің, жаңа ұрпақ, жас буынды тәрбиелеудің өшпес мектебі.

#### Әдебиеттер

- 1 Артықбаев Ж.О. Материалы к истории правящего дома казахов. – Алматы: Ғылым, 2001. 46-59 б.
- 2 Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Толағай групп, 2010. – Т. 1. – 144 б.
- 3 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. – 52 б.
- 4 Халид Құрбанғали. Тауарих хамса (бес тарих). – Алматы: Қазақстан, 1992. – 233-234 бб.
- 5 Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы: ҚЭ – Ғылыми анықтамалық баспа мекемесі, 1974. – 4 т. – 350 б.
- 6 Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 29 б.
- 7 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 15 б.
- 8 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Изд-во: Санкт-Петербург, 1941. – Т. 2. – С.62.
- 9 Сапарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. – Мордовское книжное издательство, 1960. – С. 65-71.
- 10 Му'ин ад – Дин Натанзи. Аноним Искандара // Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды: Извлечения из персидских сочинений. – М.; Л., 1941. – Т. 2. – С. 126-138.
- 11 Гумилев Л. Мені евразиялық деп атайды. – Алматы: Жалын, 1991. – 12,14 бб.
- 12 Тизенгаузен. – Санкт-Петербург, 1941 – Т. 2. – С. 101.
- 13 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – М.-Л.: Изд-во Академии наук СССР, 1941. – Т. 2. – С. 128.
- 14 Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Өтеміс Қажы. Шыңғыс-наме – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т. 1. – 180 б.
- 15 Материалы по истории казахских ханств в XV-XVIII вв. – Алма-Ата: изд-во Наука Казахской ССР, 1969. – С. 33.
- 16 Сдыков М.Н. Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері. – Орал: БҚО Тарих және археология орталығы, 2009. – Жәнібек ауданы. – Т.10. – 184 б.
- 17 Абсеметов М. Таможенное дело Казахстана. – Алматы: Изд-во ЛЕМ, 2001. – С. 41.
- 18 Савельев П.С. Монеты джучидов, джагатаидов, джалаиридов и другие, обращавшиеся к Золотой Орде в эпоху Тохтамыша. – СПб., 1858. – Вып. 2. – С. 299,304-305.
- 19 Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 2006. – 114-115 бб.
- 20 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1950. – 269-270 б. и др.
- 21 Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 62-66 б
- 22 Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. – Алматы: Ғылым, 1995. – 19 б.
- 23 Сарай. Ә. Ноғайлы. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 104-105 бб.
- 24 Трепавлов В. В. История Ногайской Орды. – М.: Восточная литература РАН, 2002. – 104 б.
- 25 Қондыбай С. Қобыланды батырдың үш ғұмыры // Алтын Орда. – 2002, 22 наурыз.
- 26 Баян Бораш. Фольклор мен ақын-жырау поэзиясындағы хандар бейнесі. - Алматы: Жазушы, 2007. – 375-376 бб.
- 27 Корнис В. Краткий обзор положения ногайских татар, водворенных в Мелитопольском уезде Таврической губернии // Телескоп. – М., 1836. – Ч. 33. – С. 5 и др.
- 28 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-басылым. – Алматы: Ғылым, 1985. – 124 б.
- 29 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық. – Алматы: Атамұра, 2010. – Т. 2. – 330-331, 333, 345 бб.
- 30 Кәрібаев Б. Жәнібек хан // Парасат, 2002. – №2. – 13-15 бб.
- 31 Дала уәлаятының газеті. – 1897 жыл. – № 47.
- 32 «Дала уәлаятының газеті». Әдеби нұсқалар, 1899-1902 жж. – Алматы: Ғылым баспасы, 1992. – 413-415 бб.
- 33 Уәлиханов Ш.Ш. 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1984. – Т. 1. – 167 б.
- 34 Толығырақ қараңыз: Жандарбек З. Асан Қайғы мен Жәнібек хан және Алтын Орда мемлекетінің ыдырау себептері. // Қазақ тарихы, 2007. – №3. – 51-56 бб.
- 35 Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. – М.: ЕЕ Медиа, 1973. – С.107
- 36 Уәлиханов Ш.Ш. Профессор Н.И. Березиннің «Хан жарлықтары» /кітабына ескертпелер / Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2010. – Т. 1. – 87-93 бб.
- 37 Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайшық-тарихи астана // Сарайшық хандары. – Алматы: Аруна, 2004. – 21 б.
- 38 Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 251 б.
- 39 Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л.124 а,127 а; МИКХ, 39-42 бб.

- 40 Кәрібаев Б. Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы: // Т.ғ.д. ... диссер. авторефераты. – Алматы, 2010. – 28 б.
- 41 Махмуд ибн Вали. Бахр ал-асрар, л.124 а, 135 а., МИКХ, 354,362 б.
- 42 Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах.– СПб., 1864. – Ч. II. – С. 122.
- 43 Лэн-Пуль Стэнли. Мусульманские династии. Хронологические и генеалогические таблицы с историческими введениями / Перевел с англ. с примеч. и дополн. В. Бартольд. – СПб., 1899. – 199 б.
- 44 Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 144 б.
- 45 История Казахской ССР. – Наука, 1979. – Т. 2. – 319 б. и др.
- 46 Пищулина К.А. т.б. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 148 б.
- 47 Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә.Б. Қазақстан тарихы (энциклопедиялық басылым) – Алматы: Атамұра, 2008. – 301 б.
- 48 Қазақстан тарихы. – Алматы: Атамұра, 2010. – Т. 2. – 376 б.
- 49 Карамзин Н. М. История государства Российского. – СПб., 1821. – Том. IX. гл. VI. – 380 б. и др.
- 50 Мұхтар Қожа. Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек қайда жерленген? // Егемен Қазақстан. 2009. – 24 маусым.
- 51 Есенберлин І. Көшпенділер. Тарихи трилогия. – Алматы: Жазушы, 1976. – 1 кітап. – 273-б.
- 52 Тәшенов Т. Керей мен Жәнібек қайда жерленген? // Дүние дүбір. – 2009. – 21 шілде.
- 53 Османов М. Ноғай уа құмық шиғырлары. – СПб, 1883. – 96-102 бб.

### Резюме

В данной статье рассматривается личность правителя Золотой Орды – Жанибек хана. Автор в качестве источника вводит в научный оборот не опубликованные документы и данные фольклорных материалов.

### Summary

In this article the author considered the personality of the Golden Horde's ruler – Zhanibek Khan. For the sources of this paper the author used some published documents and folklore materials data.

**ӘӘЖ 930 (09); 930(092)**

### 3. ҚИНАЯТҰЛЫ

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д.

### ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

#### Аннотация

Бұл мақалада 1940-1950 жж. Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық көтерілісінің көсемдері Калибек (Хаким) Райымбекұлы (1908-1985) және генерал Далелхан Сүкірбаевтың (1906-1947) өмірбаяны мен күрес жолдары туралы баяндалады. Калибек Хаким 1940-1946 жж. Манас-Сауан аудан (аймақ) халқының көтерілісін басқарды. Көтеріліс жеңіліске ұшырағасын бір бөлім халқын ертіп Такла-Макан шөлін басып Тибет, Үндістанның Кашмирі арқылы Түркияға өтіп 1985 жылы сонда дүние салды. Шығыс Түркістанның халық батыры.

Д. Сүкірбаев 1904 жылы Моңғолияда туған. Кейін Шығыс Түркістанға өтіп, ондағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысты. 1944 жылы Шығыс Түркістан үкіметі құрылғанда үкіметтің орынбасары, Шығыс Түркістанның азаттық армиясы бас қолбасшысының орынбасары, кейін Шығыс Түркістан Үкімет басшысы болды. Шыңжанның Халық батыры, әлем қазағының ішінен генерал атағын алған үшінші қазақ. 1947 жылы белгісіз жағдайда ұшақ апатынан опат болды.

**Түйін сөздер:** Шығыс Түркістан, халық, көшбасшы, батыр, генерал.

#### 1 Қалибек (Хакім) Райымбекұлы (1908-1985)

Шығыс Түркістан қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы көсемдерінің бірі. 1947-1952 жылдары Қаратау-Көкіліктен бастау алып Такла-Макан шөлін көктей өтіп, Тибетпен Гималай арқылы 1952 жылы әуелі Үндістанның Кашмир аймағына, 1954 жылы Түркияға жетіп қоныстанған құрлық асқан ұлы көштің көшбасшысы, ұлтының азаттығы үшін басын бәйгеге тіккен қаһарман тұлғалардың бірі.

---

1908 жылы Қытай Халық Республикасы, Шыңжанның Тарбағатай аймағы, Майлы Жәйір өңірінде дүниеге келген. 1933 жылы Шығыс Түркістан астыртын ұйымын құруға қатысты. 1940-1946 жылдары Манас-Сауан аудан халқының ұлт-азаттық көтерілісіне басшылық етті. Арнайы жасақ құрып Сауан ауданын азат етті. 1946 жылы аудан әкімі болып тағайындалды. Сол жылы оған Шығыс Түркістан үкіметі «Халық батыры» атағын берді (1, 3 б.). Бастапқы кезеңде Шығыс Түркістан үкіметінің белсенділерінің бірі болып жүрген Қалибек Хакім бұл үкіметтің сатқындық әрекетіне көз жеткізгесін Сауан халқын соңынан ертіп Қаратау-Көкілікке қарай көшті. Бұл көш кейінірек құрылық асқан халықаралық көшке ұласты. Көштің тізгінін Қалибек Хакім қолына алды. Көш қиыр-қиыр бел асып аса қияметті жолдан өтті (2, 46-48 б.).

Біз бір топ тарихшылар (автордың сөзі) 2008 жылы қараша айында осыдан 446 жыл бұрын дүние салып, сонда жерленген Мұхамед Қайдар Дулаттың өмірінің соңғы кезеңі мен жерленген жерін іздеп Кашмирге барып бірер жайға қанық болып қайтқан едік. Тағдырдың мына бір қиылысқан жерін қараңыз, біз қатысқан «Ұлы жібек жолының» тарихына арналған халықаралық конференция қарашаның 26 күні Синагарда басталды. Сөйтсем осыдан 57 жыл бұрын, дәл осы күні Қалибек Хакім бастаған қазақ көші (ішінде Қалибектің тұңғышы, ол кезде 23 жастағы Хасан бар) Кашмирге келген екен.

Бір үзілісте бізді Кашмирге жақын жердегі Гул Марк (Гул дала) деп аталатын Ғималайдың бір биік қыратына шығарды. Шығып бара жатып Баркөл – Құмылдан басталған Қалибек көші түйемен қыран ұшқан қиядан қалай өткеніне таң қалып, ата-бабаларымыздың қаһармандық тағдырына риза болдық.

Қалибек хакім бөгденің жерінде қиын-қыстау күй кешіп жүргеннің өзінде Кашмирдегі 298 қазақтың тізімін жасап олардың атынан Үндістан, Пакистан, Түркия үкіметі мен Әлем мұсылмандары көсемдеріне хат жазған екен.

Иә, бұл Алтайдан басталып, бірнеше мемлекеттің шекарасынан өтіп құрлық асқан тарихи көш еді. Ғұн, Батыс түрік қағанаты дәуірі немесе XI-XII ғғ. қыпшақ-қазақ даласынан Қара теңізге дейін жеткен Қай (каі) топтарының көшінен кейінгі уақытта қазақ тарихында мал-жанымен құрлық асқан көш болған емес. Көштің тууына 1940-1950 жылдары Шығыс Түркістанда орын алған Ұлт-азаттық қозғалысының шырғалаң оқиғалары түрткі болды. Егер 1889-1903 жылдары орын алған Бөке батыр көтерілісі және басқадай кіші-гірім қақтығыстарды айтпағанда 1940 жылдарға дейін Алтай, Тарбағатай, Бұлғын, Шіңгіл бойындағы қазақтар бұрынғы төрт би төрелік билік жүйесін сақтап ру-ру, ауыл-ауылы мен малын бағып, отын жағып, ұлттық салт дәстүр, тіл мәдениетін тұнық күйінде сақтап жайын жатқан қауым болатын. Барлығы да Шың Шы Сай билігі кезінде Шыңжан өлкесінің ішкі ісіне қызыл орыстардың араласуынан басталды.

1945 жылы қыркүйекте Шығыс Түркістан Республикасы құрылды. Қалибек Хакім ШТР құрылуына ат салысқандардың бірі. Халық басында бұл үкімет халыққа еркіндік әпереді деп сенді. Қазақтың игі жақсылары республика билігі құрамына енді. Бірақ Кеңестер Одағының көмегіне сүйенген Республика басшылары алғашқы қадамынан бастап революциялық шұғыл шараларға бет бұруы салдарынан алғашында берген ант, көп болып келісіліп қол қойылған мәмлелелердің шарты бұзыла бастады. Қазақтарды шеттетуге басталды. Ұлт серкелерін бақылауға алды. Ақыры қазақтардың өзі екіге жарылды. Дәлелхан Сүгірбаев, Әлихан төре бастаған топ Қазақстан, Моңғолия арқылы келіп жатқан Кеңестер одағының көмегі мен коммунистік жүйені қабылдау арқылы халқын тығырықтан алып шықпаққа әрекеттенді. Оспан батыр, Жанымхан қажы, Қалибек Хакім бастаған топ қызылдарға түбегейлі қарсы тұрып қазақтың ұлттық дербестігі үшін ашық күреске шықты. Екінші майданның бас батыры Оспан Ісләмұлы да, көштің саяси көсемі әрі идеологы Қалибек хакім болды. Мен тарихшы ретінде айтарым бұл екі топтың іс әрекетіне тарихи-саяси баға бергенде біржақты қарауға болмайды. Бұлардың қай-қайсысы да ұлтын жан тәнімен сүйген жандар. Бірақ ұлтының келешегі үшін күресте екі топ екі түрлі жолды таңдады. Екі бүйірден екі қызыл держава қысып қазақ ішкі бірлігінен айырылған қысылтаяң заманда саяси таңдау жасау оңай шаруа емес еді. Неміс фашистерін жеңіп айыоңынан түйіп тұрған Кеңестер одағы, жаңа ғана жеңіске жеткен қызыл Қытайдың күш қуатына сүйеніп жоғарыда аталған бірінші бағытты таңдау әрине кезінде төте жол болатын. Ал екінші жол нағыз тыңнаншалғы салған, аса қиыр, нағыз «Таржол, тайғақ кешу» еді. Ол кезде алып Ресей, қаптаған Қытайға қарсы тұру деген «Аспанға шабуыл жасағанмен» бірдей ерлік, бірақ орындалмайтын арман болатын. Күрескерлер бұлай боларын біле тұра алға қойған мақсат, алған сертінен қайтпады. Оспан батыр, Нұрғожа, Аббас батыр, Қалибек Хакім, Жанымхан қажы бастаған қазақ қолы ұлт жауларымен талай мәрте айқасты. Қайсыбірі күрес жолында шәйіт болды. Ақыры көтеріліс жеңіліске ұшырады.

Бірақ олардың бұл жолғы жеңілісі саяси мазмұны, келешекке қалдырған сабағы тұрғысынан жеңіс пен пара-пар еді. Ата жұртында өздеріне орын қалмағанын сезген олар ендігі жерде ұрпағының қамы

---

үшін шарасыздықтан ел-жерінен босып кетуге мәжбүр болды. Бірақ ол кезде қазақ ауылдары батысы Ресей, шығыс, оңтүстік шығысы Қызыл қытай, батыс солтүстігі Кеңес одағының ықпалындағы Моңғол елінің құрсауында тұрғандықтан «Ұшарға қанат, қара жерде қалқан жоқ» күйде еді. Бұл құрсаудан ел-жұрт, ауыл-аймағын аман алып шығу деген ердің ерінің қолынан ғана келетін, қара басын бәйгеге тіккен аса қауіпті де қатерлі жол болатын. Алда 1889 жылы Бөке батырдың Тибетке дейін көшкен ізі жатты. 1940 жылдары Елісхан, Зайып ауылдарының осы сүрлеу мен бірер қадам жасағаны бар. Тарихтың осы сабақтары да ескерілсе керек, 1951 жылы Қалибек хакім, Жанымхан қажы, Сұлтаншәріп ел жұртын бастап атқа қонып жоғарыдағы сүрлеумен солтүстікке бет бұрды. Бұл туралы осы көшті көзімен көрген Халифа Алтай, Хасан Оралтай, Дәлелхан Жаналтай және басқадай авторлар жазды. Біз бұл жолы оларды қайталамай осы көштердің тарихтан алатын орнына байланысты өз пікірлерімізді ортаға салып көрейік.

1. Тарихта үлкен болсын, кіші болсын елеусіз, ескерусіз қалатын оқиға болмайды. Өйткені тарих деген бүкіл халықтың, ұлттың өмірбаяны. Өкінішке орай Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан екінші жақтың (Оспан батыр, Халибек Хакім т.б.) атқарған қызметі, олардың көксеген ұлттық идеалы коммунистік идеология тұрғысынан жоққа шығарылып келді. Ал бүгінгі кезең коммунистік идеология құлдырап, Алаш азаматтары, Халибек Хакімдер аңсаған ұлт азаттық идеологиясы жеңіске жеткен заман. Біз ендігі кезекте бұрынғы коммунистер сияқты қарсы тараптың атқарған еңбегін жоққа шығармай, ұлтының азаттығы үшін күрескен Алаш арыстарының өмірі мен күресі тарихын жазуымыз керек. Бұл бүгінгі жастарды отан сүйгіштікке, ұлтжандылыққа шақырып тұрған аса келелі тақырып.

2. Бұл жолғы көш қозысын маңыратып, құлынын кісінетіп, ботасын боздатып сән салтанатымен жылжыған көш емес, еркек кіндіктері қолына қару алып соңынан өкшелей қуған жауының бетін қайтара отырып, ата-бабалардың өткендегі ерлік жолын ХХ ғасырда қайталаған халықаралық көш. Мысалға Манас-Сауаннан шығып, Қаратау-Көкілікті басып әйгілі Такла-Макан шөлін кесіп өткен Қалибек Хакім ауылының көшін (3, 109-110б.) алайық. Такла-Макан аумағы 300 мың шақырым, ұзындығы 1000 шақырымға созылып жатқан әлемдегі ірі құмды шөлдердің бірі. Бұл сусыздықтан талай керуен күйреген өлке. Шыңғыс хан 1209, 1226 жылдары бұрынғы Си Ся жұртын шабу алдында Такла-Маканнан өту үшін алдын-ала үлкен дайындық жасатқаны тарихтан белгілі. Ал 1951 жылғы қазақ көші соңынан қуған, алдынан жолын тосқан жауына дес бермей құмды-құм, белді-бел демей тәуекелге бел буған көш. Бұл тарихта сирек кездесетін құбылыс.

Көш бірнеше лектен тұрады. Әр лектің өз серкелері, өз батырлары, басынан кешірген шытырман оқиғалары бар. Олардың әр қайсысы өз кезегінде көпшіліктің назарына ұсыныла жатар. Ал Қалибек Хакімге келсек ол ұлтым, елім деп еңіреген Алаш қаһармандарының бірі. Ол тек білімдар, көреген күрескер ғана емес салихалы дипломат адам болған. Оның Пакистан, Түркия өкіметіне, мұсылман қайраткерлеріне халқының атынан жазған хаттарынан дипломатиялық салиқалы ой пікір, ситуациялық анализ, тығырықтан шығу жолдарын аса ұқыптылықпен ашып көрсете алғанын көре аламыз. Қалибек Хакім білімімен қоса аса қажырлы, алған сертінен қайтпайтын, сеніміне берік көп қырлы тұлға.

Калибектер кешегі өткен А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатовтарды оқып, олардың рухынан тәлім, өнеге алып өскен жандар. Олардың ұлтым деп ұран салған дауысы 1950 жылдары Алтайдан естілді. Алаштың ондағы ізбасарлары ұя салар шыңын іздеген қыран, көлін іздеген үйрек, үйірін іздеген адасқан құлындай шарық ұрып жанкештілікпен күрес жүргізді. Бірақ кеңестік жүйе, коммунистік идеологияның бұғауындағы отаны кезінде ұлт арыстарына пана болуға қауқарсыз еді. Дүйім қазақтан шыққан алғашқы генерал, даңқты ұшқыш, Моңғолияның әуе қарулы күштерінің бас қолбасшысы болған генерал М. Зайсанов 1951 жылы өз ортасын іздеп мұнда келіп жар соғып кері қайтқанын білеміз. Замана оларға кезінде ырық бермеді. Отаным, ұлтым деген арыстар ол кезде көз түрткі болып көрінетін. Сөйте тұра олар отанына, қазағына деген ізгі үмітін үзбей дүниеден өтті. Алаштың рухы бізді тәуелсіздікке жетеледі. Бүгінгі көзі тірі біздерге тағдыр тәуелсіздікке куә болу мүмкіндігін бергені болмаса, біздің бүгінгі жеңісіміз Алаш ардақтыларының жеңісі.

1950 жылғы көшті бастаған әке, аталардың бір үлкен ерлігі табанымен от кешіп жүріп ұрпағын ата шаңырақтың бір отауы Түркия жеріне жеткізуі. Бүгіндер сол қилы көшпен Түркия жеріне жеткен ұрпақтың ішінен Халифа Алтай, Хасан Оралтай, Дәлелхан Жаналтай, Мұстафа Өзтүрік, Мұртаза Бұлұтай қатарлы белгілі азаматтар өсіп шықты. Олар бүгінгі ел боламын деген қазақтың рухына – рух, біліміне – білім, жігеріне – жігер қосып отыр.

Солардың бірі Қалибек Хакімнің ұлы, ұлтжанды қайраткер, азамат Хасан Оралтай еді. Біз Хасекеңнің өткен өмірі, атқарған қызметі, адамгершілігі, қазағына деген пәк жүрегін оның «Елімай-лап өткен өмір» деп аталатын естелік еңбегі арқылы таныспыз. Бұл қазақ тарихы үшін

деректемелік, ақпараттық мағлұматы зор, аса құнды еңбек. Еңбекті сынай қарайтын адамдарды да кездестірдік. Бірақ автордың басынан кешірген өмірі, батыстық ақпараттар арқылы қазақтың қайғы-қасіретін бізден әлде қайда бұрын түсініп, ішқұса болып еңіреп жүрген азамат коммунистік идеология, Кеңестік тәлім-тәрбиенің құрсауынан арыла қоймаған Қазақстанға, қазағының ортасына келгенде іштегі шерін бұлайша тарқатпаса қалай тарқатпақ деп ойлап барлығына да кешірімділікпен қарайтын болдық. Автор өз еңбегінде жеке адамдар жайлы айтқан кейбір пікірлерін азаматтың назы деп түсінген жөн сияқты. Өйткені Хасан Оралтай басынан кешірген өмірі, қазағына еткен еңбегі, төккен теріне қарағанда қазағына еркелеуге лайық азамат. Автордың еңбегіндегі көптеген құнды дүниелердің ішінен «Туған жер мен қоштасқан» және араға 35 жыл салып қайта оралу сәтін көрсеткен тұстары аса сәтті де әсерлі шыққан.

Қалибек Хакім ұрпағын соңынан ертіп талай қиыншылықтарды басынан өткізіп жүріп Түркияға келіп тұрақтады. Түркияның Салихлы қаласына қоныс теуіп, сонда екінші өмірін бастады. Ол Түркиядағы қазақтардың ұйытқысы болып ғана қоймай халықаралық ақпараттық құралдары арқылы шет елдердегі қазақтардың жай-күйін біліп, оларға ара түсіп отырды. Меккеге жеті рет қажылық сапарға барды. 1970 жылдардан бастап Түркия, Германия баспасөз құралдарында Хакімнің мақалалары жарық көре бастады. Қалибек Хакімнің өмірі, күрес жолы туралы ағылшын, швед, неміс, американ авторлары жазды. Батырдың ерліктерін әлем жұртына паш етуде Хакімнің ұлы Хасан Оралтай, інісі Біләл көп күш жұмсады.

Қалибек Хакім 1985 жылы 16 қарашада өмірден өтіп, өзі тұрған Салихлыда жерленді. Ұрпақтары қазір Түркия, ҚХР, Германия және Қазақстанда өмір сүріп жатыр. Қазақ пен Түрік жамағаттары Қалибек Хакімді Шығыс Түркістанның азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күреске үлкен үлес қосқан ұлт-азаттық қозғалысының ірі басшыларының бірі деп таниды.

1950 жылдардағы құрылық асқан көш, ондағы тұлғалар туралы біршама жазылды, жазылып та жатыр. Ендігі кезек біздерге, ғылымға, әдебиетке келіп тұрғандай. Естеліктерді сараптай отырып, көштің ізін шалып, Қытай, Үндістан, Пакистан, Түркия, Германияның архивін қазған ғылыми монография жазылып, диссертация қорғалуы керек сияқты. Бұл келешек үшін қажет.

## **2 Дәлелхан Сүкірбаев (1904-1949)**

Шығыс Түркістаннан шыққан саяси қайраткер, Шығыс Түркістан уақытша Үкіметінің басшысы, әскери қолбасшы болған әйгілі тұлға. Қазақтан шыққан алғашқы генералдардың бірі, Шыңжан халқының «Халық батыры».

Қазақтың шеруші Көбеген руынан. Атасы жылқышы Ақтайұлы Керей қазақтары арасынан шыққан он Зәңгінің бірі\*. Әйгілі палуан, халыққа беделді, малды – жанды адам болған. Ақтай – жылқышы ауылы 1870 жылдары Моңғолия өлкесіне алғаш қоныс аударғандардың бірі. Әкесі Сүкірбай осынау көші-қон дүрбелеңі жылдары Моңғолияға асып келген қазақтардың көшбасшысы болды. 1909 жылы Манжу - Чин\*\* Үкіметінен тайшы атағын алған. 1912-1914 жылдары Моңғолиядағы қазақтарға қиямет әкелген «Жалама айдаған»\*\*\* оқиғасы кезінде 300 отбасын соңынан ертіп Алтай асып Ресейге келіп, ел іші тиышталғасын Моңғолияға қайтып оралған.

Дәлелхан 1904 ж. Моңғолияның Қобда аймағы, Цэнгэл сомоны өлкесінде Сүкірбай тайшының отбасында дүниеге келген. Отбасылық мектепте мұсылманша (қазақша) және моңғолша білім алады. 1919 жылы әкесі Сүкірбай тайшы қайтыс болғаннан кейін 15 жастағы Дәлелхан ағасы Дөрбетханмен бірге елісіне араласа байстайды. 1920 жылы Шеруші Хошуун\*\*\*\* басқарып «Итгэмжитгүн»\*\*\*\*\* лауазымына ие болады. (5. 240-241 бб.)

Бұл Моңғолия жерінде Д. Сүхэбатор бастаған революциялық төңкеріс басталып Моңғолия жерінде Қызыл орыстар мен Ақ орыстардың теке-тіресі басталып халық екіге жарылған заман болатын. Сүкірбаевтар К. Байкалов және Моңғолияның әйгілі партизаны Ц. Хасбатырларға қолдау білдіреді. Қазіргі Өлгий қаласынан 40 шақырымдағы Тұлба көлі жағасындағы Сарул Гүң хүренінде\*\*\*\*\* Ақ гвардия генералы Байкаловтың қоршауында қалған революционерлердің

\* Занги – тунгус-моңғолша рубасы, әкімші деген мағынаға ие лауазым.

\*\* «Манжу-Чин» атауын біздің зерттеушілер тек Қытаймен байланыстырып қарайтыны бар. Ал шынайы тарихта 1646-1911 жж. аралығында ұлы Қытайды билеген Алтын (Чжин) әулеттік билігі (маньчжуриялықтар) осылай аталады.

\*\*\* Тегі қалмақтан шыққан Да Лама (Бас лама) Дамбийжанцан 1912-1914 жж. Моңғолия қазақтарын Моңғолияның ішкі аймақтарына қарай күшпен айдаған азалы оқиғаны қазақтар осылай атайды.

\*\*\*\* Хошуун Моңғолияның әкімшілік жүйесінің бір тармағы. Мемлекет аймаққа, аймақ хошуунға (район) бөлінген.

\*\*\*\*\* «Итгэмжитгүн» - «Сенімді аймақ билеушісі» деген мағына беретін тунгус-моңғолдық лауазым атауы

\*\*\*\*\* Буддалық шіркеу.



---

---

хатын Қош-Ағаштағы Қызыл Армия отрядына жеткізуіне көмек көрсетеді. Сөйтіп жүріп ағайынды үшеу (Дәлелхан, Дөрбетхан және Мұқан) генерал Бакич әскерилерінің қолына түсіп, 18 жастағы Дәлелхан ағаларының көмегімен әзер құтылып, екі ағасы сонда атылады. 1921 жылғы төңкеріс жеңіске жеткеннен кейін Дәлелхан Шеруші хошунуының бастығы болып сайланып халық арасына революциялық бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыру ісіне араласады.

Дәлелхан Сүкірбаев шеруші хошуну атынан 1928 жылы желтоқсан айының 14-нен 1929 жылдың қаңтар айының 14 аралығында өткен Үкіметтің V құрылтайына қатысады. Құрылтайға қазақтан Т. Үмбет, М. Байқадам және Урианхай атынан Да Лама Чүлтэмдер қатысқан. Құрылтай коминтерннің тапсырмасы бойынша «Феодалдарды» тап ретінде жою, ірі феодалдардың мал-мүлкін тәркілеу» туралы шешім қабылдайды. Осы құрылтайдан Дәлелхан Сүкірбаев және Да Лама Чүлтэм мемлекеттік алғашқы парламент – кіші құрылтайдың мүшелігіне сайланады. Бірақ Да Лама және бұрынғы тайшы, Зәңгінің ұрпақтары «Феодал, тобына» жататынынан секем алған Да Лама Чүлтэм, кейінірек Дәлелхан Сүкірбаевтар барлық мал-мүлкі, дүниесін тастап Қытай билігіндегі Алтайға (Шыңжан) асып кетеді. Бұл оқиға бір жағынан Моңғолиядағы қазақтар арасында үлкен саяси дүрбелең тудырса, екінші жағынан Моңғолияның көсемі маршал Чойбалсан 1944 жылы Кеңестер одағында білім алып қайтқан жолында Дәлелхан Сүкірбаевты Ұланбатырда қабылдағанына қарағанда Дәлелханның Алтай асқан оқиғасында мемлекеттік құпия сыр бар сияқты болып көрінеді (6. 269 б).

Саясатта көзі ашық, хатқа жүйрік алып денелі 25 жастағы азамат мұнда келгесін де саясаткер, күрескерлердің көзіне түсе бастайды. 1933 жылы Алтай аймағы бастығы, аймақтың қорғаныс штабының қолбасшысы Шәріпхан Жеңісханұлының сенімді өкілі болып тағайындалады (4, 66-67 бб.). Бұл туралы Қостай Жақыпұлы «Генерал Джелхан» атты еңбегінде былай деп жазады: «Дәлелхан Сүкірбайұлы Шәріпханға сүйеу, қолғанат болып, Сарысүмбеде тұрып қызмет істеді. Алтайдағы қазақ, қырғыз мәдениетін ілгерлету қоғамы бастығының орынбасары және империалистерге қарсылық ұйымының Алтайдағы бөлімшесін басқарады. Сарысүмбе ауданы әкімінің орынбасары бола жүріп Шәріпхан бастаған істің алға басуына қомақты үлес қосты». Сөйтіп жүргенде Моңғолиядан келгендігі алға тартылып «Қызылдармен астыртын байланысы бар» деген жаламен түрмеге қамалады. Ол қызыл большевиктік емес, демократиялық бағыттағы төңкерісшіл көз қарастағы адам болған. Дәлелханның мұндай көзқарастағы адам екенін Шыңжандағы Кеңес үкіметінің өкілдері біліп Дәлелхан Сүкірбаевты 1941 жылы Кеңестер Одағына жібереді. Шыңжаннан келген, әр ұлт өкілдерінен құралған бір топ адамдармен бірге әуелі Москваға келіп онда бірер дайындықтан өткеннен кейін Алматы қаласындағы Ішкі істер министрлігіне қарасты оқу орнында екі жылдан астам уақыт білім алып атты әскер ойындарында ерекше көзге түседі. Күш иесі тұрғысынан да қатарындағылардан озық тұрады. Бұл оқиғалар В.И. Петровтың «Қара Ертіс» романында баяндалады. 1943 жылы Шыңжанға ету үшін Моңғолия арқылы еліне қайтады. 1944 жылдың бастапқы айларының бірінде Моңғолияның көсемі маршал Чойбалсан Дәлелханды әдейі қабылдайды. Х. Чойбалсан оны 1928 жылдан бері білетін, Моңғолиядан Қытай асып кеткенінен де хабардар еді. Ал бұл жолғы кездесудің сырын кездескен екеуінен өзге білетін ешкім жоқ. Чойбалсан да, Дәлелхан да сыр ашпаған. Мүмкін Кеңестер одағы жағынан ықпалы болған шығар.

Дәлелхан сол жылы Моңғолия үкіметіндегілердің көмегімен Шыңжан асады. Осы жылы Шығыс Түркістан халқының азаттық күресі жеңіске жетіп, 1944 жылы сәуір айының 15 күні Шығыс Түркістан Республикасы құрылады. Дәлелхан әскери тактикалық және ұйымдастыру тұрғысынан ШТР құрылуына үлкен рөл атқарып Қытай революциялық армиясының қолбасшысы Мао Цзе Дуннан құттықтау хат алады. 1945 жылы Құлжа қаласында құрамында 100 мың әскері бар Шығыс Түркістанның ұлттық армиясы құрылады. Дәлелхан Сүкірбаев 1946 жылы Шығыс Түркістан азаттық армиясы бас қолбасшысының орынбасары болып тағайындалады. Осы жылы генерал-майор атағы және Шыңжан халқының «Халық батыры» атағына ие болды. Ол М. Зайсанов (моңғолиялық) және Шәкір Жексенбаевтан кейін генерал атағын алған әлемдегі үшінші қазақ болатын. Қайсыбір естелікші, саясаткерлер мен тарихшылар Шыңжан қазақтарының ұлт азаттығы қозғалысының батыры Оспан Ісләмұлы мен Дәлелхан Сүкірбаевты бір-біріне қарсы қоюшылық байқалады. Иә, бұл екі тұлғаның қоян-қолтық қызмет атқарған, бөлініп-жарылып бір-біріне қарсы екі майданда жүрген тұстары болғаны рас. Бірақ адами тұрғыдан бір-бірімен жау болмаған. Екеуі талай рет кездесіп, хат жазысып тұрғаны тарихи шындық. Дәлелхан 1946 жылы Шығыс Түркістан үкіметі атынан дала батыры Оспанға «Халық батыры» атағын табыс ету үшін Оспан ауылына барғаны бар. Бірақ өмірінің соңғы жылдары екі тұлғаның жолы түйіспеді. Бірі Шыңжандағы ресми Үкіметтің өкілі (әкім, әскери қолбасшысы) болса Оспан батыр ресми үкіметке қарсы шықты. Бұл Оспан батыр үшін аса ауыр таңдау еді. Ақыры өзі де жақтастары да аса ауыр тағдырды бастан өткерді. Дәлелхан Сүкірбаев Алтай аймағының Уәли (әкімі) болып тұрған кезінде

---

---

халықтың әл-ауқатын жақсарту, инфраструктураларды қалпына келтіру, жаңадан мектеп, дәрігерлік мекемелер құру саласында көптеген игі жұмыстар атқарды.

1949 жылы халық революциясы жеңіске жетті. Шығыс Түркістан халқы, оның үкіметі бұл жеңісті ықыласпен қабылдады. Кешікпей Шығыс Түркістан көсемдері: Ахметжан Қасым, Ысқақбек Мұнаров, Әбдікәрім Ғаббас және Ло Жылар мен бірге Дәлелхан Сүкірбаев ҚХР алғашқы құрылтайына шақыру алып 27 тамыз күні Құлжа қаласынан ұшып шығып Бейжиңге бет алған жолында Кеңестер одағының Хабаровск қаласы маңында Дәлелхандар мінген ұшақ апатқа ұшырап барлық азаматтар опат болды. Бұл опаттың шын сыры әлі күнге дейін ашылған жоқ. Бұл күнді Шыңжан жұрты қазірге дейін «Халық қара жамылған күн» деп есептейді. Неге олай болды? деген сауалдың жауабын халық әлі күнге дейін іздейді. Олай іздеуінің де жөні бар. Өйткені Қытайдың жаңа үкіметі Шыңжанды игеру шараларын өлкенің жергілікті басшыларының өлген күнінің ертеңінде-ақ бастап кетті. Шығыс Түркістанға дереу Қытай әскері кіргізіліп ұлттық армия таратылды. Шығыс Түркістан Республикасы Үкіметі таратылып, орнына Шыңшан – Ұйғыр автономиялық районы құрылды. Осылайша Шығыс Түркістан халқының 20 жылға созылған ұлт-азаттық күресі аяқталып, көсемдері саясаттың құрбаны болды. Дәлелхан Сүкірбаев сондай саяси құрбандардың бірі. Ұрпақтары қазір ҚХР, Моңғолия, Қазақстанда өмір сүріп жатыр. ҚХР Құлжа қаласындағы 1949 жылы 27 тамызда ұшақ апатынан құрбан болғандарға арналған тақта бар.

---

### Әдебиеттер

- 1 Қалибек Хакім туралы естеліктер (Азаттықты аңсап Гималай асқан көш). Құрас: Ә. Илиясұлы. – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.+32 бет фото.
- 2 Хасан Оралтай. Шығыс Түркістан қазақтарының ұлт-азаттық күресі. – Ізмір, 1961. – Стамбул, 1976.– 128 б.
- 3 Хасан Оралтай. Елім-айлап өткен өмір. – Ыстанбұл, 1999 – Алматы, 2005.– 790 б.
- 4 Пәтіхан Сүгірбаев. Естеліктер. – Шыңжан: Күйтің баспасы, 1961. – 218 б.
- 5 Баян-Өлгий аймагийн нэвтэрхий толь. – Улаанбаттар, 2010.– 850 б.
- 6 Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы, 2004. – 318 б.; Монголхүү. Цаст Алтайин чуулган. – Улаан-баатар, 2009. – 981 б.

### Резюме

В статье приведены данные о жизни и борьбе лидеров национально-освободительного движения Восточного Туркестана 1940-1950 годов - Калибека (Хакима) Райымбекулы (1908-1985) и генерала Далелхана Сукирбаева (1906-1947). Калибек Хаким в 1940-1946 годы возглавил восстание народа Манас-Сауанского аймака. После подавления мятежа он вместе с частью повстанцев, перейдя пустыню Такла-Макан, территории Тибета и индийского Кашмира, пересек границу Турции, где долгие годы проживал и умер в 1985 году. КалибекХаким носит имя героя Восточного Туркестана.

Д. Сукирбаев родился в Монголии в 1906 году. Позже он переехал в Восточный Туркестан и принимал участие в национально-освободительной борьбе. После создания Правительства Восточного Туркестана в 1944 году был избран заместителем его Главы, занимал должность заместителя главнокомандующего освободительной армии Восточного Туркестана, а впоследствии стал Главой Правительства Восточного Туркестана. Он является героем Синь-Цзяня и третьим человеком в среде всемирных казахов, кому было присвоено звание генерала. В 1947 году погиб в авиакатастрофе при невыясненных обстоятельствах.

### Summary

The Article has been written to review the lives and struggle for liberation of Kalibek (Khakim) Raiymbekuly (1908-1985) and General Dalelkhan Sukirbayev (1906-1947) who were leading national liberation movements in Eastern Turkestan in the 1940-1950s. During the 1940-1946s Kalibek Khakim was leading the popular revolt on Manas-Sauan lands. When the uprising was suppressed he crossed the Desert of Takla-Makan and the territories of Tibet and Indian Kashmir together with the part of the rebels until he found a shelter in Turkey, his death is dated 1985. Kalibek Khakim had been put forward for the award of Hero of Eastern Turkestan.

D.Sukirbayev was born in 1906 in Mongolia. Later he moved to Eastern Turkestan where he played the part in the battle for national liberation. Upon formation of the Government of Eastern Turkestan he was elected its Deputy Head, further there he held respectively positions of the Deputy Commander-in-Chief of the Liberation Army and the Head of the Eastern Turkestan Government. Dalelkhan Sukirbayev was made Hero of Xinjiang, he is the third person among the world Kazakhs who reached the rank of General. In 1947 General died in a plane crash circumstances of which still remain to be explained.

**Ж. КЫДЫРАЛИНА**

первый заместитель директора Института истории государства МОН РК, д.и.н.

**АЛИМХАН ЕРМЕКОВ – ОБРАЗЕЦ ПАТРИОТИЗМА  
И СЛУЖЕНИЯ НАРОДУ**

**Аннотация**

Цель работы – популяризация выдающихся личностей в истории Казахстана, которые являются для нынешних поколений образцами высокой гражданственности и патриотизма, служения народу и Отечеству. Статья посвящена одному из лидеров Алашского движения и партии Алаш, члену правительства Алаш Орды, яркому и талантливому государственному и общественному деятелю, активно участвовавшему в создании Казахской автономной советской республики и воссоединении казахских земель, педагогу и ученому, первому казахскому профессору математики, чудом выжившему в лагерях ГУЛАГа, Алимхану Абеуовичу Ермекову (1891-1970 гг.). Методологической базой исследования является системный анализ, рассмотрение личности в связи со своей эпохой. В работе использованы общенаучные и специальные исторические методы: синтез, анализ, обобщение, сравнительно-исторический. Основным методом при работе с источниками был сравнительно-критический анализ источников. Результаты исследования нашли отражение в опубликованных автором монографиях, статьях и докладах на научных конференциях. Выводы исследования могут быть использованы при подготовке учебных программ, курсов по истории Казахстана, исследованиях о роли видных личностей в отечественной истории.

**Ключевые слова:** великие личности истории, образец патриотизма и гражданственности, уроки истории, ценности Независимости, движение Алаш, Алаш Орда, Казахская автономная советская республика, определение границ Казахстана, политические репрессии, вклад в развитие науки и образования.

Много полезных уроков преподносит нам история. Все мы, казахстанцы, непременно должны знать, чем гордиться, где черпать силы, чтобы достигать все новых вершин, преодолевая препятствия. Сегодня мы имеем и делаем очень многое, о чём наши отцы и деды не могли даже мечтать. При этом мы часто не придаем значения тому, что именно их поколения создавали платформу для возможности успешного развития страны в настоящее время. Осмысление сущности и ценности нашего суверенного развития должно опираться на глубокое знание истории своей Родины.

Если окинуть взором историю прошлого века, то можно увидеть непрерывную борьбу казахского народа за создание самостоятельного национального государства. Первая половина XX века оказалась «спрессованным» временем, за которое в течение жизни одного поколения произошли переломные события, как в судьбе отдельных личностей и семей, так и в судьбе нации в целом. Один только голод 1932-1933 годов унес половину численности казахов. По некоторым оценкам, миллион и больше были вынуждены уйти в чужие страны. Причины сегодняшних противоречий, негативного наследия прошлого в менталитете и сознании людей позволяют понять и тот период жизни народа, когда его пропускали сквозь политические, культурные, идеологические жернова, когда у него пытались отнять историческую память и прервать связь поколений.

Сегодня возникает вопрос, в чем причина живучести нации и сохранения себя в жерновах и тисках системы, условиях общенародной катастрофы? В первую очередь, приходит мысль о высоком национальном духе народа. В начале XX века понятие «Алаш», имеющее древние истоки, превратилось благодаря усилиям национальной интеллигенции в объединительную освободительную идею. Казахские интеллектуалы подняли смысл термина «Алаш» как изначально родового клича до уровня государственной идеи. Как известно, Алаш – исторический термин, происходящий, по различным версиям, от имени мифического прародителя казахов и других древних тюркских родов Алаша-хана. Искони этот термин был базовым понятием этнического единства, общеказахским девизом (ураном) и боевым кличем.

Появление движения, первой политической казахской партии Алаш и правительства Алаш Орды было не случайным явлением. Это был закономерный этап в многовековой борьбе казахского

---

---

народа за независимость. Выдвижению Алашскими лидерами идеи об образовании государства казахов способствовало получение рядом из них юридического образования в передовых российских вузах. Деятели Алаш были высокообразованными людьми, они владели несколькими языками. Бывшие деятели Алаш и представители казахской управленческой элиты, научной и творческой интеллигенции заложили фундамент казахской государственности. Они приняли активное участие в процессе определения границ и воссоединения казахских земель, прилагали все усилия для обеспечения целостности казахской территории.

Алимхан Ермеков, уроженец Каркаралинского уезда Семипалатинской губернии (ныне – Актогайский район Карагандинской области), выходец из средне-состоятельной семьи (отец и дед его в разное время были волостными правителями), был в когорте блестяще образованных и закончивших с золотой медалью учебные заведения России казахов. Еще в стенах Томского технологического института к студенту А. Ермекову пришло четкое осознание своего гражданского долга и предназначения. А. Ермеков в 1917 году ушел с пятого курса института, уехал в Семипалатинск, где сблизился с Алиханом Букейхановым [1].

Алимхан Ермеков был одним из самых молодых, деятельных и энергичных представителей Алашского движения. Ему, молодому и талантливому, А. Букейханов и А. Байтурсынов доверили высокую миссию отстаивания государственных интересов. Еще 19-21 марта 1918 года, по поручению А. Букейханова, в разговоре по прямому телеграфу с Лениным и Сталиным в Москве, А. Ермеков и Х. Габбасов поставили перед большевиками главный вопрос о признании целостности Казахской территории и создании автономии.

А весной-летом 1920 года, будучи членом Киргизского ЦИК (Центрального исполнительного комитета), Алимхан Ермеков делегировался в Москву с докладом «О положении Казахского края вообще, и по вопросу о границах, в особенности», с которым он выступал перед В.И. Лениным. Именно тогда, в процессе четырехмесячной кропотливой работы, вопреки мнениям многих других чиновников центрального аппарата, Алимхан Ермеков добился возвращения Казахстану очень важных территорий. Большевистский лидер поддержал тогда молодого А. Ермекова. Среди этих столь важных территорий, которые отстаивал А. Ермеков в ожесточенных спорах с представителями московского центра, Сибревкома, Астраханского губисполкома и других, особо следует отметить побережье Каспия (северный шельф), Акмолинскую и Семипалатинскую области. Сегодня нашему государству это обеспечивает добычу и владение запасами нефти и газа Каспийского шельфа, с чем в значительной мере связывается экономическое и политическое будущее суверенного Казахстана. В Акмолинской области располагается новая столица нашего государства.

Значительным и успешным результатом деятельности Алимхана Ермекова способствовали глубокое знание им вопросов права, истории этноса, экономической географии, редкое умение, несмотря на сравнительно молодой возраст (29 лет), убеждать оппонентов. В свое время талантливый поэт С. Торайгыров так охарактеризовал Алимхана Ермекова в своей поэме-посвящении лидерам Алаш:

*«Қазақта мұндай жігіт көрмедім деп,  
Ардақты қарт Потанин лепес еткен.  
... Меніңше, Ермеков деген бала,  
Ұқсайды ұшқыр қыран қаршығаға...»*  
(«Не встречал у казахов таких, -  
старик Потанин о нем говорил. -  
Молодой Ермеков хваток и прозорлив,  
как быстролетный и зоркий сокол...») [2].

Авторитет А. Ермекова среди народа и его лидеров был высок и признан. На следствиях по делу алашординцев многие подследственные отмечали, что «все алашординцы очень уважают Ермекова, и он является среди них очень влиятельным лицом, пользующимся большим доверием среди национальных деятелей. На вопрос, кто из населения больше любит Ермекова – бедняки, середняки или баи – они заявляли, что - всё казахское население» [3].

Алимхан Ермеков – человек-легенда. Он достойно вынес все испытания судьбы, сохранив жизненную стойкость и человеческое благородство. По ложным обвинениям в «контрреволюционной деятельности» он находился сначала два года под следствием во внутренней тюрьме НКВД КССР, затем, в 1938 г., был приговорен к длительному лагерному заключению. В 1947 г., отбыв 9 лет в Енисейлаге, что в г. Канске Красноярского края, вернулся в Казахстан, но 4 декабря 1948 г. был вновь арестован.

---

---

И еще 7 лет пришлось ему провести за колючей проволокой в городах Воркуте Коми АССР и Тайшете Иркутской области. Лишь в 1955 г. А. Ермаков был досрочно освобожден. Всего А. Ермаков находился под следствием и в заключении на протяжении восемнадцати лет. Однако и после официальной реабилитации в 1955-1957 гг. его имя долгое время было под запретом.

Алашские лидеры дают примеры нравственности, высоких порывов служения Отечеству, самопожертвования во благо народа. Алимхан Ермаков в числе других лидеров Алашской интеллигенции предостерегал о пагубных последствиях курса насильственной и ускоренной коллективизации.

Алимхан Абеуович позже вспоминал, что при освобождении из тюрьмы в 1932 г., после двухлетнего следствия и публикации в печати открытых заявлений М. Ауэзова и его, их в отдельности вызвал к себе начальник отделения ОГПУ и провел разъяснительные профилактические беседы. «Товарищ Ермаков, вы выходите из тюрьмы, будете общаться с народом, - начал он. – В городе, да и в стране в целом много проблем, не преодолена еще хозяйственная разруха...». «Хотя он не произнес, характеризуя трудную ситуацию в сельском хозяйстве, слова «голод», но обрисовал и без него известную нам катастрофичность положения народа, пытался по-своему агитировать, не пугаться этих вещей, - вспоминал Алимхан Ермаков в 1966 г. в своем интервью писателю Жаику Бектурову. - Я, прервав его, высказал фразу: «Значит, мы не ошибались, раз наблюдается такое положение». На что ГПУ-шный начальник язвительно ответил: «Волка сколько не корми, все равно в лес смотрит» [4].

А. Ермаков использовал средства печати для отстаивания национальных интересов.

Алимхан Абеуович печатал на страницах газеты «Казах» статьи об учебе казахских студентов в вузах Томска, оценивал эту национальную газету, печатный орган алашордынцев, как самую яркую и передовую газету своего времени, наподобие «Русских ведомостей». В 2013 г. исполнится 100 лет общенациональной газете «Казах» [5].

Сегодня Президент страны – Лидер Нации Н.А. Назарбаев поставил задачу перевода казахского языка на латиницу, при этом предложив исключить поспешные действия, значительно продлив процесс перехода до 2025 года. Алимхан Ермаков издал в 1935 г. на казахском языке (на латинской графике) учебник для вузов по высшей математике, а также словарь математических терминов. В те же годы другой выпускник Томского технологического института Каныш Имантаевич Сатпаев написал на латинской графике учебник математики, вскоре ему пришлось переводить его на кириллицу. В кратчайшие сроки казахские интеллектуалы, заботясь об образовании на родном языке и развитии казахского языка, могли приспособить национальные потребности к изменяющимся условиям.

Алимхан Ермаков внес значительный вклад как незаурядный ученый-организатор и яркий педагог. Он работал в 1917-1938, 1947-1948, 1955-1958 годах в различных вузах республики и страны: во вновь открывшихся - Казахском высшем педагогическом институте в Ташкенте, в Казахском государственном университете, а затем и в Казахском педагогическом институте, ветеринарно-зоотехническом, горно-металлургическом институтах в г. Алма-Ате, Куйбышевском плановом институте, Чимкентском технологическом институте строительных материалов, в последние годы - Карагандинском горном (позднее – политехническом) институте.

Не только А. Ермаков, но и представители рода Ермаковых внесли вклад в развитие науки и образования в республике. Так, сын Алимхана – Магавья (названный так в честь любимого сына Абая Кунанбаева), 1921 года рождения, в 1950 году с отличием окончил Алма-Атинский горно-металлургический институт, в 1957 году поступил в аспирантуру Казахского горно-металлургического института. В 1968 г. стал доктором геолого-минералогических наук, в 1970 г. – профессором, а в 1983 г. – членом-корреспондентом АН КазССР, а затем академиком НАН РК. Племянник Алимхана Ермакова - Мухсин Амирханович, 1914 года рождения, дипломированный металлург, кандидат технических наук, был первым директором Института металлургии и обогащения. Другой племянник - Муслим Амирханович закончил в 1930 году Тимирязевскую сельскохозяйственную академию в Москве. Работал в Институте животноводства Казфилиала ВАСХНИЛ, в 1961-1963 гг. был первым заместителем министра сельского хозяйства Казахской ССР, с 1963 по 1972 гг. – ректором Алма-Атинского зооветеринарного института. Он являлся членом-корреспондентом Академии наук Казахской ССР. Сын Муслима Амирхановича – Толеген Муслимович - посвятил себя горному делу, стал доктором технических наук, профессором, членом-корреспондентом НАН РК [6]. Внук Алимхана Ермакова – Олег Магавьянович, кандидат технических наук, - успешно начав работать в области геофизики, преподавал в Карагандинском политехническом, был начальником областного управления экономики, перешел в сферу образовательного бизнеса. Он вместе со своим сыном Адилем руководит образовательной

---

компанией «MaryAdieducation» в Великобритании, организующей по всему миру сеть языковых курсов. В Лондоне растёт трёхлетний праправнук Алимхана Ермекова – Даниал. Вся жизнь и деятельность Алимхана Ермекова - наглядный и достойный пример для определения личной позиции в наше непростое время. В Стратегии «Казахстан-2050» в числе других задач по формированию исторического сознания и патриотизма. Воспитанию гражданско-патриотических чувств и истинных нравственных ориентиров в полной мере служило бы присвоение имени выдающегося государственного деятеля, педагога Алимхана Абеуовича Ермекова учреждениям образования республики. Великие личности поколения Алаш были светочами для своей нации, они останутся немеркнущими символами высокого человеческого духа и служения Отечеству.

---

### Литература

- 1 Кыдыралина Ж.У. Алимхан Ермеков. – Алматы: Литер М, 2012. – С. 51.
- 2 Государственный архив Карагандинской области (далее – ГА КО) Ф. 1487. Оп. 1. Д. 222. Л. 40.
- 3 Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В трех томах. – Алматы: ФФЕл шежіресі, 2011. – Т. 2. – С. 157.
- 4 ГА КО. Ф. 1558. Оп. 1. Д. 72. Л.10, 23.
- 5 ГА КО. Ф. 1558. Оп. 1. Д. 72. Л. 76.
- 6 Грибанова Е.М. Семья Ермековых // Мир закона. – 2001. – № 4. – С. 32-36.

### Түйін

Мақала Алаш қозғалысы мен Алаш партиясы көшбасшыларының бірі, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасының құрылуы мен қазақ жерлерін біріктіруге белсенді қатысқан педагог және ғалым, қазақтың тұңғыш математика профессоры Ермеков Әлімхан Әбеуұлына (1891-1970 жж.) арналған.

Ол басынан көптеген қиыншылықтарды өткізді. Үш рет тұтқындалып, ГУЛАГ лагерінде барлығы 18 жылын өткізді. Алайда өмірлік беріктігі мен адамгершілік ізеттілігін сақтай отырып, ол барлық сынды лайықты өткерді.

Мақалада Ә. Ермековтің аласапыран жылдарындағы қызметі, Алаш қозғалысындағы, партиясы мен Алашорда үкіметіндегі рөлі туралы баяндалады. Ә. Ермеков большевиктердің көсемі В.И. Ленинмен келіссөздер жүргізуге белсене араласты.

Ә. Ермеков оқу-ағарту саласында еңбек етті, әсіресе жоғары білім беру мен ғылымға зор үлесін қосты, қазақ тіліндегі математика пәнінен оқулықтар мен оқу құралдар дайындады.

### Summary

The article is devoted to one of the leaders of Alash movement and the Alash party, member of the government of Alash Orda, bright and talented statesmen and public figure who actively participated in the creation of the Kazakh Autonomous Soviet Republic and reunification of the Kazakh lands, teacher and scholar, first Kazakh professor of mathematics Alimkhan Ermekov (1891-1970).

He had difficult period of life being arrested three times and spent 18 years in the Gulag camps. However, due to his persistency and durability he was able to overcome all the difficulties.

The article describes the role of Ermekov in the Alash Orda. A. Ermekov actively participated in the negotiations with the Bolshevik leader Lenin.

A. Ermekov worked in the educational field and made a great contribution to the higher education and science. He prepared books and textbooks on mathematics in the Kazakh language.

ӘӨЖ 94(574)

**С.О. СМАҒҰЛОВА**

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
директорының орынбасары, т.ғ.д.

**ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ЭНВЕР ПАША ЖӘНЕ  
ТҮРІКШІЛДІК ҚОЗҒАЛЫСЫ БАРЫСЫ**

**Аннотация**

Мақалада Орынбор қаласында А. Байтұрсыновтың басшылығымен 1913-1918 жж. аралығында шығып тұрған «Қазақ» газетіне жарияланған мақала, ақпарат және ғылыми әдебиеттердің негізінде Түркияның қоғам қайраткері Энвер (Әнуар) пашаның қоғамдық-саяси қызметі, Балқан соғысы барысындағы рөлі айқындалады. Автор қазақ даласындағы түрікшілдік қозғалысы мен оған қарсы патша үкіметінің қолданған саясатын мұрағат материалдарымен саралайды.

**Түйін сөздер:** баспасөз, газет, түрікшілдік, қозғалыс, ақпарат, Түркия, Балқан соғысы, Қара теңіз, паша.

XIX ғасырдың соңында шет мемлекеттерде қарқын алған түрікшілдік (пантүрікшілдік) қозғалысы XX ғ. басында Ресей қол астындағы отарлық езгінің тауқыметін тартқан мұсылман халықтарының азаттық қозғалысының өрбуіне елеулі дәрежеде ықпал етіп, кең түрде жайыла бастады. Бұл қозғалыстың басында болған Ю. Акчурин, Ә. Топчибашев, А. Ибрагимов, С. Мақсұдов секілді қайраткерлер түркі халықтарының мүддесін қорғау жолында әрекет етіп, бүкілресейлік мұсылман съездерінде бұл мәселелерді талдауға алып, іске кірісіп, тегі мен тілі, діні мен мәдениетін бір түркі-мұсылман туының астына біріктіруге тырысты.

Ресей империясы құрамындағы мұсылман халқына түркі жұртында болып жатқан оқиғалар қатты әсер етті. Сол елдегі өзгерістерді бақылай отырып, олардың жеткен жетістіктерін зор қуанышпен қабылдады. Түркияда басылып шыққан газеттер мен кітаптар қазақ даласына кең тарады.

Қазақ зиялылары да отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестің басты қадамдарын XX ғасырдың басында бастап баспасөз арқылы білдірген еді. «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы шықпай тұрып, қазақтың алдыңғы қатарлы азаматтары «Семипалатинский листок», «Уақыт» (Вакт) және тағы басқа басылымдар арқылы қоғам өміріндегі саяси ахуал, елдің тыныс-тіршілігі, рухани сала жайынан жазылған мақалаларын жарияласа, қазақ баспасөзі қалыптасуымен үкіметтің қатаң бақылауына қарамастан шешімін таппай келе жатқан әлеуметтік мәселелерге қатысты ой-тұжырымдарын батыл түрде білдіріп, осы басылым төңірегінде пікірталастар тудырып, халықты патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы саяси күреске жұмылдыра білді.

«Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан ұлт зиялылары ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, батыстық өркениет даму жолының бағытын ұстанса да, түркі жұртындағы өзгерістерді осы баспасөз арқылы насихаттап отырды.

Қазақ баспасөзінде көтерілген мәселелердің бірі – бұл Балқан соғысы. Балқан елдері мен Түркия арасында соғыс қимылы, әсіресе Түркия үкіметінің ішкі және сыртқы жағдайы, билік басындағы жас түріктер үкіметі мен оның басшыларының қызметі басылымның негізгі тақырыбына айналды.

XX ғасыр басында Түркияның қоғамдық-саяси өміріне етене араласқан қайраткерлердің бірі – Энвер (Әнуар) паша. 1903 жылы Стамбұлдағы генералдар штабы Академиясын аяқтаған, 1914-1915 жж. аралығында Осман империясы қарулы күштерінің министрі қызметін атқарған, 1921-1922 жылдары Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан қайраткердің саяси қызметі Түркия ғалымдарының ғана емес, Орта Азия мемлекеттерінің атап айтқанда, Қазақстан, Өзбекстан, Ресей ғалымдарының зерттеу нысанына айналып, әскери басшы ретіндегі рөлі түрлі тұрғыда бағаланып келді.

Энвер пашаның I дүниежүзілік соғыс жылдарындағы саяси күрес барысы жайында жазылған ғылыми еңбектер де баршылық. Оның тұлғалық қасиетіне қазақ ұлт зиялылары да өзіндік баға берген.

---

---

XX ғасырдың басындағы қоғамдық қызметі арқылы Қазақстанның еркіндігі жолында күрескен, бірақ Кеңес үкіметіндегі қызыл террордың нәтижесінде шетелге кеткен ұлт зиялысы Мұстафа Шоқай «Марқұм Энвер паша һақында есте қалғандардан үзінділер» деген естелік мақаласын Энвер пашаның қаза болғанының он жылдығына орай жазды. Энвер паша есімі тек түркі жерінде ғана емес, қазақ жұрты арасында кең таралғандығын: «Түркістандағы халық бұқарасының басым көпшілігі Әнуарға сенетін, оны өзінің ең жақын адамы санайтын. ... Ал Әнуар пашаны білмейтіндер жоқ десе де болатын», - деп жаза отырып, оның есімі Түркістан өлкесінде аңыз ретінде айтылатындығын келтірген [1, 288-289 б.].

Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы қызметі мен саяси көзқарастары сол кездің өзінде зерттеушілер тарапынан түрлі бағаға ие болып, көпшілік ғылыми әдебиеттерде «басмашылар көсемі», «пантүрікшіл» ретінде қарастырылып келді. Қазіргі кезде де Энвер паша туралы зерттеушілер арасында түрлі пікірлер туындап отырғаны рас.

Энвер патша қызметінің астары туралы соңғы кездер жарияланып жатқан еңбектердің көпшілігінде мұсылман ұлтының тәуелсіздігі жолындағы күрескер, Түркияның патриот азаматының бірі ретінде қарастырылуда. Қазақстандық зерттеушілер арасында Б. Баймаханов Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Энвер пашаның күрескерлік рөлін, оның саяси ой-пікірлері және әскери стратегиясын кеңестік жүйе тұсындағы мен соңғы кездерде жарық көрген әдебиеттерді салыстыра қарастыру негізінде айқындауға тырысты [2].

Әскери орта мектепті, лицейді, әскери жоғары оқу орнын аяқтаған Энвер паша Осман армиясындағы қызметінде генерал-майор дәрежесіне дейін өсіп, 1914 жылы қаңтарынан 1918 жылға дейін, яғни Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында қарулы күштер министрі болды. Әскери қайраткердің Балқан соғысы кезіндегі басшылық тұлғасын саралауда 1913-1918 жылдар аралығында ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсыновтың басшылығымен шығып тұрған «Қазақ» газетінің рөлі зор деуге болады.

«Қазақ» газеті «Сыртқы хабарлар» деп аталған арнайы бөлімінде оқырмандарын түрікшілер қозғалысымен, Балқан елдері мен Түркия арасындағы ұрыс қимылдарымен күнделікті таныстыруға тырысты.

Газет қазақ оқырмандарын бірінші санынан бастап сыртқы жағдайлармен хабардар етуді жоспарлағандықтан, Түркиямен соғысушы елдердің арасындағы хал-ахуалды сол қалпында жеткізіп отырды. «Түркия мен төре патшаның соғысқанын қазақтар да естіп жатқан шығар. Бірақ газета алып оқып отырғандарына болмаса, біреуден біреуге ауызбен айтқан хабарлардың ішіне айтушылардың сөзі қосылып, дұрыс-бұрысы араласып, әлгі хабар қазақ ішіне бара қоймайды. Сондықтан бұл соғысты басынан аяғына шейін баяндап айтып өткеніміз теріс болмас», - деп келтірілді. Түрікпен соғысып жатқан ұсақ патшалар дей отырып, түріктер өз күштеріне сеніп, еш дайындықсыз, ескі түрік, жас түрік болып өзара ұстасып, оның арты ескі түріктердің жеңіп, үкімет басындағы жас түріктерді ығыстырып, әскери уақыты бітті деп оларды таратқан кезде болғар елдері бас салғанын сезбей қалғандығын саралап көрсетті. Бұл жерде Түрік елінің қамсыз отыруы ішкі таластардың салдарынан екенін айқын келтірілді.

Түркияға Болғария, Сербия және Греция мемлекеттері соғыс ашатындықтарын 4 қазанда ескерткен. Бірақ жаудың күшін есепке алмаған түріктер 10 мен 11 қазанда шығыстағы Қырықкелісе, батыстағы Құманвадеден айырылды, 13 қазанда Сербия әскері Скопье қаласын алды, ал 16-19 қазанда Ергене суы бойындағы ұрыс барысында түріктер тағы да жеңіліске ұшырап, Шаталжа қорғанына тығылуға мәжбүр болған. Газет түріктердің әскер ісіне салғырттығы қазанның 26-да Салониктен айырылуынан, гректердің басып алуынан көрінгендігін жазды.

Түріктердің Шкодер деген қаласы қаратаулықтардың, Андрианопольды болғарлардың, Баниды гректердің қоршауында қалуы ішкі жағдайды ушықтырып, халықтың наразылығын тудырып, Кәміл пашаны уәзірліктен түсіріп, ал әскер басы Назым пашаны өлтіріп, билік басына жастүрікшілерді алып келді [3].

Жастүрікшілер 1908 жылы болған төңкеріс барысында сұлтан билігіне соққы беріп, үкімет басына келген болатын. Дегенмен олар Түркияны шетел тәуелділігінен құтқара алған жоқ, сонымен қатар елді демократиялау міндетін де жүзеге асыра алмады.

Ескі билік пен жастүрікшілер арасындағы тартыс ел арасында түрлі қауесеттерді таратты.

Мерзімді баспасөз беттерінде жұртты жаңылыстыратын ақпарлардың жариялануы қайсысының шын немесе жалған екендігін ажыратуға қиындықтар туғызды. Мұндай жағдайдың Түркияда кең түрде қанат жайып отырғандығын «Қазақ» газеті баса жазып, халық арасына тарап кеткен қарт түріктерді үкімет басынан тайдырған Энверді Назым пашаның адамдары атып өлтірді деген қауесеттің жалғандығын айтып, мұндай ақпардың тарауының бірден-бір себебі түрік әскерлерінің арасында абыржулық туғызу арқылы реті келсе бүлік шығару екендігін оқырмандарына түсіндірген.



---

Газетке жарияланған бұл хабар Стамбұлдағы Фатих Кәрімовтың хаты негізінде жарияланды [4].

1913 ж. 23 қаңтарындағы Энвер пашаның төңкерісінен кейін жастүрікшілер елдегі оппозицияға қарсы шығып, «Еркіндік пен келісім» (Хүррийет ве тиляф) ұйымының жақтаушысы Кәміл пашаны қызметтен өз еркімен кетуге көндірді. Бас уәзірлікке Махмұт Шевкет паша тағайындалып, министрлер кабинетін итихадшылар иемденді. Бірақ оның қызметі ұзаққа бармады. 29 мамырда Стамбұлда екі жас жігіт он оқ шығарып, оны атып өлтіреді. Осыған орай «Қазақтың» 9 маусымдағы санында «Махмұт Шевкет» деген көлемді мақала жарияланып, онда Түркиядағы «Жас түрік» партиясы мен оған қарсы партия арасындағы күрес барысында Стамбұлда уәзір Махмұт Шевкеттің қазақ табуы, Энвердің Балқан соғысына дейін әскери министр болып, 10 қаңтарда жас түріктер Кәмілді қуып, Назым пашаны өлтіріп, орнына оны ұлық уәзір қылып қойғандығын жаза келе, Энверді «аса өнерлі білгіш, ұлт үшін болған істерге жанын салған» адам ретінде көрсетті. Газет «Жас түрік» партиясының ең таңдаулы төрт басшысының барлығын айтып, оның қатарынан Ниязи бей, Ғали Қабыл бей, Махмұт Шевкетті және Энвер пашаны атаған. Алайда бұл төрт басшының алдыңғы үшеуі тартыс барысында қаза тауып, тек Энвер бей ғана қалып, жас түрікшілердің арасында беделінің жоғары болып отырғандығын келтірді [5].

Жалпы жастүрікшілердің саясатында бас назар ұлт мәселесі болған. Түркия тарихын жазған А.Ф. Миллер жастүрікшілер өздерінің революциясы алдында және революция кезіндегі доктринасы османшылық, бір сөзбен айтқанда Осман империясында бодандықта болғандарды бірыңғай осман ұлтына айналдыру деп көрсеткен. Бұл жерде ол жастүріктердің белгілі кайраткерлерінің бірі Жемалдың «Біз түрік саясаты емес, османдық бірлік саясатын жүргіземіз» деген сөзін негізге алған болатын. Ғалым жастүріктерді «пантүрікшілдік» жолына түсіп, Босфордан Алтайға дейінгі түркі халықтары арасында «түрікшілдік» идеясын насихаттаумен болғандығын да, тіпті Еуропа елдерінің арасында бұл идеяның тарауын қолға алғандығын да атап өткен [6, 20-21 б.].

Жас түрікшілердің үкімет басына келуіне Кәміл паша барынша кедергі жасап бақты. Ол опат болғаннан кейін газетте: «Кәміл пашаның үні өшіп, көзі жоғалғанына қуанғаны көп, жылағаны аз. Кәміл паша түріктің бас істерін басқарып тұрған кезінде түріктің ісін өткізумен болады. Түріктің мұнша әлсіреп, мұқалуына көп себеп болған адам еді. «Жас түріктер» ұлт ісін қолына түзетуге кіріскенде алалық шығарып, жұрттың шырқын бұзып, берекетін кетірген адам еді» деген хабарлама басты [7].

Махмұт Шевкетті өлтіруге қатысы бар деген 12 адам қолға түсіп, Баязид маңында дарға асылды. «Қазақ» газеті хабарлағандай, бұлардың арасында сұлтан Ғабдулхамиттің күйеу баласы Салих паша, үш офицер, бір жасауыл, қалғандары қара халық арасынан шыққандар еді. Стамбұлда да оның өліміне қатысты деген он адам ұсталып, өлім жазасына үкім етілген. Бұлардың арасында түркілерге есімдері мәшһүр Шариф паша, ханзада Сабахуддин, Рашид бейлер болған [8].

Газетке осындай хабардың басылуы қазақ жұртын бей-жай қалдырған жоқ. Оның үстіне патша үкіметі Түркия мен болғар, сербиялықтардың арасындағы соғыс барысында мұсылман халықтардың түріктерге қолдау көрсетуін қаламады.

Ресейдің жоғары оқу орындарында оқитын жастар арасында да түркі-мұсылман қозғалысы өрістеді. Түркі-мұсылман студент жастардың қозғалысы бұл кезде Петербургте ғана емес, империяның өзге де қалаларында қарқын алды. Мәселен, Киев қаласындағы түркі-мұсылмандардың студенттер белсенділік танытып, 1913 жылы Киевте мәжіліс өткеру мәселесін көтерген [9, 181-182 б.].

Ішкі Істер министрлігіне қарасты Полиция департаментінің Құпия бөлімі барлық губерния басшыларына, губерниялық жандарм басқармасына, Күзет бөлімдеріне жіберген құпия хатында Түркістан өлкесіндегі мұсылмандар арасында жаралы түрік әскерлеріне көмек ретінде ақша жинау, көмек көрсеткендердің аты-жөндерін «Түс» газеті жариялауды көздеп отырғандығы жайында хабар жіберген [10, 5 арт. п.].

1913 жылдың сәуірінде Жетісу әскери губернаторы облыстың барлық уезд басшылары мен Верныйдағы полиция басшына, облыстық іздестіру пунктінің меңгерушісіне жіберген бұйрығында да осы соғысқа байланысты мұсылман халықтары арасында орыс үкіметіне деген жаулық пиғылда болып отырғандығын айта келе, қырағы болып, тексеру жұмыстарын жүргізіп, мұны бастап отырғандарды анықтауды бұйырған [11, 1-3 п.].

Қазақ облыстарының әскери губернаторлары өз облыстарына қарасты уезд басшыларына Түркия мен Балқан соғысына байланысты елдің көзқарасын жіті бақылауды тапсырған. Осыған орай 29 сәуірінде Ақмола губернаторына Петропавл уезд басшысы подполковник Оссовскийден уезд қазақтарының арасында түріктерге деген ықыласының барлығы, оларға пантүрікшілдік идеяны Меккеге барып келген молдалар таратып жүргендігін айтқан, тыңшы агенттер ұстауға рұқсат сұраған мәлімдеме түскен [10, 49 арт. п.].

1913 ж. 28 қыркүйегіндегі «Әдемі» деген құпия агенттің мұсылман қозғалымына байланысты Стамбұлда құрылған «Таракион-Ислам» қоғамының Сібірдегі бөлімшесі Том қаласында екендігі және Уфа, Кунгур, Нижний Тагиль, Красноуфимск, Тобыл, Нуха, Ставрополь, Омбы, Гурьин, Горинде (Орал облысы) бөлімшелерінің барлығы, олардың басшылары Исмаил Ғаспринский (Бақшасарайда тұрады), Ибрагим Әбдірашидов (Константинопольде тұрады), көпес Құсайын Байбеков (Мәскеуде), Риза қазы Фахретдинов (Орынборда), Ғалымжан қазірет Ғалиев (қазақ), Жүсіп Дадашев (Баку) екендігін, «Таракион-Ислам» қоғамына Садық Оразбаев (Ташкент), Зәкір Вағапов (Пішпек), Закірия Садретдинов және Зиядин Камалов (Қазан), Хатаолла Хазратов (Петербург) сияқты мүшелерінің барлығы, мектеп, баспахана ашу арқылы түрікшілдік идеясын таратып отырғандығы мәлімдеген [10, 33 арт. п.].

Осы жылдың 15 қарашадағы мұсылман қозғалысына қатысты құпия агенттің Түркістан аудандық күзет бөліміне жіберген жазбасында «Таракион-Ислам» қоғамы өлкедегі мұсылмандардың түрлі қайырымдылық және ағартушылық қоғамдардың мүшелерін тартып жатқандығы, бұл қоғамның басында жастүрік қозғалысының басшыларының бірі шейх-ул-ислам Махмұт Асхадтың барлығы келтіріледі. Махмұт Асхадтың Ресейге келуінің себебі қоғамның бөлімдерін құру деп көрсетілді.

Осы мәселені талқылауға байланысты Әбдурашид Ибрагимовтың бірнеше рет Түркияға барып келгендігін, оны «Түрік жұрты» газетінің басшылығына қою мәселесі қарастырылып отырғандығын да айтқан. Бұл газетті жабық пакетпен Верныйда молла Жүсіп Ғабдолуәлиев алдырып, мұсылмандарды таныстырып отырғандығы хабардар етілді [10, 44 арт. п.].

Түрікшілдік идеясының қазақ даласына енуінен қорыққан патша үкіметі осылайша тыңшы агенттер ұстап, барлық жағдайды құпия түрде бақылауға алуға тырысты.

Патша үкіметінің жіті тексерісіне қарамастан «Қазақ» Балқан соғысының қимылы. Түркияның ішкі және сыртқы жағдайы туралы ақпарларды үзген жоқ. Мәселен, газеттің екінші санындағы Түркия мен Балқан соғысына байланысты жарияланған хабарда түріктердің 4 ірі қаласы: 1) Едірне (Адриано-поль) қаласын болғарлар 60 мың әскермен қоршауға алып, қамалдағы 30 мың түріктер қарсы шығып, күштерінің әлсірегеніне қарамастан шайқасып жатқандығын айтқан. Бұл жердегі соғыс қимылы жайында мынадай ақпар берді: «Едірне шаһары төрт жақтан дұшпан әскеріменен қамаулы болып, Түркия үкіметі әскер үшін азық, соғыс құралы, қару-жарақ кіргізе алмай тұр. Сөйтсе де Түркиядағы азық нәм құрал және екі айға жетерлік бар».

2) Стамбұлдан түстік жердегі Шаталжа мен Гелибелу маңайы. Шаталжада түріктердің 160 мың, ал Гелибуда 50 мыңдай әскери болып жаудың сондай шамадағы әскеріне қарсы шыққан. «Бұл соғыс басталғаннан бері Шаталжада түріктер жеңілген жоқ және бір адым шегінген жоқ. Әр күн болғарларды қамалдардан қуып шығып, аз да болса ілгері аттап бара жатыр.

Түріктер Гелибелу жағынан ілгері жүре беріп, болғар әскерінің артын орап алуға ойы бар», - делінді басылымда.

3) Соғыстың үшінші орны Шкодер шаһарының маңында өткен. Бұл жерде түріктер қаратаулықтармен ұрысқа түскен. Дегенмен күштің тең еместігі, 60 мың қаратаулықтарға қарсы 12 мың ғана түріктер төтеп беріп тұрғандығы айтылды.

4) Янина қаласын гректер қамауға алып, қаланы тас-талқан етуге әрекеттенген.

Жан жақтан қысқан соғыс қимылы жас түріктерді тұғырыққа тіреді. Бұл біріншіден, әскерлерге азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз ету болса, екіншіден, қазынадағы ақшаның таусылуы мұсылман елдерінен қарызға ақша сұрауға еріксіз мәжбүрледі.

«Қазақ» газеті түріктердің соғыс барысындағы жеңісі мен жеңілісін, адам, қаражат шығынын да келтірген хабарлармен оқырмандарын хабардар ете, мұсылмандардың жәрдем қолын созып, ақшалай көмек беруге жұмылдырды.

Газетте басылғандай, соғыс басталған кезде түріктерге сыртқы мұсылман халықтары қол созып, жәрдем беруге талпынған. Мысыр мұсылмандары бір жұманың ішінде 160 мың теңге ақша жинап берген. Жастүршілер үкіметі өз ішінен 10 млн сом ақша қарыз алмаққа бекінген [12].

Ауған мұсылмандары Пешавар қаласында соғыс жәрдеміне 120 мың сом ақша жинап, ақшаны Түркиядағы «Қызыл Ай» пайдасына жіберді [13].

Оқырмандарға түсінікті болу үшін газет Балқанда соғысып жатқан Түркия Болғария, Сербия, Греция елдері туралы толымды мәліметтер беруге тырысты. Түріктер жайында: «Түріктер осы уақыттан алты жүз жыл бұрын, XIII ғасырда Түркістанда болып, жауыңгер, мықты болған. Бұлардың әскері Қытай, Моғолстанда болып, неше рет оларды жеңіп, бірсыпырасын өзіне бағындырған», - дей келе, Қара теңіз бойын бағындырып, Чех, Моравия патшалығын алып, Болғар мен Сербияны, Албания халықтарын өзіне қаратып алғандығын, ұсақ патшалықтар түріктерге тәуелді болып келгендігін жазып, XIX ғасырға

---

---

дейінгі аралықтағы тарихымен таныстырады [12]. Энвер бейдің Балқан соғысындағы ұрыс қимылына кірісу барысы газеттің 16 шілдедегі хабарында айқын жазылды. «Балқан жайынан сөз көбейіп тұр. Көбінің рас-өтірігі жетіп боларлық емес. Қазіргі хабардың анығы түріктер Адрианаполь мен Қырықкелісені алыпты. Түрік әскерін Әнуар бек бастап, бір күнде 80 шақырым жер жүріп келіп кідірместен Адрианопольды, Қырықкелісені де алған», - деп келтірді хабарда [14].

Энвер пашаның түркі халықына даңқы Едірнені жаудан азат еткеннен кейін арта түсті. Ол әскери министр болып тұрған кезінде армияға қатарын қалпына келтіруге тырысты.

Балқан соғысына қатысушы елдер бір-бірімен бітім жасауға тырысты. Дегемен бұл бітімге түріктердің қатыстырылмауы олардың ашу-ызасын туғызды. Бітімде көрсетілген қалалардың жау қолында кетпеуін көздеген түріктер барлық күшті сол қалаларға қарай шоғырландыруға тырысты. Адрианопольге Энвер бей, Қырықкелісеге Фатхи бей комендат сайланып, Энвер паша 15 мың әскермен Адрианопольда мықты бекініс орнатты. Осыған орай газетке Энвер бейдің италян газетіне берген «Газетаңызға жазғыңыз келсе, біз Адрианопольден шықпаймыз, соны жазыңыз. Біз мұндамыз нәм осы қалыпта орнығып қаламыз. Керек болса құр сұлдеріміз қалғанға шейін өлімге даярмыз. Шеруіміздің ойлаған ойы, топшысы осы. Еуропа мұны біліп тұрсын», - деп берген сұхбаты да басылды. Энвер паша Адрианопольды алған кезде Стамбұлдағы шейх әл-Ислам Асфад әпендіге жеделхат (телеграмма) жіберіп, мешіттегі кресті түсіріп, оның орнына ай орнатылып, әскерлері алғаш рет намаз оқығанда қуанғандықтарынан еңреп жылағандығын қуана хабардар еткен [15].

Түріктер туралы жалған хабар жариялап дүние жүзіндегі дүйім жұрттышатастырып отырған француз, ағылшын газеті тілшілерінің Стамбұлдан қуылғаны да «Қазаққа» басылды [16].

Түркиядағы кейбір соғыс хабарларын «Қазақ» газеті Түркияда шығып тұрған «Тәржіман» газетінен алып басып отырды. Олардың тілшілерімен тығыз байланыс жасап, ұрыс барысы, ондағы халықтың ішкі жағдайы туралы мәліметтерді сол қалпында беруге тырысты.

1914 жылы наурызда Ресей мемлекеттік Думасы түркі-мұсылмандық саяси күштердің арасына іріткі салуға әрекеттенген болатын. Адрианопольді болғарлардың алынуы туралы хабарға Мемлекеттік Думадағы Болғарияға жақтас болғандар қуаныштарын жасыра алмай, 13 наурызда болған мәжіліс барысында Дума төрағасына «Адрианополь алынды» деген жеделхат тапсырылып, болғарларға құтты болсын деген желехат жолдау қажеттігі көтерген болатын. Бұған мұсылман депутаттары бірден қарсы шықты. Социал-демократ Шахейдзе мінбеге көтеріліп: «Сіздер славяндарға Адрианопольді алуына қуаныш көрсетеміз деп ең әуелі Думаның тіртібін бұздыңыздар. Дума бұл секілді көлденең даң-дұңның орны емес еді. Екінші, біздің партиямыз болғарларға қуаныш құттықтап телеграм беруге қосылмайды, оның үшін қан төгушілерді қуаттамаймыз. Біз үшін түрік жеңсін, болғар жеңсін бәрібір, тек кімде-кім қан төккен екен, біз оған қуанбаймыз», - деген еді. Мұсылман фракциясының төрағасы Құтлұғ Мұхамед Тевкелев те «біз олардың жауына жасалған қуанышты қошеметтей алмаймыз» деп ашық білдірді [13].

Қазақтың алдыңғы қатарлы ұлт зиялылары да түріктердің бас қалаларының болғар, серб, гректердің қол астына көшуіне наразы болды. М. Дулатов «Қазаққа» жариялаған «Адрианополь» деген мақаласында Адрианопольдың Стамбұлдан 90 жыл бұрын пайда болып, төрт патшалықты басынан кешірген, дамыған қалалардың бірі болғандығын айта келе, түріктер славян халықтарынан сабағын ұмытпай, қателерін түзеп, қатарға қосылудың қамын ойлар деп ой түзген [13].

Балқан соғысы түріктерге оңай түскен жоқ. Олар халық жағынан да, қаражат жағынан да үлкен шығынға батты. Бұл соғысқа алғашқы кездің өзінде «Қазақ» газетінде жазылғандай, Түркия 450 мың солдат шығарып, оның 100 мыңы өлген [17].

1914 жылдың басында Түркияның барлық билігі Энвер, Талаат және Жемалдың қолына көшті. Энвер бей әскери министрлікпен қоса Бас штабты да басқарса, ал Талаат ішкі істер министрі және онымен бір уақытта «Бірлік және прогресс» партиясының орталық комитетінің төрағасы, Жемал паша теңіз министрі және Стамбұл қаласының әскери губернаторы қызметтерін атқарды. Халықтың ғана емес, ұлттық буржуазияның негізгі тобының қолдауынан айырылған олар Германияның жағында Түркияны Бірінші дүние жүзлік соғысқа тартты. Сөйтіп, Түркия толықтай әскери жағдайға көшірілді. Энвер пашаның әскери министр болып келу көпшілік әдебиеттерде 1914 жылдың басы деп көрсетіледі. Дегенмен «Қазақ» газеті 1913 жылдың 31 желтоқсанындағы 44 нөмірінде оның соғыс министрі болғандығы жөнінде хабар жариялады. «Әнуар бек түріктің жер жүзіне белгілі адамдарының бірі. «Жас түрік» партиясының көсемі, білгіші, естісі, қуаты. 1908-нші жылы Әбдулхамиттан жұртқа құрдастық алғанда жанын пида қылып, іске кіріскен Ниязбек, Әли Қабылбек нәм осы Әнуар бек. 1909-ншы жылы Әбдулхамитті тағынан тайғызып, абақтыға көшірген тағы Әнуар бек. 1911-1912 жылы Тарабулус деген

---

---

түріктің күтінбеген, әскерін қоймаған жерін Италия оңай ала қоямыз деп соғыс бастағанда арабтарды жиып соғыс қылып, қару көрсетіп, Италия әскерінің талай мазасын кетіріп, түріктің абыройын көтерген Әнуар бек еді. Балқан соғысы басталған хабар ести сала Әнуар бек Түркияға қайтып келіп, түріктер жеңіліп, Кәмил паша Адрианопольды бермекші болып бітім жасайын деп тұрғанда, жанына біраз ғана содат пен офицерлер ертіп барып Назым пашаны өлтіріп, Садыр Ағзамды тұтқын қылып, үкімет ісін махмұт Шавкат қолына алып берген тағы Әнуар бек. Онан кейін Балқан патшаларының екінші соғысында бір күнде барып Адрианопольды алған тағы Әнуар бек. Әнуар бектің тірі жүргенін жаратпайтын дұшпан газеталары талай өлтіріп жазды. «Қай ауылға барсам да тамам ит өре тұра келеді, мен бір итті танымаймын» деген қасқыр сөзді осы Әнуар бектей адам туралы айтылған. Әнуар бек Берлинде көп тұрған. Германияда жақын адамдары көп. Генерал Сандерс Түркияға келуі де Әнуарсыз болмаса керек», - делінді газетте [18].

Ол әскери министр болғаннан кейін теңіз жағасында соғысқа қолайлы жерлердің бәріне қорған тұрғыза бастады. Қорған тұғызуға қазынадан бір жарым миллион жұмсалынған [19].

Энвер Түркия әскерінің қызметін екі жылға қалдырды. Бұлай істеуінің мәнісін «мемлекетте әскерлік ісін білген кісілерді көбейту» деп түсіндірген. Егер әскери қызмет үш жылға созылса, олардың шарушылығына зиян келтірілер деп, жаңа заң бойынша екі жылға қызметке алынғандарды жылына екі айға шаруасына көмекке жіберу мәселесін де қолға алмақшы болды. Әскери тәртіпті күшейтуде біріншіден, сауатсыз солдаттарды жазу-сызуға үйрету, екіншіден, сапасыз солдаттардың санын азайту, үшіншіден, бұрынғы орынсыз жұмсалған қаражатты казармаларды таза ұстауға, солдаттарды оқытуға, әскери іске машықтауға жұмсау қажеттігін көтерді [20].

Энвер паша «Арнайы ұйым» атты құпия барлау ұйымын құрып, сол арқылы түрікшілдік идеясын тарату арқылы ел бірлігін сақтап қалуға тырысты. Түркі зиялыларымен тығыз араласып, түркі-мұсылман халықтарының бір тудың астына біріктіруді көздеді.

1914 ж. 27 шілдесінде Осман империясы Германиямен келіссөз жүргізіп, нәтижесінде 2 тамызында екі ел арасында келісімге қол қойылды. Онда Осман империясына қауіп төнген шақта Германия оған еркін түрде қарулы күштерін көмекке жіберетіндігін, екі мемлекет Австрия мен Сербия арасындағы келіспеушілікті шешуге араласпай, толық тарапсыздық танытатындығы, Австрия мен Ресей соғысқан жағдайда, Германия Австрияға көмек беруге мәжбүр болса, Осман империясы соғысқа араласатындығы туралы келісілді.

Осман империясы I дүниежүзілік соғыстың бас кезінде өзінің тарапсыздығын танытатынын жария етсе де, тамыз айының алғашқы апталарынан басталған оқиғалар мен Германияның іс-әрекеті оны соғысқа араласуға мәжбүрледі. Себебі, Герман теңіз күштеріне тиесілі екі кеме – «Гебен» және «Бреслау» Антанта блогының теңіз күштері тарапынан қоршауға алынған соң, бұлар бұғаз арқылы Түркияны паналаған еді [21, 49-б.].

Антанта мемлекеті Түркияға осы екі кеме қайтару мәселесін қойды. Алайда түрік үкіметі бұл кемелерді өздері сатып алғандығын мәлімдеген болатын. Ал шындығында түрік жалауы желбіреген бұл екі кеме әскери басшылары да әскерлері де түркі киімін киген немістер еді. Екі кеме түрікше «Явуз» және «Мидилли» деп аталып, Энвер пашаның бұйрығымен адмирал Сушонның басшылығына көшіп, Қара теңізге шығып, 29-30 қазанда орыстың Одесса мен Севастополь қалаларын атқылауға қатысады. Бұл жағдай Ресей мен Антанта елдерінің Түркияға соғыс ашуына себепші болды [21, 50-б.]. Сөйтіп, Түркия 1918 жылға дейін жалғасқан I дүниежүзілік соғысқа араласып, жеті майданда соғысты.

«Қазақ» газетінде жазылғандай, Түркияда соғысқа алынбай қалған еркектердің іске шамасы келетіндердің барлығын еріксіз әскерге керек-жарақ даярлауға алған. «Стамбұлда ашылған Круп заводына кісі керек болса, ешкімді талғамай, кім болса соны апарып жұмысқа қосады, ерініп керенаулық көрсеткендерге дүре соғып, желкелеп апарған уақыттары болған. Завод ісіне олақ болғандарын қара жұмысқа жегеді. Мұныменен ғана қалмады: неміс инженерлері барлық өнер үйлерін өз қолдарына алып, соғыс керегі даярлауға қосты. Етікші, киім тігушілердің барлығы күні-түні әскерге етік, киім тігіп жатыр.

Көйлек-дамбал, басқа сол сол секілді нәрселерді тігуді қатындарға міндетті қылып берілді. Неміс офицерлері Стамбұлда бар үйдің есебін алды, әр үй бір шамада жара байлайтын шүберек даярлауға міндетті қылынды. Міне, сол ретпен еркектердің соғысқа жарағаны соғысқа алынды. Соғысқа жарамағаны ия бір өнер үйіне алынды яки қара жұмысқа жегілді. Үйінде қалдырылғаны да Голц пашаның планы бойынша соғысқа керекті бір затты істеп беруге міндетті қылынды», - делінді газетте.

Голц пашаның бұйрығы бойынша барлық түрік ері соғыс ісіне тартылуға тиісті болды. Ал жарамсыз деп саналғандары завод, өнеркәсіптерде жұмыс күші ретінде есептеліп, іскер бөлімдерін құрады.

---

---

Бұл іскер бөлімдері ор қазу, аран істеу секілді жұмыстарды атқару үшін оқтын-оқтын соғыс майданына жіберіліп тұрды [22].

Түркия халқының жаппай соғысқа тартылуы ел ішінде абыржулықтарды туғызды. Оның үстіне армия қатарында ірі өндіріс орындарына герман империалистерінің қожайындарының шексіз қысымшылық көрсетуі жергілікті халықты әбден титықтатып жебірді. Әр жерлерде гермен капиталистеріне қарсы бой көтерулері белең беріп, бірте-бірте де күшейе түсті. Бұл үкімет басында отырған жастүрікшілердің билігіне үлкен кедергі келтірді. Сондықтан жастүрікшілер үкіметі қатаң террор қолдануға жүгінді. Нәтижесінде ел ішінде үкіметке қарсы бой көтерілуілер басталды.

1918-1922 жж. Осман империясындағы ішкі тартыс барысында жастүрікшілер биліктен кетіп, оның лидерлері Орта Азияға кетті. Солардың бірі Энвер паша Орта Азиядағы басмашылық қозғалысқа қатысып, бір ұрыста қаза тапты.

«Қазақ» газетіндегі түрікшілдік қозғалыс барысы мен оның лидерлері жайында жазылған әрбір ақпарлар аса құнды деуге болады. Осы мәліметтер ХХ ғасыр басындағы түркі халықтарының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысуын саралайтын дерек болғандықтан ғылыми зерттеулерге тартылуы абзал.

---

### Әдебиеттер

- 1 Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1998. – Т. 1. - 512 б.
- 2 Баймаханов Б. Энвер паша және Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыс: – т.ғ.к. ... дисс. авторефераты. Алматы, 2010.– 26 б.
- 3 Сыртқы хабарлар // Қазақ. – 1913. – 2 февраль. – №1.
- 4 // Қазақ. – 1913. – 17 февраль. – №3.
- 5 Махмұт Шевкет // Қазақ. – 1913. – 9 июнь. – №17.
- 6 Миллер А.Ф. Очерки новейшей истории Турции. – М.: Политиздат, 1948. – 64 с.
- 7 Камил паша // Қазақ. – 1913. – 16 ноябрь. – №38.
- 8 Сыртқы хабарлар // Қазақ. – 1913. – 9 июнь. – №17.
- 9 Рүстемов С. Ресей империясындағы азаттық қозғалыс және түркі-мұсылман студент жастар // Отан тарихы. – 2005. – №3. - 179-184 б.
- 10 Омбы облыстық мұрағаты. 270-қ., 1-т. 393-іс.
- 11 ҚРОММ. 73-қ., 2-т. 2-іс.
- 12 // Қазақ. – 1913. – 10 февраль. – №2.
- 13 // Қазақ. – 1913. – 22 март. – №7.
- 14 // Қазақ. – 1913. – 16 июль. – №22.
- 15 // Қазақ. – 1913. – 31 июль. – №24.
- 16 Түркия хабарлары // Қазақ. – 1913. – 17 февраль. – №3.
- 17 Қыр баласы. Балқан соғысы // Қазақ. – 1913. – 15 август. – №26.
- 18 Сыртқы хабарлар // Қазақ. – 1913. – 31 желтоқсан. – №44.
- 19 // Қазақ. – 1914. – 9 ғинуар. – №45.
- 20 Ануар паша Һәм Түркия ғаскері // Қазақ. – 1914. – 24 май. – №63.
- 21 Мехмет Дервиш Кылынчкая. Түркия республикасының тарихы. – Алматы, 2012. – 200 б.
- 22 Стамбұлда // Қазақ. – 1915 – 22 июль. – № 142.

### Резюме

В данной статье исследуются некоторые проблемы тюркского движения начала ХХ века и общественная деятельность Энвер паши. Во многих трудах, опубликованных в последние годы, Энвер паша рассматривается как один из патриотов Турции и борец за независимость мусульман. На основе данных газеты «Казак» и других научных материалов автор раскрывает различные взгляды и мнения казахстанских деятелей на Балканскую войну, политическое положение Турции и Энвер пашу.

### Summary

In this article the author studied some problems of Turkic movement at the beginning of the XX century, and social activity of Enver Pasha. In many scientific works published in recent years, Enver Pasha is considered as one of Turkey's patriot and a fighter for Moslems' independence. The author reveals various points of view and opinions of Kazakhstani figures concerning to Balkan War, political position of Turkey, and Enver Pasha (basing on "Kazakh" newspaper's information and other scientific materials).

## АРХИВНЫЕ ИСТОЧНИКИ ПО ДИПЛОМАТИЧЕСКИМ ВЗАИМООТНОШЕНИЯМ РК

### Аннотация

Самая главная отличительная черта независимого государства – суверенная, самостоятельная внешняя политика. Казахская общественность постоянно дискутирует по вопросу о внешнеполитических приоритетах Казахстана, о необходимости многовекторности, о характере взаимоотношений РК с США, Россией, Китаем и другими странами. Чтобы глубже понять современные внешнеполитические процессы надо вернуться к ее истокам, к тому периоду, когда закладывались основы современного внешнеполитического курса. В данной статье отчетливо показан дипломатический курс по архивным материалам Центрального Государственного архива и Архива Президента РК в период становления внешне дипломатических отношений нашего государства, а точнее с 1991 по 1995 гг.

**Ключевые слова:** Казахстан, государство, правительство, Центральный Государственный архив, архив Президента Республики Казахстан, архивные источники, документы МИД РК.

Архивные источники по дипломатическим взаимоотношениям РК является одной из актуальных вопросов современного периода и представляют огромный интерес для исследователей. Из архивов Центрального государственного архива (ЦГА) и Архива Первого Президента РК (АП РК) при Казахском институте стратегических исследований было получено огромное количество материала по торгово-экономическим, политическим и культурным взаимоотношениям нашей страны с разными странами Дальнего и Ближнего зарубежья на начальном этапе становления дипломатических отношений нашего государства. Особенно в Архиве Президента РК накоплена обширная база архивных материалов, поделенная на определенные фонды и описи. Прежде всего, это материалы Аппарата Президента и Кабинета Министров РК и документы МИД РК. В основном хранятся документы, составленные или заключенные в первой половине 90-х годов XX в. Одним из таких фондов является Фонд № 5-Н Опись 1 дел постоянного хранения за 1992 г. Эти архивные источники были поделены на 2 подраздела. Первый включил документы о внешнеполитической деятельности со странами СНГ, а второй – документы о сотрудничестве со странами дальнего зарубежья. В первом подразделе представлены меморандумы, международные соглашения и документы о подготовке и проведении заседаний советов глав государств и правительств СНГ об организации материально-технического обеспечения, о взаимном экономическом и культурном сотрудничестве со странами СНГ, Балтии и Грузии. Во второй раздел вошли документы об итогах встреч глав государств и правительств, о присоединении Казахстана к международным Конвенциям, заключения международных экспертов по проблемам финансов и инвестиций, налогообложения в республике. Имеются документы о сотрудничестве с ФРГ в подготовке и повышении квалификации специалистов в области экономики, с международными структурами МВФ, Всемирный банк. В Отделе внешних связей сосредоточены документы о национальной внешнеполитической деятельности, о формировании валютного фонда Казахстана и его использовании. Имеются проекты и предложения международных финансовых организаций содержащие коммерческие обоснования затрат, результатов, обязательств и гарантий по предоставлению республике кредитов, а также документы по осуществлению республике кредитов, а также документы по осуществлению контроля за расходованием иностранных инвестиций и кредитов, об экспорте и импорте сырья, бартерных операциях в добытии и переработке промышленности, в сельском хозяйстве. Кроме того в разделе представлены документы о подготовке зарубежных визитов делегации Казахстана и встреч иностранных представителей в республике, о реализации межгосударственных договоров и соглашений.

Большая группа документов по торгово-экономическим отношениям условно разделены по географическим направлениям: со странами Европы и Америки; со странами Азиатско-Тихоокеанского региона. Среди них имеются документы, отражающие сотрудничество с иностранными фирмами, открытие совместных предприятий. Кроме того в опись вошли отчеты Министерства торговли, Таможенного комитета, Министерства внешнеэкономических связей, Казвнешэкономбанка, МИД

---

---

о развитии сотрудничества с учреждениями зарубежных стран. Документы отдела культуры и межнациональных отношений освещают государственную политику в сохранении межнационального согласия, по охране и защите культурных ценностей, СМИ в условиях перехода к рыночной экономике. Имеется большой комплекс документов о ходе выполнения правительственных постановлений по культуре, об увековечении памяти лиц, внесших вклад в историю, науку, культуру.

Документы отдела политического анализа освещают составные вопросы реализации международных обязательств РК по поддержанию международной безопасности, контроля над вооружениями, укрепления мер доверия раскрывающих сотрудничество с такими международными организациями, как ООН, НАТО, ОБСЕ, СВМДА, МАГАТЭ. Интерес представляют и документы о социально-политической обстановке в отдельных государствах СНГ, о принятых мерах по стабилизации обстановки и прекращения вооруженных конфликтов в Приднестровье, Нагорном Карабахе и т.д.

В мае 1992г. Республика Казахстан стала членом ЮНЕСКО и получила возможность принимать участие в ряде крупных международных акций (тегеранском конгрессе по культурному и научному сотрудничеству в Азии, и региональных конференциях комиссии стран Европы и Азии и др.) и программ (международная программа ЮНЕСКО подготовки в области планирования образования и администрирования и др.). Казахстан принял участие в долгосрочной комплексной программе ЮНЕСКО «Великий шелковый путь – путь диалога», под эгидой ЮНЕСКО было подготовлено и проведено празднование 150-летия со дня рождения Абая Кунанбаева. Все эти мероприятия также отражены в документах МИД.

В Отделе по делам СНГ имеются документы о создании СНГ, установлении и развитии двусторонних и многосторонних отношений, активизации интеграционных процессов среди государств-участников СНГ, об участии Казахстана в работе Исполнительного Секретариата в Совете Глав государств в СНГ, документы о подготовке и проведении встреч и итогах визитов государственных и политических деятелей, справочно-информационные документы, о внутривосточной, социально-экономической обстановке, внешней политике России, государств Средней Азии, Украины, Белоруссии, Молдовы, Закавказья, Балтии.

В международном отделе сосредоточены тексты выступлений Президента РК и тезисы к ним на международных совещаниях, конференциях, в Конгрессе США, на приемах ФРГ, Франции, Японии, информации об установлении и развитии политических, экономических, культурно-гуманитарных и других отношений между РК и странами Западной и Восточной Европы, Азиатским, Азиатско-Тихоокеанским регионом и документы об участии РК в работе ЕС, о решении проблем немцев, проживающих в Казахстане. В отделе сконцентрированы документы об установлении дипломатических отношений РК с Грецией, Боснией, Герцеговиной, ФРГ, Швецией, Австрией, Англией, Италией, Нидерландами, Францией, Канадой, Мексикой и т.д. В этой связи представляют огромный интерес архивные фонды принадлежащие Управлению стран Америки и Европы. К таким документам, прежде всего, относятся записи бесед министров иностранных дел с дипломатами других стран. Например, запись беседы министра и зам. министра иностранных дел РК с официальными лицами Французской Республики, с сотрудниками Посольства Франции в РК за 1992 г. (со 2 марта по 7 октября) на 7 листах [1]. Данный позволяет проследить за процессом двусторонних консульских взаимоотношений, подведения некоторых итогов торговых связей, обсуждение и решение совместных перспективных вопросов и проблем.

В ходе беседы Министра иностранных дел РК Т. Сулейменова с Государственным секретарем по Внешним делам Французской республики господином А. Вивьеном было замечено, что между двумя странами следует развивать, прежде всего, культурные отношения. Относительно торгово-экономических отношений собеседник отметил, что французская сторона заинтересована в защите инвестиций, арбитраже, в Конвенции о налогах, чтобы избежать двойного налогообложения. Французской стороной подготовлены проекты. Он отметил, что многие фирмы желают сотрудничества с Казахстаном [2].

Во время беседы с Послом Франции Б. де Фуко был обсужден ряд вопросов:

1. Использование ядерной энергии в мирных и военных целях. По данному вопросу было установлено, что Казахстан направил от имени Премьер-министра заявление о вступлении в МАГАТЭ и был готов заключить соответствующее соглашение с этой международной организацией относительно постановки под ее контроль мировых ядерных объектов на территории Казахстана;

2. Относительно приезда в Алматы в мае 1992 г. французского посла для создания консультативной помощи по вопросу государственного устройства, создания Национальной школы администрирования;

3. О предоставлении Посольству Франции исключительного права на приобретение здания для

---

---

резиденции Посла. По данному вопросу было установлено, что возможна только долгосрочная аренда (до 99 лет). Одновременно был поставлен вопрос о взаимности предоставления помещений под Посольство РК в Париже [3]. Данный документ официально закрепил согласованные политические и экономические интересы обеих стран. Из ряда документов об установлении и развитии двухсторонних отношений между РК и Республикой Польша за 1992 г. на 11 л. [4] видно, что Правительство Польши 27 декабря 1991 г. признало РК в качестве суверенного государства и поддержало готовность двухсторонних межгосударственных отношений на основе уважения Устава ООН и обязательств, вытекающих из Хельсинкского Заключительного Акта Совещания по безопасности и сотрудничеству в Европе и Парижской Хартии для Новой Европы. Но самое главное это установление дипломатических отношений выражающихся в установлении экономического, торгового и культурного сотрудничества, а также обмене своими представительствами в ранге Чрезвычайных и Полномочных послов. [5].

Из архивных материалов установлено, что МИД Республики Польша принимает предложение МИД РК о проведении в Алматы переговоров по проектам договора о добрососедском сотрудничестве между двумя государствами, соглашения о взаимной охране мест и памяти о жертвах войны и репрессий, консульской конвенции, а также по вопросам открытия в Алматы Посольства Республики Польша в РК.

Чрезвычайный интерес представляет свод архивных дел содержащих документы двусторонних отношений между РК и ФРГ в сентябре 1992 г. на 68 л. [6]. Особо следует выделить два документа - «О ходе выполнения соглашений с ФРГ» (22.09.93) и «Соглашение между Правительством ФРГ и Правительством РК о поощрении и взаимной защите капиталовложений». Первый документ был составлен в ходе визита Н.А. Назарбаева в ФРГ в сентябре 1992 г.

По данному документу были осуществлены следующие мероприятия:

1. Подписан договор между РК и ФРГ о поощрении и взаимной защиты капиталовложений подписанный в Бонне 22 сентября 1992 г. Ратифицирован Верховным Советом РК 29 января 1993 г.;
2. Создана казахстанско-германская межправительственная комиссия по экономическому сотрудничеству;
3. По согласованию с германской стороной подготовлен пакет инвестиционных проектов на общую сумму 1050,62 млн. долл. США;
4. В рамках германской кредитной линии Министерством промышленности предоставлено 48 инвестиционных проектов;
5. Германская сторона предложила заключить следующие соглашения:
  - 1) Между Федеральным Министром экономики ФРГ и Министром экономики Казахстана об использовании вторичного сырья;
  - 2) Соглашение между Правительством РК и Правительством ФРГ о культурном сотрудничестве;
  - 3) Соглашение между Правительством РК и Правительством ФРГ об уходе за военными могилами;
  - 4) Соглашение между Правительством РК и Правительством ФРГ о взаимной помощи при стихийных бедствиях или крупных авариях;
  - 5) Соглашение между Правительством РК и Правительством ФРГ об отправке германских учителей в казахстанские школы;
  - 6) Принятие Верховным Советом РК закона «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» [6].

Второй документ - «Соглашение между Правительством ФРГ и Правительством РК о поощрении и взаимной защите капиталовложений» экономически подкрепил двусторонние дипломатические связи. В данном документе были оговорены двусторонние права, обязанности и гарантии. Например,

1. Обе стороны были обязаны на своей территории прививать и способствовать осуществлению инвестиций граждан или Компаний других;
2. Обе стороны были обязаны не наносить ущерб случайными или дискриминационными мерами управлению;
3. Обе стороны были обязаны создавать условие для инвестиций, принадлежащих или контролируемых гражданами или компаниями других договаривающихся сторон; и т.д. В общем, данное Соглашение, подписанное в 1992 г. между Правительствами РК и ФРГ, было продлено на 15 лет с датой его подписания [7].

Чрезвычайный интерес представляют некоторые документы ЦГА. В архиве существует целый фонд материалов посвященных непосредственно культурным взаимоотношениям Казахстана с другими странами в начале 90-х годов XX столетия. Это фонд, посвященный деятельности Казахского общества по культурным связям с соотечественниками за рубежом «Отан». Данные этой организации позволили изучить характер и взаимные интересы двусторонней и многосторонней дипломатии нашей страны с зарубежными



---

---

государствами. Например, Соглашение о культурном сотрудничестве между Государственным комитетом КазССР по культуре и Министерством культуры Турецкой республики [9] закрепило двусторонние интересы обоих государств в области науки, культуры и искусства. Согласно ему, стороны ежегодно стали проводить на взаимной основе Дни культуры и искусства; открыли в обеих столицах (в Алматы и Анкаре) культурные центры и, на взаимной основе ежегодно организуют в своих странах Недели кинофильмов. В целом, данное соглашение охарактеризовало тенденции взаимного сотрудничества между нашими странами с 1990 по 1992 гг.

Но это еще не весь перечень архивных источников, а только небольшая часть, посвященная начальному периоду становления и развития дипломатических связей нашей Республики. Архивная база весьма обширна и разнообразна. Особый интерес представляют документы МИД за 1993-1995гг. Они объединены в один фонд и по составу и содержанию, представляют достаточно полную информацию о деятельности внешнеполитического ведомства Казахстана.

По составу и содержанию архивные документы МИД делятся по следующему принципу:

1) Документы Исполнительного (Общего) секретариата являются источником информации о повседневной работе в сфере внешней политики. Основной комплекс документов – переписка МИД с Президентом Республики Казахстан, Аппаратом Президента, Кабинетом Министров, Парламентом, министерствами, ведомствами, научными и общественными организациями Республики Казахстан, с МИД зарубежных государств, посольствами Республики Казахстан за рубежом, посольствами зарубежных государств в Алматы, в Москве, странах СНГ и др, по всем вопросам, входящим в компетенцию внешнеполитического ведомства;

2) Ведущее управление стран СНГ и Балтии. В этом разделе сосредоточены документы о создании Содружества Независимых Государств, установлении и развитии двухсторонних и многосторонних отношений, активизации интеграционных процессов среди государств – участников СНГ, участия Казахстана в работе Исполнительного Секретариата и Совета Глав Государств СНГ, документы о подготовке, проведении и итогах взаимовизитов государственных и политических деятелей, официальных делегаций и лиц всех независимых государств Содружества, справочно-информационные документы о внутривнутриполитической, социально-экономической обстановке, внешней политике России, государств Средней Азии, Украины, Белоруссии, Молдовы, Закавказья, Балтии;

3) Документы Ведущего Управления стран Европы разделены на два комплекса: отдел Западной Европы и отдел Восточной Европы. В отделе Западной Европы сосредоточена информация об установлении и развитии политических, экономических, культурно-гуманитарных и др. отношений между Республикой Казахстан и Бельгией, Великобританией, Данией, Италией, Люксембургом, Норвегией, Финляндией, ФРГ, Швецией, Швейцарией и др., документы об участии Республики Казахстан в работе Европейского Союза, о деятельности Казахстанской ассоциации бывших узников фашизма, о решении проблем немцев, проживающих в Казахстане, о подготовке, проведении и итогах взаимовизитов государственных и политических деятелей, представителей деловых кругов Республики Казахстан и стран Западной Европы, о реализации межгосударственных соглашений и договоренностей и другие. В отделе Восточной Европы сконцентрированы документы об установлении и развитии двухсторонних отношений между Республикой Казахстан и государствами Западной Европы: Республиками Албания, Болгария, Венгрия, Польша, Румыния, Словакия, Словения, Хорватия, Социалистической Федеративной республикой Югославии, документы о подготовке, проведении и итогах взаимовизитов государственных и политических деятелей этих стран, участия казахстанских делегаций в международных конференциях и совещаниях, информационно-справочные документы о внутривнутриполитической обстановке, основных направлениях внешней политики государств Восточной Европы, переписка по широкому кругу вопросов;

4) Достаточно полную информацию об установлении и развитии дипломатических отношений, расширении политического, экономического, культурно-гуманитарного, научного сотрудничества между Республикой Казахстан и странами Америки можно получить в разделе Управления стран Америки, это записи бесед государственных деятелей, Министра иностранных дел, уполномоченных лиц МИД республики Казахстан с государственными деятелями, послами, представителями посольств США и Канады в Алматы, с неофициальными лицами США и Канады, документы о деятельности казахстанско-американского Совместного Комитета делового развития, Корпуса Мира США в Казахстане, о подготовке, проведении и итогах взаимовизитов государственных, политических и общественных деятелей, представителей военных ведомств, о подписании совместных документов и их реализаций, справочно-информационные документы о внутривнутриполитической и экономической обстановке, внешней политике США и Канады, развитии казахстанско-американских отношений.

---

---

Богатую информацию о расширении межгосударственных отношений представляет переписка МИД и Посольства Республики Казахстан в Вашингтоне. Отношения между Республикой Казахстан и странами Латинской Америки в 1992-1995 годах носили «поверхностно-ознакомительный» характер, поэтому на постоянное хранение были оставлены лишь переписка между МИД Казахстана и посольствами стран Латинской Америки в Алматы и Москве.

Внешняя политика Казахстана на азиатском континенте 1993-1995 годах характеризуется особой активностью, что и нашло яркое отражение в отобранных на хранение документах. Раздел Управления стран Азии делится на четыре подраздела: Отдел Китая, отдел стран Дальнего Востока (Япония, Республика Корея, КНДР, Монголия, к этому региону также отнесена Австралия), отдел Южной Азии (Индия, Пакистан), отдел Юго-Восточной Азии и стран Тихоокеанского региона (Бруней, Малайзия, Сингапур, СРВ, Тайланд). По составу и содержанию это документы об установлении дипломатических отношений, развитии политических, экономических, гуманитарно-культурных и торговых связей, о создании системы коллективной безопасности в Азии по модели ОБСЕ, об участии Республики Казахстан в региональных форумах, конференциях, совещаниях (совещание в Алматы по мерам доверия и безопасности в Азии, Токийская конференция по оказанию помощи Новым Независимым Государствам и др.), документы о подготовке и проведении взаимовизитов глав государств и правительств, государственных и политических деятелей, представителей деловых кругов, информационно-справочные документы о внутренней и внешней политике, экономической обстановке в странах азиатского региона.

Однако это лишь малая часть накопленных документов. Архивный материал по данной теме чрезвычайно огромен. Дипломатические двусторонние и многосторонние отношения нашей республики весьма разнообразны. И в рамках одного доклада невозможно охватить весь объем существующего материала. Поэтому данная тема имеет широкий потенциал и требует дальнейшего исследования.

---

### Литература

- 1 АП РК. Ф 75 – Н. Оп. 1. Д 80. Л. 13-07.
- 2 АП РК. Ф 75-Н. Оп. 1. Д. 80. Л. 1.
- 3 АП РК. Ф 75-Н. Оп. 1. Д. 80. Л. 6-7.
- 4 АП РК. Ф 75-Н. Оп. 1. Д. 86.
- 5 АП РК. Ф 75-Н. Оп. 1. Д. 86. Л. 4-5.
- 6 АП РК. Ф 75-Н. Оп. 1. Д. 81. Л. 1-4.
- 7 АП РК. Ф 75-Н. Оп. 1. Д. 81. Л. 5-6.

### Түйін

Тәуелсіз мемлекеттің ең басты ерекшелік сипаты – егеменді, дербес сыртқы саясат. Қазақстандық қауымдастық елдің сыртқы саяси басымдылықтары, көпқырлы саясаттың қажеттілігі, Қазақстанның АҚШ-пен, Ресеймен, Қытаймен және басқа елдермен қарым-қатынастарының мәні туралы мәселелер бойынша үнемі пікірталастар жүргізеді. Қазіргі заманғы сыртқы саяси үрдістерді терең түсіну үшін оның түп-қайнарларына, қазіргі сыртқы саяси бағыттың негізі қалана бастаған кезеңге оралу қажет. Берілген мақалада ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағаты және Президенттік Мұрағатының деректері бойынша біздің мемлекетіміздің сыртқы дипломатиялық қатынастары қалыптаса бастаған кезеңдегі, дәлірек айтқанда 1991-1995 жж. аралығындағы дипломатиялық бағыты анық көрсетілген.

### Summary

The most important and exceptional feature of independent state is sovereign and independent external policy. Kazakh society always discusses the issues on Kazakhstan's external policy priorities, such as the necessity of multiple vectors, the nature of relations between Kazakhstan, USA, Russia, China and other countries. In order to get a deeper understanding of modern external-political processes, it is necessary that we go back to its roots and to the period when the basics of modern external-political course were being formed. The given article clearly shows the diplomatic course on archive materials of Central State archive and the Archive of President of Republic of Kazakhstan in the period of formation of external and diplomatic relations of our country from 1991 till 1995.

**Ә. СҮЛЕЙМЕНОВА**

ҚР Президенті Мұрағатының Жеке қорлар басқармасының  
бас сарапшысы, т.ф.к.

**ҚАЗАҚСТАН КП ОК ЖАНЫНДАҒЫ ПАРТИЯ ТАРИХЫ  
ИНСТИТУТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕКЕ ҚОРЛАРЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ\*  
МҰРАЛАРҒА ШОЛУ**

**Аннотация**

Мақалада ҚР Президенті Мұрағатына сақтауға алынған Қазақстан КП ОК Партия тарихы институтында ұзақ жылдар қызмет атқарған С. Бейсембаев, Х. Сейітқазиева, А. Байшин, М. Қозыбаев сияқты белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің жеке қорларындағы эпистолярлық мұраларға – хаттарға шолу жасалды. Эпистолярлық мұраға шолу жасау арқылы адами қарапайым қарым-қатынастардың негізінде құрылған мемлекеттік деңгейдегі мәселелердің шешілу жолдарын табу қарастырылған және аталған хронологиялық мерзімдегі алып мекеменің тыныс-тіршілігінен де хабар беретін деректер ғылыми айналымға түсірілуде.

**Түйін сөздер:** Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты, жеке қор, Қазақстан КП ОК Партия тарихы институты, ғылыми басылымдар, эпистолярлық мұра, дерек.

Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатындағы жеке қорлар – еліміздің кеңестік, тәуелсіздік кезеңдерін қамтитын дереккөздердің жиынтығы (коллекциясы) болып табылады. Жеке қорлардың құрамындағы хат алмасулар көптеген қорлардың басым бөлігін құрайды. Хат дегеніміз көне заманнан адамдардың қарым-қатынас құралдарының бірі болған, қазақ даласында ауыздан ауызға тарау арқылы, суыт хабарды жеткізуші жаушы, арнайы хабаршы секілді түрлері, жазбаша хат-хабар алмасу ежелден бері серік болып келе жатқан дүние. Мұрағаттың мемлекеттік сақтау қорларындағы хат алмасуларды ғылыми айналымға енгізу құжаттарды ғылыми жариялау секілді мұрағаттың негізгі қызметтерінің бірі ретінде дәстүрлі түрде жүзеге асырылып келеді. 1996–2012 жылдар аралығында Мұрағат қызметкерлерінің ғылыми басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдары, ғылыми конференцияларда баяндамалары мен хабарламалары Мұрағаттағы орталық билік органдары қорларының құрамындағы хат алмасулар кеңінен пайдаланыла отырып түрлі тақырыптарда жарияланып келеді. Атап айтқанда, Е. В. Чиликованың «Письмо из 44-го» мақаласы [1], Р. Қ. Қанғожиеваның «Жеңісті жақындатқан хаттар» [2], Е. М. Грибанованың «Послесловие к «Письму пяти» [3], «Грешное письмо партийцев» [4], «Письмо, определившее судьбу» [5] мақалалары мұрағат қоймаларындағы хаттардың белгілі бір бөлігіне шолу жасалады.

Эпистолярлық мұраның әдебиет зерттеушілері, тарихшылар, мұрағат қызметкерлері назарынан тыс қалмағандығын көптеген басылымдар да айғақтайды. Б. Бұлқышев [6], М. Әуезов [7], М. Шоқай [8], І. Омаров [9] және т. б. қазақтың нарқасқа тұлғаларының эпистолярлық мұрасы арнаулы жинаққа топтастырылып, түсініктемелерімен, алғысөздермен жан-жақты ғылыми анықтамалық аппараттармен жабдықталып жарияланып та үлгерді. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының құжаттары негізінде дайындалған, С. Байжановтың басшылығымен жарық көрген екі кітаптан тұратын «Алаш мирас» жинағында Б. Момышұлы мен Е. Исмаиловтың өзара жазысқан хаттары тұңғыш рет ғылыми айналысқа енгізілген болатын [10].

Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты елбасына есепті мемлекеттік органдардың тұрақты сақталатын және жеке құрамдағы құжаттарын қабылдап, есепке алып, мемлекеттік сақтауды жүзеге асырады.

Мұрағаттың құрамында мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірбаяндық, қызметтік деректерінен, қоғамдық-саяси қызметін айғақтайтын құжаттарынан тұратын 100-ге жуық жеке тектік қорлар қалыптастырылған.

Жеке тектік қорлардың басым бөлігін номенклатуралық тізімдегі партия-кеңес қайраткерлерінің құжаттары құрайды. С. Құбашев, М. Бейсебаев, Т. Жангелдин, С. Боранқұлов және т. б. мемлекет және

\* Эпистоляр – ежелгі грек тіліндегі «epistole» «хат» сөзінен шыққан. Жеке сипаттағы хаттың жариялануы.

---

қоғам қайраткерлерінің жеке тектік құжаттары кеңестік Қазақстан тарихын дерекөздермен толықтыру барысында берер көмегі мол болмақ. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдарында егемендіктің қалыптасуы мен нығаюына өзіндік үлестерін қосқан М. Оспанов, О. Дымов, А. Шамен, З. Федотова сынды қайраткерлердің құжаттары Қазақстан Республикасының Ұлттық Мұрағат қорындағы маңызды деректер қатарында болуы сөзсіз.

ҚР Президентінің Мұрағаты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің, тәуелсіз еліміздегі сыртқы саясат, халықаралық қатынастар саласының ұйымдастырылу тарихының дереккөздерін жинақтауды қолға алған. Жеке тектік қорлардың қатарында М. Есенәлиевтің, Т. Сүлейменовтің, А. Арыстанбекованың, Б. Тайжанның және т. б. тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатын қалыптастыруда еңбек еткен тұлғалардың құжаттарының болуы бұл тұрғыдан заңды да.

Жеке қорларда сақталған эпистолярлық мұралар, күнделіктер, қолжазба шығармалар ғылыми қауымның назарын аударып отыр. «Ауызша тарих», «Халық мұрағаты», «Күнделікті тарих» терминдерінің де ғылыми айналысқа түскеніне де біршама уақыт болды. Аталған тарихтың негізгі іргетасы жеке тұлғалардың өмір жолы мен қызметіне байланысты пайда болған құжаттардың арқасында қаланады. Экономикалық өзгерістер мен стратегиялық зерттеулердің негізінде жасалған тарихтан гөрі бүгінгі таңда аталған құбылыстарды жасауға атсалысқан жеке тұлғалардың өмірі мен қызметіне қызығушылық артуда.

Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтында әр жылдары қызмет еткен тұлғалардың бірнешеуінің жеке қорлары жасақталып, құжаттары ғылыми сараптаудан өткізілді. Қазіргі таңда аталған мекеменің басшысы қызметінде 1961–1964 жылдары болған Т. Жангелдиннің, 1964–1979 жылдардағы директоры С. Бейсембаевтың, 1955–1970 жылдары кіші, бас ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген Х.Ф. Сейітқазиеваның, 1954–1981 жылдары кіші, жетекші, бас ғылыми қызметкер, партия құрылысы секторының меңгерушісі қызметтерін атқарған А.А. Байшиннің, 1958–1974 жылдары жетекші ғылыми қызметкер, институттың ғалым хатшысы, Қазақстандағы партия құрылысының тарихы секторының меңгерушісі болған М. Қозыбаевтың жеке қорларының құжаттары негізінде жоғарыда аталған институттың мұрағат қорларында бейнеленуіне, олардың эпистолярлық мұраларында институттың дамуы, қызметіне қатысты деректерге шолу жасау мақсатында жоғарыда аттары аталған тұлғалардың жеке қорлары сарапқа салынды. Институтта көп жылдар басшылық қызмет атқарған Б. А. Төлепбаевтың жеке қорының құжаттары қазіргі таңда қабылдап алынып, ғылыми анықтамалық өңделу үстінде. Өкінішке орай жеке қор иелерінің құжаттары, оның ішінде эпистолярлық мұралар арасында институтқа қатысты құжаттар аз болғандықтан, тіптен кездеспегендіктен институт қабырғасында қызмет еткен тұлғалардың жеке басына қатысты тұрмыстық, күнделікті өміріне қатысты хаттарымен қатар мемлекет дамуы, институттың әр жылдары атқарған қызметіне байланысты деректерді ғылыми айналымға енгізуге талпыныс жасалды.

Академик, тарих ғылымдарының докторы С.Б. Бейсембаевтың жеке қоры Мұрағатқа 2004 жылы 1 қазанда оның қызы Шәріпова Надия Серікбайқызының өтініші негізінде қабылданып, ғылыми сараптау нәтижесінде 1933–2005 жылдар аралығындағы 69 істен тұратын тізімдеме құрастырылды [11, 6 п.]. Ал эпистолярлық мұрасына келсек, Серікбай Бейсембайұлының туыстарына, полктас жолдастарына арнап жазған хаттары 32 парақтан тұратын 2 істен тұрады, ал оның қызметі туралы тарауда С.Б. Бейсембаевқа әріптестерінің, редакциялардың, баспалардың басшыларының жазған хаттары 23 парақтан тұратын екі іске топтастырылған. С. Бейсембаевтың қорындағы хат алмасулар КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының одақтас республикалардағы филиалдарымен тығыз қарым-қатынас жасалғандығын көрсетеді. 23-істе Қырғызстан, Литва республикалары, Ленинград обкомының, Мәскеу қалалық комитеті [12, 1, 4, 5, 8 п.], филиалдарының хаттарында өздері шығарған баспа өнімдерін жібергендігі, «Вопросы истории КПСС» журналына жарияланатын мақалалар туралы және т. б. көрсетілген.

2025 жылы қолданысқа енетін латын графикасын Қазақстан 1929–1939 жылдар аралығында пайдаланғаны белгілі. С. Бейсембаевтың майдан даласынан туыстарына жазған хаттары латын қарпінде қазақ тілінде жазылған. Серікбай Бейсембайұлы анасын, бауырлары Махмет, Қуандық, Раукеш, Нұртай, Майдеш, Бақыт, Шарбан деп атап өтіп, олардан әрқайсысы жеке өздері хат жазуларын сұрайды. «Сендердің жазған сөздерің біз сияқты фронтта-соғыста бұршақтай жауып тұрған оқтың астында, әрине қиыншылықтың неше түрлісін көріп, өз жерімізді сақтап қалу үшін күзетте, ұрыста еске алмай жүрген жауынгерлерге өте үлкен күш береді. Сондықтан хатты үздіксіз, жиі және толық түрде жазып тұрыңдар» [13, 4 п.]. «Раукеш отличница екен, мұнысы жақсы, осылай оқысын. Соғыстан соң сый әкелемін. Жақсы оқысын» деп елдегі туыстарын жігерлендіріп, қайраттандырып қояды [13, 10-п.].

«Ал мені ойлап өздерің жүдемеңдер, денсаулықтарыңды сақтаңдар. Апам қайғырып қартаймасын, менің бауырларымды, племянниктерімді жақсылап өсірсін» деп жазады 1943 жылғы 7 қазанда. [13, 12 п.]. Қазақстан КП Алматы облыстық комитетінің партия мұрағатының меңгерушісі қызметін атқарған Хасиба Ғаббасқызы Сейітқазиеваның өтінішімен 2005 жылы 20 қазанда оның жеке қорының құжаттары қабылданып, 1912–2002 жылдар аралығындағы құжаттардан тұратын тізімдеме құрастырылды.

Хасиба Ғаббасқызы Сейітқазиева Орал облысында 800 метр биіктіктен парашютпен самолеттен секірудің тұңғыш тәжірибесі он алты жасында үлесіне тиген белсенділердің бірі. 1938 жылғы облыстық жастар ұйымының органы «Комсомол ұрпағы» газетінің 8 наурыздағы нөмірінде рабфак түлегі жас ақын Хаби Сержановтың «Хасибаның әкесіне хаты» деген ұзақ өлеңі басылып шықты. Бұл кезде Хасиба ұшқыш болуды армандайтын. Тиісті орындарға өтінішін де жазып жібергенімен, бұл ойы арман күйінде қалды. Сол кезде Алматыда жоғары лауазымды қызмет атқарып жүрген Мұташ Дәулетқалиев ұсталып, түрмеге қамалған еді. Тек М. Дәулетқалиевтың ағасы емес, көптен көрмеген нағашысы екенін және Хасибаның таңдаулы оқушылардың бірі екенін ескерген рабфак басшылары оның оқуын жалғастыруына мүмкіндік берді [14, 7 п.].

Қазақстандағы кеңестік әйелдер қозғалысының ірі өкілі, алғашқы комсомол қазақ қыздарының бірі, Коминтернде лауазымды қызмет атқарып, аты аңызға айналған Алма Оразбаеваның өмірбаянын бірізге салып, іздеу салушы Хасиба Сейітқазиева болатын. КСРО Сыртқы істер министрлігімен, Саратов, Орал облыстық партия мұрағаттарымен КСРО, ҚазКСР МҚК мұрағаттарымен Алма Оразбаева мен оның жолдасы И.Д. Каширин туралы мәліметтер беру туралы жазысқан хаттары Х. Сейітқазиеваның жеке қорында сақталған [15, 1–12 пп.].

Өмірінің соңы қайғылы аяқталған Алма Оразбаеваның өлімі туралы нақты деректердің болмауынан Х. Сейітқазиева Азаматтардың хал актілерін тіркеу мекемелерінің мұрағаттарына да іздеу салып, хаттар жазған, Орал, Жамбыл облыстық кеңесі атқару комитеттерінің Азаматтық хал актілерін жазу бөлімінің Х. Сейітқазиеваның салған сұрауына жазған жауаптары соның дәлелі.

1966–1990 жылдар аралығында жазылған бұл хаттарда А. Оразбаеваның қайтыс болғандығы туралы деректердің табылмағандығы айтылады [15, 2,3 п.].

Саратов облыстық комитетінің партия мұрағаты А. Оразбаева туралы деректердің табылмағандығын айта келіп, ол туралы мәліметті Орал облысы Орда ауданы Орда ауылындағы Орда тарихи-революциялық музейінен іздестіруге кеңес береді [15, 10 п.]. Осындай деректерді сарапқа салып Х. Сейітқазиева большевик қыз Алма Оразбаеваның өмірбаянын бірізге салушы, оның ізін жоқтаушы ретінде тарих бетінде қалып отыр.

Ресми органдармен қатар Хасиба Сейітқазиеваның жеке қорында туған-туыстарының, дос-жарандарының құттықтау хаттары, жеделхаттары сақталған. «Хаға», «Кага» деп еркелете, өзіміне жазылған хаттар мен арнаулардан, құттықтау хаттан «қазіргідей сезімтал, мұқият», «Туысты басқаратын қолбасшысы, Қиын іс оңай сәтте шешіледі, Тұрғанда Қасибадай кеңесшісі», «Туған жері Хағаңның Нарын құмы, мал-жанына басшысы жайлы жері, Шығай, Жәңгір хандары сол Нарынның, Мәдениет пен білімге жетеледі» деген оның жақсы қасиеттері, жағымды қырларын көрсететін жылуға, сүйіспеншілікке толы жолдарды оқуға болады [16, 2, 3, 10, 11 п.]

1954–1981 жылдары ұзақ уақыт Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтында кіші ғылыми қызметкерден партия құрылысы секторының меңгерушілігіне дейін көтерілген Ағзам Әубәкірұлы Байшиннің жеке қоры 1920–2002 жылдарды қамтитын 46 істен тұрады. Ағзам Әубәкірұлына жазылған хаттар 4 іске топтастырылып жинақталған [17, 5 п.].

Ол КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының басшылығымен құрастырылған «Партия – организатор братского сотрудничества народов СССР в условиях развитого социализма» атты ұжымдық монографияға Қазақстан тарапынан автор ретінде қатысқан [18, 2 п.]. Аталған монографияны дайындаушы негізгі мекеме КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Украина филиал, А. Байшинге «Партия – организатор братского сотрудничества народов в создании материально-технической базы коммунизма» деп аталатын 4 тарауы бекітілген. Бұл жөнінде жоғарыда аталған құзырлы мекеме 1975 жылы 17 қаңтарда жіберген хатымен қазақстандық филиал басшылығы мен Ағзам Әубәкірұлын хабардар етеді. Авторлық ұжымның алғашқы жиналысы Киев қаласында 1975 жылғы 5-6 наурызда өткізілетін болып жоспарланды [18, 3-4 п.] . 4 тарау 3,5 баспа табақты құрады, 1975 жылғы 9 қаңтардағы нақты жұмыстар жоспары бойынша институттың кітапханасы бойынша – Лаврушина мен Исамбаева, А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханада Т. Тілеуов пен Г. Өтепов, ҒА ғылыми кітапханасында Р. Куватова тараудың библиографиясы құрастыру үшін монографияларды, брошюларды журналдық және ғылыми

---

---

мақалаларды, бүкіл Кеңестер Одағы бойынша шығатын ғылыми журналдар мен конференциялардың материалдарын қарауы тиіс болды. Жарияланған дереккөздер бойынша нақты материалдар жинау және тақырып бойынша материалдарды өңдеу Р. Куватова, Т. Тілеуов және Г. Өтеповқа жүктелді, және олар республика мұрағаттарынан құжаттар жинау үшін іссапарларға шығуы тиіс болды. Бұл жұмысқа басшылық жасау А. Байшинге тапсырылды [18, 13 п.].

А. Байшиннің жеке қорындағы «Одақтас республикалардағы әріптестерінің, достарының А.Ә. Байшинге іскерлік ынтымақтастық, жұмыстарды рецензиялау және т. б. туралы жазған хаттары» деп аталатын іске 26 хат тіркелген. КОКП Марксист-ленинизм институтының одақтас республикалардағы филиалдарының қызметкерлерінің А.Ә. Байшинге жазған хаттарынан бір орталыққа бағына отырып, өз елдерінің коммунистік бағытта дамуын жан-жақты зерттеумен айналысқандығы аңғарылады. А.Ә. Байшинге деген ыстық ықыластарын хат арқылы жеткізе отырып, олар өздерінің күнделікті тұрмысын, отбасылық жағдайларын әңгімелейді, алға қойып отырған шығармашылық-ғылыми жоспарларымен бөліседі, баршаға ортақ қиындықтарды талқылайды, жариялаған еңбектерге талдаулар жасап, пікірлерін айтады. И. Икрам деп қол қойған хат иесі «Сіз тек тарихшы ғана емес, көркем сөздің шеберісіз» деген атақ береді [19, 1 п.].

Көптеген хаттарда сол замандағы тауар тапшылығының сызы білінеді. 1960–1970-жылдардағы хаттарда жарқын болашаққа деген сенімділік пен коммунизм құру жолындағы жалынды еңбек ету ұраны тұрса, 1985 жылдан бастап күнделікті тұрмыстағы қиындықтар ашық жазыла бастады. Тбилиси қаласынан хат жазып тұратын әріптесі кешірім сұрай отырып, почтамен тон салып жіберуді өтінеді [19, 40-41пп.]. Мазаншвили бұл хатында диссертация қорғау үшін кезекте тұрғандығын хабарлаған болса, 1986 жылғы 13 шілдеде жазған хатында өзінің табысты қорғағандығын, диссертациялық кеңес мүшелерінің барлығының жақтап дауыс бергендігін айта келіп, кешкі салтанатты ас үстінде А. Байшиннің құттықтау жеделхатын тамаданың оқып бергеніне өзінің аса қатты қуанғандығын айтып, шексіз алғысын білдіреді. [19, 45 п.]

Жоғары оқу орындарында қызмет атқаратын әріптестерінің бірі И. Аразкулиев Ашқабат қаласындағы, Түркімен КСР-індегі әлеуметтік-саяси жағдайларға тоқтала келіп, өзі басқаратын кафедрадағы оқытушылардың орта жасы 50-ден асқандығын, ғылым жолындағы жастардың өте аз екендігін баяндайды, студенттерді биылғы жылы мақтаға алмайтын шығар деп үміттенеді. Бұл хат 1985 жылы жазылған. [19, 43-44 пп.] Академик, белгілі тарихшы ғалым М.Қ. Қозыбаевтың өзінің ресми тұлғаларға, Ө. Сұлтанғазин, З.А. Алдамжаровтың отбасыларына, немересі Алмасқа арнап жазған хаттары 5 іске топтастырылған. Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың жеке қорындағы хат алмасулар арасынан немересі Алмасқа жазған хаты ұрпақтар сабақтастығының үлгісіндей. «Жас келді, өзіміз жас болып қана емес, ата болып үлгірдік. Немерем Алмас әкемнің, атамның суреттерін көрсетіп, бұлар кім? – деп сұрайтынды шығарды. Бірде олар қайда ұйықтап жатыр, жер астында төсегі бар ма деп сауал қойып, өзімді тығырыққа тіреді. Төрттен бес жасқа кеткен оған түсіндіріп бағамын, ә дегенмен де әлі жас қой, айтқаным жете бермейтіндей көрінеді. Сондықтанда балам, саған өзім жазып кетейін, өзің айтқандай, «өскенде жігіт болғанда» оқып түсіне жатарсың» деп жеті беттен тұратын ұзақ өмірбаяндық естелік хат болашаққа арналған [20, 3 п.]. «Ертең есейіп, ер жеткен кезде олардың есімдерін мақтанашпен атап, ел көзіне жасқанбай қарауыңа болады, балам, дей келе, әз атаң Қабаштай Азамат болсаң, мен бақыттымын, Алмастай!» деп аяқталады [20, 7 п.].

Академик 1995 жылғы 5 қыркүйекте Қостанай мелмекеттік университетінің ректоры З. Алдамжаровқа жазған хатында «ең алдымен ғылымға келер, келген жастарды қолдау керек, тарихи зерттеулердің деректемелік негізін жасау да кезек күттірмейтін іс, үшіншіден, облыстардың энциклопедияларын жасаса, көптеген тарихи тұлғалар өз бағасын алып, тарихта хатталар еді» деп толғақты мәселелерді көтереді. [21, 1 п.].

Ө. Сұлтанғазин мен оның жұбайына арнап жазған хатында елдегі қоғамдық-саяси жағдайларға тоқталып өтеді, ғылыми ортаның соңғы жаңалықтарымен бөліседі. «Ел аман. Күйзеліс одан әрі тереңдеді. Не көп партия көп, қор (фонд) көп. Қайсы елді, халықты ойлап жатқанына көзің жетпейді, көкірегің сенбейді-ақ. Депутаттыққа (жаңа, босаған орындарға) Серікболсын Әбділдин мен Шайжүнісов таласып, қолдау арқасында соңғысы өтті» [21, 2 п.].

Тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымында өзіндік орны бар академик М. Қозыбаевтың өз сөзімен айтқанда: «... зиялы кейіпкердің қаракеті мен әрекетіне жан тебіренісі, оның ой-өрісінің даму заңдылығы, тұлғаның заманасы, ортасы концептуалдық проблема болып қаралуы орынды сияқты. Бұл арада тек тарихшы болу жеткіліксіз сияқты. Көркем әдебиетпен тарихи одақ құрып, тұлғаның тек кәсіби өнерін ғана емес жан дүниесін, тебіренісін, көзқарасын, адамгершілік рухын, адамның пәнделік

---

---

болмысын, қуанышы мен ренішін, махаббаты мен қасіретін жан-жақты ашқанда ғана шығарма қаһарманы толыққанды бола алады». [22, 4 б.]. Бұл айтылған қасиеттерді ашуда эпистолярлық мұраның алар орны ерекше.

«... хаттарды оқып отырғанда әдеби шығармаларда, естеліктерде, баспасөзде жарияланған мақалаларда айтуға болмайтындай құпиялы жайттердің өзін, хат арқылы білдіретінін аңғару қиын емес. Осы тұрғыдан қарастырғанда хаттар дегеніміз зерттеуге лайық өз алдына бір жанр (эпистолярлық) деп тұжыруға да болады. Бұлай дейтініміз жазысқан хаттары арқылы әйгілі адамдардың ішкі жан-дүниесін, болмыс-бітімін, оның нақты тұлғасын тереңірек білуге хаттардың көмегі зор болмақ. Өйткені олардың айтылмаған сырлары, ашылмаған құпиясы хат жолдарында өрнектеліп, олардың адам ретінде қандай болғанын, шынайы мақсаты мен мүддесі, арманы, күйініші мен сүйініші, өкініші, өмірге, саясатқа деген көзқарасы да бүкпесіз ақтарыла айтылады. Мұны ешқандай естеліктерде, әдеби шығармаларда, ие болмаса мақалаларда қамтылмайтын, шынайы ақиқатты көрсететін нақты құжат деп тануға болады. Осы тұрғыдан қарастырсақ, хатты өз алдына жеке жанр деп зерделегеніміз жөн болар» [23, 80-86 б.]. Бұл пікірді журналист Қ. Боқаев Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ мәдениетінің жанашыры атанған І. Омаровтың хаттары жинақталған құжаттар жинағы туралы сараптама мақаласында келтіреді.

Кеңестік Қазақстан тарихында Коммунистік партияның жүріп өткен жолы мен жасампаз еңбегін тарихи тұрғыдан бағалап, жинаумен айналысқан алып мекемеде әр жылдары қызмет атқарған азаматтардың жеке қорлары кеңестік тарихнаманы жазу мен дереккөздерді топтастыруға берер пайдасы ұшан теңіз. Эпистолярлық мұра ретінде қарастырылатын хат алмасуларға жете көңіл бөліп оны келешекте жинастыру мәселесі кезек күттірмес қалыпта. Сонымен қатар заман ағымына орай үшбу хат жазысып, хал сұрасу, жаңалықтармен бөлісу сияқты қарым-қатынас түрі технологияның дамуына сай электрондық тасымалдауға ауысқаны құпия емес. Жеке қорлардың құрамындағы эпистолярлық мұралар негізінен алғанда кеңестік дәуірдегі қайраткер тұлғалардың құжаттарынан кеңінен орын алады. Жеке қарым-қатынасты көрсетіп, өн бойына адамгершіліктің, ізгіліктің рухын байлаған хабарламалар өткен күннің еншісіне айналып үлгерді. Келешек ұрпақ үшін алдыңғы толқын ағалардың салып өткен жолымен қатар, қалдырып кеткен мұрасы да қашанда қастерлі болуы шарт.

---

### Әдебиеттер

- 1 // Пятница. Приложение к «Казахстанской правде». – 1996. – 14 июня.
- 2 // Ақиқат. – 2000. – № 5. – 26–29-бб.
- 3 // Казахстанская правда. – 2003. – 16 мая.
4. // Позция. – 2003. – 1 июля.
- 5 // Казахстанская правда. – 2005. – 31 мая.
- 6 Булкишев Б. Жизнь принадлежит нам. – Алма-Ата: Жалын, 1985. – 368 с.
- 7 Ауэзов М. Письма родным и близким. – Алматы: Білім, 1997. – 56 с.
- 8 Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық. – Алматы: СаҒа баспасы, 2006. 1-том. – 424 б.
- 9 Илияс Омаров: Хаттар арқалаған сырлар. Из переписки Ильяса Омарова. – Алматы: Раритет, 2012. – 480 б. және т. б.
- 10 Алаш мирас. Құжаттар жинағы. – Алматы: Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық архивтерінің ақпарат-баспа орталығы, 1993. – 157 б.
- 11 189-НЛ-қ. 1-т. Тізімдемеге алғысөз. 6-п.
- 12 189-НЛ-қ. 1-т. 24-іс.
- 13 189-НЛ-қ. 1-т. 10-іс.
- 14 204-НЛ-қ. 1. т. 11-іс.
- 15 204-НЛ-қ. 1. т. 7-іс.
- 16 204-НЛ-қ. 1. т. 6-іс.
- 17 192-НЛ. 1-т. Тізімдемеге алғысөз.
- 18 192-НЛ. 1-т. 15-іс.
- 19 192-НЛ. 1-т. 13-іс.
- 20 192-НЛ. 1-т. 20-іс.
- 21 192-НЛ. 1-т. 19-іс.
- 22 Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 540 б.
- 23 Боқаев Қ. Эпистолярлық жанрдағы ұлтжандылық немесе хат дегеніміз – ақиқат айғағы // Ақиқат. – 2012. – № 12.

## Резюме

В статье сделан обзор эпистолярного наследия бывших сотрудников Института истории партии при ЦК КП Казахстана: академиков С. Бейсембаева, М. Козыбаева, кандидатов исторических наук Х. Сейтказиевой, А. Байшина, хранящегося в составе их личных фондов в Архиве Президента РК. Эпистолярное наследие рассматривается автором как источник изучения истории Казахстана советского периода через призму человеческих взаимоотношений.

## Summary

In this article the author reviewed the epistolary heritage of former employees of Institute of History of Party at Central Committee of the Kazakhstan's Communist Party (Academics S. Beysembayev, M. Kozybayev, candidates of historical sciences Kh. Seitkazyieva, A. Bayshin) stored in their personal funds at the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan. The epistolary heritage is considered by the author as a source for studying Kazakhstan's

ӘӘЖ 930.2

**А.А. ОРАЛОВА**

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының  
ғылыми қызметкері, әлеуметтік ғылымдар магистрі

### **АЛЬБОМ-КІТАПТАРДЫҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (XX ғ. 20-30 жж.)\***

#### **Аннотация**

Мақалада автор тарихи дерек және мәдениеттің ерекше жемісі ретіндегі фотоқұжаттардың ерекшеліктерін қарастырады. 1920-1930 жж. фотосуреттердің деректі иллюстрация немесе өнер туындысы ғана емес, оқиғаны күрделі бейнелік баяндау қызметін атқаратындығы туралы пікірлер қалыптасты. Соның ішінде, көрермен қауыммен байланыс орнатуда фотоколлаж, фотосерия, фотокітап секілді жаңа формалары ерекше қызығушылық туғызды. Мақалада фотоқұжаттар кешенінің бір түрі - альбом-кітаптарға назар аударылады. XX ғ. 20-30 жж. Қазақстан тарихы бойынша альбом-кітаптарды деректанулық сыннан өткізу, ғылыми айналымға енгізу талпыныстары жасалады. Автор фотоқұжаттарды деректік мәліметтері бойынша талдай отырып, оларды қоғамдық-саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы фотоқұжаттар тобына жіктейді. Фотоқұжаттар мен сызба-суреттердің дербес тарихи дерек тобы ретіндегі ерекшеліктері мен мазмұнын айқындайды.

**Түйін сөздер:** дерек, фотоқұжат, альбом-кітап, тарихи факт.

Тарихи деректер кешенінің бір тобы фотоқұжаттар мен альбом-кітаптардың ерекшелігі - олар кез-келген тарихи кезеңнің шынайы бейнесін айқындауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңдағы деректану, құжаттану мен мұрағаттану саласындағы өзекті мәселелердің бірі - фотоқұжаттар кешенінің бір түрі альбом-кітаптарды зерттеу, ондағы фотоқұжаттарға ғылыми талдау жасау, тарихи оқиғалар мен үрдістерді зерттеуде қолдану, фотоқұжаттардағы ақпаратты ғылыми айналымға енгізу.

XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеуде сол кезеңдерде жарық көрген еңбектердің, нақтылай түскенде, зерттеу объектісіне алынып отырған 1920-1930 жылдары жарық көрген альбом-кітаптарды қарастырудың маңызы зор. Альбом-кітаптардың басты құндылығы - бұл еңбектер сол тарихи уақыттың нақты туындылары болғандықтан, ондағы ақпараттар сол заманның тынысынан хабар береді. Фотоқұжаттар үрдіс немесе оқиғаның шынайы жүзеге асып жатқан сәтін тіркеу қабілеті бар деректердің бейнелеу типіне жатады. Тарихи фактінің оқырмандық жағын көрсете отырып, фотоқұжат оқиға немесе фактінің өте ұсақ бөлшектерін қамтиды, болып өткен оқиғаны маңызды тұстарын тіркейді. Фотоқұжаттар үрдіс немесе оқиғаның шынайы жүзеге асып жатқан сәтін тіркейді және болып өткен оқиғаның маңызды тұстарын тіркейді, түрлі тарихи және әлеуметтік-мәдени маңызы бар фактілерді қамтиды. Фотоқұжаттардың ең көнелері XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кездеріне тән, негізінен тұрмыстық, көріністік суреттер. Өз дәуірінің деректі куәсі ретінде бұлардың құндылығы күн санап арта түсуде.

\* Мақала ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты 0070/ҒФ «Қазақстан тарихы кинофотоқұжаттарда (XX ғ.)» (жетекшісі Х.М. Әбжанов) гранттық жобасы бойынша дайындалған.



---

Фотоқұжаттарды талдауда фотосуреттерде кездесетін ілеспе мақалалар, очерктердің болуы деректің мазмұндық жағын айқындауда маңызды роль атқарады. Мәселен, әсіресе альбом-кітаптарда осындай маңызды ілеспе мақалалар кездеседі.

Деректанулық міндеттерден және ұлттық мұрағатта сақталған фотоқұжаттар кешенінен шыға отырып, осы жанрлық қалыптасулардан альбом-кітаптарда кездесетін төмендегідей фотоқұжаттардың түрлерін атап көрсетуге болады: қоғамдық-саяси сипаттағы деректі фотоқұжаттар; экономика, мәдениет пен ғылымның түрлі салаларын сипаттайтын деректі фотоқұжаттар; фотоочерктер; түрлі мөлшердегі суреттерді қамтитын, бір тақырып бойынша фотоқұжаттардың сериясы; портреттер (ресми, репортаждық); көркем фотосурет түрлері (пейзаждар, фотоэтюды). Ең көпшіліктік жанрлардың бірі - портреттер болғандықтан, оның негізгі міндеті - тұлғаның, замандастың бейнесін мінез, ішкі дүниесі мен қызметінің ерекшеліктеріне дейін ашып көрсету [1]. Альбом-кітаптар немесе оларда жинақталған фотоқұжаттарды талдау, баға беру, сипаттама жасау, деректанулық сыннан өткізу олардың тарихи дерек ретіндегі ерекшеліктерін нақты айқындауды қажет етеді. Сонымен бірге, осы құжаттардың ерекшеліктерін анықтау мәселесі әлі де толық зерттелмеген даулы мәселе болып табылады. Тарихи дерек ретіндегі фотоқұжаттардың ерекшеліктері құжат мәнін айқындауда басты негізге алынады.

XX ғасырдың басында жарық көрген альбом-кітаптардың бірі - К. Рамзиннің құрастыруымен шығарылған **«Революционное движение в Средней Азии в образах и картинках»** альбом кітабы [2]. Альбом-кітап 1928 жылы жарық көрген. Еңбек Қазан төңкерісінің 10-жылдығына орай шығарылған. Альбом-кітапта фотоқұжаттардың мынадай түрлерін атап көрсетуге болады: қоғамдық-саяси сипаттағы деректі фотоқұжаттар; ғылыми сипаттағы деректі фотоқұжаттар; түрлі мөлшердегі суреттерді қамтитын, бір тақырып бойынша фотоқұжаттардың сериясы; портреттер (ресми, репортаждық); этнографиялық фотосурет түрлері.

Альбом-кітапта Орта Азия, соның ішінде Қазақ республикасының ұлттық межелеуге дейінгі және одан кейінгі картасы берілген [2, б.]. Картадан көретініміздей, Орта Азиядағы қазақтардың территориясына қазіргі Қазақстан Республикасының оңтүстігі, орталығы мен оңтүстік-шығысы, Сырдария мен Жетісу губернияларының аумағы кіреді.

Келесі фотосурет 5 суреттен тұратын кешенді композиция болып табылады. Фотосуреттің тақырыбы - «Қызыл гвардия» [2, 53 б.]. Мерзімі - 1918 жыл. Фотосуреттің ілеспе мәтінінде: «Колузаев отрядының Бұхара майданынан Ташкентке оралуынан кейінгі демонстрация», «Қызыл гвардия штабы», «Оқытулар», «Майданда», «Гвардиялар» деген тақырыпшалар жазылған. Фотосуреттер кешенінде алаңдағы Қызыл гвардия әскері, майдандағы және жаттығулар кезіндегі әскер бейнеленген.

«Түркістан коммунистік партиясының 1-ші съезі» фотосуретінде осы съезге қатысушы партия мүшелері мен қоғам қайраткерлерінің суреттері беріледі. Фотоқұжаттың мерзімі - 1918 жыл. Фотосуретте 43 адам түсірілген. Фото атауы кирил және төте жазуларымен жазылған [2, 56 б.]. Фотоқұжаттар ақ-қара түсті, қағаз бетіне түсірілген позитивтер болып табылады.

Фотоқұжаттарда Қазақстан тарихындағы революциялық кезең, кеңестік саясаткерлердің қызметімен қатар, азамат соғысы жылдары да тіркелген. К. Рамзин альбомында Орта Азиялық революция мұражайында сақталған сирек фотосуреттің репродукциясы берілген. Тақырыбы: «Анненковшылардың айуандығы». Онда қару-жарақтарын асынған Анненков әскерлерінің көптеген адамдарды жайратып, қарап тұрған сәті көрініс табады [2, 59 б.].

Альбом-кітаптың «Орталық Азия елдерінің ұлттық типтері» тарауында егде жастағы қазақ әйелінің портреті берілген. Ақ орамал тағынған, қарапайым, көнбіс мінезі байқалады. Әйелдің жабырқау бейнесі көрінеді [2, 9 б.]. Сонымен қатар, «Түркістан республикасы Кеңестерінің 2-ші съезі» [2, 50 б.] фотосуреті бар. Келесі фотосуреттік композиция «Түркесубликасының үкіметі» деп аталады. Мерзімі - 1923 жыл. Фотоқұжат сыртқы талдау бойынша қағаз бетіне түсірілген ақ-қара түсті позитив және саяси-қоғамдық ғылыми фотосурет болып табылады. Бұл фотоқұжаттың негізгі ерекшелігі - онда сурет авторының есімі жазылған. Фотосуреттің авторлығы Капустянскийге жатады. Сурет Ташкент қаласында түсірілген. Деректен көретініміздей, «ТССР Халықтық комиссариаты кеңесі» сөзінен кейін - Тұрар Рысқұловтың портреті бейнеленген. Т. Рысқұловтан бөлек 18 қоғам қайраткерлерінің портреттері берілген [2, 107 б.]. «Ұлттық межелеу бойынша комиссияның қазақ бюросы» фотосуретінде 42 қоғам қайраткерлері түсірілген [2, 110 б.].

Сонымен, «Революционное движение в Средней Азии в образах и картинках» альбом кітабы сол кезеңнің жемісі болып табылды. Альбом-кітаптың маңыздылығы сонда, ол Орта Азия республикалары арасынан Қазақ республикасының орны мен ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ халқының территориясы айқын көрсетілген. Орта Азия елдері халықтарының типтері туралы, атап айтқанда қазақ

---

---

халқының ұлттық типі жайында этнографиялық ақпараттар беріледі. ХХ ғасырдың 20-шы жылдарындағы тарихи оқиғаларға байланысты жарық көрген альбом-кітаптардың бірі - 1930 жылы баспадан шыққан **«Альбом схем по истории Гражданской войны в СССР (1917-1922 гг.)»** [3]. Альбом-кітапта 1917-1922 жылдардағы азамат соғысының негізгі кезеңдері бойынша соғыс қимылдарының барысы мен тарихи тұлғалар туралы мәтіндер берілген. Альбом-кітаптың ерекшелігі тарихи оқиғалар соғыс аумағының территориясына байланысты карта-схемалармен толықтырылған. Зерттеу объектісіне алынатын

карта-суреттерде азамат соғысының майдандары, майдан штабтары, Қызыл әскер мен ақтардың жорық бағыттары, көтеріліс аумақтары т.б. бейнеленеді.

Суреттер сыртқы талдау бойынша фотосуреттен гөрі, топографиялық, ғылыми-көпшіліктік суретке жатады. Орындаушысы белгісіз, жасалу мерзімі шамамен ХХ ғасырдың 30 жылдарымен мерзімделеді. Сурет материалы бойынша қағаз бетіне түсірілген суретке, типі бойынша карта-суретке жатқызуға болады. Суреттің мазмұндық, яғни ішкі талдауына келсек, альбомның 2-суретінде Азамат соғысының майдандары беріледі. Картада Қазақстан территориясы айқын көрінеді. Азамат соғысы үкімет үшін күрестің жалғасы болды, сол себепті де революция мен азамат соғысы арасында ешбір дәл шекара болған емес. Карта мәліметтерінен Сібір мен Орта Азиядағы жекелеген майдандарының қатарында Орал мен Ақтөбе ауданындағы, Верный маңындағы майдандардың орналасуы көрінеді. Орынбор, Верныйда және Орал қалаларында орнаған ақгвардия диктатуралары өз үкіметтерін құрды. Бұл үш «әскери үкімет» Қазақстанда кеңес өкіметіне қарсы қозғалыстың басты күші болып табылды. Олар ақгвардиялық офицерлерге, ауыл-село шаруаларына сүйенді және меньшевиктер мен «Алаш» партиясының жетекшілерінен қолдау тапты [3, 15 б.].

Анненков әскерінің жорығы Қазақстанның солтүстігі, солтүстік-шығысы мен Шығыс Қазақстанды қамтыды. Атап айтқанда, Петропавл, Славгород, Ертіс бойы арқылы Балқаштың оңтүстігіне дейінгі территорияда орын алды. Альбомның «Қызыл әскердің Түркістан мен Сібірді интервенттер мен ақгвардияшылардан азат етуі» атты соңғы бөлімінде Түркістан майданының қолбасшысы М. Фрунзенің жарлығы, құжаттарымен қатар, карта-суреті де берілген. Онда Қызыл әскердің енуі, интервенттердің қозғалысы бейнеленген. Суретте 1921 жылдың көктеміндегі Есіл көтерілісінің аумағы бөліп көрсетілген [3, 43 б.].

Аталған альбом-кітап өзіндік жеке дара ерекшелікке ие. Альбом-кітапта Қазақстанның территориясы айқын көрсетіледі және тарихи тұлғалар туралы мәтіндер беріледі. КСРО құрамында болған Қазақстанның азамат соғысына қатысуы туралы тарихи ойлар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда индустрияландыру саясатын жүзеге асыру барысы елдің орталық аудандарымен салыстырғанда өте күрделі жағдайда жүргізілді. Біріншіден, өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуы Ресейдің орталық аудандарымен салыстырғанда артта қалған еді. Екіншіден, өлкеде соғыстан қираған шаруашылықтарды қайта қалпына келтіру шаралары созылып кетті. Яғни, ол уақыт жағынан бірінші бесжылдықпен сәйкес келді. Осындай жағдайларға қарамай большевиктер Қазақстанды бүкілодақтық көлемдегі елді индустрияландыру бағытында жетекші орынға қойды. Қазақстанды индустрияландырудың ең алғашқы қарлығашы Түркістан-Сібір темір жолы болды. Келесі іргелі еңбек – Б. Луниннің **«Түрксиб»** кітабы (1931 ж.) [4]. Еңбек «Мақта елі», «Мақта үшін біз Америкаға алтынмен төлейміз», «Түркістанға нанды кім береді», «Даладағы адамдар», «Алғашқы рельстер», «Механикалық көмекшілер», «Социалистік жарыстар», «Оянған өлке», «Жетісуға Түркіб не береді», «Түркібтің күрес жарлықтары» бөлімдерінен тұрады [4, 2 б.]. Кітапта бірнеше суреттер берілген. Суреттер, яғни фотоқұжаттар сыртқы талдау бойынша қағаз бетіне түсірілген позитивтер. Түркіб құрылысының жүзеге асу уақытымен мерзімделеді. Фотоқұжаттар Түркіб құрылысын жүргізу үрдісінің шынайы жүзеге асып жатқан сәті мен негізгі кезеңдерін тіркеу қабілеті бар деректердің бейнелеу типіне, ал мазмұны бойынша көркем фотоқұжатқа жатады. Зерттеушінің пікірінше, Түркістан-Сібір темір жолының құрылысы бес жылға жоспарланды. Бірінші жыл дайындық жылы болды. Инженерлер, техниктер мен ғалымдар дала түкпірлеріне барлау жұмыстарын жүргізді. «Түйелерде - құмды дала арқылы» суретінде барлаушы зерттеушілер бейнеленген. Зерттеушілер Түркібтің Ташкент желісінен Қырғыз республикасы арқылы Алматы қаласына, одан Семейге дейін жол тартты. Жолдың орталық бөлігі Жетісу өлкесіне сәйкес келеді. Жетісу өлкесі шексіз құмды далаға ұласады. Суреттен көретініміздей, барлаушылардың жұмысы ауыр болды. Олар көлік ретінде түйелерді қолданып, зерттеу құралдарын құмды даламен тасымалдады. Жол бөренелерін қою жұмыстарын жаз мезгілімен сәйкес келді [4, 14 б.].

1927 жылы 15 шілдеде Семей қаласының солтүстігіне таман жерде алғашқы рельстер қойылды. 2 қарашада Луговая станциясында темір жол рельсі салынды. Еңбекте Түркібке «социалистік құрылыс

майданындағы ірі жеңіс» деген баға беріледі. «Бөренелерді түйелермен тасымалдау» суретінде темір жол құрылысының бастапқы сатысы көрініс табады. Түркісіб құрылыс отрядтары негізгі жұмыс бағыттарын екіге бөлініп, оңтүстік және солтүстік бағыттан бастады [4, 17 б.].

«Оянған өлке» бөлімінде «Түркісіб құрылысындағы қазақтар мен қырғыздар» суреті берілген. Суретте қазақ жұмысшыларының ауыр еңбегі, ағаштарды төсеу, арбалармен тасу, тегістеу жұмыстары үстіндегі еңбекшілер бейнеленген. Қазақ жұмысшылар діни мейрамдары кезінде де еңбек етті. Зерттеуші суретте бейнеленген жұмысшының көшпелі өмірді аңсаған көңіл-күйін сипаттайды. Отырықшыландыру саясатын дәріптеу идеясы айқын көрінеді [5, 30 б.].

1930 жылдың 28 сәуірінде Түркісбтің солтүстік және оңтүстік бөліктері қосылды. «Түркісіб құрылысшылары бірінші пойызды күтуде» суретінде қазақ жұмысшылары бейнеленеді. Ауыр еңбек пен күш-жігердің арқасында қол жеткен «темір тұлпардың» алғашқы қозғалысын күту сәтіндегі жұмысшылардың бейнелері суретте анық көрінеді [4, 45 б.].

**«15 лет Казахской АССР»** альбом кітабын [6] қарастырудың маңызы зор болып табылады. Еңбек 1936 жылы Қазақ АКСР-ның он бес жылдығына орай шығарылды. Альбом-кітапта фотоқұжаттардың төмендегідей түрлері кездеседі: қоғамдық-саяси сипаттағы деректі фотоқұжаттар; экономика, мәдениет пен ғылымның түрлі салаларын сипаттайтын деректі фотоқұжаттар; түрлі мөлшердегі суреттерді қамтитын, бір тақырып бойынша фотоқұжаттардың сериясы; портреттер (ресми, репортаждық); көркем фотосурет түрлері (пейзаждар, фотоэтюдтар).

Альбомның кіріспесінде Қазан төңкерісінің маңызы, большевиктердің қазақ даласын «оятудағы» ерен еңбегі, пролетариат диктатурасының ролі мен партияның қызметі асыра дәріптелген. Территориясы бес Франция, алты Германияға пара-пар өлкенің қазба байлықтарының көптігі, өндіріс орындарының гүлденуі туралы ақпарат беріледі. Қазақ АКСР-ның Кеңес Одағы экономикасын дамытудағы орны мен маңызы, атап айтқанда қазақ өлкесін шикізат көзі ретінде пайдалану қажеттілігін көрсетеді. Альбом-кітаптың құндылығын сол тұстағы Кеңес үкіметінің заңнамалық құжаттары мәтінінің қамтылуы арттырады. Кітапта екі құжат берілген. Бірі, 1920 жылдың 26 тамызында бекітілген «Автономды Қырғыз Социалистік Кеңестік республикасының құрылуы жөнінде Кеңес халық комиссары және бүкілресейлік орталық атқару комитетінің декреті». Декретке Ленин мен Калинин қол қойған. Құжатта АКСР-ын РКФСР-ның бір бөлігі ретінде құру бекітіліп, әкімшілік-басқару құрылымы айқындалады. Екіншісі, 1924 жылы 31 қаңтарда Кеңес Одағының Екінші съезінде бекітілген «Кеңес Социалистік республикаларының одағының құрылуы жөніндегі Декларациядан» үзінді. Альбом-кітапта «Фрунзе жолдастың қазақ халқына үндеуі» жарияланған. Үндеудің төменгі жағында «Чапаев» кинофильмінен төрт кинокадр фотосуреттері орналастырылған [5, 6 б.].

Портреттік жанрдағы фотоқұжаттарға С.М. Кировтың, В.В. Куйбышевтың, И.С. Кутяковтың, Ә. Жангелдиннің, М.В. Фрунзенің, В.И. Чапаевтың, Дм. Фурмановтың портреттері жатады. Портреттер 1920 жылдармен мерзімделеді. Фотоқұжаттың ілеспе мәтінінде бұл есімдер «пролетарлық революция» және «тап күресімен» байланыстырылады [5, 7 б.].

Альбомның «Страна бурно растущей социалистической индустрии» атты 1-бөлімінде Социалистік индустрияландыру саясаты өзінің мазмұны жағынан ірі машиналы өнеркәсіпті, ең алдымен ауыр индустрияны бүкіл халық шаруашылығының салаларын түбегейлі қайта құруды қамтамасыз ететіндей дәрежеде дамытуға бағытталды. Кеңестер одағының экономикалық тәуелсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету үшін алдыңғы қатарлы капиталистік елдерді индустриялды даму жағынан барынша қысқа тарихи мерзімде қуып жетіп, елді индустриялды державаға айналдыру міндетін қойды. Осы бөлімдегі фотоқұжаттардың бірі - «Шымкент қорғасын қорыту зауыты». Фотоқұжат қағаз бетіне түсірілген фотопозитив болып табылады. Фотосуреттен зауыттың негізгі ғимаратын көреміз. Ғимарат екі қабатты, ғимараттың қасында ұзын мұнара көрінеді. Фотосуреттің ілеспе мәтінінде «Катрель опытного завода и восьмидесятиметровая труба Чимкентского гиганта» деп жазылған. Яғни мұнараның сексен метрлік құбыр екендігі анықталады [5, 15 б.].

Индустрияландыру жылдарында Қарағанды-Балқаш, Гурьев-Доссор, Ақмола-Қарағанды, Жарық-Жезқазған, Рубцовка-Риддер темір жолдары салынды. Өлкені индустрияландыру барысында кеңес үкіметі түрлі-түсті металлургия, көмір және мұнай өндіріс орындары мен теміржол саласын одан әрі өркендету міндеттерін қойды. Олардың ішінде Қарағанды шахталары, Шымкент қорғасын және Балхаш мыс қорыту зауыттары, Ақтөбе химия комбинаты болды. «Қарсақбай мыс қорыту зауыты» фотосуретінде күрделі кешенді зауыт ғимараты бейнеленген. Фотосурет дөңгелек пішінді көркемделген. Ілеспе мәтін бойынша зауыттың Бетпақдала, Жезқазған өңірінде орналасқанын білеміз. Зауыт жылына алты мың тоннадан астам мыс береді деп жоспарланды. Темір жолдан төрт жүз шақырымда

---

---

орналасқан зауыт үш жүзден астам жүк машиналары қозғалатын автотрактпен жабдықталған [5, 18 б.].

Қазақстанда индустрияландырудың өте кең көлемде және жоғарғы қарқында жүзеге асырылуы инженер-техникалық маман кадрларды қажет етті. Әсіресе, 1933-1934 жылдары өндіріс орындары мен ауыл шаруашылығы жаңа құрал-саймандармен, машиналармен қамтамасыз етілді. Оларды игеру үшін маман кадрлар қажет болды. Бұл мәселені шешу үшін қысқа мерзімді курстар, фабрика-зауыт мектептері, техникалық минимум үйірмелері ашылды. Өнеркәсіп орындары шоғырланған қалаларда орта мамандандырылған оқу орындары ашылды. Жоғары дәрежедегі маман кадрларды даярлау үшін республикада Қазақ мемлекеттік университеті, Тау-металлургия институты сияқты алғашқы жоғары оқу орындары ашылды. «Оқушы Канижаман Әкімжанова токарлық станокта» фотосуретінде қазақ қызының станокты қолдануды үйрену сәті бейнеленген. Фотоқұжаттың ілеспе мәтінінде «комбинатта қазақ көшпелілерінен білікті жаңа жұмысшы кадрлары дайындалуда» деп көрсетіледі. Дерек шамамен ХХ ғасырдың 30 жылдарымен мерзімделеді. Индустрияландыру және алғашқы өнеркәсіп орындарының дамуы кезеңі бейнеленеді [5, 19 б.].

«Қарағанды Одақтың көмір базасы. Орталық электрстанциясының жалпы көрінісі. Жаңа механизацияланған шахта» фотосуретінде Қарағанды көмір базасының кешені көрініс тапқан. 8100 киловат қуаты бар Орталық электрстанциясы көмір өндіруді механизациялауды жүзеге асырды. 1933 ж. механизацияланған көмір мөлшері 5 % құрады. 1935 ж. көмірдің 40 % механизмдер көмегімен өндірілуі жоспарланды [5, 21-22 бб.].

Бригадир Күзембаевтың фотосуреті берілген. Ілеспе мәтінде «Қарағанды бассейнінің атақты адамы» деп көрсетіледі [5, 23 б.]. Келесі фотосуретте Күзембаевтың отбасындағы бейнесі көрініс табады. «№1 шақтаның бригадирі Иманбаев жолдастың Күзембаевтың үйінде қонақта» деп аталады. Фотоқұжат қағазға түсірілген позитив, типі бойынша көркемдік-этнографиялық фотоқұжатқа жатады. Деректен үй ішіндегі жиһаздарды, оның ішінде төрдегі үстіне көрпе-жастықтары жиналған төсек, ортадағы дөңгелек үстел, ою-өрнекті текемет, оюлы мата дастархан, тағамдары мен темір самаурын т.б. айқын көрінеді. Сонымен қатар, үй ішіндегі қонақ пен үй иелерінің ұлттық киімдері мен нақыштарын көре аламыз. Сонымен қатар, қазақ халқының ұлттық мінез ерекшелігі, атап айтқанда қонақжайлық қасиеті байқалады [5, 24 б.].

Келесі фотоқұжаттар кешені қазақ өлкесіндегі өнеркәсіп пен кен өндіру саласын суреттейді. Мәселен, «Балқаш мыс қорыту комбинаты. Балқаш көлі» және «Коунрадтың мыс рудасы» фотосуреттері берілген. Кең байтақ Коунрад көлінің жағалауында орналасқан порфирлі мыс рудаларының әлемдік қорларын көруге болады [5, 25-26 бб.].

Келесі фотоқұжаттарда «Риддер полиметалл комбинаты», «Григорьев руднигі мен байыту фабрикасы», «Алтай байлығы. Қорғасын, вольфрам, қалайы, алтын» фотосуреттері, «Бұрғылаушы Қайгеновтың» портреті көрініс табады [5, 33-34 бб.].

Индустрияландыру жылдарына байланысты бейне деректер қатарында альбомдағы «Ембі», «Қазақстандағы бірінші бензин зауыты», «Доссор мұнай өндірісі панорамасы» фотоқұжаттарын атауға болады [5, 42 б.]. Сонымен бірге, «Ақтөбе химиялық комбинаты» фотоқұжатында ең көп өнім беретін өндіріс орны бейнеленген. Онда жалпы комбинат панорамасы мен бөлімшесінің кескіні көрсетілген. Құжаттан зауыт бөлімшесіндегі жұмысшыларды да көреміз. Комбинат Қазақстан мен Орта Азияның мақта өндірісіне арнап 40 мың тонна тыңайтқыш заттарын өндіреді. Ақтөбе комбинаты одақ бойынша прецепаттар өндіруден екінші фосфорит зауыты болып табылады [5, 45 б.].

Альбом-кітаптың «Расцветает культура страны» бөлімінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан білім беру мен мәдениет саласына байланысты фотоқұжаттар көрініс тапқан. Соның ішінде глобусты көрсетіп тұрған оқушы қыз бен баланың суреті берілген [5, 103 б.]. Осы жылдардағы білім саласындағы өзгерістердің бірі міндетті жалпыға ортақ бастауыш білім берудің енгізілуі болды. Жетіжылдық білім жүйесі жұмыс істеді. Жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары, театрлар, музыкалық және көркемдік мектептер желісі көбейді. Альбом-кітапта Кеңес Одағының сауатсыздықты жою мен «мәдени ағарту» саласындағы жұмыстары асыра дәріптеледі. Кеңес үкіметі өлкеде сауатсыздықты жою, яғни өлке тұрғындардың сауатын ашу мәселесін көтерді. Әсіресе, ол үкіметтің 1929 жылы «Сауатсыздықты жою жөніндегі жұмыс туралы» қаулысынан кейін кең өрістеді. Алайда, сауатсыздықты жою шаралары қаржы тапшылығы, мұғалімдердің, оқулықтар мен оқу құралдарының жетіспеуі сияқты үлкен қиыншылықтарға тап болды.

Алматы балабақшасындағы бөбектер мен балет, сырнай үйірмелеріндегі балалар бейнелері сурет бетіне тіркелген. Қызылорда Агротехникумы, Алматы зооинституты ғимараттарының көріністері де түсірілген [5, 105-110]. Осы жылдары Қазақстанда 386 газет, оның ішінде 116-сы қазақ тілінде жарық көреді.

---

---

«Қазақ жазушыларының кадрлары» суретінде Бейімбет Майлин, Жұмат Шанин, Мұхтар Әуезов сынды көркем әдебиет өкілдері жазушы, драматургтардың мәжілістегі көріністері бейнеленген [5, 113 б.].

Кеңес үкіметі ұлттық әдебиеттің орнына кеңестік әдебиет пен өнердің қалыптасуына жағдай жасады. Осы кезде социалистік әдебиеттің негізі қаланды. С. Сейфуллин, С. Торайғыров, Б. Майлин, И. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұханов, Ф. Мүсірепов, Т. Жароков, Ғ. Орманов және т.б. кеңестік қазақ прозасы мен поэзиясының көрнекті өкілдері қалыптасты.

«Қазақ аспиранттары», Қазақстанның «сауатсыз» халқын оқытуға байланысты фотоқұжаттар да бар. Осы деректерде латын тіліндегі 1933 жылы жарық көрген В. Лениннің «Социалдық төңкеріс қана ұлт ұлттың өзін өзі билеу правосы», 1931 жылы жарық көрген И. Сталиннің «Марксиздік және ұлт мәселесі», 1934 жылы «Партиздат» баспасынан шыққан «Партияның XVII съезіне партияның орталық комитетінің жұмысы туралы есепті баяндама» еңбектерінің сыртқы беттерінің фотосуреттері кездеседі [5, 114-117 бб.]. Осы жылдары көбінесе Маркс, Энгельс, Сталин, Горький, Пушкиннің еңбектері, қазақ жазушыларының шығармалары, оқулықтар баспадан шығарылды.

Өнер саласында ең алғаш рет қазақ тарихында ұлттық театр ашылды. Риддер, Қарағанды, Шымкент, Орал, Ақтөбе өнеркәсіп орталықтарында қазақ жұмысшыларының театрлары, музыкалық, драмалық және хореографиялық үйірмелер жұмыс жасады. XX ғасырдың 30-жылдары қазақ өлкесінде өлкелік қазақ драмтеатры, қазақ музыкалық театры, өзбек театры, украин театры, жұмысшы жастардың екі орыс театрлары, қазақ жұмысшы жастарының театры, орыс жасөспірімдер театры, 2 цирк, 2 жылжымалы цирк труппалары, 201 кинотеатрлар, 4 дыбысты кинотеатр, 522 қозғалмалы кинотеатрлары болды. Осы тарауда «Республиканың халық әртісі Байситов», «Республиканың еңбек сіңірген әртісі Шанин», оркестрдегі домбырашылар мен биші қыздың фотосуреттері берілген [5, 118 б.]. 1926 жылы кәсіби театр өнерінің алғашқы қарлығашы қазақ драма театры ашылды. Оны Ә. Қашаубаев, Қ. Қуанышбаев, С. Қожамқұлов, Е. Өмірзақов, Қ. Жандарбеков сияқты, кейін қазақ театр өнерінің майталмандары болғандар ұйымдастырды.

«15 лет Казахской АССР» альбом кітабының Қазақстан тарихын зерттеудегі өзіндік орны мен маңыздылығы зор. Еңбек сол тарихи уақыттағы тарихи оқиғалар мен құбылыстар, үрдістер жайында сыр шертеді.

Қазақ АКСР тау-кен өндірісіне байланысты маңызды деректер **«Средне-Азиатская республика, Автономная Казахская ССР и Автономная Киргизская ССР»** [6] атлас-дәптерінде кездеседі. Соның ішінде тақырыпқа байланысты карта-суреттер мен сызба-кестелерді атауға болады.

«Үстіңгі қабат және пайдалы қазбалар» карта-суретінде Қазақстан мен Орта Азия елдерінің пайдалы қазбалар картасы берілген. Карта-суреттегі мәліметтен Қазақстандағы негізгі мұнай шығару орны Орал-Ембі ауданына тән екендігін білеміз. Онда екі кен орны мен керосин зауыты орналасқан. Келесі пайдалы қазба түрі - тас көмірдің - Қазақстанда он бір кен орны бар. Олардың ішінде ең бастылары: Павлодардың оңтүстік-шығысындағы Екібастұз, Ақмоланың оңтүстігіндегі Қарағанды, Шымкент және Қаратау кен орындары болып табылады. Қазақстандағы тұз кендерінің негізгі аудандарына Павлодар аймағы мен Адай округін айтуға болады. Тағы бір бай тұз шығанағы - Қарабұғаз кен орны болып табылады. Карта-суреттен бұдан басқа Қазақстандағы мыс, күміс, алтын, темір, графит, т.б. рудаларының географиялық орналасу орындары туралы ақпарат ала аламыз [6, 3 б.].

«Халық тығыздығының» картасынан Қазақстандағы халық саны, орналасу тығыздығы мен қала, ауыл халықтарының сәйкестік мөлшерін көре аламыз. Қырғыз және Өзбек КСР-мен салыстырғанда, Қазақ АКСР-дағы қала халқының саны ең аз көрсеткішті көрсетеді. Қала халқы - 3,2 %, ауыл халқы - 96,8 % құрайды [6, 9-10 бб.].

Жалпы алғанда, «Средне-Азиатская республика, Автономная Казахская ССР и Автономная Киргизская ССР» атлас-дәптеріндегі Қазақ АКСР-ның экономикалық сипаттамасы бойынша мәліметтерден Қазақстан округтері, орталықтары, аумағы, халық саны, тығыздығымен қатар, халық шаруашылығының басты сипаттары туралы ақпарат аламыз [6, 13 б.].

Қазақстандағы XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы балық шаруашылығының дамуы мәселесіне байланысты фотоқұжаттар **«Пищевая индустрия»** [7] альбом-кітабында кездеседі. Еңбекте Гурьев балық консервілеу зауытына байланысты фотоқұжаттар жарық көрген. Гурьев зауыты - ең ірі қуатты кәсіпорындардың бірі. Комбинат балық бөлу цехы мен консервілеу зауытынан тұрады. Орал-Каспий суларынан ауланған балықтардың жоғарғы сорттары осы зауытқа жіберіледі [7, 46 б.]. Альбом-кітаптың келесі фотоқұжатынан Гурьев зауытының Л.М. Каганович атында болғанын білеміз. Фотоқұжатта уылдырық өндіру процесі бейнеленген. Балық шаруашылығы Арал теңізі аумағында да

дамыды. «Аулау» фотосуретінде екі аралдық балықшылар бейнеленген. Фотоқұжаттың ерекшелігі - қағаз бетіне түсірілген түрлі-түсті позитив болып табылады. Сонымен қатар фотоқұжаттың авторы да көрсетілген. Туындының авторы – Д. Шулькин болып табылады [7, 26 б.].

XX ғасырдың 20-30 жж. Қазақстанда кеңінен өріс алған ет өнімдерін алу болды. Осыған байланысты «Семей ет комбинаты Чикаго ет комбинатынан жабдықталуы, мықтылығы және техникасына қарай қалар емес», «Ет комбинатының бас ғимараты» фотоқұжаттарды атауға болады [6, 56-57 бб.]. «Пищевая индустрия» альбом кітабында Қазақстандағы ірі ет комбинаттарының орналасу сызбасы көрсетілген [7, 69 б.].

Қазақстанның оңтүстік өңірінде, Аралда, Павлодарда тұз өндірісі дамыды. «Қазақстандық тұз», «Сульфат жинау» фотоқұжаттары осының дәлелі болып табылады [5, 58-59 бб.]. Павлодар тресінде Таволжан көлінде сағатына 60 тонна өнім беретін тұз сорушы құрылғы орнатылды. Қазақстан тұзы Орта Азиямен қатар, Қиыршығыс өлкесіне дейін таратылды. Осындай құрылғылар Арал өнеркәсіптерінде де, Индер көлінде орнатылды. Фотоқұжаттардан көретініміздей, тұз тасымалдауда арба жегілген түйелер кең қолданыс тапты.

Өндірістің тағы бір түрі - темекі өсіру. Алматы облысы трапезунд темекісін өндіру өлкесі болды. Жылдық өнімі жеті миллиард папирустан асады. Фотоқұжаттарда қазақ жұмысшы әйелдерінің машинада темекі өндіруде және дайын папирустарды жинақтау жұмыстарындағы сәті көрініс табады [5, 60-61 бб.]. «Ават колхозындағы темекі бригадасы» фотоқұжат-тарында темекі жапырақтарын реттеп жатқан жұмысшы мен жапырақтарды баулау жұмыстарымен айналысып жатқан әйелдердің бейнесі көрсетілген [5, 100 б.].

Альбомның екінші бөлімі - «По земле по воздуху по воде» деп аталады. Бұл бөлімде Қазақстанның темір жол, әуе және су қатынастарына байланысты фотоқұжаттар жинақталған. Түркісіб құрылысына байланысты, «Алматыдағы Шанышқұлов және Серғалиев машинистердің», «Алматы аэродромы. Бірінші кеңестік қазақ ұшқыштары ұшаққа отырды», «Сырдарияның ұшақтағы көрінісі», «Ертістегі параходтар. Жағалау. Өскемен» фотосуреттері берілген [5, 63-70 бб.].

Үшінші бөлімі - «Колхозный строй победил». «Қазақ АКСР делегациясы колхозшы-ударниктердің екінші Бүкілодақтық съезінде Сталин, Каганович, Ворошилов, Калинин, Яковлевпен бірге» фотосуретінде тарихи кейіпкерлердің бейнесі айқын көрініс тапқан [5, 74 б.]. Мақта шаруашылығына байланысты екі фотосуреттің ілесіп мәтіндерінде мақтаны жинау уақыт пен күшті үнемдейтін турман-вакуум машинасымен жүзеге асатындығы, Пахта-Аралдың жыл сайын ондаған мың центнер мақта өнімін беретіндігі жазылған. Фотодеректерден мақта алқабындағы жұмысшылар мен қаптарға жинақталған мақта өнімдерін көреміз [5, 80 б.].

Қазақстанның Орта Азия елдерінің мақта шаруашылығын дамытудағы қосар үлесі айрықша. 1926-1927 жылдардағы мақта егіс алқабы - 90,3 мың га, мақта жинау 61 мың га құрайды [6, 12 б.]. Қой шаруашылығы Қазақстанның басты мал шаруашылығына жатады. Қазақстан еті тамаша қазақы қойлардың отаны деп дәріптеледі. Мал шаруашылығына байланысты фотодеректердің де маңызы зор [5, 81 б.]. Нақты айтқанда, «Колхозда қой сауып отырған қазақ әйелінің», «Шұбаршы колхозындағы қойларды қыркү үрдісі», «Джуруй қой шаруашылығының шопандары Садықов және Гүлбаев», «Үңгір совхозының аға қойшысы Сеид Мамедов», «Ешкі шаруашылығы. Ангор ешкілері. Шұбаршы», сиыр шаруашылығына байланысты «Луч Востока» колхозы [5, 82-91 бб.] фотодеректері бар. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығындағы «Мал дәрігерінің», «Ленин совхозындағы сауыншының», «Жылқы шаруашылығы», «Түйе шаруа-шылығы. Шұбаршы совхозы», «Адал достар: түйе мен қыз» [5, 92-98 бб.] көркем фотоқұжаттары бар. «Дегерес совхозының екпінді жылқышылары демалыста» фотосуретінде кең байтақ қазақ даласында алқа құрып отырған жылқышылар мен балалар, әйел адамдардың бейнесі берілген. Алқаның ортасында би билеп жатқан жас жігіт көрінеді. Оның қасында домбырамен сүйемелдеп отырған ер кісінің образы бейнеленген.

XX ғасырдың 20-30 жылдардағы жеңіл өнеркәсіптің даму тарихы жөнінде «Пищевая индустрия» альбом кітабынан жан-жақты мәлімет аламыз. Соның ішінде қант өндірісіне байланысты «Мерке қант зауытының» фотосуреті берілген [7, 14 б.]. Көркемдік жағынан ерекше фотоқұжаттардың бірі - Алматы түбіндегі К. Маркс атындағы колхоздағы апорт жинау науқаны бейнеленген фотосурет. Фотосурет түрлі-түсті, бояулары айқын [7, 169 б.].

КСРО халық шаруашылығындамытудың бесжылдық жоспарында басты шаруашылық бағыты ретінде темір жол, ауыл шаруашылығы, тау-кен өндірісі бағыттарын дамыту жоспарлары белгіленді. Түркісіб темір жол магистралінің құрылысын аяқтау, Орал мен Орынборды темір жолмен байланыстыру, Ақтөбе мен Оңтүстік Оралдағы Магнитогорск зауытын Қарталы станциясы арқылы байланыстыру, т.б.

---

---

міндеттері қойылды. Сонымен бірге, Қостанай-Атбасар, Көкшетау-Ақмола, Атбасар-Ақмола бағыттарын салу жоспарланды. Ауыл шаруашылығы бойынша Қазақстанның солтүстік өңіріндегі егіс алқаптарын кеңейту көзделді. Бұл аймақтан Қара теңіз портына «артық» астықты тасымалдауда жоғарыдағы темір жол желістерінің маңызы зор болды. Ал Сібірмен шектесетін, Қазақстанның солтүстік-шығыс аймақтарында сүт, май шайқау шаруашылығын дамыту жоспарланды.

Қазақстанның оңтүстігінде мақта, бақша шаруашылықтары үшін қолдан суландыру жүйелерін дамыту, жалпы өлкеде совхоздарды көбейту мақсаты қойылды. Қазақ өлкесінде РКФСР-дың совхоздарының 40 % шоғырландыру көзделді. Қазақстан ауыл шаруашылығының 26,7 % ұжымдастыру жоспарланды [6, 14 б.]. Қазақстанда большевиктер ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру тәжірибесінде тәркілеу саясатымен шектелмеді. Шаруа қожалықтарын біртіндеп, ерікті түрде кооперативтендіру арқылы социалистік ірі ауыл шаруашылық ұжымына біріктіру туралы 1927 жылы желтоқсанда өткен партияның XV съезінің шешімдерін жүзеге асыруға кірісті. Алайда үкімет біртіндеп құрылып жатқан колхоздарға материалдық жағынан көмекті күшейту шарасының орнына, керісінше нұсқаулар беру арқылы күштеу әдістерінің кең етек алуына жол ашты. Орталық билік колхоз құрлысындағы біртіндеп өз-бетінше жүріп жатқан қозғалысты жоспарлы іс-әрекетке ұластырды. Үкімет органдарының жоспарлаған межелерін партия ұйымдары да қайта талқылады, соның нәтижесінде жоспардың өзі бірнеше рет өзгерістерге ұшырады. Ал енді бес жылдық жоспарды белгілеу кезінде мемлекеттік жоспарлау комитеті бұл жоспардағы санды тағы ұлғайтты.

Тау-кен өндірісі бойынша Қазақстанда отын өнеркәсібін, металлургия және электротехникалық өнеркәсібін, химия, ағаш өңдеу және текстиль, тері өңдеу т.б. шаруашылықтарын дамыту жоспарлары жасалды [6, 14 б.].

Бәрімізге де белгілі, барлық тарихи деректер өзіндік сыртқы ерекшелікке ие. Аудиовизуалды деректерді тарихи зерттеулерде пайдалану өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек [8, 169 б.].

Кез келген еңбектің авторы белгілі бір тарихи орта мен шынайылықтың «нәтижесі, кейіпкері» болып табылады. Аталған альбом-кітаптардың да субъективті тұстары байқалады. Аталған еңбектерде Кеңес Одағы саясаты аса дәріптеледі. Сол себепті де осы құжаттармен жұмыс жасағанда альбом-кітаптардың авторының тұлғалық сипаттары мен саяси, эстетикалық көзқарастарын анықтап алу қажет. Субъективтіліктен шыға отырып, тарихи оқиға мен үрдіске объективті сипаттауға ұмтылыстар жасалуы шарт.

Жалпы алғанда, жоғарыда көрсетілген бұл альбом-кітаптардың барлығы дерлік өз тарихи дәуірінің маңызды ақпарат көздері екендігі белгілі. Дегенмен, бұл альбом-кітаптарды тарихи талдауда субъективизмненарылуға ұмтылыстар жасалуы міндетті. Негізінен алғанда, аталған альбом-кітаптар Кеңес дәуіріндегі Қазақстан тарихын зерттеудегі рөлі зор. Альбом-кітаптардың деректік ерекшеліктері және олармен жұмыс істеу тәсілдерін меңгеру зерттеуші үшін аса қажет. Сонымен, фотоқұжаттар кешені, олардың бір түрі болып табылатын альбом-кітаптардың отандық тарих ғылымының өзекті мәселелерін зерттеудегі түрлі тарихи құбылыстар, оқиғалар мен фактілер туралы бейнелі ақпарат көзі екендігі сөзсіз.

---

### Әдебиеттер

- 1 Сексенбаева Г.А. Кинофотофонодокументы как исторический источник: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 232 с.
- 2 Революционное движение в Средней Азии в образах и картинках: Альбом. Сост. К. Рамзин и др. – М.: Издательство Саку, 1928. – 130 с.
- 3 Альбом схем по истории Гражданской войны в СССР (1917-1922 гг.). – М.: Государственное военное издательство, 1930. – 44 с.
- 4 Лунин Б. Турксиб. – М.: Огиз. Московский рабочий, 1931. – 48 с.
- 5 15 лет Казахской АССР: Альбом. Отв. Ред. Б.Ф. Малкин. – М., Л.: ОГИЗ, ИЗОГИЗ, 1936.
- 6 Бобин С. Средне-Азиатская республика, Автономная Казахская ССР и Автономная Киргизская ССР: тетрадь-атлас для практических работ по географии ССР/ С.П. Бобин; Перед.загл.авт.: С.Н. Бобин, В.П. Будаков, В.А. Гаврилов. – М., Л.: Госиздат, 1930. – 16 с.
- 7 Пищевая индустрия: Альбом. – М.: ИЗОГИЗ, 1936. илл.; 126 л.
- 8 Сексенбаева Г.А. Кинодокументы: источниковедческие аспекты // Отан тарихы, 2011. – № 1. – С. 158-169.

### Резюме

В статье автор рассматривает фотодокументы в качестве исторического источника, а также своеобразного продукта культуры. В 1920-1930 гг. выяснилось, что фотография важна не только как

---

---

документальная иллюстрация или произведение искусства, но способна выступать как элемент изобразительного повествования более сложного, чем единичный снимок. Особый интерес представляли новые формы ее бытования – фотоколлаж, фотосерия, фотокнига - рассчитанные на коммуникацию с массовым зрителем. В том числе особенное внимание обращено на одного из вида комплекса фотодокументов – альбом-книгам. В статье дается источниковедческий анализ альбом-книг по истории Казахстана 20-30 гг. XX в.. Автор анализирует фотодокументы по источниковедческим данным и классифицирует их на фотодокументы общественно-политического, культурного, социально-экономического характера. Определяются особенности и содержание фотодокументов и схем-рисунков как самостоятельных групп исторических источников.

#### **Summary**

The author considers the photographs as a historical source, as well as a kind of cultural products. In the 1920-1930 it turned out that the photo is important, not only as a documentary illustration or piece of art, but can serve as an element of visual storytelling more complex than a single shot. Of particular interest are the new forms of its existence - collage, photo series, photo book - designed to communicate with a mass audience. Including special attention is paid to one of a kind complex of documentary photographs - album-books. The article gives the album-source study analysis of books on the history of Kazakhstan in the 20-30-s of twentieth century. The author analyzes the documentary photographs on source data and classifies them applying on photographs of socio-political, cultural, social and economic character. The peculiarities and content of documentary photographs, drawings and charts as separate groups of historical sources are determined.

**ӘӨЖ 069:930.221] (574)**

#### **Ә. БЕКИШЕВ**

РМК «Ғылым ордасы» Сирек кездесетін кітаптар мұражайының меңгерушісі

#### **МҰРАЖАЙ ЖӘДІГЕРЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА МҰРАСЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ**

#### **Аннотация**

Мақалада РМК «Ғылым ордасы» Сирек кездесетін кітаптар мұражайы қорындағы мәдени мұралар мен тарихи ескерткіштер туралы ғылыми-зерттеу жұмыстардың негізгі бағыттары және мұражайдың құрылымы қарастырылған. Мұражайдың негізгі бөлімдеріне сипаттама берілген.

Қорда қазақ халқының мәдениетіне, экономикасына, тарихына, этнографиясына және әдебиетіне қатысты материалдар жинақталған. Мұражайдың ең бір маңызды саласы – қолжазбалар: «Хандар шежіресі» (XVII-XVIII ғғ.), М.Ж. Көпеев, Ә. Диваев, Жаяу Мұса және т.б. қазақтың біртуар азаматтарының қолжазбалары. Алғашқы басылған қазақ кітаптары – батырлар жыры, тарихи дастандар, лиро-эпостық жырлар. Көрмеде А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсариннің еңбектерінің алғашқы басылымдары қойылған. Мұражайда өткен ғасырдың 20-40 жж. қазақ зиялыларының шығармаларына басты орын берілген.

**Түйін сөздер:** «Мәдени Мұра», кітаптар мұражайы, мәдени мұралар, тарихи ескерткіштер, көне жазбалар, ұлттық мәдениет.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау – стратегиялық маңызы бар мемлекеттік мәселе. Ұлттық дәстүр, әдеби және мәдени құндылықтар, тарихи тәжірибе – ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын асыл қазына. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өзі қолдау көрсетіп бастамашы болған «Мәдени мұра» бағдарламасы қазіргі кезде көпшілік қауымның қолдауына ие болып отыр. Елбасы жалпы ұлттық деңгейде бағдарлама жасау туралы осыдан он жыл бұрын, 2003 жылдың сәуірінде өзінің Қазақстан халқына Жолдауында бастама ретінде көтеріп, Үкіметке нақты тапсырмалар берген болатын.

«Мәдени Мұра» мемлекеттік бағдарламасы ұлттың рухани-ағартушылық және мәдени-интеллектуалдық деңгейін көтеруге, өскелең ұрпақты туған халқымыздың салт-дәстүрлерімен, жалпы адамзаттық құндылықтар мен идеялар рухында тәрбиелеуге бағытталған. Олай дейтініміз, қоғамның рухани тірегі санатындағы тарихи-мәдени мұралардың



---

---

халықтың өз болмысын жоғалтып алмауы мен қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі аса зор. Аталмыш жұмыстың маңыздылығы да осында. Бағдарлама тарихи-мәдени дәстүрді жаңарту мен дамытуға, соның ішінде мәдени мұраларды зерттеу, қорғау, пайдалану мен насихаттауға байланысты мемлекеттің негізгі ұстанымдары мен бағыттарын белгілейді. Сондай-ақ, бағдарлама тарих, этнография, фольклор, ежелгі жазба мұралар жөніндегі еңбектерді, ғылыми-зерттеу және тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру, сақтау және топтастыру, сол арқылы көпғасырлық ұлттық мәдениетімізді тиянақтау шараларын көздейді [1, 16-17 б.].

Кітап және кітап мәдениеті – бұл қоғамдағы рухани өмір көрінісі. Қазақ кітабы – қазақ тілі сақталуының кепілдігі, оның халықтың білім алуына, тіл мен әдебиетінің, республиканың қоғамдық және ғылыми өмірінің дамуына қосар үлесі зор.

1991 жылы желтоқсан айының 16 жұлдызында республиканың мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланып, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы – Қазақстан Республикасы деп аталды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін көкейкесті реформаларды жүзеге асыруға, демократиялық қоғамды, айқын экономиканы құруға кірісті. Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен соң ұлттық кітап ісінің дамуында жаңа кезең басталды. Қазақ кітабы жаңа Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты.

Қазақ кітабының шығуы мен дамуы, көне қолжазбаларды және сирек кездесетін басылымдарды зерттеу, олардың қазақ тарихына қатысы мен байланысын анықтау, республикамыздағы қолжазба қорын тексеріп бағалау жолындағы машақаты көп, сонымен қатар қызықты да жұмыстарды Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Кітап мұражайы, Кітап палатасы және т.б. мекемелер атқарады.

Жоғарыда атап көрсетілген мәселелерді шешуге өз үлесін «Ғылым ордасы» атты республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (РМК) Сирек кездесетін кітаптар мұражайы да қосуда. Бұл мекемені 2010 жылы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті ашқан еді.

Сирек кітаптар мұражайы – ақпараттық қызметтер саласының жаңа түрі.

Мұражайдың мақсаты – Қазақстанда және шетелдерде сақталған ел тарихына, мәдениеті мен ғылымына қатысты көне қолжазбалар мен сирек кездесетін басылымдарды бір орталыққа жинақтау, сақтау, зерттеу және дәріптеу, әртүрлі мәдени-тарихи жағдайдағы олардың әлеуметтік рөлін, көне ғасырдан бері қалыптасқан отандық жазба мәдениетін жан-жақты көрсету. Мұражай қоры Орталық ғылыми кітапхананың көне қолжазбалары мен сирек кітаптар қоры негізінде жасақталды. Сонымен қатар, қорды толықтырудың басқа да жолдары қарастырылған. Атап айтқанда, букинистік дүкендер, мұражай құндылығын қызықтап келушілер мен мұрагерлік жолмен иемденген азаматтардан сұрастыру арқылы жинақтау.

Мұражайдың «Ғасырлар қойнауындағы жазба мұралары» атты тұрақты көрмесі төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім ықылым заманнан бастау алған жазба мәдениетінің куәгері болып табылатын байырғы, көне жазу ескерткіштеріне арналып отыр.

Мұнда республика аумағынан табылған жазба мәдени ескерткіштері және сонау Тас дәуірінен бастап, кейінгі орта ғасырларға дейін жалғасын тапқан жазу үлгілері туралы құнды мағлұмат алуға болады.

Мұражайға келген қонақтардың көзіне бірден ілінетін жәдігер Ақбауыр үңгірінен (Шығыс Қазақстан) табылған, қола дәуірінде қынамен салынған таңбалар деуге болады. Осы паннодан қонақтар таудың күнгейлі жартас беттеріне салынған таңбалар мен символикалық белгілерді, петроглифтерді де аңғарады. Бұлар қола дәуірінде салынған таңбалар.

Қазақстан картасына зер салсаңыздар, картада елімізде табылған көне жазба ескерткіштерінің орындары көрсетілген. Қабырға суреттерде «Авеста» кітабының жазу үлгісі әліпбилік нұсқасы мен қаңлы жазуының қыш тақтаға жазылған нұсқалары бейнеленген. Авестада Қазақстандағы жер-су атаулары жиі кездеседі және ол атаулар күні бүгінге дейін зерттеліп келеді. Қазақстандағы жазба мәдениет ескерткіштерінің бірі – сармат таңбалары. Олардың бірқатар үлгілері қабырға суреттерде бейнеленген.

Жазба мәдениетіміздің хронологиялық жүйелік жалғасы ертедегі түркі жазуы – Орхон-Енисей ескерткіштерімен өрбиді. Ертедегі түркілердің жартасқа, тастың тегіс беттеріне, таудың күнгей жағында күннің қызуымен патина, қарақошқыл дақ пайда болған тастарына, тұрмыстық бұйымдарға қашап, ойып, бәдізделген таңба жазулары Моңғолиядағы Орхон өзені, Енисей аңғары, Талас өзені бойында, IV-XVI ғасырлар аралығында мемлекеттік құрылымда өмір сүрген түркі тайпалары қоныстаған жерлерден табылған. Түркі жазба ескерткіштерінің ғылыми атаулары табылған жеріне байланысты аталған.

---

Картаның астындағы көрмеде Әулиеата қаласына жақын жерден, Талас өзені аңғарынан В. Каллаур мен А. Гейкель 1898 жылы түркі жазуы бар бес тас тапқан, солардың бірінде: «Оның есімі Чор. Отыз оғланы өздерінен, олжа мен игіліктен қол үзді. Оның жары жесір қалды» – деген сына жазуы бар тастың көшірмесі қойылды. Тас бетіндегі жазу үлгілерін В.В. Радлов, П. Мелиоранский, А. Гейкель, С.Е. Малов, Ю. Немет сынды ғалым-түркологтар ескерткіштердің түркі тіліндегі мәтінін, емшелерін зерттеп, ғылыми еңбектерінде жариялады.

Соңғы жылдары жүргізіліп жатқан археологиялық зерттеулердің нәтижесінде байырғы түркі жазуының зерттелу көші ілгерілей түсті. Осы қатарда отандық ғалымдар А. Аманжолов, З. Самашев, О. Сапашев, Қ. Сартқожа, Н. Базылхан сынды ғалымдардың зор үлесін айтуға болады.

Кезінде түркі бітік жазуының оқылу кілтін тапқан В. Томсен Шығыс Түркістан Шыңжаң өлкесінен табылған аса сирек кездесетін қағаз бетіндегі мәтінді зерттеп, кітап ретінде бастырып шығарды. Одан бері, неолит дәуірі ескерткіші Төлеубұлақ ойықтары мен сарматтық үлгідегі таңбаларды тапқан тас дәуірі ескерткіштерін зерттеуші ғалым Ж.Қ. Таймағанбетовтың тапқан ескерткіштерін зерттеген З. Самашев сармат тайпаларының жазба ескерткіштерін және Шақпақатас қорымынан табылған түркі жазуларын Н. Базылханмен, ал Шығыс Қазақстаннан табылған Манат жазу-таңбаларын О. Сапашевпен зерттесе, Қ. Сартқожа Моңғолия жерінен табылған жерасты жерлеу орнынан мойнында түркі таңбаларымен жазылған музыкалық қобыз аспабын тауып, ғылыми ортаға жария етті [2]. Түркі жазба ескерткіштерінің толық атласын жасаған М. Жолдасбеков пен Қ. Сартқожаның еңбектерін де жемісті шығарма деуге болады.

Байырғы түркі тілі кейінірек жазба дәстүрі бойынша соғды және ұйғыр әліпбиімен жалғасып, ұзақ уақыт пайдаланылды. Орта ғасырларда түркі халықтарының ислам дінімен қатар, жазба мәдениетін де бірге қабылдады. Осы тұстан бастап, жазба шығармалар, туындылар араб жазуымен жазылды. Жазба мәдениетіміздің үлгі-нұсқалары көрмеде байырғы жазу-таңбалардан бастап, ирандық авеста мәтіні, түркінің сына жазуы, соғды және көне ұйғыр, араб әліпбиінің тарихын қысқаша шолып таныстыру мақсатын көздейді.

Осы бөлімнен түркі бітігі бар шыптаның (қазық) фотосуретін, көшірмесін де көруге болады. Шыпта ағашы қазіргі күні Санкт-Петербургтегі (Ресей) Эрмитаж қорында сақтаулы. Шырша бұтағынан жасалған шыптаның төрт қырында да көне түркі бәдізін көруге болады.

Жекелеген сөрелерде байырғы түркі жазуларына жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері – ғылыми еңбектер қойылған. Солардың ішінде С.Е. Маловтың «Көне түркі жазуының ескерткіштері», «Көне түркі жазуының Моңғолия мен Қырғызстанда табылған ескерткіштері», «Талас эпиграфиялық ескерткіштері», Ә.Х. Марғұланның «Ежелгі жыр, аңыздар» кітабы, М.Е. Массонның «Орта Азияда көне түркі жазбаларының ашылу тарихына», Ғ. Айдаровтың «Көне түркі жазуы Орхон ескерткіштерінің тілі», А. Аманжоловтың «Түркі руна графикасы», М. Жолдасбековтің «Асыл мұралар», Ғ. Айдаровтың, Ә. Құрышжанов, М. Томановтың «Көне түркі жазуы», А. Есенқұловтың «Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымша», «Көне түркі бітік тастары мен ескерткіштерінің жинағы (Орхон, Енисей, Талас)» атты ғылыми басылымдар қойылған.

«Қазақстан археологиясы», «Қазақстан петроглифі», «Қазақстанның ежелгі қалалары» кітап-альбомдары – акад. К.М. Байпақовтың басқаруымен шыққан кітаптар экспозицияның құнды материалдары [3].

#### *«Қолжазба – ғасырлар мұрасы»*

Елдің тарихи-мәдени, қоғамдық-саяси өмірінен мол мәлімет беретін қолжазбалар қашанда адамзат өркениетінің ортақ мұрасы саналған. Бұл көрменің мақсаты – елдің тарихи, мәдени, қоғамдық өмірінен мол мәлімет беретін қолжазба мұралармен таныстыру.

Қолжазбалардың, соның ішінде тарихи және әдеби шығармалардың құндылығы қашанда жоғары бағаланады. Бөлімде аса құнды нәм ғылым игілігіне қажетті шежірелік еңбектер мен қолжазбалар, қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты фольклорлық, этнографиялық материалдар қойылды.

Көрмеде күллі мұсылман қауымның діни жоралғысы мен дүниетанымын қалыптастырған Құран Кәрімнің әртүрлі жазу үлгісіндегі (наسخ, нәсталик) нұсқалары мен түркі жұртының рухани пірі саналған Қожа Ахмет Яссауи «Диуани хикметтерінің» қолжазбасының көшірмесі және Қазанда (1896 ж.) жарық көрген баспа нұсқасы ұсынылған. Соның қатарында Қожа Хафиз Ширази диуандары, әл-Хорезмидің «Махаббат-намасы», Наср ад-дин Рабғузидің «Қисас ал-анбиясы», Сопы Аллаярдың «Сабат ал-аджизині» (Әлсіздерге жігер) қойылды.

Әлемдік ғылым мен өркениет дамуына өзіндік үлесін қосқан дарынды ғұламалар аз болған жоқ. Қазақстан территориясында өмір сүрген орта ғасырлық сондай бірқатар ғұламалардың еңбегі көрмеде

---

---

лайықты орнын алды. Солардың ішінде әл-Фараби, Ибн Сина сияқты аты мәшһүр ғалымдардың және Ахмед Иүгенекидің «Хибат ал-Хақаиқ» (Хақиқат сыйы), Махмұт Қашкаридың «Диуани луғат ат-түрк», Жүсіп Хас Хажіб Баласағұнның «Құтты білік» шығармалары көрме төрінде тұр.

«Ахбар Шыңғысхан уа Ақсақ Темір», «Темір-наме», «Тауарих Мырза», «Тарих Сайқали», «Тарих-и Түркистан» (Түркістан тарихы) сынды Қазақстан тарихынан мол мәлімет беретін тарихи шығармалар да көрменің ажары.

Қолжазба жәдігерлері арасынан атақты шығыс шайырлары Әбілқасым Фирдоусидің «Шаһнамесін», Физулидің «Ләйлі - Мәжнүнін», адамдық ізгі қасиеттерді жырлаған Әлішер Науаидің диуандарын, Омар Хаям рубаяттарын көре аласыздар.

Бұл шығармалар әлемдік көркем әдеби ескерткіштер қатарында. «Шығыс Иллиадасы» аталған «Шаһнаме», «Ләйлі - Мәжнүн» ғашықтық дастандары қазақ арасында ауыз әдебиет үлгісінде де, қолжазба түрінде де тарады. Ораз Молда, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды ақындарымыз бұл жырларды парсы тілінен қазақ тіліне аударып, оқиға желісін әдеби шеберлікпен суреттеп, қазақ ұғымына түсінікті етіп жазып кеткен. Көрмеге аталған жырлар қолжазба және алғашқы баспа нұсқаларында қойылды.

#### *«Отандық көне басылымдар»*

Бұл көрмеде араб әрпімен басылып шыққан тарихи деректерге бай, халықтың саяси, мәдени өмірінен мол мағлұматтар беретін, құнды жәдігер саналатын алғашқы қазақ баспа кітаптары мен басылымдары ұсынылды.

Көрмеден тұңғыш баслымдарымен қатар баспа бетін көрмеген Шортанбай, Шал, Әсет, Мәди сынды қазақ ақындары мен жыраулары шығармаларының қолжазбаларын да көруге болады. Көрмеміздің ең құнды жәдігерлерінің бірі – Жаяу Мұса Байжанұлының өз қолымен жазылған күнделігі және Ә. Марғұланның Жаяу Мұса туралы естелігі көрерменге түпнұсқасында ұсынылды.

Алғашқы қазақ баспа кітаптары ХІХ ғасырдың басында Санкт-Петербург, Қазан, Уфа, Орынбор қалаларында шыға бастады. Қазақ тілінде шыққан алғашқы баспа кітаптардың бірі саналатын «Сейфулмәлік» дастаны араб графикасымен 1807 жылы жарық көрді.

Баспа өнерінің ХІХ ғ. Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы, Ташкент қалаларында, ХХ ғасырдың басында Верный, Кереку (Павлодар), Семей т.б. қалаларында қарқынды дамуы қазақ халық ауыз әдебиетінің бай мұрасы мен жекелеген ақын-жазушылар, ғалымдар, ойшылдар шығармаларының хатқа түсуіне, жинақталуына оңтайлы құбылыс болды.

Қазан қаласы ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында Ресейдің шығыс халықтары тілдеріндегі кітаптарды бастыру ісінің ірі орталығы болды. Қазақ ауыз әдебиетінің туындылары – қиссалар, эпостық, лирикалық жырлар, айтыстар, діни дастандар мен аңыз-ертегілер Қазан қаласындағы Б. Домбровский, М. Чиркова, Ш. Хусаинов, И. Харитоновтардың және т.б. жеке баспаханаларында басылды.

Көрмеге Қазан қаласында басылып шыққан ноғай жырлары: «Қырық уәзір хикаясы», «Ер Сайын» жыры және Нұртуған жырау нұсқасындағы «Орақ-Мамай» жырының қолжазбасы қойылды.

Халық арасында кең жырланған Сұлтан Кенесары мен Садық, Ерназар және Бекет батыр жырларының И.В. Аничков, С. Смирнов бастырған баспа кітаптары да көрмеміздің құнды жәдігерлері санатында.

Тарихын сонау тереңнен тарқататын халқымыздың бізге жеткен ең ерекше, құнды мұрасы – шежіре. Арабтың «шаджарат» – үрімбұтақ, тармақ деген сөзінен негіз алатын бұл мұра әлмисақтан бері халықпен бірге жасасып келе жатқан дәстүр. М. Қашқаридің «Диуани луғат ат-түрк», Әбілғазы Бахадурханның «Шәжәрә-и ат-түрк», көне «Құдатғу білік» шығармаларында түркі тілдес халықтардың шежірелері қамтылған. Бұған қоса Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» және Қадырғали Қосымұлы Жалайыридің «Жылнамалар жинағы» сияқты ортағасырлық құнды мұраларында халқымыздың шежіреге деген құрметі мен ыждаһаттылығы анық көрініс береді. Сол сияқты қазақ қоғамы арасында кеңінен мәлім болған шежірелер қатарына «Қиян Домбауыл мерген шежіресі», «Алаш мыңы», «Үйсін Майқы бидің шежірелері», «Қыпшақ Кіреулі шежіресі», «Едіге би шежіресі» сияқты ортағасырлық жазба мәдениетінің мұраларын жатқызуға болады.

Көрмемізде Әбілғазының «Тарихи шежіре ат-түрк» шығармасын, С. Торайғыров жазған «Қазақ тайпасының ата-бабаларының тұрасында сөйленген рауаятлар баяны» шежірелік қолжазбасын, М.Ж. Көпеев жинаған шежірелерін және т.с.с. шежіре шығармаларды көруге болады.

### *Абай шығармалары*

1909 ж. – бірінші жинағы (Санкт-Петербург);

1933 ж. – М. Әуезов дайындаған «Қазақ әдебиетінің классиктері» сериясында.

30-40 жж. – орыс тілінде «Таңдамалы өлеңдері», қазақ тілінде «Лирика және поэмалар» мен «Таңдамалы өлеңдер» шығармаларының екі томдығы.

Ш. Уәлиханов

1904 ж. – «Шығармалар жинағы»;

1947-1958 жж. – Ә. Марғұланның редакциясымен «Ш.Ш. Уәлихановтың мақалалары. Жазысқан хаттары».

### *Ы. Алтынсарин*

Ы. Алтынсариннің 1935 ж. өлеңдер жинағы қазақ тілінде жарық көрді, 1948 ж. «Таңдамалы шығармалары»; «Кел балалар, оқылық» (1948); 1935 ж. қазақ тілінде көркем шығармаларының жинағы жарық көрді.

Мұражай экспозициясында «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарды орыс тіліне оқытудың бастапқы жетекшісі», оның шығармаларының қазіргі заманғы басылымдары қойылған.

### *Ш. Құдайбердіұлы*

- «Мұсылмандық шарты» (1911, Орынбор)

- «Қазақ айнасы» (Өлеңдер жинағы), «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек» дастандары (1912), «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» (1912).

Шәкәрім «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде көтерілген мәселелер жөнінде ой-пікірін білдіріп, бірнеше мақалалар жазған. Мәселен, «Айқаптың» 1912 жылғы 3-4 сандарында «Білімділердің бес түрлі сөздің шешуін сұраймын», «Біздің мұқтаждарымыз», «Жазу мәселесі», «Барша қырғыз бөлімдеріне ашық хат», «Қазақ» газетінде жарияланды.

«Хафизден аудармасы», Физулидің «Ләйлі - Мәжнүн» поэмасының еркін аудармасы «Шолпан» журналының 1922-1923 жылғы 2-8 сандарында, кейін жеке кітап болып С. Сейфуллиннің алғы сөзімен 1935 жылы Алматыда басылады.

Мұражайдың осы бөлімінде XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында қазақ тілінде шығарылған сирек кездесетін кітаптардың түпнұсқалары қойылған. Мұнда М. Сералин, С. Көбеев, С. Торайғыров, С. Дөнентаев сияқты жазушылардың шығармаларын, әр жылдары жарық көрген басылымдарын көруге болады.

### *1920-1940 жж. қазақ зиялыларының еңбектері*

Мұражайда өткен ғасырдың 1920-1940 жж. қазақ зиялыларының шығармаларына басты орын берілген.

Отандық ғылым 20-40 жж. ұлт зиялыларының мұраларын жинап, зерттеуде аз еңбек атқарған жоқ. Оның дәлелі – соңғы жылдары жарыққа шыққан олардың еңбектері, оларға арналған зерттеулер. Сонымен бірге айтатын жайт, бұл салада істелетін жұмыстар әлі жеткілікті. Олардың қаламынан шыққан еңбектер халыққа түгел жетпей жатқаны да рас. Сонау бір жылдары шыққан кітаптардың бір бөлігі өртеліп, жойылып немесе басқа елдерге әртүрлі себептермен асып кеткені белгілі болып отыр. Екіншіден, сирек кітаптар Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Қазан сияқты қалаларындағы кітапхана, мұражайларында.

Өткен ғасырдың 30-шы жылдары біздің еліміздің тарихында ұлы жетістіктерімен қатар саяси қателіктерімен, қайғылы беттерімен енген аса күрделі және қарама-қайшылықты кезеңдердің бірі болды. Осындай аумалы-төкпелі жағдай кітап шығару ісінің сипаты мен мазмұнына және кітапты насихаттау ісіне де әсер етпей қоймайды. Бір жағынан, кітап шығару қарқыны күшейді, кітап репертуары жаңарды, басылымдардың таралымы өсті, оқырмандар аудиториясы ұлғайды, авторлар көбейді, дүниежүзілік ғылым мен мәдениет қазынасына қосылған құнды-құнды ғылыми және көркем әдебиеттер, балаларға арналған кітаптар пайда болды.

Екінші жағынан кітапхана, мұражай, мұрағат қорларынан 20-шы жылдары жарық көрген мыңдаған кітаптар алынып, жойылып жіберіліп жатты. Қоғамдық ой-сана тарихынан мемлекеттің көптеген қайраткерлерінің есімі өшірілді. Мұражай, кітапхана, баспа орындары тарихи-гуманистік идеялар мен дәстүрлерді бұрмалау, басқаша ойлауды басып тастау жағдайында жұмыс істеуге мәжбүр болды.

Шындыққа жүгінсек, бұл кезеңде де кітап – өркениеттің таңғажайып құбылысы, мәдениеттің аса маңызды буыны тұрғысынан халық өміріндегі өзінің ізгілікті, мәртебелі қызметінен айныған емес. Бұл кезеңде кітап бұқара халықтың өнер-білімге деген құштарлығын ұштай түсіп, адамдардың

әлеуметтік белсенділігін көтеруде, ғылыми-техникалық ілгерілеуге жетуде, әділетсіздікке қарсы бітпес күресте теңдесі жоқ, өлшеусіз рөл атқарды.

20-30 жылдар – ұлттық баспа ісінің күрделі кезеңдерінің бірі. Бұл кезеңде мемлекеттік жаңа баспалар ұйымдастырылды. Осы жылдары қазақтың демократияшыл зиялылары, аса көрнекті өкілдері мен қоғам және мемлекет қайраткерлері ұлттық кітап ісінің іргетасын қалады.

А. Байтұрсынұлы Қазақ мемлекеттік кітап баспасының қалыптасуын, дамуын өз қолымен атқарды. Н. Төреқұлұлы Мәскеудегі Шығыс елдері кіндік баспасын ұйымдастырып, оны өзі басқарды, М. Дулатұлы Қызылорда қаласында Мемлекеттік баспаның жұмысын ширатып, жандандыра түсуге атсалысып, Х. Досмұхамедұлы Республика Баспа ісі және ғылыми мекемелер жөніндегі мемлекетаралық комитетінің төрағасы болды [4, 79-90 б.; 5, 15-16 б.].

Сирек кітаптар мұражайының қорында 20-30 жж. жарық көрген қазақ зиялыларының кейбір еңбектері сақталған.

#### *А. Байтұрсынұлы*

1909 жылы Санкт-Петербургте оның «Қырық мысал» кітабы, 1911 ж. «Маса» (Орынбор), «Оқу құралы» (1912), «Тіл жөніндегі оқу құралы» (1914), «Ер Сайын» дастаны (1915), (1923 ж. Мәскеуде қайта) жарық көрді. «Тіл құралы» (1922), «Оқу құралы», «Қазақша әліппе», «Әліпби», «Жаңа құрал», «Әдебиет танытқыш», «Баяншы» және т.б.

#### *М. Дулатұлы*

1909 ж. Уфада «Оян, қазақ» тұңғыш өлеңдер жинағы, «Бақытсыз Жамал» (1910) романы, 1913-1917 жж. М. Дулатұлының «Азамат», «Дуамай» өлеңдер жинағы, «Терме» әдеби-публицистикалық кітабы, «Бүркіттің кегі» поэмасы, «Есеп құралы» (Арифметика), «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші» («Жаңа мектеп» журналына қосымшасы ретінде (1926, 1927 ж.)) жарық көрді.

#### *М. Жұмабаев*

1913 ж. «Шолпан» атты поэтикалық жинағы, «Педагогика», «Бастауыш мектепте ана тілі», «Бастауыш мектепте орыс тілін оқыту методикасы» шығармалары.

Ол И. Гетенің, Г. Гейненің, М.Ю. Лермонтовтың поэзиясын, А.М. Горькийдің, Д.Н. Мамин-Сибиряқтың, В.В. Ивановтың және басқалардың әңгімелерін аударды.

#### *Ж. Аймауытов*

«Қартқожа» (роман, Қызылорда, 1926), «Ақбілек» (роман), «Ел қорғаны», «Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз» атты шығармалары басылып шықты.

Ғылыми-педагогикалық шығармалары «Тәрбие жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өмір таңдау»;

Аудармалары: Н.В. Гогольдің «Ревизоры», А.С. Пушкиннің «Тас мейман», «Сараң сері», А. Дюманың «Дәмелі» («Тамилла»), Л.Н. Толстойдың, Дж. Лондонның, Р. Тагордың, Ги де Мопассанның шығармаларын қазақ тіліне аударды.

#### *Ә. Диваев*

«Батырлар жыры» – этнографиялық материалдар жинағы (1922-1923), Ташкентте 7 кітап: «Алпамыс», «Бекет батыр», «Қобыланды», «Мырза Едіге батыр», «Шора батыр», «Нәрік ұлы Шора», «Қамбар батыр».

«Қазақ мақалдары» (Ташкент, 1900).

#### *І. Жансүгіров*

«Әдебиет тану құралы» (1932, Қызылорда), «Ақыр заман» (1934), «Күйші» (1935), «Әңгімелер» (А.П. Чеховтың әңгімелері, аударма, 1932), «1931 жыл календарь-жинақ» (Шаруалар үшін)».

#### *1920-1930 жж. Мәскеуде жарияланған кітаптар*

- С. Қожанов «Арифметика оқулығы»;
- И. Татыбаев «Бастауыш география»;
- Е. Омарұлы «Физика»;
- Қ. Кемеңгерұлы «Тарих»;
- Н. Төреқұлов «Қазақ-қырғыз үшін жаңа әліппе», «Жат сөздер», «Ұлт мәселесі мен мектеп»;
- «Қазақша-орысша тілмаш кітабы», құрастырушы әрі басқарушы Б. Кемеңгерұлы (М., 1926), «Балаларға тарту» (Л., 1927);
- Т. Шонанұлы «Қазақ жері мәселесінің тарихы», «Әліппе» (М., 1935), «Емлемен оқу» (Қызылорда, 1934), «Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі» (1935);
- Жолдыбайұлы «Жаңа арна» (1929);
- С. Смағұлов «Салмақбайдың ауылында кооперация қалайша ашылды» (1924), «Кооперация

нәм қазақ шаруасы». Мәскеуде 1923-1924 жылдары «Ер Тарғын» (түзетіп бастырған Қыр баласы), Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» дастаны, «Қозы көрпеш – Баян сұлу» (жазып алған Қыр баласы), Шернияз ақынның «Өлеңдер жинағы», «Қыз Жібек» (Ташкент), Орынборда 1925 ж. «Қазақ халқының 1000 өлеңі» (Затаевич), «Едіге жыры» (М., 1927, 3-басылым. жинаған Қ. Сәтбаев) басылып шықты.

*Ә. Бөкейханов*

Ә. Бөкейханұлы (әдеби бүркеншік аты «Қыр баласы») «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларын ел аузынан жазып алып кітап етіп шығарған, «Денсаулық сақтықта» еңбегінің авторы.

Аудармалары: Л.Н. Толстой «Қажымұрат» (М., 1924), Л.Н. Толстой «Кавказ тұтқыны» (М., 1925), Н.Г. Короленко «Макардың түсі» (М., 1923).

*Т. Рысқұлов, С. Асфендияров*

Рысқұловтың 20-жылдардың аяқ кезінде жарық көрген «Қырғызстан», «Орта Азиядағы жергілікті халықтың 1916 жылғы көтерілісі» шығарма.

Көрнекті саяси қайраткер, Қазақстан мен Орта Азияның ғылымы мен мәдениетінің өсіп-өркендеуіне талмай еңбек етекен Санжар Асфендияровтың еңбектері де осы жылдары жарық көрді. 1935 ж. «Қазақстанның тарихы. Көне заманнан бастап».

*Х. Досмұхамедов*

Жаратылыстану саласындағы алғашқы оқулықтардың авторы. «Жаратылыстану», «Хайуанаттар», «Адам организмі», «Зоология».

«Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы», «Мұрат ақынның сөздері», «Аламан» (жинақ) 1924-1928 жылдары, «Исатай-Махамбет» шығармасы (1925 ж.) жарық көрді. Бұл шығармалар Ташкентте шығарылған.

*М. Тынышпаев*

20-шы жылдардың ортасында «Көксу моласы және Қаялық қалашығы», «Ташкент уезі халқының ру-тайпа құрамы туралы тарихи анықтама», «XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтар», «Қазақтардың жеңістері мен жеңілістері» және оның басты еңбегі – «Қазақ халқының тарихы жөніндегі материалдар» (Ташкент).

Осы жылдары қазақ ғылымы мен мәдениетін дамытуға және ұлттық руханият бағдарламасын жасауға О. Жандосов үлкен үлес қосты. Ораз Қиқымұлы Үгіт-насихат бөлімін басқарып тұрған кезде Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, Ж. Аймауытовтың, М. Әуезовтың, Х. Досмұхамедовтың, Т. Шонановтың кітаптары жарық көрді.

Сондай-ақ, ол мемлекет алдында тұрған мәселелер жөнінде көптеген мақалалар жазған. Олардың ішінде мәдениет саласы бойынша, кітапхана және баспа ісі, өлкетану мәселелеріне арналған материалдар бар. Бір атап көрсететін нәрсе – мақалалар екі тілде бірдей – орысша, қазақша жазылған. Оларда көкейкесті проблемалар тілге тиек етілген:

- Қазақ тілінде ғылыми әдебиет қорын толықтыру;
- Көпшілік кітапханалардың қоғамдағы рөлі;
- Кітапханалардың өлкетану саласындағы қызметі;
- Кітап баспа ісі және терминология мәселелері; т.с.с.

1931 жылдың 15 ақпанындағы «Қазақ АССР Мемлекеттік көпшілік кітапхана жөніндегі Заңына (Ережесіне) түсінік хатында – кітапхана жұмысының барлық түрлерінің арасында библиография, кітаптану және кітапханатану қызметінің орталықтары ретінде мемлекеттік кітап қоймалары мен мемлекеттік көпшілік кітапханалар ерекше орын алады деген [6].

О.Қ. Жандосов кітапхананың басты міндеттері ретінде Қазақстан туралы және қазақ тіліндегі барлық баспа өнімдерін жинау деп есептеді. Осыдан бастап кітапхана Республикадағы мемлекеттік кітап қорын және жазба мұраларын жинақтап, сақтайтын бірден-бір мекеме қызметін атқара бастады, сонымен бірге қазақ библиографиясының орталығына айналды.

1921 жылы қазақ-қырғыз білім комиссиясы ұйымдастырылған бес бөлімнің бірі – библиография бөлімі болатын. Осы комиссия шығарған «Сана» журналының басты міндетінің бірі – қазақ-қырғыз тілінде және қазақ-қырғыздар туралы бөтен тілде шыққан кітаптар жөнінде ақпарат және олар туралы пікір беріп тұру болды [7, 81-83 б.].

*«Қазақстанның жазба және баспа ескерткіштері»*

Сан ғасырлық мәдени мұрамызды сақтау, оны келер ұрпаққа ұсыну мақсатында Елбасының бастамасымен 2004 жылдың 13 қаңтарында ҚР Үкіметі қаулысымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге, сақтауға,

---

---

жаңғыртуға және тиімді пайдалануға бағытталған кешенді іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз ету қажеттігінен туындаған. Бағдарлама бойынша іс-шаралар жоспарының 92-тармағында «... қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи маңызы бар қолжазбаларды, жәдігер басылымдарды, кітаптар мен мұрағаттық құжаттарды табу және сатып алу үшін алыс және таяу шетел қалаларының мұрағаттары мен кітапханаларына ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру» көзделген. Осы мақсатта алыс-жақын шетелдерге ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылып, ғылыми ортаға Қазақстанның тарихы, этнографиясы, өнері туралы 5000-ға жуық жаңа қолжазба мен баспа басылымдары табылды, елге бірқатарының көшірмелері әкелінді. Ғылыми және жазба мұралардың ең үздік үлгілері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 300-ге жуық еңбек жарияланды және жарияланып жатыр.

ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 797 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттарды және құжаттаманы басқару жөніндегі комитет төрағасының 2001 жылы 16 қарашадағы № 65 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы үшін тарихи және мәдени құндылығы бар шетел мұрағаттары мен ғылыми мекемелерінен Қазақстанның XV-XX ғасырлар тарихы бойынша құжаттар көшірмелерін іздестіру және алу шараларының бағдарламасы» қабылданды.

Шетел мұрағаттарынан, ғылыми мекемелері мен кітапханаларынан Қазақстан тарихына қатысты құнды құжаттарды іздестіру, көшірмелерін алу жұмыстары Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында да қолға алынып, 2007-2009 жылдары жалғасын тапты.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында Ресей Федерациясының орталық мұрағаттарынан, Омбы, Орынбор мұрағаттарынан 28787 құжат; Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатынан 482 құжат; АҚШ-тың Бейбітшілік және төңкеріс, соғыс Гувер институты мұрағатынан 20 құжат; Башқұртстанның Орталық мемлекеттік тарихи мұрағатынан 1145 құжат; Герман Федеративтік Республикасының Федералды мұрағаты, Сыртқы істер министрлігінің саяси мұрағаты, Бұрынғы Герман Демократиялық Республикасының қауіпсіздік министрлігінің мұрағатынан барлығы 93 құжат; Ұлыбританияның Ұлттық мұрағаты, Британ кітапханасы және Азия істері бойынша корольдік қоғамы мұрағатынан барлығы 82 құжат; Түркия Республикасы Премьер-министрінің жанындағы Мемлекеттік мұрағаты, Османлы мұрағаты Түрік тарихы мекемесінің мұрағатынан 168 құжат; Мысыр Араб Республикасының Дарул Кутуб мұрағаты, Дарул Кутуб кітапханасы, Дарул Кутуб ұлттық кітап үйі, Араб қолжазбалар институты, Насролла ат-Таразидің жеке мұрағаттарынан 282 құжат; Қытай Халық Республикасының Бірінші тарихи мұрағатынан, Қытай шекарасының тарихи географиялық зерттеу орталығынан, Шынжаң қоғамдық ғылымдар академиясы кітапханасынан, Шынжаң университетінің кітапханасынан 111 құжаттар мен кітаптар; Арменияның Ұлттық мұрағатынан 27 іс; Татарстанның Ұлттық мұрағатынан 521 іс алынды [8, 122-144 б.].

Тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерін ашу, ұлттық мәдениет үшін айрықша маңызы бар айтарлықтай тарихи-мәдени ескерткіштерді консервациялау, қалпына келтіру және қайта жасау; мәдени мұраның, оның ішінде ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің біртұтас жүйесі жасалды. Қорыта айтқанда, елдің рухани-мәдени, экономикалық және әлеуметтік капиталы жасалды.

Көрмеде сирек кітаптардың ежелгі тарихын сипаттаумен қатар, жазба мәдениетіміздің жоғын түгендеуге аса зор үлес қосқан «Мәдени мұра», «Ғылыми қазына» сияқты мемлекеттік бағдарламалардың жемісін көрсету және дәріптеуді де алдымызға мақсат етіп қойдық.

---

#### Әдебиеттер

- 1 «Мәдени мұра» 2004 - 2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама. – Астана, 2004. <http://www.unesco.kz/cgi-bin/library?e=d-000-00->
- 2 Вопросы археологии Казахстана: сб. науч. ст. Вып. 2 / М-во науки – Акад. наук Республики Казахстан, Ин-т археологии им. А.Х. Маргулана; [отв. ред. З. Самашев; ред. кол.: Г.С. Джумабекова и др.]. – Алматы; М.: Ғылым, 1998. – 233 с.
- 3 Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI - начало XIII в.). – Алма-Ата: Издательство Наука Казахской ССР, 1986. – 255 с.
- 4 Мамажанов М. Асылмұра. Кітап – даналық қазынасы. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 120 б.
- 5 Рахимжанова С.Р. Қазақ кітабының тарихы. – Алматы: Қазақстан Республикасының ұлттық

---

---

кітапханасы, 2006. – 182 б.

6 Джандосов У. Документы и публицистика (1918-1937 гг.): в 2-х т. (Архив Президента РК. – Алматы: Казахстан, 1999. – Т. 2. – 220 с.

7 Досмұхамедов Х. Қазақ қырғыз білім кәмисіесінен // Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

8 Міржақып. Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші // Жұлдыз – 1996. – №4. – 122-144 б.

### **Резюме**

В статье рассматриваются основные направления научно-исследовательской работы в сфере исследования культурного достояния и памятников истории, а также структура фонда Музея редких книг РГП «Ғылым ордасы».

Даны описания основным разделам музея. В фонде музея собраны материалы касательно культуры, экономики, истории, этнографии и литературы казахского народа. Одним из основных объектов исследовательской деятельности музея являются – рукописи, такие как: «Хандар шежіресі» (XVII-XVIII вв.), рукописи М.Ж. Копеева, А. Диваева, Жаяу Мұсы и др. казахских деятелей. В экспозициях музея представлены первые казахские печатные книги – сказания о батырах, исторические дастаны, лиро-эпические сказания. Представлены первые издания Абая, труды Ш. Уалиханова, Ы. Алтынсарина.

Особая роль отведена произведениям казахской интеллигенции 20-40 гг. прошлого столетия.

### **Summary**

Along with basic directions of scientific and research works relating to cultural heritage and monuments of history, the present article considers structure of the collection of the Museum of Rare Books in “Gylym ordasy” State-run enterprise.

The article presents description of basic sections of the Museum; the whole collection includes materials and pieces relating to culture, economics, history, ethnography and literature of Kazakh nation. The original works like «Khandar shezhiresi» (the XVII-XVIII centuries), manuscripts of M.Zh. Kopeyev, A. Divayev, Zhayau Musa and other Kazakh scholars and public figures are part of the basic objects of the Museum research activity. The Museum exposition includes the first Kazakh printed books ever including stories of batyrs (legendary Kazakh warriors), historical dastans (Kazakh ornate form of oral history) and lyrical and epic stories and legends. First editions of Abay’s oeuvre, works by Sh. Valikhanov and Y. Altynsarin are also represented in the Museum.

Special attention has been given to works of the Kazakh intellectuals who worked and created in the 20-40’s of the



---

---

**Халықтану мәселелері**  
**Проблемы народонаселения**  
**Population Problems**

УДК (574). 084. 91

**К.К. НУРУМБЕТОВА**

старший научный сотрудник Института истории и этнологии  
им. Ч.Ч. Валиханова, к.и.н.

**МИГРАЦИЯ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ 1990-х гг.**  
**ПО МАТЕРИАЛАМ АРХИВА ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Аннотация**

В статье выделяются основные тенденции, определяющие миграционную ситуацию в начале 1990-х годов, дается анализ статистических данных по миграции населения Казахстана.

В 1993 г. основными в миграционном потоке явились миграции с государствами ближнего зарубежья и внутриобластные перемещения. В целом, разными видами миграции было охвачено 4,1% постоянного населения Казахстана. Миграционные процессы представляют одну из сложных социально-демографических проблем. Формирование и развитие процессов происходит под влиянием различных причинно-следственных связей и взаимозависимости, обусловленных спецификой трансформации трудового потенциала в рыночных условиях хозяйствования, политическими, национальными мотивами.

**Ключевые слова:** Казахстан, миграция, население, численность, сальдо миграции, этнические группы.

Переход к рынку вызвал качественно новые миграционные процессы, которые привели к коренным изменениям в условиях жизни, деформации хозяйственных связей, усложнению межнациональных отношений, трансформации социальных приоритетов и установок личности. В этом комплексе социально-экономических условий и предпосылок выделились следующие важные тенденции, определяющие современную миграционную ситуацию: рост региональной дифференциации условий жизни и ресурсного обеспечения, вызвавшие дополнительные мотивы к перемещениям из кризисных районов республики в более устойчивые; обострение межнациональных отношений и нарушение традиционной системы микросоциума наций и народностей, проживающих на данной территории; формирование нового политического мировоззрения и экономического мышления, усилившего поиск нереализованных возможностей и способностей человека; трансформация государственного сектора, вызвавшая интенсивный отток трудоактивного населения в регионы с позитивно-конструктивным подходом к организации новых форм хозяйствования; резкое ухудшение экологической ситуации, обусловившей массовые перемещения населения в более благоприятные в этом отношении регионы; формирующаяся рыночная инфраструктура, система рынков, в том числе рынка труда, а также различия в финансово-налоговой политике стимулировали интенсивные территориальные и трудовые перемещения работников; изменения в экономико-правовой системе жизнедеятельности человека, связанные с включением республики в мировое сообщество, стимулировали интенсивность отдельных направлений миграции, прежде всего, внешней [1].

За 1970-1991 годы миграционное сальдо составляло 1,6 млн. чел., в т. ч. около 1 млн. или 61,1% приходилось на вторую половину 1980-х годов. Отрицательное сальдо миграции складывалось, в определенной мере, под влиянием оттока населения из сельской местности в регионы России (Центральный, Поволжский, Западный, Восточно-Сибирский, Уральский); Украины, Белоруссии, Балтии, Узбекистана, Кыргызстана, Грузии, Молдовы, Туркмении. Внешняя миграция сельского населения РК в 1991 г. составила – 18,5 тыс. чел. Основной отток сельского населения наблюдался в Алматинской (–5,0 тыс. чел.), Жамбылской (– 4,1 тыс. чел.), Акмолинской (–3,9 тыс. чел.), Южно-Казахстанской (–3,8 тыс. чел.), Кокшетауской (– 3,4 тыс. чел.) областях.

Причинами миграции из села до 1990 г. являлись – социальная необустроенность села, тяжелый физический труд, неудовлетворительное транспортное сообщение между населенными пунктами, слабо развитая сеть дошкольных, школьных, медицинских учреждений.

И, как следствие этого, недостаток кадров на селе: учителей, медработников, механизаторов, животноводов, трактористов, чабанов, скотников, овощеводов.

В 1991 году органами Госкомстата РК было зафиксировано положительное сальдо миграции по межреспубликанскому обмену. Если ежегодные миграционные потери составляли по межреспубликанскому обмену 70-90 тыс. чел., то в 1990 году они сократились до 39 тыс., а в 1991 году число прибывших в республику превысило число выбывших в другие государства СНГ на 10 тыс. чел. Одним из факторов, оказавших влияние на снижение миграционных потерь в этом виде обмена, является рост числа прибывших в республику лиц казахской национальности ранее проживавших за ее пределами.

Переезд казахов в РК из других республик, был вызван прежде всего, начавшимся процессом расселения отдельных народов по своим национально-государственным образованиям. В республику, помимо казахов, прибывших из других государств СНГ, прибыло 29,9 тыс. казахов из Монголии, ранее проживавших в Баян-Ульгийском, Хобдинском аймаках и в районах, прилегающих к г. Улан-Батор. Всего, на 1 декабря 1992 г., было переселено 6148 семей из Монголии или же 29935 человек. Из республик СНГ было переселено 4761 семьи или 23884 чел. За 1992 год в РК было переселено 10909 семей или 53819 человек.

Еще одной причиной миграции были обострения межнациональных конфликтов. Причем эта причина превалирует у мигрантов их тех республик, где наиболее сильно проявились межнациональные конфликты. По данным выборочного обследования мигрантов в 1991 г., 2/3 уехавших из-за обострения межнациональных отношений составили лица русской национальности. В 1992 г. по этой же причине переселяются и лица казахской национальности, ранее проживавшие на территории Таджикистана, которые в основном расселились в Южно-Казахстанской области [2].

В 1993 году по анализу статистических данных основными в миграционном потоке явились миграции с государствами ближнего зарубежья и внутриобластные перемещения. В общем миграционном потоке миграция с государствами дальнего зарубежья составила 14,0%, с государствами ближнего зарубежья – 41,9%, межобластная миграция – 17,1%, внутриобластная миграция – 27,0%.

В целом, разными видами миграции было охвачено 4,1% постоянного населения Казахстана. (683,5 тыс. чел.). Из республики в страны ближнего зарубежья выехало 232,9 тыс. чел., прибыло 100,3 тыс. человек.

Удельный вес казахов за 1993 год согласно расчетным данным, увеличился на 1,6%, из них 0,7% прироста казахов связано с общереспубликанским миграционным потоком, а 0,5% за счет более высоких темпов естественного прироста.

Анализ сальдо миграции со странами ближнего и дальнего зарубежья показывает, что отток преимущественно произошел из городских поселений.

**Таблица 1** – перемещение городского и сельского населения [3].

Этнические группы	Город (в %)	Село (в %)
русские	84,0	16,0
украинцы	78,3	21,7
белорусы	75,3	24,7
немцы	51,7	48,3

Наиболее высокие отрицательные показатели сальдо миграции русского населения наблюдались в Южном регионе (Алматы, Алматинская, Талдыкорганская, Жамбылская, Южно-Казахстанская области), а также в Карагандинской, Мангистауской (–) 71,9 тыс. чел., что составляет 58,1% от общего количества русских уехавших в страны дальнего и ближнего зарубежья.

У второй по численности эмигрантов этнической группы – немцев, отъезд осуществлялся преимущественно из регионов компактного проживания – Карагандинской, Акмолинской, Костанайской, Кокшетауской, Жамбылской областей.

Отрицательное сальдо миграции казахов в межобластном миграционном потоке наиболее существенно было в двух областях – регионах экологического бедствия. В Кызыл-Ординской (–) 3,8 тыс. человек и Семипалатинской (–) 2,8 тыс. чел., в также в Атырауской и Жамбылской областях, соответственно (–) 0,7 тыс. чел, и (–) 1,0 тыс. человек.

Наибольший прирост наблюдался в Алматы (+) 5,5 тыс. чел. В северном регионе отмечался незначительный приток казахов, в Центральном – такого же уровня отток.

Имело место оттока русского населения из южных областей в северные. Данные по

межгосударственной миграции (приезд русского населения из России в Казахстан всего 45,7 тыс. чел.) свидетельствует также о преимущественном расселении русских в Северном и Центральном регионах, а также в Алматы и Алматинской области. В Алматы и Алматинской области расселено 5,0 тыс. чел., Акмолинской – 3,1, Восточно-Казахстанской – 4,8, Костанайской – 4,7, Карагандинской – 4,4, Павлодарской – 3,8 тыс. чел. В итоге – в шести областях республики было сконцентрировано 56,2 % русских реэмигрантов.

Распределение по этническому составу показывает более высокий уровень подвижности русского населения, как в плане отъезда, так и прибытия в республику. От общего числа выбывших мигрантов русские составляли 156,9 тыс. чел. (67,0%), казахи 12,2 тыс. чел. (5,2%).

Прибыло русских 45,7 тыс. чел., от общего количества прибывших 45,6%, казахов прибыло 29,6 от общего количества прибывших 29,4 %. Сальдо миграции свидетельствовало также об оттоке отдельных этнических групп из республики в страны ближнего зарубежья: русские (-) 111,2 тыс. чел., 1,8 от общей численности нации, казахи (+) 17,4 тыс. чел., (0,2 %).

Из республики в страны дальнего зарубежья выбыло 100,5 тыс. чел., т.е. 0,6% постоянного населения, прибыло 11,0 тыс. чел. Сальдо миграции (-) 89,5 тыс. чел. [4].

**Таблица 2** – Согласно статистическим данным, численность выбывших и прибывших по основным этническим группам:

Этнические группы	Количество (тыс. чел.)		% к общему количеству мигрантов	
	выбыло	прибыло	выбыло	прибыло
русские	13,2	0,6	13,1	5,5
украинцы	2,7	0,1	2,7	0,9
белорусы	0,5	0,01	0,5	0,1
немцы	78,8	0,34	78,4	3,1
казахи	0,4	6,4	0,4	58,2

По таблице видно, что основную долю в эмиграцию в страны дальнего зарубежья внесли немцы – 78,4% (11,3 % от их общей численности в Казахстане). В реэмиграции наиболее весом вклад казахов – 58,2%.

По республике сводный показатель сальдо миграции составлял (-) 222,1 тыс. чел. Можно сказать, население республики уменьшилось за счет миграционных потоков на 222,1 тыс. человек или на 1,3 %.

Отток за пределы республики преимущественно городского населения, с высоким образовательным и профессиональным уровнем, был фактом нежелательным.

Негативные тенденции прослеживались в межобластной миграции. В целом увеличивалась степень компактного проживания казахского и русского населения, что могло существенно воздействовать на процесс регионального обособления в масштабах республики [5].

Миграционные процессы представляют одну из сложных социально-демографических проблем. Формирование и развитие процессов происходит под влиянием различных причинно-следственных связей и взаимозависимости, обусловленных спецификой трансформации трудового потенциала в рыночных условиях хозяйствования, политическими, национальными мотивами.

Миграционная убыль в республике возросла с 48,9 тыс. в 1991 году до 218,7 тыс. в 1993 году. За счет увеличения объема миграционного оттока населения общая численность населения республики впервые снизилась и на начало 1994 года составляла 16925,4 тыс. чел. (на 01.01.1993 г. – 16985,7 тыс. чел.) [6].

В 1994 году наибольший удельный вес среди выбывших составляли русские (58%) и немцы (19%). Большая часть выбывших (72%) городские жители. Основная масса мигрантов избрала местом постоянного места жительства ближнее зарубежье. Поток эмигрантов в Казахстан продолжал сокращаться. За девять месяцев 1994 года в республику прибыло 54,9 тыс. человек. Основной приток наблюдался из России.

Одним из основных факторов подвижности славянского населения стала общая экономическая ситуация, в которой оказалась наша республика. Процесс адаптации населения к новым социально-экономическим условиям оказался сложным и весьма болезненным. Экономические условия в республике становились мощным генератором миграции, выводя этот процесс за рамки естественного.

---

---

Кризисные явления в промышленности ударили по наиболее развитым в экономическом и социальном отношении регионам Казахстана, где преобладали русские и русскоязычное население, в основном немцы, украинцы, белорусы.

В 1994 году доля русских в ведущих отраслях хозяйства составляла: в промышленности – 52,2%, на транспорте – 46,2%, в строительстве – 49,3%. В торговле и общественном питании – 41,3%, материально-техническом снабжении и быте – 45,3%. Информационно-вычислительном обслуживании – 5,2%, жилищно-коммунальном хозяйстве – 48,3% и лишь в аграрном секторе чуть более 18%. Среди русского населения гораздо более были велики прослойки, характеризующие пессимистическими оценками свое положение и перспективы [7].

Отток квалифицированных специалистов и рабочих, особенно из промышленных, энергетических и топливных регионов республики, наносил ощутимый экономический ущерб ведущим отраслям народного хозяйства и требовал принятия безотлагательного комплекса мер, регулирующих масштабы эмиграции.

Таким образом, обострение социально-политической ситуации в СНГ, по существу, обусловило неуправляемость отдельных миграционных процессов. Возникла необходимость особого правового регулирования внутренней, а также и внешней миграции. Это требовало решения новых задач – политических, социальных, правовых, экономических, экологических.

---

#### Источники

- 1 АП РК. Ф. 5-Н. Оп.1. Д. 845. Л. 2.
- 2 АП РК. Ф. 5-Н. Оп.1. Д. 845. Л. 4.
- 3 АП РК. Ф. 5-Н. Оп. 1. Д. 3502. Л. 2-3.
- 4 АП РК. Ф. 5-Н. Оп. 1. Д. 3502. Л. 4-6.
- 5 АП РК. Ф. 5-Н. Оп. 1. Д. 3502. Л. 7-8.
- 6 АП РК. Ф. 5-Н. Оп. 1. Д. 3502. Л. 15.
- 7 АП РК. Ф. 5-Н. Оп. 1. Д. 3512. Л. 19-20.

#### Түйін

Мақалада 1990 жылдардың басындағы миграциялық жағдайлар қарастылылып, Қазақстандағы халықтың көші-қоны бойынша статистикалық мәліметтеріне талдау жасалған.

#### Summary

In this article the author marked out main trends determining the migration situation in the beginning of the 1990-s. The analysis of statistic data on Kazakhstan's po

**УДК 314.7**

**R. KUBEYEV**

Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov  
Research Fellow

**FROM THE ARCHIVE DATA ON DEPORTATIONS (1941 AND 1944)**

#### Annotation

The formation of multi-ethnic structure of Kazakhstan is complex, and in its own way a unique process which happened during in a long historical period. One of the key points of this process is deportations of nations (carried out in the 30-40-s of the XX century) "guilty" for the Soviet regime. As it was typical for that time, within a quite short period great masses of people were moved to the Republic from their native lands. It is necessary to mention that besides an official punishment in the form of exile, the deportees faced unforeseen difficulties (absence of vital necessities, which was not even provided by the questionable sentence). Proceeding from the archive documents we can say that the government was at least indifferent

---

---

to special settlers' destiny, ignoring the requests of corresponding SovNarComs and not taking necessary measures for the improvement of the situation with deportees (and in some cases – even for saving their lives).

**Keywords:** Kazakhstan population, multi-ethnic composition, deportations, provision.

It is known that the formation of Kazakhstan's multi-ethnic structure took place within a long historical period. As far back as in the period of colonization by the Russian Empire the tsarist government promoted migration of peasants to new annexed territories in every possible way and attracted them by empty lands.

In the document from the President's Archive of the Republic of Kazakhstan "Extraction from report of Central Election Commission of USSR "On national minorities servicing and on land relations in Kazakstan" (the republic's name in that period) it is mentioned that in the period of census (1926-1927) besides the main nationalities (Kazakhs, Karakalpaks, Russians) there were registered about 1 300 000 persons of so-called national minorities (about 20% of the whole Kazakhstan's population). The structure of national minorities was as follows: Ukrainians – 818 000, Uzbeks – 210 000, Taranchins (Uighurs) – 51 000, Tatars – 78 000, Germans – 46 000, Kurama – 15 000, Turkmens – 9 000, Tajiks – 8 000, Dughans – 7 000 and some other nationalities – Jews, Kyrgyz, Belorussians, Mordvins, Moldavians, Estonians, Latvians, Bulgarians, etc. In this document they pointed out the main peculiarity of national minorities' settlement at the Republic's territory – their disunity and mixture with the main population and between each other.

According to this document, homogenous groups of national minorities were not found. The authors of the document mentioned this fact on purpose, as because of these factors (and due to the lack of financing) the authorities could not increase the number of administrative units (soviets and volosts) for national minorities. And in the 1926-1927 due to some economical upsurge and satisfaction the needs of national minorities, Central Executive Committee of Kazakhstan started enlarging national homogenous soviets and volosts.

We can see the results of this activity on German population figures (for example). On October 1, 1926 there were 20 soviets (in auls, kishlaks, villages, settlements) in the republic, and on the October 1, 1927 – already 42 [1, pp. 20-21].

Another period of considerable multi-ethnicity rise in Kazakhstan's history is deportations of nations declared by the regime "guilty". This period played a special role in the formation of Kazakhstan's multi-ethnicity. Hundreds of thousands people of these nationalities were deported to Kazakhstan.

Even at the present time researchers give various reasons for these actions. Besides traditional opinions there are also some extraordinary ones. Possibly, this subject needs much more detailed investigation, and there will be found some new facts and materials.

But the official reasons for deportations were always good. For example, the Letter of Instruction of the Central Committee of the Communist Party (Bolsheviks) to the republic's party bodies dated on October 4, 1941 [1 p. 102], signed by the Secretary of Central Committee of the Communist Party (Bolsheviks) N. Skvortsov. According to this document, Soviet authorities found out that among the Germans of the Volga River basin there were thousands of enemy agents and spies. By the signal from Germany they were ready to make explosions in the German Republic of the Volga River basin and neighboring regions. In order to prevent the bloodshed and diversions, the Presidium of the Supreme Council of the USSR issued a Decree "On resettlement of Germans living in the Volga River basin" of August 26, 1941. It was stated: - "... None of the Germans living in the Volga River basin informed Soviet authorities about the presence of such a great amount of agents and spies, consequently the German population of the Volga River basin districts is concealing among themselves enemies of Soviet people and Soviet authority...". Further in this document they said that in case of their activity, and bloodshed, the government will have to apply punitive measures against the whole German population of the Volga River basin, according to the war law. Thus, mass deportations of population were presented as compelled and performed "in order to avoid undesirable occurrences and prevent a serious bloodshed" [1 p. 102-103]. For example, according to the Decree of GKO of October 8, 1941 # 744 CC "On resettlement of Germans from Georgian, Azerbaijani and Armenian SSR", it was planned to deport to Kazakhstan 23 580, 22 741 and 212 persons correspondingly [1, p. 167].

In this connection there was issued a decree of SovNarCom KazSSR and TsK KP(b)K of the October 13, 1941. It was planned that deported population from Transcaucasia will be settled by oblasts (regions) as follows:

Alma-Atinskaya oblast – 5000 people;

---

Akmolinskaya oblast – 5000 people;  
East Kazakhstan oblast – 2000 people;  
Dzhambul'skaya oblast – 5000 people;  
Karagandinskaya oblast – 5000 people;  
Kustanayskaya oblast – 5000 people;  
Pavlodarskaya oblast – 5000 people;  
North Kazakhstan oblast – 5000 people;  
Semipalatinskaya oblast – 5000 people;  
South Kazakhstan oblast – 5000 people;

We can make an opinion about the planned preparatory measures on acceptance and housing of deported population as per the unofficial internal report "Information on needs in house building and provision of facilities for settlers" dated on "no earlier than October 2". (in the archive it was marked out that this document is not official, as it has only one of the legal force requisites – the executor's initial). In this document it is said that according to the Decree of August 28, 1941 the State Committee of Defense issued the following plan for moving Germans to Kazakh SSR:

6 of September, 1941 – 163 600 people;  
21 of September, 1941 – 142 000 people;  
22 of September, 1941 – 110 000 people;  
Total – 415 600 people [1, p. 105].

On the 2 of October, 1941 there were deported 132 610 people to the republic. The deported Germans were moved to existing kolkhozes and sovkhoses, and also the authorities organized some new kolkhozes. 12 oblasts of Kazakhstan participated in this process (only West Kazakhstan and Guriev oblasts were excluded). It was planned to build about 100 000 houses for Germans. At that time kolkhozes and sovkhoses had 7 266 unoccupied houses which were purchased, repaired and built specially for planned settlers but not used because of the non-arrival.

According to the regulations on acceptance and arrangement of Germans settlers, it was planned to distribute cattle for their personal use. This operation was commissioned to the People's Commissariat (NarComat) of Sovkhoses and the People's Commissariat of Meat and Milk Industry (NarComMyasoMolProm) of USSR.

But it is necessary to mention one important remark: at that moment Kazakhstan's NarComats did not get any instructions from Soviet Union's NarComats. Their requests were not answered at that moment. The issue of financing for economic arrangement (dwelling houses construction, exchange operations on grain fodder, cattle, etc.) was also not under solution [1, pp. 101-102].

The letter of South-Kazakhstan ObCom of TsK(b)K to Secretary of TsKP(b)K Skvortsov, where they say about the distressful situation concerning deported Germans, because the absolute majority of them arrived without corresponding documents confirming the passing of production means and food to the state. The settlers had just acceptance statements (given for the whole their property – houses, cattle, bread, trolleys, etc.) signed by representatives of district land department or district's authorities. And these documents were formalized carelessly; most of them had no seals. The receipts from procurement bodies were practically missing. Correspondingly, the local authorities had not right to distribute anything by these documents [1, p. 108-109].

More detailed information helping to understand the situation clearly, we can get from an official correspondence of NarComs (People's Commissariats). For example in the letter of People's Commissar of Forest Industry of Kazakh SSR Kh. Bayuzakov to Vice-Chairman of SovNarCom D.A. Kunaev, dated by October 12, 1944. In this letter he says that in March 381 deported families arrived from the North Caucasus (1246 people, among them 517 people are able-bodied). In the period: March – October 10, 1944 the number of departed people is 720/226 families.

The new specpereselentsy (special settlers) were accommodated in barracks which were not divided into apartments. These barracks were not divided into apartments, because in 1-2 months it was planned to move them to new sectors of saxaul gathering. On October 10, of 29 barracks 25 were reorganized into "apartment type" barracks, other 2 were planned to reorganize by the November 1, and the rest 2 will be used as dormitories.

The author of letter mentioned that in the conditions of Koskuduk settlement it is impossible to observe sanitary rules, as the construction of permanent dwelling houses could not be arranged. Therefore the living conditions of special settlers were worst than at any other works. Food issues were very problematic,

especially for family members, as only bread was prescribed for them.

In spite of this, it was decided to “attach” 539 people to public catering in March and April, 419 in May, 310 in June, 260 in July, 230 in August, 170 in September and October. Besides, according to this document, children who lost their parents were not taken care of. So 32 children were fed by lumbering office.

Provision with clothes, footwear and bedclothes was also “intolerable”. Lumbering office had to distribute clothes among special settlers uniform (100 000 Roubles cost) free of charge, because the salaries of special settlers were low (max. 250 Roubles per month). Correspondingly, they made about up to 1000 sets of warm uniform, 325 pairs of felt boots; and 250 leather pieces were under finishing, so it was planned to produce 1500-2000 pairs of work boots for the coming winter. It was covering 60-70% of needs for Koskuduk lumbering office, and only for 2-3 months. An especially urgent issue was the provision of dependants with clothes and bedclothes.

Medical service for settlers was insufficient. As it was mentioned in the letter, there was 1 doctor and 1 medical assistant for the whole Koskuduk, so it was impossible to cure all the workers. As the climate of Kuskuduk is severe and living conditions, medical service were bad, the rate death rate among the settlers was very high. At that Kh. Bayuzakov mentioned that deaths mainly occurred among Chechen settlers (150 persons of 196 died totally). Ill settlers were almost doomed, as the author of letter mentioned that their local measures were mainly useless until the necessary action by higher authorities are taken.

We can also see from tables shown in report of D. Rodin (Director of Department for Economical Organization of Special Settlers and Evacuated Population at SovNarCom of KazSSR), appendix 2 for ordered and actually received timber for 9 months of 1944.

Name of (oblast) region	Timber in Cub. Meters		%	Comments
	Ordered	Received		
Alma-Atinskaya	3820	815	24,2	
Akmolinskaya	1800	None	-	
Aktyubinskaya	2040	618	30,0	
East Kazakhstan	2340	None	-	
Dzhambulskaya	10120	150	1,3	
Karagandinskaya	7380	61	0,8	
Kyzyl-Ordinskaya	6250	None	-	
Kokchetauskaya	1220	None	-	
Kustanayskaya	2800	1640	58,9	
Pavlodarskaya	600	None	-	
North Kazakhstan	2580	700	27,1	
Semipalatinskaya	2200	1940	88,2	
Taldy-Kurganskaya	6020	166	2,7	
South Kazakhstan	5500	300	5,5	
TOTAL	54 940	6 390	11,8	

This document is very informative. As seen from this table, even the main needs of settlers were satisfied insufficiently.

Other data can be seen from report of D. Rodin (Director of Department for Economical Organization of Special Settlers and Evacuated Population at SovNarCom of KazSSR) to Secretary of TsK KP(b)K Shayakhmetov Zh. dated on October 19, 1944.

It is known that for the special settlers' issues, there was a Direction # 18597 providing the following construction materials in *any circumstances*:

- Timber – 10 000 Cub. Meters;
- Glass – 25 000 Square Meters;
- Cast iron – 700 Tones;
- Nails – 40 Tones;
- Cotton clothes – 400 000 Meters;
- Wool – 100 Tones.

In reality the delivery was just the following:

Nails – 40 Tones;

Cast iron – 700 Tones;

Besides, 400 000 Meters of cotton clothes were shipped and were on the way at that time.

They asked People's Commissar for State Control of Soviet Union (comrade Popov), State plan of Soviet Union (comrade Voznesenskiy), Council of People Commissars (comrades Kossygin and Mikoyan), and People's Commissariat for Communication Lines (comrade L.M. Kaganovich) to take measures against supplying People's Commissariats.

But the construction materials were not shipped yet according to the document's date. Because of timber absence, and especially glass, the construction works for special settlers' dwelling were interrupted. Before that they built 8593 houses and reconstructed 20506 empty houses, but as there was no glass for windows, 29 000 special settlers' families could not move in. Over 20 000 able-bodied special settlers who worked in warm weather, could not work in October because of no clothes, footwear, and residence. In the documents it was said that the situation was threatening. *Many telegrams to Moscow asking for taking measures and speeding the shipment up were not answered.*

Of course, it is excessively to mention that during such great operations family members were losing each other. As per the reference note from Anissiomov, Human Resources Instructor at TsK KP(b) of Kazakhstan to Secretary of TsK KP(b) of Kazakhstan comrade Zh. Shayakhmetov "Situation with economic arrangement of special settlers from North Caucasus on September 20, 1944" dated on September 23, 1944, the number of deported families from North Caucasus was 111763. It was 839 less than on July 10 due to realized measures on family reunion (information on September 10, 1944).

Settlement process can be seen from these tables (In thousands) :

	July 10	August 10	September 10
In kolkhozes	64,9	61,1	61,5
In sovkhoses	9,7	10,5	10,9
In industry	25,4	28,4	27,6

Percentage of special settlers' families accepted to kolkhozes

July 10	August 10	September 10
72,5	91,9	91,4

Generally the situation did not change for the better. It is proved by the information in the subsequent documents. For example, in his reference note the Director of Department for economical organization of special settlers and evacuated population at SovNarCom of KazSSR D. Rodin to Chairman of Soviet of People's Commissars of KazSSR comrade Undassynov "On economical arrangement of special settlers and necessary assistance" dated on December 10, 1944.

According to the reports from regions, on November 20, 1944 there were 107 947 families (439 406 people) in the republic distributed in the economy branches.

In kolkhozes – 64 775 families

(among them 61533 families were accepted to kolkhozes);

In sovkhoses – 12 636 families;

In industrial enterprises and organizations – 30536 families;

The dwelling houses were built for 91 022 families;

11 745 houses were built anew;

24 612 empty houses were reconstructed;

18 285 houses were repaired.

In this document the author said that in the course of these works the republican Soviet of the People's Commissariats and Central Committee of Kazakhstan's Communist Party made some decisions. For realization of these decisions in the regions some authorized persons were sent from the above-named organizations. Besides, there were sent many telegrams to regional authorities asking to take measures on economic arrangements for settlers.

However, many of regional authorities did not fulfill those instructions. In the document they said that it was resulted in threatening situation with settlers' housing. It was reported about 16 925 families who were living in dwellings unsuitable for winter conditions (in the whole republic). Especially bad was the situation



---

---

in Akmolinskaya oblast (4 000 families), East Kazakhstan (3 500), Karagandinskaya (4 000), South Kazakhstan (4 000) and Kokchetavskaya (1 300). The conclusion was so that no authorities solved the problems of settlers' housing.

Furthermore, even the instructions on warm clothes and footwear provision failed.

For example, in Kokchetavskaya oblast they even did not approve the distribution plan and did not make felt boots of the processed wool.

Among all the oblasts only Pavlodarskaya, North Kazakhstan, Alma-Atinskaya, South Kazakhstan and Kustanayskaya processed leather and sheepskins for clothes and footwear.

In the rest of the regions the footwear and clothes were not produced though there was an urgent need.

There is a list of construction materials for settlers:

Timber – 6,5 thousand Cubic Meters

Nails – 32 Tones

Glass – 3337 Square Meters.

It was absolutely insufficient. So because of the absence of timber and especially glass, starting October the construction of houses was suspended in the republic. 11 475 houses built anew and 24 612 reconstructed houses had no windows, so special settlers' families who had occupied these houses before had to leave them and settle more closely in the houses.

Again, a great number of telegrams to Moscow asking for shipment of materials were not answered. So the situation was the same: in the document the author told about unavailability of houses, the absence of firewood, clothes and footwear. As the author said the situation with work clothes was threatening. Over 20 000 physically healthy settlers who could work only in warm weather were not able to work now.

There were about 150 000 dystrophic people. In the reference note it was said that if they are not provided with food products (bread), *they will die out (the daily death rate among special settlers in the republic was about 300 people)*.

As we see from the documents data, the punishment for “guilty” nations was not limited only by an exile. Besides the official sentence they faced with many awful problems. Authorities did not observe even their lawful rights. According to the archive documents we may conclude that the above-mentioned living conditions were common for special settlers. Since some part of deportation materials is still in secret, the history of nations' exile is still waiting for its reconsideration.

The formation of Kazakhstan's multi-ethnic structure is a complex problem requiring a comprehensive research on the present historical stage. It has many aspects and some of them were not studied properly yet. Many historical processes effected on this issue. Hopefully, in the framework of the present day research projects it will become known better.

---

#### References:

- 1 Карпыкова Г.А. «Из истории немцев Казахстана. 1921 – 1975». // Сборник документов. – Алматы – Москва, 1997. – С. 20-21; 102-103; 167; 105; 101-102; 108-109.
- 2 АП РК. Ф. 708. Оп. 8. Д. 1342. – Л. 50-51.
- 3 АП РК. Ф. 708. Оп. 8. Д. 1342. – Л. 53.
- 4 АП РК. Ф. 708. Оп. 8. Д. 1342. – Л. 67 и обор.
- 5 АП РК. Ф. 708. Оп. 8. Д. 1342. – Л. 28.
- 6 АП РК. Ф. 708. Оп. 8. Д. 1342. – Л. 92-94.

#### Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасының көпэтностық құрылымына әсер еткен факторлардың бірі – 1941-1944 жылғы халықтарды күштеп қоныс аудару мәселесі қарастырылған. Автор мақаласында қоныс аударушылардың тұрмысы мәселесіне баса көңіл бөлген.

#### Резюме

В статье описываются обстоятельства одного из процессов, повлиявших на формирование полиэтничного состава населения Республики Казахстан – депортации народов (на основе данных за 1941 и 1944 гг.). Основное внимание уделено угрожающему положению с хозяйственным обустройством спецпереселенцев.

**А.Б. ОТАРБАЕВА**

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының  
кіші ғылыми қызметкері

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨШІ-ҚОН МЕМЛЕКЕТТІК  
САЯСАТЫНЫҢ МӘНІ МЕН БАСЫМДЫҚТАРЫ  
(тарихи-құқықтық аспектісі)**

**Аннотация**

Сыртқы және ішкі көші қон үдерісін реттеу Қазақстан Республикасының даму деңгейін көрсететін дүниежүзілік саясаттың негізгі бағыттарының бірі. Көші-қон мемлекеттік саясаты арнайы қабылданған көші-қон тұжырымдамасы мен нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылуы нәтижесінде, республикада көші-қон үдерісін реттеуге бағытталған құқықтық база қалыптасты. Халықаралық аренада Қазақстан тұрақты дамушы және өркениетті мемлекет ретінде көшіп келушілерге тиімді жағдайлар қарастырған мемлекет ретінде танылды.

Көші-қонның басым бағыты ретінде Қазақстан республикасы біріншіден, көші-қон саясаты негізінде деморгафиялық ахуалды көтеріп, этникалық қазақтардың отанына қайтаруға жағдай жасау, екіншіден ішкі көші-қон үдерісін еңбек нарығына сай реттеу, үшіншіден қажетті жұмыс күшіне сай шетелдік білікті мамандарды тарту, төртіншіден ұлттық құндылықтар мен сыртқы қауіпсіздікті сақтауға бағытталды.

**Түйін сөздер:** Қазақстан, көші-қон, саясат, көші-қон саясатының тұжырымдамасы, сыртқы және ішкі көші қон.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздік алуы, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрамында болған мемлекеттердің жаппай сыртқы көші-қон үдерісімен қатар жүрді. Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстанда қалыптасқан әлеуметтік төмен қамсыздандырылу, нарықтық экономикаға өту мен экономикалық киын жағдай республика аумағындағы сыртқы және ішкі көші-қон үдерісінің қарқындылығын күшейтті. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріндегі іспетті Қазақстанда жекелеген этникалық топтардың тарихи Отанына оралу мүмкіндігінің кеңеюі көші-қонның теріс сальдосының өсуіне әкелді. 1990 жылдарда табиғи өсім, туу санының күрт азайып кетуі 1980 жылдармен салыстырғанда қайтыс болғандар санының ұлғаюы есебінен 2 есеге дерлік азайды [1]. Осы кезеңде Қазақстан аумағындағы орыс тілді тұрғындардың шетелге оралуы мен этникалық қазақтардың елге қоныс аударуы, білікті кадрлардың шетел асып кетуі қарқынды жүрді. Қазақстан Республикасындағы көші-қон үдерісін заңды түрде реттеу, мемлекеттік көші-қон саясатының мақсаты мен міндетін айқындау кезек күттірмей шешуді қажет етті.

Заңсыз көші-қонды тоқтату, білікті кадрларды отанда сақтап қалу мен этникалық қазақтардың Қазақстанға орауын заңдастыру мақсатында 1992 жылы 15 желтоқсанда Министрлер кабинетінде «Көшіп келушілер туралы» № 1055 заңы қабылданды [2]. Республикадан кету және келу сондай-ақ оның жері арқылы аялдама жасап өту арнаулы заңдармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының министрлер кабинетінің актілерімен реттелді [3].

Қазақстан Республикасының «Көшіп келу туралы» заңы – мемлекеттік көші-қон саясатын жүзеге асыру, өзінің ата мекеніне қайта оралып жатқан адамдар мен олардың отбасыларын республика көлемінде қоныстандыруды реттеу және ұйымдастырушылық нысандық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелерін қамтыды. «Көшіп келу туралы» заңның 1-бабында: «Қазақстан Республикасының азаматтары республика ішінде тұрғылықты жерін ауыстыруға, басқа елге қоныс аударуға және қайтып оралуға құқылы. Шетелде тұратын отандастар өзінің ата қонысы Қазақстан Республикасына еркін орала алады» [4] деп анық көрсетілді. Заңның 6-бабы 1-бөлігінде Қазақстан Республикасының Президенті Министрлер кабинетінің ұсынысы бойынша әрбір күнтізбелік жылға көшіп келу квотасын белгілейді, онда көшіп келушілердің көшіп келген жері мен саны, оларды қабылдауға қажетті қаржы көлемі, сондай-ақ көшіп келетін аймағы, қабылдау мен бейімдеу, еңбекпен қамту түрлері көрсетілді. Аталған баптың 2-бөлігінде, тарихи отанын мәжбүрлі түрде репрессия, күштеп ұжымдастыру, ашаршылық салдарынан кетіп, қайтып оралушылар ұрпақтары босқындар мен оралмандарға квота бөлу, жүйеленген жеңілдіктер мен жәрдемақылар қарастырылды. 17-бабының

2-тармағында Қазақстан Республикасынан тыс мемлекеттерде өмір сүретін қазақ ұлты өкілдері қуғындау мен ығыстыру, құқық мен еркіндігі шектелген немесе осындай жағдайлар орын алудан қауіптеніп, тарихи отана қосылу мақсатында көшіп келушілерге босқын мәртебесі берілсе, осы баптың 3-тармағында ұлты қазақ азаматтардың Қазақстан аумағын жаппай қуғын-сүргін, күштеу шаралары мен қуғындау, сонымен қатар әскери тұтқындар мен олардың ұрпақтары өз отанына көшіп келгенде оларға босқын-оралман мәртебесі беріледі деп көрсетілді. Ал 24-баптың 2-тармағында Қазақстан Республикасына өзінің тарихи отаны ретінде көшіп келуші босқындар мен оралмандарға сынақ мерзімінсіз тұрақты түрде тұруға құқық беріледі. Қазақстан Республикасының азаматтығы «Қазақстан Республикасының азаматтық туралы» заңына сай беріледі [4].

«Көшіп келушілер туралы» заңының қабылдануы нәтижесінде 1991-1993 жылдары республикаға алыс және жақын шет елдерден 500 мыңға жуық адам (тек қазақ емес) көшіп келіп, миграциялық сальдо үш жылдың орташа есебімен – 150 мыңға жетті. Қазақстанда көші-қон үрдісін құқықтық жағынан ұйымдасқан негізде жүзеге асыру жұмысы тәжірибе жүзінде оң нәтижесін көрсетті, 1991-1992 жылдары елімізге 10 мыңнан аса қазақ отбасы келіп 60 мың адам Қазақстанға көшіп келді [5]. Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы – тәуелсіздігімізді тұрақтандыруға, ұлттық біртұтастықты қалыптастыру мен демографиялық ахуады көтеріп, мәдени құндылықтарды сақтауда маңызды. Дегенмен 1992-1994 жж. Қазақстан Республикасынан басқа республикаларға көшіп кетушілер саны 812 мың адамды құрады [6]. 1993-1994 жылдары көші-қон шығыны халықтың табиғи өсімін жұтып қана қойған жоқ, тиісінше одан 1,4 және 2,8 есе асып кетті. Бала туудың азаюы мен өлімнің көбеюінен туындаған демографиялық көрсеткіштің төмендеуінен халықтың көші-қонының теріс сальдосы қалыптасты [7].

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы демографиялық мәселелермен тығыз байланысты, бұл ретте алыс және жақын шет елдерде тұратын тарихи отанына оралуға тілек білдіретін қазақ ұлты өкілдерін Отанына оралуға жағдай жасау жолын мемлекеттік саясат аясында қарастыру атаған мәселені заңды тұрғыдан шешуде аса өзекті. Қалыптасқан жағдай республикадағы көшіп келушілерді және көшіп кетушілерді оңтайлы басқаруды ұйымдастырып, қоғамдағы демографиялық тұрақтылық пен еңбекке жарамды халықты сақтауға баса назар аударды қажет етті.

Қазақстан Республикасының демографиялық ахуалын оңтайлы шешу мақсатында шетелдегі қандастарымызға құқықтық қолдау көрсете отырып, олардың қайта оралуына жағдай жасау қолға алынды. Осы мақсатта 1992 жылы 3 шілдеде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің № 578 «Өзінің тарихи отанына, оның ішінде қалалық жерлерге қайтып келуге тілек білдірген байырғы ұлт адамдарын ұйымшылдықпен қабылдау жөніндегі 1992 жылға арналған бағдарлама туралы» қаулысы қабылданды [8]. Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 18 мамырдағы № 1701 «1994 жылғы көшіп келу квотасы туралы» қабылданған қаулысына сай 1994 жылы шет елден көшіп келу квотасы 7 мың мөлшерде белгіленді [9]. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 шілдедегі № 2366 «1995 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы» Қаулысына сай 5 мың отбасы болып белгіленсе [10], 1996 жылы - 4 мың отбасы, 1997 жылы - 2,18 мың отбасы, 1998 жылы - 3 мың отбасы, 1999 жылы - 2000 жылдары әр жылға 500 отбасына көшіп келу квотасы берілді [11]. Шетелдегі отандастармен жұмысты жан-жақты жетілдіру, оны тек ұдайы және мақсатты мемлекеттік қолдау жағдайында ғана жүзеге асыру мүмкін.

Қазақ диаспорасының әлеуметтік-экономикалық, мәдени, білім алу сұраныстарын барынша қанағаттандыруды қамтамасыз ететін, тарихи отанына қайта оралғылары келетіндерге мүмкіндік туғызатын ойластырылған шаралар жүйесінің негізі қалыптасты. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 ж. 31 желтоқсанда «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы» атты Жарлығы қабылданды [12]. Жарлықты қабылдау шетелдегі отандастарды әлеуметтік, құқықтық қорғау және қолдау саласындағы проблемаларын құқықтық реттеу және оларды бір жүйеге келтіру, қазақ диаспорасымен байланысты қалпына келтіру және жүзеге асыруға жол ашты. Бағдарламалық шаралардың тізбегі мен орындау мерзімі, жауапты мемлекеттік орган мен күтілетін нәтижелері нақты көрсетілді.

Қазақстандағы тұрақты демографиялық өсімді қамтамасыз ету мақсатында 1997 жылы 13 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Парламенті жаңадан «Халықтың көші-қоны туралы» заңын [13] қабылдады. Еліміздегі миграциялық саясат аясында «Қазақстан Республикасы демографиялық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы» [14] мен «Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының тұжырымдамасы туралы» қаулысы қабылданды [15].

Республикадағы көші-қон мемлекеттік саясаты бағыт бағдарының нақты айқындалуы

---

нәтижесінде халықтың көшіп-келуі көшіп-кетушілерден асып түсіп, 2004 жылы көші-қонның теріс сальдосы он сальдоға ауысты. 1991-2004 жж. аралығында Қазақстанға 94890 отбасы 371223 оралман (этникалық қазақ) көшіп келді [8, 184 б.]. Статистика деректері бойынша 2007 жылғы 1 қаңтарға Қазақстаннан 33914 адам кетіп, 67386 адам келді, көшіру сальдосы (плюс 33472 адамды) құрады [16].

Сапалық жағынан мемлекеттік көші-қон саясатын жүзеге асыру барысында этникалық қазақтардың Қазақстанға оралуы демографияның өсіміне, қазақ тілінде сөйлейтіндер санының артуына және қазақ мәдениеті мен дәстүрінің сақталуына оң ықпал етсе, келесі жағынан шетелден көшіп келуші бұрынғы отандастардың Қазақстандағы қазақстандықтардан әлеуметтік және мәдени алшақтықтары айқын байқалды. Тарихи отанына оралған этникалық қазақтар байырғы қазақ мәдениеті мен тілін қоғамдағы өзгерістердің ықпалынсыз сол қалпында сақтады және өз бойларына келген мемлекетінің кейбір қасиеттерін сіңіруімен ерекшеленді. [17]. Көші-қон саясатының алдына қойған мақсаттарының бірі Қазақстандағы негізгі ұлт өкілі қазақтардың санын арттыру жемісті нәтиже көрсетіп 63 % жетті [18].

Көші-қон үдерісін мемлекеттік саясат негізінде реттеуде еңбекке жарамды азаматтардың шетел асып кетуі қиындық туғызды. Кетіп қалушылар легінде негізгі үлесті еңбекке жарамды жастағы адамдар (1994 жылы 63,2%, 1995 жылы 62,8%, 1999 жылы 67% және 2000 жылы 68 %) құрады. Кетіп қалған азаматтардың шамамен 18-20%-ы еңбекке жарамды жасқа толмаған халықты құрады. Осыған байланысты халықтың құрамында еңбекке жарамды жастан кәрі адамдардың саны көбейіп, тиісінше «халықтың қартаю» үрдісі күшейді. Қазақстанға 1991-1996 жж. 33 мың отбасы немесе 147 мың адам көшіп келді, олардың 49 мыңы еңбекке жарамды [19]. Еңбек көші-қонын реттеуде республикада ұлттық жоғары білікті кадрларды сақтау және шетелге кеткен отандық жұмыс күшін қайтару жолдарын қарастыру мен шетелдік сапалы білікті еңбек күшін тарту жұмыстары мемлекеттік көші-қон саясаттың басым бағыты ретінде қарастырылды.

Қазақстан Республикасының 1997 жылы 13 желтоқсанда қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» заңында «еңбек көші-қоны – жеке тұлғалардың еңбек қызметін жүзеге асыру үшін басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасынан, сондай-ақ мемлекет ішінде уақытша қоныс ауыстыруы» деген анықтама берілді [20]. Бұл ретте Қазақстанның географиялық орналасуы, мемлекеттің бірлігі мен ұлттық ерекшелгі, қауіпсіздігі назардан тыс қалмауы қажет. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылдың 28 шілдесіндегі № 707 қабылданған «Еңбек көші-қоны және қоныс аудару тәртібімен тарихи отанына оралған ұлты қазақ адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» қаулысының негізгі мәні – қазақтардың еңбек көші-қоны және қоныс аудару тәртібімен тарихи отанына қайтып оралуы мен әлеуметтік-құқықтық қорғау жөніндегі шараларына жәрдем көрсету көзделді. Қаулыға сай, Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі Ішкі істер министрлігімен бірлесіп еңбек және қоныс аудару тәртібімен Қазақстан Республикасына оралған ұлты қазақ адамдарды келген кезеңінен бергі мерзімде Қазақстан Республикасында тұрақты түрде тұратындар деп таныды; Ішкі істер министрлігі заңда белгіленген тәртіпте еңбек көші-қоны және қоныс аудару тәртібімен тарихи отанына оралған адамдарды еркін және ерікті түрде ерік білдіруінің негізінде шетелдік азаматтардың ықтияр хаттарымен және азаматтығы жоқ адамдардың кәуліктерімен 1998 жылы тегін жүзеге асыруды қамтамасыздандырды [21].

Отандық кадрларды елімізде сақтап қалу мен олардың заңды құқы мен бостандығын сақтау мақсатында 2000 жылғы 5 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Көші-қон саясаты тұжырымдамасында Орталық және жергілікті атқарушы органдар шетелдік жұмыс күшін тарту мен пайдалануға бақылау жасауды, отандық еңбек рыногын қорғауды, бос тұрған жұмыс орындарына қазақстандық азаматтардың алынуына басым құқықты қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасының аумағына келіп жатқан еңбекші көшіп-қонушылар туралы жариялап отыруды, жұмыс берушілердің шетелдік қызметкерлерді нысаналы пайдалану, еңбек келісім-шарттары талаптарын сақтауын қамти отырып, еңбек көші-қоны проблемаларын шешуде өзара іс-қимылды күшейту жөніндегі шараларды жүзеге асыруды қолға алды [1].

2004 жылдың бірінші жарты жылдығында Қазақстан Республикасына 11298 шетел мамандары келді, бұл 2003 жылдың тиісті көрсеткішінен шамамен 5 мың адамға артық. Мигранттардың сапалық құрамы жөнінде еңбекке жарамды жастағы адамдар басым, оралмандар құрамындағы еңбекке жарамды адамдар саны олардың жалпы санының 52,1%-ын құрады. Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша, республикаға, кеткендермен салыстырғанда, олардан жас адамдар келуде [22].

Қазақстанның экономикалық тартымдылығына байланысты Қазақстанда жұмыс істеуді қалайтын еңбек көшіп қонушыларының саны жылдан-жылға артуда. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жыл сайын белгілейтін Қазақстан Республикасы аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тарту квотасы шегінде 40,9 мың адам немесе экономикалық белсенді халыққа шаққанда 0,51% адам тартылды [23]. Еңбек көші-қоны көлемінің артуы заңсыз көші-қон ауқымының ұлғаюына әкелді. Қазақстан Республикасының геосаяси орны, ТМД елдерімен шекаралардың ашықтығы, бірыңғай келісілген саясаттың болмауы және заңнамалық базаның жетілдірілмеуі, қолайлы экономикалық ахуал, әлеуметтік-саяси тұрақтылық, либералдық халықаралық көші-қон саясаты заңсыз көші-қонға ықпал ететін негізгі факторлар болып табылды [23].

Сарапшылардың есептеуінше Қазақстан Республикасына 2001-2005 жылдары 220-300 мың, кейбір деректер бойынша 500 мыңға дейін заңсыз еңбек иммигранттары жұмыс жасады. Тек Оңтүстік Қазақстан облысының өзінде заңсыз келіп жұмыс берушімен еңбек шартына отырмай 10-15 мың жұмысшы еңбек еткен. Өзге деректер бойынша «науқан» уақытында 100 мыңға жуық заңсыз жұмыс күші Оңтүстік Қазақстан облысында еңбекке тартылған [24]. 2001-2003 жж. Қазақстан Республикасы ІІМ Республика аумағында 100 мыңнан аса заңсыз еңбек еткен шетел азаматтары анықталып, 50 мыңнан астамы елден шығарылды [24].

Заңсыз еңбек көші-қоны еліміздің қауіпсіздігіне қауіп төндіреді, отандық еңбек күшіне бәселес болып, қылмыстың өсуіне әкеледі. Мемлекеттік көші-қон саясаты республикадағы көші-қон заңын одан әрі жетілдіруде қоғамдағы өзгерістер мен еңбек көші-қонын реттеу, заңсыз көші-қонмен халықаралық серіктестік негізінде күресу және көші-қон толқынын басқару тетіктерін дамытуды қолға алады. Осыған орай Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілде қабылданған № 477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» көші-қон саласында қолданылатын негізгі ұғымдардың толық тізбесі, көшіп келудің түрлері, Қазақстан Республикасында көші-қон үрдістерін басқарудың мемлекеттік жүйесі, халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары мен міндеттері, Қазақстан Республикасына көшіп келушілердің келуі мен республикадан тыс аумаққа кету шарттары, көшіп келушілердің құқықтықтары, міндеттері, Қазақстан Республикасында ішкі көшіп-қонушылар, Қазақстан Республикасының халықтың көші-қон саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық мәселелері толық қамтылды [26].

Қазақстан Тәуелсіз мемлекеттер достастығы аясында заңсыз көшіп-қонушылармен күресу және босқындар мәселесін реттеу мақсатында 1998 жылы наурыз айында келісімге қол қойылды. Осы жылы Қазақстан БҰҰ босқындар туралы Женевада қабылданған Конвенциясына қосылды [27]. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 216-IV «Босқындар туралы» заңы [28] қабылданды. Еңбек көші-қонын мемлекеттік саясат аясында реттеу Республика Президентінің Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы жарлығы аясында шешу қарастырылды [23]. Аталған құжат ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2030» даму бағдарламасына негізделе отырып, тұжырымдамадағы бес негізгі басымдықтың бірі еңбек көші-қоны мен заңсыз еңбек көші-қонын реттеуге бағытталды.

Ішкі істер министрлінің мәліметі бойынша 2011 жылы Қазақстанға 1,3 млн (+8 %) шетел азаматтары келген (оның ішінде 1,2 млн – ТМД мемлекеттерінен). Көші-қон заңын бұзып әкімшілік жауапкершілікке тартылғандардың саны 146,2 мың шетел азаматы [29]. Көші-қон заңын одан әрі жетілдіру қоғамдағы өзгерістер мен еңбек көші-қонын реттеуге, заңсыз көші-қонмен халықаралық серіктестік негізінде күресуге, көші-қон толқынын басқару тетіктерін дамытуға бағытталды. Құқық бұзушылықтардың алдын алу мен Қазақстан Республикасында заңсыз мигранттарды қайтару мақсатында Европа мен Орталық Азияның 12 мемлекетімен реадмиссия жөніндегі келісім-шартына қол қойылды, 2012 жылы реадмиссия туралы келісім-шарт ГФР; Норвегия, Чехия, Швейцария Конфедерациясы, Латвия және Литва мемлекеттерімен жасалды [29].

2010 жылғы 19 қарашада Санкт-Петербург қаласында: Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы Үкіметінің басшылары қол қойған Үшінші мемлекеттерден келген заңсыз еңбек көші-қонына қарсы іс-қимыл жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімі Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 маусымдағы № 445-IV Заңымен ратификацияланды [30].

Сыртқы және ішкі көші қон үдерісін реттеу мемлекет пен Қазақстан қоғамының даму деңгейін көрсететін дүниежүзілік саясаттың негізгі бағыттарының бірі. 1991-2007 жылдары облысаралық және облыс ішіндегі көші-қон процестеріне 4,7 млн. астам адам қатысты.

---

Алғашқыда қоршаған ортасы жоғары дәрежеде лас және табиғи-климаттық жағдайы ауыр аймақтарда жұмыс істейтіндерді тұрақтандыратын әлеуметтік тәртіппен өтемақы төлеу болса, экономикалық дағдарыс жағдайында бұл өтемақы шаралары іс жүзінде қолданылмады. Денсаулық үшін алаңдаушылық туғызатын экологиялық жағдайдың нашарлауы, қоршаған ортаның ластану үрдісі «экологиялық көшіп-қонушылар» атты экологиялық миграцияның ұлғаюына әкелді. Осындай лектерді реттеу тетігінің жоқтығы әлеуметтік-экономикалық сипаттағы бірқатар проблемаларды туғызады: жұмысқа орналастырудағы қиындық және жаңадан орналастырылатын жерлерде тұрғын үйдің жетіспеуі. Тұрғын үйдің болмауынан, әсіресе жастар арасында, көші-қон қаладан-ауылға және қаладан-қалаға жүрді [7]. Халықтың ішкі қоныс аударуы көбінесе берекесіздік сипатқа ие болды және мемлекеттік тұрғыдан кезек күттірмей реттейтін мәселелердің біріне айналды. Қазақстан Республикасының № 477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» заңының 1-бабы 25-бөлігінде ішкі көші-қон – жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішінде тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында қоныс аударуы болса, осы баптың 26-бөлігінде ішкі көшіп-қонушы – тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында қоныс аударушы немесе Қазақстан Республикасының ішінде өз бетінше қоныс аударушы адам деп көрсетілді [26].

Республикадағы қалыптасқан жағдайға орай, мемлекеттік көші-қон саясатын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1371 «Республикасы Көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасы», № 399 «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы», № 1126 «Нұрлы көш» бағдарламасын бекіту туралы қаулысы қабылданды [31]. Аталған құжаттар Қазақстан Республикасының еліміздің қолайсыз аудандарында тұратын Қазақстан азаматтарын ұтымды қоныстандыру және олардың жайғасуына жәрдемдесу жолдарын шешуді қарастырды.

«Халықтың көші-қоны туралы» заңының 53-бабында «ішкі көшіп-қонушылардың квотасына енгізілген Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен тұрақты тұрғылықты жеріне жол жүру және мүлкін тасымалдау шығындарын қамтитын біржолғы жәрдемақы төленеді және тұрғын үй салу, оны қалпына келтіру немесе сатып алу үшін жеңілдетілген кредиттік қарыздар беріледі» деп көрсетілді [26]. Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасында: ішкі көші-қонды реттеуге бағытталған өңірлік еңбек нарығының теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін экономикалық белсенді халықты аумақтық қайта бөлуді ынталандыру тетігін әзірлеуге; өңірлердің экологиялық жағдайына; әлеуметтік және экономикалық күйзелуінің мониторингіне; ішкі көшіп-қонушыларды тең де теңгерімді орналастыруға бағытталған шараларға баса назар аударылды [23]. Осылайша тәуелсіздік алған сәттен бері Қазақстан Республикасында көші-қон толқынын реттеу мен көшіп келушілерді басқаруды оңтайлы жүзеге асыруға бағытталған көші-қон заңнамасы қалыптасты. Көші-қон үдерісінің құқықтық тұрғыдан мемлекеттік саясатқа сай орындалуын реттеу мен көші-қон заңын жетілдіру мемлекеттің көші-қон саясатының негізін құрады. Республикадағы мемлекеттік көші-қон үдерісінің алдына қойған саяси мақсатына сай міндеттерді дұрыс жүзеге асыруы елдегі экономикалық-әлеуметтік, демографиялық және саяси жүйелердің дамуын көрсететін механизм ретінде қарастырылды. Халықаралық аренада Қазақстан тұрақты дамушы және өркениетті мемлекет ретінде көшіп келушілерге тиімді жағдайлар қарастырған мемлекет ретінде танылды.

Мемлекеттік саясаттың бір бөлігі ретінде көші-қон үдерісі бірнеше бағыттар арқылы жүргізілді, біріншіден, Қазақстандағы негізгі ұлт өкілі қазақтардың санын арттыру, демографияны көтеру; екіншіден, адами ресурстарымен қамтамасыз етуде еңбек көші-қоны республикада ұлттық жоғары білікті кадрларды сақтау және шетелге кеткен отандық жұмыс күшін қайтару жолдарын қарастыру мен шетелдік сапалы білікті мамандарды тарту; үшіншіден, көшіп келушілер мен көшіп кетушілер толқынын және республика аумағында қажетті жұмыс күшін тең дәрежеде реттеудегі басқару жүйесінің өзара байланысын қамтамасыз ету және заң жүзінде ұлттық құндылықтар мен сыртқы қауіпсіздікті сақтау; төртіншіден, халықаралық аренада Қазақстан тұрақты дамушы және өркениетті мемлекет ретінде көшіп келушілерге тиімді жағдайлар қарастыруға бағыттады.

---

#### Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1346 қаулысы. 2000 жылы 5 қыркүйекте қабылданған // <http://adilet.minjust.kz/kaz/docs/P000001346>

2 Қазақстан Республикасының «Көшіп келу туралы» заңы, 1992 жылы 26 маусымда қабылданған // Халықты

- жұмыспен қамту туралы Қазақ КСР-ның заңына қатысты нормативтік актілердің жиынтығы. Алматы, 1992. – 260 б.
- 3 Демография и миграция в Республике Казахстан. Информационно-аналитический бюллетень – № 11(14). – 1996. – 61 с.
- 4 Закон Республики Казахстан «Об иммиграции» от 26 июня 1992 года // <http://adilet.minjust.kz/rus/docs/Z920003300>
- 5 Турысбеков З. О проблемах миграции и демографической ситуации в Казахстане // Казахстанская правда, 26 января 1999.
- 6 Садовская Е.Ю. Миграционные процессы и миграционная политика в Казахстане в сб.: Миграционная ситуация в странах СНГ / Под ред. Ж. Зайончковской. Центр изучения проблем вынужденной миграции в СНГ и Независимый исследовательский Совет по миграции стран СНГ и Балтии. ИМП РАН. Москва, 1999. – С. 120.
- 7 Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 қазандағы № 1371 Қаулысы
- 8 Қазақ көші – қазақтың қауымдасуы. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының қорынан құжаттар жинағы. – Алматы: Атажұрт, 2012. – 37-40 бб.
- 9 5 – Н-қ. 1-т. 3890-іс. 13-14 пп.
- 10 1995 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің № 2366 Қаулысы. 1995 жылы 18 шілдеде қабылданған // <http://adilet.minjust.kz/kaz/docs/K950002366>
- 11 Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1371 Қаулысы. 2001 жылы 29 қазанда қабылданған // <http://adilet.minjust.kz/kaz/docs/P010001371>
- 12 Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің № 3308. Жарлығы. 31.12.1996. Қазақстан Республикасы Парламентінің материалдары.
- 13 Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 21 б.
- 14 Қазақстан Республикасы демографиялық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1380 Қаулысы. 2001 жылы 30 қазанда қабылданған // <http://adilet.minjust.kz/kaz/docs/P010001380>
- 15 Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1346 Қаулысы. 2000 жылы 5 қыркүйек бекітілген // <http://adilet.minjust.kz/kaz/docs/P000001346>
- 16 «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 631 Қаулысы. 2007 жылы 26 шілдеде қабылданған // <http://adilet.minjust.kz/kaz/docs/P070000631>
- 17 <http://www.ia-centr.ru/expert/14272/>
- 18 З. Қинаятұлы. Қазақ көшінің бүгінгі мен ертеңі // <http://qamshy.kz/>
- 19 Ф. 5-Н. Оп. 1. Д. 5868. Лл. 54-56.
- 20 Қазақстан Республикасының Халықтың көші-қоны туралы № 204 Заңы. 1997 жылы 13 желтоқсанда қабылданған // <http://www.adilet.minjust.kz/kaz/docs/Z970000204>
- 21 Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. 1998 ж., № 24. 209-құжат
- 22 Көш көлікті бола береді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі г. Қарақұсовамен сұхбат // Егемен Қазақстан. – 2005 жыл. – 1 қыркүйек.
- 23 Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің № 399 Жарлығы. 2007 жыл 28 тамызда қабылданған // <http://adilet.minjust.kz/kaz/docs/U070000399>
- 24 Алексеенко А. Н. Казахстан: некоторые характеристики миграционных процессов // Мост через Амур: Внешние миграции и мигранты в Сибири и на Дальнем Востоке / Под ред. В.И. Дятлова. – М.-Иркутск: Наталис, 2004. – С. 23.
- 25 Соколов С.В., Ванян А.Б. О состоянии и некоторых проблемах борьбы МВД государств участников СНГ с незаконной миграцией // Нелегальная миграция из России в страны Евросоюза. – Ростов-на Дону, 2003. – С. 32, 42.
- 26 Қазақстан Республикасы «Халықтың көші-қоны туралы» № 477-IV Заңы. 2011 жылы 22 шілдеде қабылданған // <http://adilet.minjust.kz/kaz/docs/Z970000204>
- 27 Мукомель В. миграционная политика России Постсоветские контексты. – Москва, 2005. – 32 б.
- 28 Қазақстан Республикасының «Босқындар туралы» № 216-IV Заңы. 2009 жылы 4 желтоқсанда қабылданған // <http://adilet.minjust.kz/kaz/docs/Z090000216>
- 29 Миграционная ситуация в Республике Казахстан // <http://www.e-cis.info>
- 30 Үшінші мемлекеттерден келген заңсыз еңбек көші-қонына қарсы іс-қимыл жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының № 445-IV Заңы. 2011 жылы 28 маусымда қабылданған // <http://adilet.minjust.kz/kaz/docs/Z1100000445>
- 31 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын бекіту туралы № 1126 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылы 2 желтоқсанда қабылданған // <http://adilet.minjust.kz/kaz/docs/P080001126>

---

---

## Резюме

В статье рассмотрены мероприятия, осуществлявшиеся в соответствии с целями и задачами государственной миграционной политики Республики Казахстан (1991-2011 гг.). Приоритетными направлениями миграционной политики являются: во-первых, в рамках миграционной программы – улучшение демографических показателей и создание благоприятных условий приема и размещения этнических казахов, во-вторых, регулирование внутренней миграции согласно требованиям рынка труда, в-третьих, вовлечение высококвалифицированных кадров, соответствующих уровню требований рынка труда страны, в-четвертых, сохранение национальных ценностей и укрепление государственной безопасности страны.

## Summary

In this article the author is considering the activities implemented in accordance with the aims and objectives of the state migration policy of the Republic of Kazakhstan (1991-2011). The priority areas of migration policy are the following: first, in the framework of migration program – the improvement of demographics and provision of favorable conditions for reception and accommodation of ethnic Kazakhs, second, regulation of internal migration according to the labor market, third, the involvement of qualified personnel appropriate to the level requirements of the country's labor market, and in the fourth, the preservation of national values and strengthening of state security.

**ӘӨЖ 94:39 (574) «ХІХ-ХХІ»**

### Ж.Қ. СПАБЕКОВ

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының  
Халықтану және тарихи тұлғатану мәселелері  
бөлімінің ғылыми қызметкері

## ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ХАЛҚЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ӨСІП-ДАМУЫ (1991-2009 жж.)\*

### Аннотация

Мақалада Оңтүстік Қазақстан облысы халқының тәуелсіздік жағдайындағы демографиялық ахуалы, ұлттық құрамы мен көші-қон үдерістеріндегі өзгерістеріне тоқталады. Автор 1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағын, тәуелсіз Қазақстанның 1999, 2009 жылдардағы ресми жүргізген санақтарының негізінде өсіп-дамуына әсер етуші факторларын ашып көрсетеді.

**Түйін сөздер:** тарих, демография, ұлттық құрам, көші-қон.

Мемлекетіміздің негізі де, иесі де, дамытушысы да, тірегі де – бұл халық. Дегенмен еліміздің әр аймағының, облысының өз ерекшеліктері бар. Сондықтан да, Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының әлеуметтік-демографиялық ахуалы, табиғи өсімі, ұлттық құрамы мен көші-қон үдерісіндегі өзгерістерін қарастыру өзекті мәселелердің бірі.

Оңтүстік Қазақстан – елімізде территориясы бойынша ең жері аз болғанымен, тұрғындарының орналасуына қарай (1 шаршы шақырымға шаққанда 20,3 адамнан келіп) ең тығыз орналасқан облыс [1]. Облыс Кеңес дәуірінде әкімшілік-аумақтық бірлестік ретінде Бүкіл Одақтық Атқару Комитетінің 1932 ж. 10 наурыз айындағы қаулысына сәйкес құрылған.

1938 ж. Оңтүстік Қазақстан облысы құрамынан алғаш Қызылорда облысы, ал 1939 ж. Жамбыл облысы бөлініп шықты. 1962 ж. 3 мамырынан 1992 ж. 6 шілдесіне дейін Шымкент облысы болып аталып келген. 1962-1964 жж. аралығында өлке болып құрылғанда қайтадан, Жамбыл және Қызылорда облыстарымен бірікті. 1964 ж. өлке таратылып, Шымкент облысы бұрынғы атауын қайта алды.

1992 ж. 6 шілдеде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен облысқа Оңтүстік

---

\* Мақала ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты 0080/ГФ «Қазақстан халқының көпэтностық құрамының қалыптасуы мен дамуы (ХІХ ғасырдың екінші жартысы - ХХІ ғасырдың бас кезі)» (жетекшісі М.Х. Асылбенков) гранттық жобасы бойынша дайындалған.



Қазақстан атауы қайтарылып берілді. Оңтүстік Қазақстан облысының құрылғанына міне биыл 80 жыл толып отыр. Облыстың әкімшілік-территориясында – 11 аудан, 4 қалалық әкімдік, 7 қала (Шымкенттен басқа), 13 кент, 171 ауылдық округ, 932 ауылдық елді мекенге бөлінген. Орталығы – Шымкентқаласы [2, 3].

Облыс халқы тәуелсіздік жағдайында ұдайы өсіп, көбейді, оның негізгі себебі саны 1989 ж. Бүкілодақтық санақ бойынша – 1 млн 823,5 мың адам болса, 1999 ж. – 1 млн 978,3 мың, 2009 ж. – 2 млн 469,4 мың адамға жетіп, 20 жыл ішінде 24,8%-ға өскен [4, с. 5 ; 5, 2 б.]. Егер 1989-1999 жж. арасында Қазақстан халқы 1 млн. 216 мыңға азайғанын, ал 2009 жыл 16 млн-нан асып, сол 20 жыл бұрынғы деңгейге (16 млн 199 мың) енді ғана жақындағанын ескерсек, Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының демографиялық дамуындағы басты ерекшелік – олардың саны көбеюінде екенін көреміз [5]. Егеменді еліміздің халық санының өсуіне Оңтүстік облыстың қосқан үлесі де көп болғанын байқаймыз. 1989-2009 жж. облыс аудандары тұрғындарының өсу қозғалысын төмендегідей екіге бөліп қарастыруға болады:

**Біріншіден, табиғи өсімі жоғары аудандар:** Облыс құрамында Мақтаарал ауданының – (18,7%-19,1%) үлесі бірінші онжылдықта 1,4%-ға көтерілгенін ескерсек, ал 2009 ж. үлес салмағы 18,7% құрап, 1989 ж. деңгейіне жетті. Сайрам ауданы – (15,8%-18,5%) 20 жылда саны 2,7%-ға көтеріліп, бұл табиғи өсімнің қарқынды дамып отырғанын көрсетеді. Сарыағаш ауданы –1989-1999 жж. үлес салмағы – 0,3%-ға төмендеп, екінші онжылдықта бұл деңгей оң қалыптасып, 0,6%-ға көтерілді, яғни 20 жылда саны – 0,6%-ға өсті. Төле би ауданы – үлесі 0,8%-ға (1989 ж. – 8,9%-дан 2009 ж. – 8,1%-ға) дейін төмендегенімен, халықтың саны – (24,0 мың адамға) өсті. Ордабасы ауданы - 20 жылда саны 0,4%-ға өсіп, үлес салмағы –6,7%-ды құрады. Қазығұрт ауданы – 1989 ж. – 6,7%, 1999 ж. –7,1%, 2009 ж. – 6,6% құрап, 20 жыл бұрынғы деңгейге қарағанда (26,2 мың адамға) өскенімен, үлес салмағы 0,1%-ға төмендеді.

**Екіншіден, табиғи өсімі баяу аудандар:** Түлкібас ауданы үлесі – 1989-2009 жж. - 7,5%-6,3%-ға төмен дегенімен, саны 20 жылда 11,8 мың адамға көбейген. Шардара ауданы – 1989 ж. – 5,6%, 1999 ж. – 5,2%, 2009 ж. – 5% құрап, 20 жылдағы үлес салмағы – 0,6%-ға төмендеген. Отырар ауданы –20 жылдағы үлесі 4,5%-дан 3,5%-ға дейін төмендеп, саны –2,4 мың адамға өсті. 1989-2009 жж. табиғи өсімі төмен деңгейде дамығанын көреміз. Бәйдібек ауданы –1989-2009 жж. үлесі 4,7%-3,5% құрап, үлес салмағы 1,2%-ға төмендеп, 20 жылда саны – (372 адамға) өскен, бірақ табиғи өсімі өзге аудандарға қарағанда өте баяу дамуда. Созақ ауданы – 20 жылда 7,7 мың адамға өскенімен, үлес салмағы 4%-3,4%-ға төмендеген. Табиғи өсімі аудандар ішінде ең төменгі көрсеткішті көрсетіп отыр [6, с. 5; 7, с. 4].

Тәуелсіздік жылдары Облыс тұрғындарының ұлттық құрамында да елеулі өзгерістер болды, әсіресе 1989 ж. облыс тұрғындарының жартысынан сәл ғана асқан (55,8%) қазақтар 2009 ж. (70,1%) 14,3% көбейіп, енді басым көпшілікке айналды. Ал өзбектер – 1,8% өсті, славян ұлт өкілдері мен еуропа ұлт өкілдері – 37,1%-25,1%-ға төмендеп, депопуляция процесіне ұшырағаны байқалды, ал басқа ұлт өкілдерінің саны 2,3%-ға төмендеді. [4, с. 14; 5, 42 б.].

Отандық тарихшы-ғалымдар М-А.Х. Асылбек пен Ж.М-А. Асылбекованың зерттеулерінде Республикада 1989-2009 жж. қазақтардың саны 3 млн 564 мың адамға (54,5%) құраса, ал бірінші онжылдықта – 1 млн 475 мың адамға (22,5%-ға), екінші онжылдықта – 2 млн 87 мың (26,0%-ға) көбейгені айтылады. Қазақтардың үлес салмағы негізінен басым аймақ Оңтүстік Қазақстан, оның ішінде Қызылорда облысы – 95,8%, Оңтүстік Қазақстан облысы – 70,1%, Жамбыл облысы – 69,0%, Алматы облысы – 64,1% және Алматы қ. – 50,1%, Батыс Қазақстан: Атырау облысы – 91,3%, Маңғыстау облысы – 86,1%, Ақтөбе облысы – 77,9%, Батыс Қазақстан облысы – 70,9%, Шығыс Қазақстан: (Шығыс Қазақстан облысы) – 53,9%, Орталық Қазақстан: (Қарағандыда) – 44,1%. Қазақтардың үлес салмағы аймақ Солтүстік Қазақстан: екі облыста (Павлодар облысында – 45,7% және Ақмола облысында – 44,6%) халқының жартысына жетпейді. Қалған екі облыста (Қостанай облысында – 35,6% және Солтүстік Қазақстан облысында – 33,7%) құрап, төмен көрсеткішке ие екенін ғалымдар өздерінің ғылыми демографиялық талдауларында берген [1, с. 23].

Тәуелсіздік жылдарында урбандалу-қалалану үрдістерінің күшейе түскен, әсіресе «қазақтардың қалаға бет бұрған кезеңі», - десек те болады. Бұл жылдары қала халқы 56,7%-дан 54%-ға түскенімен, Оңтүстік Қазақстан облысында қала тұрғындары арасында қазақтардың үлесі – 40,8%-дан 59,8%-ға дейін өсті, яғни 19%-ға көбейді, өзбектер – 9,8%-ға өсті, ал басқа этнос өкілдерінің үлесі төмендей түсті [4, с. 15; 5, 42 б.]. 2009 ж. халық санағында Оңтүстік Қазақстан облысында қазақтардың үлес салмағы 59,8% құрап, саны - 19%-ға өсті, сонымен қатар, өзбектер – 21,5% құраса, 20 жыл ішінде 9,8%-ға көбейген, ал орыс, татар, украин, неміс т.б. ұлт өкілдері - 12,5%-ға дейін төмендеді [5, 42 б.].

Республикалық деңгейдегі Алматы қ. халқы – 1 млн 365,1 мың адам, Астана қ. халқы – 639,3 мың

адам, Шымкент қ.ә. – 566,9 мың адамды құрап, үшінші орынға ие болды, оның ішінде қазақтардың үлесі – 57,5% (325,7 мың адам) құрап, 10 жыл ішінде 118 мың адамға көбейген [5, 42-47 б.]. Оның басты айғағы ретінде елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Шымкент қаласы еліміздегі үшінші қала болуы тиіс» [8], - деген бағасынан көре аламыз. Ордабасы, Сайрам және Төле би аудандарынан 36 елді мекені облыс орталығы Шымкент қаласымен бірігеді. Атап айтқанда, Сайрам ауданының Сайрам, «Тәжірибе станциясы», Қызылсай, Қарабастау, Артель, Әбділабад, Айкөл, Шапырашты, Қызылсу, Қаратөбе, Мәртөбе, Ақтас, Өтеміс, Бадам – 2, Еңбекші, Базаршы, Базарқақпа, Қайнарбұлақ, Жұлдыз, Игілік, Жаңаталап, Бадам, Таскен, Қарасу, Достық, Тұрдыбад, Орманшы, Бадам – 1 және Қаражол елді мекендері және Ордабасы ауданынан Алтынтөбе және Көкбұлақ, Төле би ауданынан Ақжар, Елтай, Текесу, Маятас және Жыланбұзған елді мекендері де, тұрғындары да енді қалаға өтпек. Шымкент қаласының аумағы үш есеге үлкеймек. Болашақта Шымкент қаласы халқының санын 1 млн-ға жеткізу жоспарланып отыр [9]. Ал қазақтардың үлесі Арыс қ.ә.– 95,2%, Кентау қ.ә. – 65,7%, Түркістан қ.ә. – 52,6% құрады [5, 42 б.].

Облыста 1989 ж. қала халқы – 40,5%, 1999 ж. – 36,8%, 2009 ж.– 38,7% құраса, ауылдық жерлерде 1989 ж. – 59,5%, 1999 ж.– 63,2% болса, 2009 ж. – 61,3% құрап отыр, яғни 20 жыл бұрынғы деңгейден саны – 1,8%-ға өсіп, Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының көпшілігі әлі де болса халықтың ауылдық мекендерде көп шоғырланғаны көрінеді. Ауылдық жерлерде қазақтар – 76,6%-ды құрап, 20 жылдың ішінде 10,7%-ға көбейді, өзбек, орыс, татар, неміс, украин ұлттарының ауылдық мекендерде – 17% құрап, 1989 ж. деңгейден 10%-ға төмендеген. Ал қалған ұлттардың үлесі салмағы 6,4% құрап, 0,7%-ға кеміп отыр [4, с. 15; 10, с. 42].

Тұрғындардың саны оң көші-қон есебінен де өсіп келеді, көші-қон нәтижесінде Облысқа 1989-1998 жж. Қазақстанның өзге де аймақтарынан келгендер үлесі – 33,2%, ал ТМД және Балтық жағалауы елдерінен келгендер – 59,4% құрады, ТМД және Балтық жағалауынан тыс елдерден келгендер – 7,3% құрады. 2006 ж. Қазақстанның өзге де аймақтарынан келгендер 66,3% құраса, ал ТМД және Балтық елдерінен келгендер – 28,6% жетіп, ТМД және Балтық елдерінен тыс елдерден 5,1% құрады [4, с. 59; 11, 21 б.].

Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі көші-қоны 1993 жылы 55,8 мың адам кетіп, 1992 жылмен салыстырғанда 4,8% (2,8 мың адам.) өсті. Негізгі сыртқа кеткен көші-қон үдерісі халықаралық мемлекеттердің ішінде жақын шетелдерден Ресей федерациясы, Өзбекстан, Тәжікстан, Украина республикаларында көрінді. Ресейге (67,7%), Өзбекстанға (24,6%), Украинаға (3,6%) құрады. Ішкі көші-қонның негізгі легі қала, ауыл халқы Жамбыл облысы – 24,1%, Алматы қаласы – 18%, Қарағанды облысы – 6,3%, Алматы облысы – 5,4%, Ақтөбе, Ақмола, Жезқазған және Семей облыстарынан келгендер (3-3,3%) құрады [12, 23-25 п.].

1999-2009 жж. аралығында Оңтүстік Қазақстан облысына көші-қон үрдісі бойынша келгендер – 12,5%, Қазақстанның өзге аймақтарынан келгендер – 8,1%, Көші-қонның негізгі дені ТМД елдерінен – 6,8% (169,8 мың адам.) (Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Украина, Молдова, Әзербайжан, Беларусь, Армения мемлекеттерінен) келсе, өзге елдерден – 0,4% (8,6 мың адам.) Ауғанстан, Иран, Грузия, Түркия, Қытай, Моңғолия, Еуропа мемлекеттері, АҚШ, Эстония, КХДР, Пәкістан, және т.б. елдерден келді [7, с. 69]. 1999-2009 жж. кеткендер – (1,5%-1,6%-ға) көтерілді [13, с. 464].

Тұрғындар 1999-2009 жж. көші-қон үдерістері нәтижесінде Шымкент қалалық әкімдігіне – 23,5%, Арыс қалалық әкімдігінде – 9,4%, Кентау қалалық әкімдігіне – 6,9%, Түркістан қалалық әкімдігіне – 3,8%, Бәйдібек ауданына – 3,9%, Қазығұрт ауданына – 8,9%, Мақтаарал ауданына – 10,3%, Ордабасы ауданына – 21,0%), Отырар ауданына – 3,0%, Сайрам ауданына - 9,2%, Сарыағаш ауданына – 9,4%, Созақ ауданы – 3,0%, Төле би ауданы – 7,3%, Түлкібас ауданы – 13,2%, Шардара ауданына – 9,9% келді. Көші-қон нәтижесінде басым көпшілігі, Шымкент қалалық әкімдігіне, Ордабасы, Мақтаарал, Түлкібас, Қазығұрт аудандарына көшіп келіп орналасты [7, с. 95-96].

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен бекітілген оралмандардың көшіп келу үшін Оңтүстік Қазақстан облысына 1993-2007 жж. – 13149 отбасыға квота бөлінді [14, 59-191 б.].

Шетелдегі қазақтардың оңтүстік өңірдегі тарихи отанына оралу деңгейін екі жікке бөліп қарастыруымызға болады:

**Бірінші кезекте** – Өзбекстан, Иран, Түрікменстан, Ауғанстан және Түркия мемлекеттері;

**Екінші кезекте** – Ресей, Қытай, Пәкістан және ТМД-ның басқа елдері тұр.

1991-2010 жж. оралмандардың саны 175,4 мың адамға (50865 отбасыға) жетіп, республикада алатын үлес салмағы – 23%-дық құрады [15, 316 б.]. Қорытындылай келе, Оңтүстік Қазақстан облысы халқының тәуелсіздік жылдары даму ерекшелігін мына жағдайлардан байқаймыз: өзге облыстарға

қарағанда, ұдайы өсіп келеді; оның өсу көздері табиғи өсім мен көші-қон есебінен; жергілікті ұлттың басымдылығы, дәстүрлі түрде күшейе түсті; өзбектердің үлесі өсті.

Облыс халқының ұлттық құрамы 1989-2009 жж. халық санағы бойынша Мақтаарал, Сайрам, Сарыағаш аудандарында полиэтникалық (көпұлттылық) құрам басым, ал Шардара, Ордабасы, Отырар, Созақ, Төле би, Түлкібас аудандарында моноэтникалық (бірұлттылық) құрам тұрғысында дамығандығын байқаймыз. Сондай-ақ, облыс тұрғындарының табиғи өсімі (туылу мен өлім), табиғи-географиялық орналасуымен қатар, халықтың өсімідаму үдерісінде болды. Қазақтар – 70,1%, ал түркі-мұсылман этнос өкілдері (өзбек, азербайжан, ұйғыр, түрік, күрд және т.б.) көбейіп отырса, ал еурапалық этнос өкілдері, оның ішінде орыс, украин, неміс және т.б. ұлт өкілдері азайды [5, 42 б.].

Көші-қонның нәтижесінде Қазақстанға келген оралмандардың (23%) негізгі дені Оңтүстік Қазақстан облысында орналасты [15]. Оның басты себебі: Оңтүстіктің өзге облыстарға қарағанда, табиғи-территориялық қолайлылығында еді. Әлі де болса, қазақтар түркі-мұсылман этностарынан табиғи өсімі бойынша, артта қалып келеді. Халық даналығында ылғандай айтады «Ел болам десең бесігінді түзе». Сол себепті де, әлеуметтік-демографиялық тұрақтылығымызды және щның өсуін сақтауға мемлекет тарапынан жағдай қалыптастыру қажет.

### Әдебиеттер

1 Асылбек, М-А.Х., Асылбекова, Ж.М-А. Социально-демографическое развитие населения Казахстана в годы суверенитета // Отан тарихы. – 2010.– № 3 (51). – С. 19.

2 Оңтүстік Қазақстан облысындағы жер-су, елді мекен атауларының қысқаша тарихы. – Алматы: «Нұрлы Әлем» баспасы, 2009. – 3 б.

3 Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия.– Алматы: Қазақ энциклопедиясы ЖШС, 2005. – 30-31 б.

4 Итоги переписи населения 1999 года по Южно-Казахстанской области. Агентство Республики Казахстан по статистике. – Алматы: Статистический сборник /Под ред. А.А. Смаилова/ 2001. – Том 1. – 157 с.

5 Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. 2009 жыл басына Қазақстан Республикасы халқының облыстар, қалалар және аудандар бойынша саны.– Астана: /Редакциясын басқарған Ә. Смайылов/ – 2009. – 47 б.

6 Итоги переписи населения 1999 года по Южно-Казахстанской области. Агентство Республики Казахстан по статистике. – Алматы: Статистический сборник /Под ред. А.А. Смаилова/ 2001. – Том 2. – 158 с.

7 Южно-Казахстанская область. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. – Астана: Статистический сборник /Под ред. А.А. Смаилова/ 2011№ – Том 1. – 114 с.

8 Көлбай Ж. Шымкент миллионер болуға жақын // Түркістан. – 2010. – № 49 (855) 9 желтоқсан.

9 Данияр Т. Шымкентке 36 елді мекен қосылады. «Бозарықта» жаңа вокзал салынады // Замана. – 17 қыркүйек 2012. - <http://zamana.kz/okiga/5436-wim.html>.

10 Перепись населения Республики Казахстан 2009 года. Краткие итоги. Агентство Республики Казахстан по статистике. – Алматы: Статистический сборник /Под ред. А.А. Смаилова/ 2010. – 110 с.

11 Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. 2006 жылғы Қазақстан Республикасы халқының қорытынды көші-қоны. – Астана: /Редакциясын басқарған Ә. Смайылов/ 2007. – 117 б.

12 ОҚО ММ. 709-қ., 10-т., 666-іс.

13 Демографический ежегодник Казахстана. – Астана: Статистический сборник. /Под ред. А.А. Смаилова/ 2010. – 523 с.

14 Қазақ көші – қазақтың қауымдасуы: Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының қорынан құжаттар жинағы (Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының 20 жылдығына арналған).– Алматы: Атажұрт баспа орталығы, – 2012. – 352 б.

15 Төретай Қ.Т. Ұлы көш – ұлттың абыройы // Қазақстан және шетелдегі қазақтар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген Халықаралық ғыл.-практ. конф. «Этникалық қазақтардың репатриациясы Қазақстан мемлекеті көші-қон саясатының құрамдас бөлігі ретінде: жетістіктері, мәселелері және оларды шешу жолдары» материалдары (Алматы қ. 12 қазан 2012 ж.). – Алматы: Атажұрт баспа орталығы, 2012. – 314-317 б.

### Резюме

В этой статье представлены материалы по определенным источникам, где освещаются демографические изменения Южного Казахстана после обретения Республикой Казахстан независимости. Кроме того, рассматриваются изменения численности, национального состава и миграционные процессы региона.

### Summary

In this article there are presented materials on certain sources covering the demography changes of South Kazakhstan which happened after the Republic of Kazakhstan gained its independence. Besides, the changes of number, national structures and the region's migration processes are considered.

---

---

**Қазақстан шетел зерттеулерінде**  
**Казахстан в зарубежных исследованиях**  
**Kazakhstan in Foreign Studies**

**Б.М. СУЖИКОВ**

ВНС Института истории и этнологии КН МОН РК, к.и.н.

**ИСТОРИЯ МОДЕРНИЗАЦИИ КАЗАХСКОГО КРАЯ\***

Обзор книги М. Дж. Пайна «Сталинская железная дорога: Турксиб и строительство социализма». (Matthew J. Payne, *Stalin's railroad : Turksib and the building of socialism*. Pittsburg: University of Pittsburgh Press, 2001. 384 pp.) Часть 1.

Туркестано-Сибирская железная дорога (Турксиб) вошла в анналы отечественной истории как одна из тех грандиозных строек социализма, которая преобразила край из отсталой окраины в одну из стратегических баз по дальнейшей индустриализации страны. Начатая в декабре 1926 года и завершенная в январе 1931 года, стоившая 161.343,462 млн. рублей и затрат рабочей силы в своем пике до 50 000 ед., железная дорога по своим целям приравнялась к Днепрогэсу и Магнитке. Однако если в отечественной историографии Турксиб рассматривался, прежде всего, как экономическое достижение, то западная историография позиционирует Турксиб в качестве яркого примера этнической модернизации в контексте получившей широкое распространение теории «империи позитивного действия». «В качестве провозглашенного лозунга большевизма покончить с этническим неравенством и поднять ранее эксплуатируемые колонии, режим провозгласил Турксиб «кузницей казахского пролетариата», заверяя, что социализм в состоянии освободить нации от оков отсталости и империалистической эксплуатации» [Р. 2].

По уровню принуждения эта рзозая кампания приравнивается автором к программе по силовой модернизации Петра Великого на фоне предыдущей относительно щадящей социальной политики и смешанной экономики под названием Новая Экономическая Политика (НЭП, 1921-1927 гг.). Дело в том, что Турксиб сооружался в период проведения не только индустриализации, но также коллективизации и усиления классово борьбы – «Великого Перелома». Чистка «вредителей» среди управленцев и «классово близких» им рабочих, буржуазных националистов, формирование из крестьянских слоев оргнабора для ударных бригад, внедрение партийного и полицейского надзора, а также последующая политизация всех сфер производства и потребления – все это нашло отражение в истории Турксиба. Толкование этого процесса только лишь как внутренней борьбы, с целью добиться сверхэксплуатации своего народа в угоду узкой правящей верхушке и ее коллаборационистов является правильным, но поверхностно-урavnительным подходом некогда господствовавшей «государственной школы» в историографии. Она упускает из вида добрую часть сложных взаимоотношений власти и общества, где верхи видели себя социальными революционерами и поэтому были крайне раздражены полумерами и компромиссной политикой НЭПа, а народ, несмотря на коренную ломку, сумел выстоять в огне крестового похода, приспособиться и даже в какой-то степени использовать в собственных целях политику партии. При строительстве Турксиба был задействован целый комплекс политических механизмов, из которого можно выделить три в корне различных действующих субъекта: центральные правительственные комиссариаты, региональное лобби и собственно сам режим.

В исследуемом контексте автор отмечает: «Методологическое приближение, которое лучше всего схватывает сложную проблему власти во время этого крестового похода, заключена в идиоматическом выражении «культурная революция», внедренным в несоветскую историографию четверть века тому назад Шилой Фитцпатрик по отношению к истории СССР» [Р. 4]. Данный подход обнаруживает тот огромный потенциал, который был высвобожден в различных слоях общества, каждый из которых в собственных интересах интерпретировал содержание социализма. Парадигма культурной революции позволила фактически раскрыть многогранность советской политики, отличавшейся как спорами, так и подстройкой под новые условия за фасадом внешней идеологической сплоченности в условиях, когда старые общественные связи утратили свою легитимность, а новые оставались на уровне неформальных связей.

---

\* Работа выполнена в рамках исследований по теме грантового финансирования № 0071/ГФ: «История и антиистория Казахстана: критический анализ псевдонаучного знания»

---

Имело место объединение понятий класса и нации в большевистском политическом представлении, когда советское государство дало бывшим колониальным народам узаконенное политическое равенство с русскими, а во многих случаях и собственные территориальные единицы. М. Пайн пишет: «Эта политика первичности национальной культурной автономии доходила и до ассимиляции русских. Советский чиновничий аппарат, а также управленцы должны были изучать язык титульной нации по месту службы» [Р. 8]. Стремление Москвы сформировать не просто нации, но пролетарские нации требовало создания отрядов рабочего класса в местах обитания этнических меньшинств, когда по задумкам власти казахские рабочие будут содействовать установлению диктатуры пролетариата в большей степени, нежели казахские скотоводы.

Ядро этой стратегии составляла программа позитивного действия на основе этничности (коренизация), которая включала в себя осуществление целого ряда действий: от учреждения постов на уровне местных правительств во главе с представителем коренной национальности до повышения образовательного уровня. Искусственно заблокированные в период царизма в закоснелом состоянии экономического производства, лишённые промышленности и достойного уровня грамотности, казахи были не в состоянии создать свой пролетариат в качестве побочного продукта индустриализации. «Исходя из этого, режим возложил на себя осуществление ряда мер по отношению к отсталым народам, для которых клеймо «отсталости», как это не удивительно, стало политически выгодным ярлыком, за ношение которого местные элиты стали соперничать» [Р. 9].

Именно поэтому в первоначальном варианте ЦИК Казахстана хотел переименовать Турксиб в Казахстанскую железную дорогу в качестве локомотива экономического развития республики. Однако Народный Комиссариат путей сообщения (Наркомпут), курирующий этот проект, смотрел в целом на это строительство с точки зрения общегосударственных интересов. «Его позиция заключалась в том, что железная дорога в первую очередь предназначена для того, чтобы сократить хлопковую зависимость страны. Благодаря перевозкам по ней дешёвого зерна из Сибири в Центральную Азию, стало бы возможным расширение здесь земельных угодий для выращивания хлопка» [Р. 11].

Однако руководители национальных республик (Р.И. Эйхе, партийный лидер Сибири, Ф.И. Голощекин, глава партийного комитета Казахстанского края, и Файзулла Ходжаев, руководитель Узбекистана) не были предрасположены рассматривать себя в качестве простого приложения к реализации планов Наркомпути. Имея значительное политическое влияние внутри партии, они не стремились искать расположения бюрократов из Москвы, но, одновременно, несли лишь косвенную ответственность за строительство Турксиба. Но они быстрее, чем чиновники из Наркомпути осознали революционную значимость Турксиба. «Эти люди, рассуждавшие в понятиях культурной революции и видевшие проблему на несколько шагов вперед, конечно же, не рассматривали железную дорогу лишь как средство перевозки пшеницы или хлопка, а отводили ей роль носителя модернизации» [Р. 12]. Поэтому сразу же началась подстройка Турксиба под региональное развитие, путем влияния на политику найма рабочей силы, маршрутизацию проекта и заключение договоров через кремлевских политиков, или посредством участия в специальных консультативных комитетах, местных планирующих органах.

Попытка повлиять на центр породила и межрегиональное соперничество среди соседей. Так, Алма-Ата, например, предложила весьма привлекательный пакет документов по дислокации штаб-квартиры Турксиба из города Фрунзе, что дало повод киргизскому правительству обвинить Казахстан в сговоре с Комиссариатом по самоуправству в прокладке маршрута железной дороги. Для киргизского правительства было крайне важно, чтобы их столица находилась на главном направлении магистрали Турксиба. «Режим в духе общей фразеологии декларировал, что Турксиб стоит на службе как общесоюзных, так и местных интересов без учета того, что эти интересы могут войти в противоречие» [Р. 13].

Существовала и другая методологическая сложность. Поскольку централизованная экономика и бюджетное планирование были замкнуты прямо на Москву (Комиссариат финансов (Наркомфин), Всесоюзный Совет народного хозяйства (ВСНХ), Государственный Плановый Комитет (Госплан), а также Рабочая и крестьянская инспекция (Рабкрин)), то исследование Турксиба ограничивалось лишь корпусом источников правительственных органов без учета конфликта интересов между центром и местными органами. При этом процессы, происходящие на нижних уровнях экономики в лице отдельных инженеров, членов партии и бюрократов от экономики, оставались в зоне периферийного зрения. Между тем, в случае с Турксибом отказ Москвы в предоставлении

---

---

преимуществ как для Наркомпути, так и для регионов при планировании строительства и явился тем феноменом, который определял всю драматургию строительства.

С другой стороны, идея Турксиба уходит своими корнями к началу сооружения Семиреченской железной дороги – двадцатилетней попытке соединить Новосибирск с Ташкентом, когда из 2 500 км к 1926 г. осталось достроить 1 000 км. Запуск в действие западной ветки Транссибирской железной дороги в 1897 г. открыл доступ к многочисленным крестьянским колониям-поселениям в богатых степях Зауралья. Удлинение маршрута военной Транскаспийской железной дороги до Ферганской долины в 1895 г. способствовало крупномасштабной конверсии сельского хозяйства Туркестана в сторону выращивания хлопка. Советские историки, обычно предавая забвению эти прошлые попытки самодержавия, отрицали неразрывность и преемственность интересов, преследуемых обоими режимами, стремившихся к интеграции Центральной Азии в общенациональную программу, стимулируемую государством, по производству хлопка за счет низких цен на пшеницу.

Помимо этого, определенную роль при принятии решения сыграла приверженность Советов выправить все несправедливости российского империализма. «Политика партии по реконструкции этнических окраин встретило реальную поддержку, включая интеллигенцию меньшинств, ранее бывшую в оппозиции. Эта политика даже способствовала сближению взглядов по вопросам модернизации в среде дореволюционных националистов и так называемых национал-коммунистов ранней советской эпохи» [Р. 19]. Типичным представителем этой среды был Турар Рыскулов, который считал, что казахи пребывают на стадии полufeодальных форм производства, и это обрекает народ на медленное вымирание перед лицом современной европейской культуры.

Однако центральным вопросом для партии выступала не сама модернизация, а пути ее осуществления, когда для большинства местных элит выбор состоял не между традицией и модернизацией, а между обнищанием и выживанием. Русскими колонистами была присвоена большая часть казахских земельных угодий в масштабах 94 млн. акров земли, а местное население было изгнано на скудные пустынные пространства. «Если столетие тому назад средняя казахская семья имела во владении 150 животных, то к 1914 году в хозяйстве находилось менее 15-ти голов» [Р. 20]. К переписи 1926 г. 35% населения Казахстана составляли европейцы. Если в 1920-х гг. славянское крестьянство имело демографический рост в 2.98 процента ежегодно, а большая часть европейского городского населения росло со скоростью 4.5 процента, то местные казахи (как оседлые, так и кочевые) имели ежегодный прирост населения только 1.79 процента, что составляло только 60% от уровня прироста европейского крестьянства.

Метрополия, основываясь на риторике борьбы с отсталостью, была готова оказать помощь. Однако центральные экономические ведомства, исходя из принципов экономической целесообразности, оказывали сильное сопротивление переводу инвестиционной политики в сторону подъема национальных окраин. Данная позиция дала предлог периферии к выражению недовольства по поводу скрытого великодержавного шовинизма Москвы. Для местных партийных кадров Казахстана с его обширной территорией этот шовинизм отражался, прежде всего, в острой нехватке транспортных сообщений. Часть казахских членов партии из так называемой левой казахской фракции открыто критиковали Москву в пренебрежении вопросами индустриализации в терминах неоимпериализма. Так, статья С. Садвокасова, который позже был осужден за «буржуазно-националистический уклон», «О национальностях и националах», вышедшая в конце 1928 г., охарактеризовала темпы индустриального развития как «ползучие».

В начале ноября 1926 г. Рыскулов содействовал организации несанкционированного митинга нерусских делегатов на сессиях российского и всесоюзного Центрального Исполнительного комитета (ЦИК и ВЦИК). Казахская делегация на этом митинге громко заявила о застое своей экономики. «Подобное выражение регионального недовольства представляло определенную угрозу для партийного руководства Москвы, поскольку люди, подобные Рыскулову, могли мобилизовать местное партийное мнение в сторону той или иной фракции в борьбе Кремля за лидерство» [Р. 23].

Но и сам Сталин, «будучи мастером политического счета», отлично осознавал выгоды проекта Турксиба. Турксиб сулил больше выгод, чем строительство Магнитогорска, способствуя поднятию не только металлургической и текстильной промышленности, но, главным образом тем, что его строительство обезоруживало левых в их стремлении привлечь на свою сторону нацменьшинства. Поэтому российский Совнарком в феврале 1927 г. провозгласил Турксиб «ударной стройкой» с преференциями в снабжении и финансировании для решения двух стратегических задач: связать

---

---

сибирский и алтайский зерновой и лесной пояса с центрально-азиатским хлопковым поясом и поставить железную дорогу на пользу всех районов, по которым проляжет ее маршрут. Рассматривая Турксиб в качестве инструмента для осуществления культурной революции в регионе, местная элита стала настаивать на учреждении со своей стороны независимого надзорного органа за Наркомпути.

В результате был создан «Комитет содействия постройке Туркестано-Сибирской железной дороги при Совнаркоме» (КомСод), который состоял из представителей правительства Сибирского края, Узбекской ССР и Казахской ССР во главе с Т. Рыскуловым в качестве его председателя. Рыскулов обеспечивал решающую роль Комитета по таким важным вопросам как прокладка маршрута железнодорожного пути и его финансирование, политику по набору кадров и реконструкции местной промышленности, он выступал в качестве политического сопровождения Турксиба.

Основная работа КомСода сосредоточилась на кадровых вопросах. Казахстан в своей борьбе с Комиссариатом по набору проявлял завидное упорство и успешность, уповая на то, что Турксиб предоставит работу тысячам казахов и приобщит их к промышленному труду. Вербовка казахов на строительные работы представлялась наиболее важной проблемой по нативности казахстанского пролетариата: «Строительство железной дороги даст возможность создать на периферии рабочий класс из местного населения, и будет способствовать переходу кочевников на оседлое жительство». Поскольку для стройки требовались десятки тысяч неквалифицированных рабочих, то в случае набора значительного числа казахов, Турксиб открывал перспективы для быстрого создания корпуса местных строительных кадров. Однако все эти надежды разбивались о стену равнодушия Наркомпути и центральных органов, поскольку Наркомпути предложил везти 75 процентов своих рабочих из европейской части России. «Данная позиция явилась наихудшим проявлением колониализма – местные рабочие места стали занимать ввезенные русские – и поэтому региональные власти начали активное сопротивление» [Р. 28].

7 декабря 1927 г. Совнарком Российской Республики вынужден был дать указание Наркомпути набирать рабочих преимущественно из местного населения. Турксиб повел торг с казахстанским Наркомтрудом (Народный Комиссариат труда), а Наркомпути с неохотой шел на предоставление зафиксированных количественных квот по набору национальных кадров, исходя из лицемерно принципа: «мы будем набирать местных, если нас не будут заставлять набирать местных». Однако простая регистрация на бирже труда не могла обеспечивать национальную квоту на Турксибе. Так как большинство безработных было европейцами, то преимущество членов профсоюза фактически сводило к нулю политику коренизации. Трудность приобщения казахов к индустриальному труду имела и материальную сторону: каждое место работы, зарезервированное за казахом, в конечном счете, означало, что оно не будет отдано русскому в то время, когда уровень безработицы достиг рекордного уровня. Все это свидетельствовало о том, что советская политическая система не была ни в коем случае демократичной, а зиждилась исключительно на политических интригах.

С самого начала строительства стали обнаруживаться противоречия в национальном вопросе как по вертикали власти, так и по горизонтали социальных отношений. При обследовании трудовых ресурсов в 1928 г. констатировалось, что у рабочих вообще отсутствуют хоть какие-то профессиональные навыки, мастерские качества или социальный базис. Землекопы, каменщики и плотники отбирались на стройку из сезонных местных рабочих, которых рассматривали как материал с сомнительной классовой репутацией, поскольку у них отсутствовала пролетарская дисциплинированность. «Это различие обычно разделяет аграриев-сезонников или переселенцев от «укоренившихся» или «кадровых» рабочих, которые необязательно оторваны от своих крестьянских корней, но претерпели значительные изменения культурного порядка в урбанизированной рабочей среде» [Р. 67]. Казахи были рабочими в первом поколении, для которых Турксиб явился местом «пролетаризации», и которые не принадлежали ни к пролетариям, ни к категории отходников, которых автор именует «защищаемыми рабочими» [там же]. Эти рабочие обычно находились в невыгодном положении на рынке труда, для которых государство обеспечивало гарантии занятости и институциональную поддержку в виде льгот в оплате труда и/или квот, а также защиту партийных и правительственных органов. Сначала казахи, а потом женщины и молодежь, являясь мобилизованными и оберегаемыми со стороны государства пришельцами на Турксибе, пользовались нелюбовью со стороны кадровых рабочих и отходников.

Место работы как средство создания нового *гомо советикус* позиционировало производство в качестве «политического средства», «грандиозной фабрики по перековке людей» (Стивен Коткин). Согласно партийно-государственному стандарту, рабочий должен был быть дисциплинированным, самоотверженным, преданным и героическим работником. Общество со

---

---

сформировавшимся классом рабочих должно было передать профессиональные навыки и секреты неграмотным казахам, работающим бок о бок с московскими мастерами. Однако реальность оказалась гораздо сложнее, и разногласия в культурных ориентациях представляла угрозу не только успеху строительства железной дороги, но и самому социализму. «Характерные культурные традиции и образ жизни казахских строительных рабочих существенным образом отличали их как от кадровых рабочих, так и от отходников. Казахи разнились от других строителей Турксиба по языковому признаку (казахский является тюркским языком), религии (ислам) и образу жизни (номадизм)» [Р. 92], и со стороны правительства имел место целый ряд понятийной путаницы.

Кочевничество было классифицировано как «феодалное общество с патриархальными пережитками». Эта топорная формулировка представляло казахское общество перед европейцами как беспорядочную социальную структуру, где в качестве патриархальных пережитков выступали баи, бии и аксакалитет. «На самом деле, искусственное отождествление кулаков и баев, проводимое партией, было нацелено на разжигание классово-войны внутри самого аула» [Р. 92]. Поскольку кочевая политическая культура зиждилась на узаконении родовой и аульной власти на основе традиции и общего согласия, то попытка возбудить внутренний конфликт в казахском обществе потерпела неудачу. Советские активисты рассматривали такие понятия как «ынтымак» (согласие между различными слоями общества), «казактык» (казахство – исполнение дел согласно традиционному казахскому пути), а также «тамырство» (братство на основе крепких дружественных связей) в качестве наиболее вредоносных, так как они препятствовали формированию классового сознания среди эксплуатируемых. «Межродовая сваря, а не классовая борьба являлась повседневностью казахской политической жизни. Внутреннее единство и внешний конфликт были заложены в традиционное казахское кочевничество. Данные характерные черты затем были использованы как казахскими модернизированными интеллектуалами при формировании национального тождества, так и позже партийными идеологами в поисках классового конфликта. В обоих случаях прослеживалась очевидная враждебность к данному образу жизни и нежелание сохранить его» [Р. 93].

Турксиб для обедневших слоев казахского населения явился тем местом, где они могли обеспечить себе прожиточный минимум. Эти казахи, в своем большинстве молодые люди, решившись на такой шаг, порвали с обычаями родного общества. Однако если кочевые казахи представлялись для русских строителей неким экзотическим явлением, то сам по себе Турксиб явился для казахов поистине враждебным окружением. Тем не менее, если Турксиб предполагал коренную ломку всех традиционных ценностей, то он должен был обладать и какой-то привлекательностью. Казахские роды из глубины степей направляли своих эмиссаров для того, чтобы они узнали, как реально выглядит железная дорога, а местные аульчане со своих коней наблюдали за строительством ежедневно. «Нищета в ауле, тяготение к новому, настойчивые усилия властей республики увеличить ничтожное число казахского пролетариата – все это в комплексе влекло казахских соплеменников на Турксиб. В большинстве случаев они работали в качестве сезонных чернорабочих» [Р. 95].

Большинство из европейских крестьян и кадровых рабочих не испытывало никаких чувств солидарности к этому роду строителей, с которыми они не были объединены ни деревенским, ни пролетарским происхождением. Казахские рабочие в незначительной степени были вовлечены в такие организации кадровых рабочих, как профсоюзы, кооперативы и партийные ячейки, и еще в меньшей степени в трудовые структуры отходников. Обычно казахские рабочие были организованы в артели, как правило, возглавляемые русскими бригадирами, редко кто, из которых говорил по-казахски. Их артели формировались на рабочих местах из огромных масс незнакомых друг с другом людей. В противоположность крестьянским артелям, состоявшим только из нескольких десятков людей, некоторые казахские артели доходили по численности до 357 членов. Сезонные рабочие из крестьян просто оказывались принимать казахов в свои артели, что в последствии привело к своего рода расовой изоляции, когда европейские и казахские артели стали жить по отдельности. Однако разделение не означало равенства. Зачастую казахские артели страдали от неприкрытой эксплуатации, когда родовые вожаки или бригадиры из казаков низводили рабочих до уровня индийского кули, хотя они более стоически по сравнению с русскими рабочими переносили все тяготы жизни на Турксибе. Удержание заработной платы, физическое насилие, присвоение чужого имущества, а также отклонение любых требований – все это имело место в казахских артелях, в значительной степени отличавших их от более демократических форм организации труда, царивших в крестьянских артелях.

Советское государство, осознавая, что казахи, как новички на промышленном производстве, столкнутся с трудностями на рабочих местах, организовало со своей стороны достаточно сильную



---

---

систему покровительства для казахов, желавших пополнить рабочую силу. В этом отношении им был придан статус, приравненный к женщинам, молодым рабочим, ветеранам Красной Армии, получавшим преференции, поскольку режим был заинтересован в как можно большем их привлечении на производство. Защищаемые рабочие находились под специальным законодательством, предусматривающим преимущества при найме, и их права гарантировались общественными организациями. Вместо того чтобы пополнять свои предприятия славянскими крестьянами из аграрного сектора народонаселения, советское правительство искало новых союзников среди тех, кому в царское время было отказано в работе в промышленности или тех, кто жестоко эксплуатировался. Как бы там ни было, но кадровые рабочие, равно как и отходники, не привыкшие рассматривать этнические меньшинства как ровню себе, встретили эти попытки со стороны правительства враждебно. «Хотя все категории защищаемых рабочих были крайне непопулярны на рабочем месте, только казахи пришли на Турксиб в достаточной мере сплоченными, чтобы выступить в качестве самостоятельной рабочей культуры» [Р. 96]. Они выступили одновременно органической и обособленной рабочей культурой на Турксибе, которая, благодаря поручительству властей, должна была интегрироваться в производство и начать борьбу за новое тождество советского рабочего.

Этническая разобщенность представляла собой самое значительное препятствие на пути к классовой солидарности. Характеризуя казахских рабочих как самых воинственных, но менее всех «пролетаризированных», автор достаточно подробно останавливается на одном эпизоде, красноречиво живописующих их этнопсихологию. «На одном участке именно казахские рабочие, составлявшие численность в 170 человек из 190 трудящихся, стали инициаторами забастовки. Не рассчитывая на сочувствие со стороны своих русских собратьев, они силой удерживали от работы на участке двадцать русских рабочих. Однако на следующий день имело место полная инверсия этнической воинственности. После того, как жалобы рабочих дошли до руководства профсоюза, вся казахская артель, за исключением четырех, хоть и с неохотой, но вернулась к работе. Однако русские категорически отказались приступить к работе, пока не будет заключен новый договор по заработной плате. На следующий день к ним присоединились уже казахские чернорабочие, и забастовка продолжалась двадцать дней. Подобный случай трудно объяснить. По всей видимости, дело тут обстояло в различиях мировоззренческих позиций русских и большинства казахов. Русские не хотели начинать бастовать, но поскольку забастовка все-таки завязалась, то они не приступали к работе до тех пор, пока их требования не были удовлетворены. Казахи в начале были настроены более воинственно, однако вынуждены были отступить перед лицом власти. Однако самым поразительным являлось отсутствие согласия между казахами и русскими» [Р. 119].

Обстановка унижения, агрессии, личной неприязни и группового насилия, царившая на стройплощадке, делала ее малопривлекательным местом для новых казахских рабочих. Антиказахский настрой достиг своего апогея 31 декабря 1928 года, когда по северному ответвлению Турксиба в Сергиополе вспыхнул бунт на этнической почве. Русские рабочие в количестве до 400 человек стали жестоко избивать любого попавшегося им руки казаха. «Кадровые рабочие Турксиба были глубоко возмущены тем, что были вынуждены конкурировать с казахами за рабочие места. Более того, они упорно сопротивлялись любым попыткам вовлечь казахов на равных в свои профессии» [Р. 127]. Хотя эти проявления официальные советские лица и обличали как «великодержавный шовинизм» и русскую нетерпимость по отношению к национальным меньшинствам, этот бунт, равно как и повсеместная дискриминация казахов на стройке, явились явным свидетельством всепроникающей этнической враждебности, царящей на Турксибе (народный расизм). Во враждебности к казахам был зашифрован не столько код этнического соперничества, а сколько презрение и страх перед жителями колоний. Казахам ненавидели не, потому что они были казахами, а потому, что они не были европейцами. Сила внушения, с которой реальные люди превращались во внушающий ужас образы, явно прослеживались в действиях и словах шовинистов Турксиба.

Озабоченность советской бюрократии данным инцидентом выразилась в суровом наказании зачинщиков, вплоть до тюремного заключения. Однако более важным являлось то, что политика по коренизации стала предметом обсуждения в высших государственных кругах и ее успешная реализация обрела первоочередное преимущественное право для Москвы. Данный мятеж инициировал повсеместное вмешательство партийных органов в дела Турксиба на основе учреждения новой авторитарной партийной структуры на стройке, имевшей широкие полномочия в отношении производственной подотчетности. Однако данные меры не приостановили кризис идентичности рабочего класса на Турксибе, а обострили этот кризис. Сергиопольский мятеж подорвал доверие к

---

---

рабочему классу на Турксибе. Партия и красный управленческий корпус Турксиба взял курс на полную перековку идентичности и поведения этого самого рабочего класса, когда не советский рабочий должен был приступить к строительству социализма, а социализм должен был создать советского рабочего.

Благодаря политике коренизации, казахам гарантировалась, по меньшей мере, половина мест на Турксибе, однако эти преимущественные права трудно было исполнить, поскольку управленцы сопротивлялись указаниям правительства, предпочитая использовать устоявшуюся систему найма по знакомству. Другая проблема, с которой столкнулся казахский рекрутмент на Турксибе, состояла в замкнутом характере самих казахов. Среди традиционных аульных лидеров сложилось устойчивое культурное и идеологическое предубеждение относительно модернизирующего дискурса Турксиба, которые рассматривали участие в строительстве как далекое по культуре и духовно разрушающее явление, совершенно чуждое сущности казахства. Тем не менее, несмотря на все опасения в отношении Турксиба, как Советская власть, так и тяга к современности, а также безысходная нищета большинства казахских скотоводов гарантировали, что многие кочевники, особенно молодежь, все-таки будут стремиться на Турксиб. Несомненно, что самое сильное воздействие по привлечению казахов на Турксиб произвел разрушительный эффект проведенного режимом курса на коллективизацию и силовую оседлость сельского казахского населения.

(Продолжение следует)

---

---

**Этнология және антропология**  
**Этнология и антропология**  
**Ethnology and Anthropology**

ӘӨЖ 39 (4/9)

**К.М. ТӨЛЕУБАЕВА**

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д.

**Д. ЫДЫРЫСОВ**

Алматы экономикалық колледжі

**ЛИРО-ЭПОС ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ МАЛШЫЛЫҚ ТҰРМЫСТЫҢ  
ДӘСТҮРЛЕРІ, ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ**

**Аннотация**

Лиро-эпос жырларындағы мал шаруашылығына байланысты салт-дәстүрлерді, олардың этнографиялық қырларын, төрт түлік мал туралы фольклорлық және этнографиялық бастаулар түрлеріндегі ортақ қасиеттерді белгілей отырып, лиро-эпос жырларындағы малшылық тұрмыстың дәстүрлері баяндалған.

**Түйін сөздер:** лиро-эпостық жырлар, этнография, фольклор, дәстүрлі шаруашылық, төрт түлік мал, ру бірлестіктері.

Өткен дәуірде көшпелі мал өсірген қазақтардың тіршілік негізі дәстүрлі шаруашылық болды. Себебі, олардың өмір сүретін табиғи ортасы қашан да шаруашылықтың, соның ішінде, төрт түлік малдың қайнар көзі болып табылды. Дәстүрлі шаруашылық құрылымына сәйкес көшпелі мал өсіруші қазақтарда табиғатпен тығыз байланыс, оған бейімделу күшті болды. Төрт түлік малды бағып, өсіру қазақтың ұлан байтақ сахаралы даласында тамыр жайды, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан ел болды. Көшпелі мал бағу дәстүрі үстем дамыған әр түрлі ру бірлестіктерінің саны да өсті. Осындай дәстүрлі шаруашылықтың құрылымы ерте замандағы қазақтардың өмір салтын, тұрмыс-тіршілік деңгейін көтерді.

Мал шаруашылығы қазақ халқының ата кәсібі [1]. Көшпелі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде мал бағып, оны өсіру ең негізгі байлық болды. Төрт-түлік малдың күші, сүті, жүні, қылы, еті, терісі халықтың тағамы, киімі, баспанасы, үй жиһазы-өмірінің, тіршілігінің, күн көрісінің негізі болды. Төрт түлік мал (жылқы, түйе, сиыр, қой-ешкі) қолға үйретілгендіктен олардың жасына, түр-түсіне, жынысына қарай атаулар және салт өлеңдер сол кезде пайда болған. Атаулар түліктердің шыққан тектеріне, тұқымдарына, төлдеріне, адамның өмір тіршіліктеріне, малдың өнімді-өнімсіздіктеріне, дене бітімдеріне, ен-таңбаларына, сымбаттылығына, мінез-құлықтарына және олардың еті мен сүттілігіне, жүні мен майына, терісіне байланысты айтылған. Сондықтан да аяқты малдың қамымен қыс қыстауға, жаз жайлауға көшіп, ерте заманнан халқымыздың көшпелі тіршілікке бейімделуі заңды да еді.

Жаз маусымындағы мал бағу ісі бір-бірімен тығыз байланысты болған. Жылдың төрт мезгіліндегі көші-қон тікелей мал қамына байланысты. Олар мақсатсыз көше бермеген. Көшудегі мақсат мал басын аман сақтау, көбейту, алдың қоңдылығын арттыру. Сол себепті жылдың төрт мезгіліне қарай күздеу, қыстау, көктеу, жайлауға көшіп, өрес жаңарту тікелей мал шаруашылығына байланысты.

Ерте кезде төрт түлік мал түлігі туралы салт өлеңдері де жырланған. Салт өлеңдерінің тақырыбы және идеялық мазмұны қазақ халқының көшпелі, малшылық өмірінен алынған. Жалпы бұл өлеңдер төрт түлік мал, әр түрлі үй жануарларының жайын танытады, мал басының амандығын, оның берекелі болуын тілейді. Бұл өлеңдерде көшпелі қазақ халқының еңбек тәжірибесі, арман-тілегі айтылады. Еңбек процесі мен табиғат апаттарына қарсы күрес кезінде төрт түлік мал адам баласының қолқанаты, жәрдемшісі болып келеді. Бақташы мен үй хайуандарының арасындағы қарым-қатынас төрт түлік туралы өлеңдердің негізгі мазмұнына айналды. Төрт түлік туралы өлеңдердің ішінде қазақтың ертеректе туған біраз өлеңдері шаман дініне илану сарындарын жеткізді. Себебі өте ерте заманда адамдардың жаратылыс сырын түсіне алмаған күннің өзінде-ақ туа бастаған. Ш. Уәлиханов «Шамандықтың қазақтардағы қалдықтары» [2] дейтін еңбегінде, М. Әуезов «Қазақ ертегілері» [3] туралы жазған

---

---

зерттеуінде төрт түлік мал жайындағы шығармалардың алғашқы үлгілері ертедегі адамдардың ой-өрісі төмен сатыда тұрған кезінде шыққандығын айтады.

Жаратылыс сырын түсіне алмаған ол кездегі адамдар әлем дүниесіндегі әрбір құбылыстарды өзінше долбарлап жорыған, отқа, айға, күнге сиынған, бұларда жаратушы күш бар деп сенген, табынған, әр түлік малдың өз пірі бар деп түсініп, байлық көзі болған жер мен жан-жануарларға жалбарынған. Халық әр рудың ата-бабасы-аруағы, сондай-ақ әр түлік малдың да өз ата-тегі-бабасы болады деп ұғынған.

Жаратылыс сырын түсіне алмаған шаман дініндегі халықтар, солардың ішінде көне замандағы мал өсіруші қазақтар да отқа табыну ғұрпын сақтаған.

Отқа май салу – отқа табыну. Отқа құрбандық ретінде қазақтар да май құйған. Отқа май құю түркі салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға байланысты болған. Сонымен қатар, қазақтар отта аурудан, тазартатын күш-құдірет бар деп түсінген. Ауру адамды, болмаса, «перінің салқыны тиді» деген адамды екі оттың арасынан өткізіп, аластаған. Сонымен, шаман дініндегі халықтар отқа құрбандық етіп, ауру адамдар бойларындағы қорқынышты отпен аластаған, от адамның бойына күш-қуат береді деп сенген.

Сонымен қатар, отқа табынып, құрбандық жасаудан басқа, жаратылыс сырын түсіне алмаған ерте дәуірдегі мал өсіруші қазақтар, әр түлік малдың өз пірі бар деп түсініп, байлық көзі болған жер мен жан-жануарларға жалбарынған. Халық әр рудың ата-бабасын – аруағы, сондай-ақ, әр түлік малдың да өз ата-тегі-бабасы болады деп ұғынған.

Көшпелі қазақ халқының мал жайындағы, оның қалай өрбіп-өскендігі жайындағы алғашқы көзқарасы, ұғым-түсінігі осылай болып келеді.

Үстем тап өкілдері ең шұрайлы деген жерлерін өз қолдарына алып, жаз жайлауын, қыс қыстауын мыңғырған төрт түлік малға толтырды. Бұл тіршілік тағдыры малмен байланысты болған ру малшылары – бақташылары дала феодалдарының қолындағы қанау құралына айналды. Малшы-бақташылар әр түліктің амандығын сақтайтын, әртүрлі пәле-жаладан, ит құстан қорғайтын болды. Бақташылар өз шаруа жайының амандығы мен жамандығын төрт түлік малдың тегіне байланысты деп ұққан.

Қазақ халқының ертедегі күн-көрісі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы төрт түлік малға байланысты болуымен қатар, халықтың психологиясына, сезім дүниесіне, тіліне де әсер етті. Қ. Жұмалиевтың пікірінше: «Мал бағып күн көрген ертедегі адамдар өзі жасаған ауыз әдебиетінде ең жақсы образ теңеулерді әр түрлі жануарлардың өмірінен алып отырған. Бұған екі себеп бар, біріншіден, төрт түлік ғасырлар бойы адамның ой-санасымен ұнамды орын алған, екіншіден, төрт түліктің қайсысы болса да көпке белгілі, сол белгілі нәрсе арқылы белгісіз нәрсені елестеткен [4]. Дәлірек айтқанда, ертеде қазақ халқы малдың сыр мінезінен шыға отырып, адамның келбетін, түсін, сиқын, жаман-жақсы мінезін, қылығын айқын көрсету үшін, оны малдың мүшелеріне, мінезіне салыстырған, әртүрлі теңеулер жасаған. Бұған мысал: «құлыным», «қозым», «боздағым» сөздері образға айналып, баланы жақсы көргенде айтылған. Сұлу қызға «Ботакөз» деп теңеуін теңеген. «Ботадай боздады», «Қозыдай шулады» сөздері адамның көңіл-күйін білдіруге келгенде айтылған. «Жігіттің нары екен» сөз адам тұлғасын сипаттағанда айтылған, Міне, бұл салыстыру, теңеу түрінде айтылған сөздерден фольклорлық ұғымдар мен этнографиялық болмыстың көріністері айқын көрініс табады.

Ұзақ ғасырлар бойғы халық аузында жатталып ұрпақтан ұрпаққа асыл мұра болып бүгінгі ұрпаққа жеткен сондай халық қазыналарының бір саласы – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» іспетті тұрмыс лиро-эпос жырлары.

Осы халық жырларының қай қайсысын оқысақ та халқымыздың өткен өмірінің елесін көреміз, шаруашылық, тұрмыс күйі туралы мол мағлұматтарға кез боламыз. Көшпелі өмір көрінісі, төрт түлік малдың түр-түсі, жасына байланысты атаулардан бастап, мал ауруына дейін, халқымыздың төрт түліктен алған азық-түлік, киім-кешегі, әдет-ғұрпы, салт-санасына дейін халық жырларында бейнеленген.

Жырдағы малшылық тұрмыс көп мәліметтер береді. Солардың бірі жылқы түлігін отарлап қостап бағу, себебі жылқыны көп ұстайтын ірі байларға қысты күні жылқыны бағу өте қиынға түсетін. Көп жылқыны қыстауға алып қалуға еш мүмкіндік болмайтын, осыған орай ірі байлар, атап айтқанда, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында Қарабай, «Қыз Жібек» жырында Базарбай, «Айман-Шолпан» жырында Маман бай жылқы малын жеке қос етіп құраған. Әрбір жылқы қосы бірнеше айғырдың үйірінен құралады, әрбір үйірде 20-30-дан биелер болады. Оған қоса үйірде жабағы, тайлар болуы мүмкін. Этнограф Х. Арғынбаев өзінің еңбегінде: «... Қысты күні жылқыны бағу ірі байларға қиынға түсетін... жылқы түлігін отарлап қостап бағу әдісі қолданылған. Ірі байлар жеке қос етіп шығарса, жылқысы шағындар бірігіп қос құрайтын. Бір қоста 400-500 бас жылқы болатын» [5], - деп жазды.

Қостағы бағып күтушілер – жылқышылар. Олардың бастығы байдың ең сенімді, ет жақындарының

бірі болады. Ол қосты отарлар алдында алдын-ала дайындап, ең сенімді, төзімді жігіттерді өзі таңдап алады. Дәлірек айтқанда, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында Қодар осындай жылқы қосының бастығы, Қарабайдың сенімді жылқышысы. Ол жылы киім, ішер аспен, мініс атпен қамтамасыз етіледі.

Жырлардағы малшылардың тұрмысы көбіне жаз немесе қыс мезгілінде ауа райына байланысты болатын. Мәселен, боран-шашынды қыс күндерінде жылқышылар жылы киініп, азық-түліктерін өздерімен бірге алып, отар маңында болып, жылқыларды ықтырмауға тырысатын. Егер аязды бұрқасын болып жылқы қайыру бермей ықса, жылқышылар отармен ығатын. Тек бұрқасын басылғанда ғана жылқыны қайырып, өз қостарын табатын.

Лиро-эпос (ғашықтық) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырларында малшылық тұрмысқа байланысты айтылатын әңгімелердің бірі – ызғарлы қыстан мал басын аман алып шыққан көшпелі ауылдың жаз маусымына сәйкес жайлауға көшуге дайындалуы. Әр рудың өзді-өзіне тән, атадан мұра болып келе жатқан жайлаулар болады. Х. Арғынбаев өзінің еңбегінде «кіші жүздің шөмекей, шекті руларының қыстауы Сырдың оңтүстігіндегі Қызылқұм болса, жайлауы солтүстіктегі Ырғыз өзеніне дейін созылып, оның екі арасы 1000 км-ден асқан»- деп жазады [5, 40 б.].

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен шыға отырып және өмір тәжірибиесіне сүйеніп қарайтын болсақ, мыңдаған шақырымға созылған алыс жерлерге көшудегі басты мақсат қыстан аман шыққан малдың қондылығын арттырып, семірту, сөйтіп алдағы қысқа алдын ала дайындық жасау.

Көш мәселесі де алдын ала ұйымдастырылатын. Әр отбасының байлығына, көш салтанатына қарай көш сапының қозғалу тәртібі де жарияланатын. Мәселен, көштің ескі жұрттан қозғалатын күні бейсенбіге немесе сәрсенбінің сәтті күніне белгіленетін. Көшу-қону кезіндегі негзгі мәселенің бірі көш көлігі болатын. Көш көлігі де әр отбасының әл-ауқатына қарай болатын. Ауқатты байлардың жиһаздары салтанатпен түйеге артылса, жарлылар өздерінің жұпыны үй мүліктерін өгізге немесе мінін артқа артып көшке ілінісетін.

Жүк артылған түйелер кілем, арнайы жабулармен, мойын аспалармен (аспалдақ) безендіріліп, байлардың бәйбішелері мен қыз-келіншектері қызылды-жасылды тәуір киімдерін киіп, күміс ер-тұрмандар ерттеліп жабуланған жуас жорғалар мен аяңшыл биелерге мініп көш алдына түсетін. Жігіттер ат үстінде ойын-сауықтарын жасап көңілденеді. Қоналқалық жерде үй тігіп, бір-екі күн ерулеп жайлауға қарай қайта көшеді.

Әр рудың көш салтанаты сол рудың байлығына, тұрмысына қарай болатын. Бұл жөнінде аса көрнекті географ, этнограф, фольклор зерттеушісі Потанин Г.Н. өзінің күнделігінде 1884 жылы Тарбағатайға барған сапарында найман руының көш-қонысы: «Көш жөнекей әйелдердің түйе жетектейтіндігін, салт атты әйелдер алдына жас баласын бесігімен өңгеріп жүретіндігін, жас балаларды ашамайға мінгізіп, байлап қоятындығын, қыз-келіншектердің түрлене киінетіндігін, еркектердің қару-жарақ асынып, бүркіттерін қолдарына қондыратындығын этнографиялық тұрғыдан сипаттайды» [6].

Халық жырында «Мінгізген ашамайға ұлың бар ма?» деген сөздің үлкен тәрбиелік мәні болған. Осыған орай тай, құнанның үстінде ашамайға таңылған балалар ұлап-шулап, көш маңында жарыса шауып көшке сән, көңілге қуаныш келтіретін.

«Айман-Шолпан» жырында да қазақ халқының қыстаудан жаз жайлауға көшетіні, көш салтанаты туралы мәліметтер мол. Жырда мына бір жолдардың этнографиялық ғұрыптық мәні бар.

«Қыстауым, жаз жайлауым – Шабырады,  
Сол жылқы Шабыраға жайылады» [7].

Дәлірек айтқанда, лиро-эпос (ғашықтық) жырларында суреттелген көшпелі қазақ халқының тұрмыс, көші-қон, мал бағу ерекшелігінің фольклорлық және этнографиялық болмысының танымдық мәні өте зор.

Жырда малшылық тұрмысқа және көшке байланысты қолданылатын сал-дәстүрлері де болған. Сол салттың бірі – еру. Мәселен, көш жайлауға жеткенше бірнеше жерге еру жасалған. Еру болатын жерлер алдын ала шолушы адамдардың белгілеген жерлері. Ру болатын жер отты болып, суы мол жайлы болса 2-3 күн ерулеп, көліктердің белін суытып, тынықтыратын. Ал оты сұйық және малға сүйкімсіз, суатсыз жерлерге бірер түнеп қана жеделдетіп көше беретін. Бұл мәселе жөнінде Х. Арғынбаевтың зерттеулерінен мол мәліметтер табамыз. Автор өзінің еңбегінде «өзен, көлі жоқ құдықсыз шөлейттерден қар суын қуалап ертерек өтіп кетуге тырысатын. Мұндай жағдай Аралдың шөл даласын, Ырғыздың Қарақұмын кесіп өтетін Шөмекей, Шекті не болмаса Шу бойынан Арқаға көшетін Бағаналы, Балталы, Тама руларының өмірінде жиі кездесетін. Халқымыз өзінің көшпелі тіршілігіне қарай қыста қар суын, көктемде қардың суын, табиғи өзен, көлдер мен бұлақтарды пайдаланған және бұлармен ғана шектеліп қоймай шөлді далаларда құдықтар қазумен де шұғылданған. Қай жердегі

---

---

құдықтар болсын әдетте қыстауда, жайлауда не көш жолдарында қазылған» [5, 45 б.], – деп жазды.

Жырдағы малшылық тұрмысқа қарағанда көшпелі қазақ халқы қазылған құдықтар опырылып қалмас үшін олардың ішін сексеуіл сияқты тез шірімейтін қатты ағашпен өретін. Оның аты «егендеу» деп аталған. С. Мұқанов өзінің этнографиялық бағытында жазылған еңбегінде «Көш жолдарында көш жол-жөнекей қазылған кейбір «шегенделмеген құдықтар ұзаққа шыдамай опырылып, көміліп қалып, қажет кезінде олардың көзін қайтада ашуға тура келетін көрінеді. Мұндай шөл далалардың қай жерінде қандай құдық барын білетін жол көрсетуші адамдар болады» [8] – деп көрсетті.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы қазылған құдықтар жөнінде мәліметтерге сүйенетін болсақ, жырдағы Қодар Қарабайдың сенімді малшысы болумен қатар, сол көш жолының жер-суын жақсы білетін жол көрсетуші де. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында құдық аршу мәселесіне арналған этнографиялық деректер жиі кездеседі. Жырда мынандай жолдар бар:

«Несмотря ни на что, киргизы продолжают неумолимо вести свое многотрудное скотоводческое хозяйство, арендуя у козаков и крестьян необходимый для того земли, безнедоимочно уплачивают подати и повинности, поддерживают обширную торговлю в крае, но положение их с каждым годом делается труднее. Кочевники во многих местах особенно смежных с 10-ти вер. полосой, начинают нищать, так что поступали в тех местах заявления козаков, что в станицах и поселках большой наплыв обедневших киргизов, слышались жалобы, что киргизы приносят вред козачеству, деморализируя его тем, что своим даровым трудом приучают станичников к лени. Из этого видно в каком натянутом положении находится киргизский поземельный вопрос. Несомненно, что если существовавший доселе порядок отобрания и захвата у киргизов лучших земель продлится еще немного, то кочевники принуждены будут оставить степные области и край лишится единственных полезных для промышленности работников, умеющих искусным ведением скотоводства извлекать значительную пользу из бесплодных степных пространств».

Вот именно это, исключительно-свойственное кочевникам и всему строю кочевой жизни, умение извлекать значительную пользу из бесплодных степных пространств и должно бы быть положено в основание решения вопроса о возможности и безвредности совместного сожительства кочевника и земледельца. Мы видим, что наш крестьянин-земледелец, заняв степные местности кочевых народов, и местности, вовсе не пустынные, не бесплодные, а вполне подходящие к земледельческому труду, и то не может освоиться и приноровиться к условиям климатическим, различным состояниям почвы и другим особенностям степных пространств». Кажется, Оренбургские степи и степи Самарской, Саратовской губерний не бесплодные пустыни, однако-ж, нигде так часто и так ужасно не страдал и не страдает крестьянин-земледелец от продолжительных голодовок, как именно в этих привольных черноземных степях, почитающихся житницею России. Голодовки эти всем памяты самыми потрясающими впечатлениями. И в настоящее время первейший неоплатный должник по продовольственному капиталу — опять таки самарские степняки, а кочевники, при тех же бедственных условиях, просуществовали почти единственно только с помощью «искусства извлекать значительную пользу из

---

---

бесплодных степных пространств»). Автор приложения к газете «Окраина», «Кочевники Туркестана» с особенным вниманием указывает на эту удивительную способность кочевника приспособляться и жить в условиях, непостижимых для крестьянина-земледельца. «Человек здесь (в степи) слепой раб бездушной природы; он берет от нее лишь то, и лишь тогда, что и когда она захочет ему дать. И это в знойном климате, в глухой, песчаной равнине, безводной, безлесной. Понятно, как жалко и необеспечено должно быть хозяйство кочевника, как дорого оно обходится ему, а также какого удивления заслуживает он сам в деле эксплуатации окружающих его условий. И действительно, кочевник — незаменимый эксплуататор пустынь. Подобно тому, как лишай живет на голом камне скал, где никакая другая растительность немыслима, так точно и киргиз населяет даже такие места, которые без него оставались бы уж ровно ни к чему нигодны. Целые века приспособляясь к среде, он ныне способен продержаться с своим стадом там, где, повидимому, совершенно невозможно существование человека».

Заканчивая свой доклад, я осмеливаюсь обратиться к Обществу содействия Русской Промышленности и Торговли с великою просьбою посодействовать русской скотоводческой промышленности в степях Западной Сибири путем ходатайства пред Правительством об устранении и вреда для существующей скотоводческой культуры степных областей от искусственно насаждаемой там землевладельческой культуры. Я прошу пощадить существующий, веками сложившийся строй степной жизни и дать возможность нам, скотоводцам-киргизам, вечно благословлять тот день, когда мы вошли в семью великого русского народа.

#### **Түйін**

Мақала XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі – Мамбет-әлі Сердалинің өмір жолы мен атқарған қоғамдық-саяси қызметі талдауға алынған. Автор мақалада Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының құжаттары мен ғылыми еңбектердің мәліметтерін ғылыми айналымға тартқан.

#### **Summary**

The article is devoted to life and social-political activity of one of the eminent Kazakh intellectuals of the late XIX – early XX centuries – Mambet Ali Serdalin. The author introduces to scientific turn the published documents and materials from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

**УДК: 94(574).02/08**

#### **Р.Е. ОРАЗОВ**

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Жаңа дәуірдегі Қазақстан тарихы бөлімінің ғылыми қызметкері

#### **БЕКЕЖАН СҮЛЕЙМЕНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕР МӘСЕЛЕСІ\***

#### **Аннотация**

Мақалада Бекежан Сүлейменовтың XIX-XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық көтерілістерді зерттеуіне арналады. 1948 жылы Е. Бекмахановтың монографиясын талқылау барысында сөйлеген сөзі, 1952 жылы Б. Сүлейменовтың билік тарапынан құдалауға түсуі талданған.

**Түйін сөздер:** ұлт-азаттық күрес, отарлау, реформа, тарих.

Бекежан Сүлейменов 1912 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданының 13 ауылында (Айшуақ совхозы) кедей шаруа отбасында дүниеге келеді. Әкесі Сүлеймен Ниязов мал шаруашылығымен айналысқан. Бекежен 1917 жылы әкесінен, 1920 жылы анасынан айырылады. 1923-1926 жылдары сауатсыздықты жою мектебінде оқиды. 1928-29 жылдары Шалқар қаласындағы 4 жылдық бастауыш

---

\* Мақала «Қазақстан тәуелсіздігі үшін күрес тарихи және әлеуметтік-саяси феномен ретінде (XVIII-XX ғғ. басындағы)» гранттық жобасы бойынша дайындалды (Жоба жетекшісі С.Ф. Мажитов. ГФ №0076).

---

---

мектепті аяқтайды. 1927 жылы комсомол қатарына қабылданады. 1929-1931 жылдар аралығында Алматы қаласында үкімет үйін салу кезінде, ағаш шебері болып жұмыс атқарады. 1931-32 жылдары байланыс техникумында оқиды.

1932-33 жылдары Шымкент қаласында облыстық ауыр өнеркәсіп одағында алғаш ағаш ұстасы ретінде, содан кейін өндірісте ұйымдастырушы нұсқаушы қызметін атқарады. 1933-34 жылдары Қазақ мемлекеттік байланыс комбинатында директордың орынбасары қызметінде, 1934 жылдың сәуір-шілде айларында Қазақ өлкелік тұрғын үй кеңесі президумы төрағасының орынбасары болып қызмет істеді. 1935 жылы Қазақ Орталық Атқару Комитетінің президумының шешімімен «Қазақстанның XV жылдық» значогімен марапатталады.

1934 жылы К. Либкнехта атындағы Москва мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түседі. Аталған жоғарғы оқу орнын 1938 жылы бітіреді. Осы жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетінің аспирантурасына қабылданады. 1939 жылы партия қатарына өтеді. Сонымен қатар аталған оқу орнында аға оқытушы қызметін де атқарады. Аспирантураны 1941 жылы аяқтайды.

1942 жылдың қарашасынан 1943 жылдың маусымына дейін Қазақ мемлекеттік шет тілдері институтында ректор қызметін атқарды. 1943 жылдың қараша айынан 1945 жылдың маусымына дейін КСРО Академиясының Қазақ филалының Тіл, әдебиет және тарих институтында директордың орынбасары болып жұмыс істеді.

1945 жылдың 9 сәуірінде ҚазМУ-дың ғылыми кеңесінде университет ректоры И. Лукьяновтың төрағалық етуімен «Қазақстандағы 1867-1868 жылдардағы реформа» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Осы жылы КСРО Ғылым академиясының Құрмет грамотасымен және 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында тылда атқарған еңбегі үшін медалімен марапатталады.

1946 жылдың сәуір айында Қазақ КСР академиясының Тарих, археология және этнография институтының «XIX-XX ғасыр басындағы Қазақстан» бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалады. 1947 жылы 25 қазанда Жоғары аттестациялық комиссиясының №21 шешімімен доцент атағын алады [1, 3-25 пп.]. Бек Сүлейменовты қызықтырған өзекті мәселенің бірі жаңа заман дәуіріне дейінгі Ресей империясының құрамындағы қазақ халқының өмірі мен азаттық күрес тарихы, қоғамдық ойдың тарихы мен ағартушылық мәселелері болды.

1948 жылдың 31 қаңтарында «Лениншіл жас» газетінде М. Ақынжанов пен Т. Шойынбаевтың «Саяси қате, ғылыми құнсыз кітап» деген сыни мақаласы жарияланады. Осы мақала негізінде 1948 жылдың шілде айының 14-19 аралығында Е. Бекмахановтың еңбегін арнайы талқылайды. Жиынның бесінші күні, яғни 19 шілдедегі соңғы мәжілісте институттың XIX ғасыр тарихы бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Бекежан Сүлейменов сөз алады. Ғалым сөзінде: «Мейлінше ашық нәм большевиктікпен айтқанда, кітап авторы идеологиялық өрескел қателіктерге ұрынып, ғылыми қауымның сенімін ақтамады. Мұндай қателікті Бекмаханов жолдасқа кешіруге болмайды. Өйткені ол «Ерте дүниеден қазіргі заманға дейінгі Қазақ КСР тарихының» бірінші басылымын әзірлеуге белсене қатысып, сол кітаптың бір тарауын 1943 жылы жазып, сол жылы ол осы тараудың мәтінін кеңейтіп, кандидаттық диссертация қорғады. Үш жылдан кейін тағы да сол тарауды «Қазақ КСР тарихының» екінші басылымына аз-маз түзетіп қайта жариялады. БК (б)П Орталық Комитетінің органы «Большевик» журналында Морозов жолдасының осы тараудың саяси қате екендігін әшекерелеген рецензиясы жарияланғаннан кейін араға бір жыл салып, әлгі еңбегін докторлық атақ алуға ұсынды. Демек, Бекмаханов жолдас Кенесары қозғалысын 1943 жылдан бергі үш жылда «Тарих» кітабына екі мәрте өткізіп, екі мәрте қорғап, кандидаттық та, докторлық та атақ алуға пайдаланған. Сондықтан да автор бұл тақырыпты ғылыми әспеттеуде ешқандай қателік жібермеуге тиіс еді, амал қанша, бастапқы қателіктерін ғылыми дәрежесі өскен сайын тереңдете түсті. Осыншама пасықтық нәм ұтқырлықпен білімпаз атанған тарихшыны кездейсоқ қателесті деуге бола ма? Бұрнағы күні доцент Тұрсынбаев жолдас: «Бұл сұраққа жауап беруге өз басым қиналамын» деді. Өте дұрыс айтты. Мұндай өрескел қателікті ақтау үшін әлеуметтік себеп іздеудің қажеті жоқ. Қателік тарихшының шалағай және зиянды ұстанымынан туындап отыр. Мен өзім мұндай адасуды кешіруге болмайды, ғылым жолынан оп-оңай мал таппақ пысықтарға сабақ болғандай етіп қатаң жазалау қажет. Кітап иесі Кенесары қозғалысына өткен ғасырда қалам тарқан орыс зерттеушілерінің (Красовский, Завалшин, Мейер, Небольсин, Баллюзик, Мякутин, Маковецкий, Самоковасов, Добромислов, Крафт және басқалары) еңбектерін жеткілікті пайдаланған. Солардың дені XIX ғасырдың алпысыншы жылынан беріде өмір сүріп, зерттеулерін 70-80 жылдары жариялағанын кітап авторы мүлдем ескермеген. Ал, зерттеуге негіз болған 20-40 жылдарда жазылған зерттеулер кітапта некен саяқ. Осы жәйт

Бекмаханов пайдаланған деректердің құндылығын төмендетеді. Екінші, автор шығыс тілдерінде жарияланған аса мәнді әрі қызықты жазбаларды әжетіне жаратқанын ескертіп, Қары-Құрбан-Халид-Бек-Оғылының «Тауарих-хамса» деген тарихи нәм әдеби еңбегіне сілтеме жасайды. Бекмахановтың ерекше сүйсініп: «Қазақстан тарихы жайында өте құнды еңбек»деп бағалаған көлемді кітаптың бастан-аяқ түрікшіл нәм мұсылманшылық рухпен жазылғанын ескертуге мәжбүрміз. «Тауарих-хамсаның» авторы Қары-Құрбан-Халид-Бек-Оғылы бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Қазақстан мен Қытай шекарасына ұрымтал қалашық Аяғезде тұрып, Қытайдың Шыңжаң аймағындағы Шәуешек жеріне жиі қатынап, Түркияның жансызы міндетін атқарғанын, сірә білмейді. Бұл енді барып тұрған саяси сорақылық! Қазақстан тарихын түріктік негізге қасақана бұрмалаушы шетел агентіне өз кітабында соншама құрмет көрсеткен ғалымды осыдан соң қалайша кеңес тарихшысы дейміз, түсінбеймін. Үшінші, Бекмахановтың «Молла-Әзім-Махмұд қажының өзбек тілінде жазылған «Түркістан тарихында» Кенесары қозғалысы жап-жақсы баяндалған деп бағалаған, деген кітабы да қазақ халқының ғасырлар бойы билеп-төстеген сұлтандар мен билердің ауызекі әңгімелері негізінде жазылғанын автор біле отырып, сондай «құнды» еңбектің дүниеге келгеніне сүйсініс білдіреді. Төртінші, Бекмаханов жолдас өз кітабында қазақ халқының тарихын бұрмалап, ұлттық-буржуазиялық «Алашорда» партиясының басшыларына ерекше ізет көрсеткен (бұл жерде Әлихан Бөкейханов пен Ғаббас Тоғжановтың еңбектерін пайдаланды деп айыптап отыр» - Р.О.).

Бір сағаттан аса сөйлеген сөзінің соңында Б. Сүлейменов өз ойын қорыта келіп әріптесінің кітабын жеті түрлі айғақпен жоққа шығарады. Атап айтар болсақ, біріншіден көтерілістің мазмұны отарлауға қарсы болды. Көтеріліске халықтың барлық таптары қатысқанмен де барлық рулар тартылған жоқ, сондықтан қозғалыс Қазақстан территориясының белгілі бір бөлігін ғана қамтыды. Екіншіден, Кенесары Қасымов көтерілісі ұйымдаспаған кенеттен туған. Көтерілістің мақсаты мен міндеті Кенесары мен көтерілістің басқада жетекшілері сұлтандар, байлар, билер, ақсақалдар мен әскер басшылары - батырларға белгілі болғанымен, қарапайым халыққа түсініксіз еді. Үшіншіден, Кенесары Қасымов өз заманының талантты ірі тұлғасы. Оны ешкім тарихтан сызып тастауға жиналып отырған жоқ. Ол белгілі реформатор немесе мемлекеттік қайраткер болмаса да тарихтағы рөлі мен тұлғасы қалады. Әңгіме жолдас Бекмахановтың ойынша, Кенесарыны біртұтас халықтың мұңын жоқтаушы етіп көрсетеді. Төртіншіден, автор өз еңбегінде үлкен қателіктерге жол берген. Кеңес халқы ұмытуға айналған ұлт-аралық араздықты қайта тұтатып, Кенесары Қасымов бастаған күрес орыс экспансиясына қарсы күрес, орыс езгісіне қарсылық деп жастарды тәрбиелеуге жат тезистерді айтады. Бесіншіден, автор Кенесары қозғалысына басыбайлы шаруалар қатысты деп көрсетеді. Автордың ойынша, Кенесарыда қонақта мәжбүрлікпен болған орыс көпестері немесе тұтқында болған офицерлерін «басыбайлы шаруалар» қатысты деп қателеседі. Сондықтан да Кенесары қозғалысында болған 3-4 орыс пен полякты, бірнеше башқұрт пен татарды қозғалыстың қозғаушы күші етіп көрсету автордың басты қателіктерінің бірі. Алтыншыдан, автордың Кенесары барымта институты мен феодалдық бытыраңқылықты жоймақшы болды дегенімен келісуге болмайды. Кенесары қозғалысы бастан аяқ барымтадан тұрды, бейбіт қазақ ауылдары Жаппас, Шекті, Арғын және т.б. бейбіт ауылдарды қиратты. Жетіншіден, автор Кенесары өз мемлекетін құрды дейді, бірақ та ол ондай мемлекетті құрған емес, құруы да мүмкін емес еді. Бұл жөнінде менің алдымда сөйлеген Ә. Тұрсынбаев пен және басқа да сөйлеген ғалымдардың пікірімен келісемін. Автор Кенесарының қырғызға жасаған басқыншылық соғысын ақтауға тырысады. «Бекмахановтың зиянды кітабын, шындығында қазақ халқының тарихын жөнсіз бұрмалап, үстем тап өкілдерін сыпыра мадақтаған бопсасын, біз зиялы қауым, ешқашанда қабылдамаймыз. Еңбек асығыс жазылған, идеологиялық жөнінен сын көтермейтін дәрменсіз туынды. Сол себепті автордан теріс көзқарасынан бас тартып, қателескенін жұрт алдында мойындауын талап етеміз. Күні бүгінге дейін автор қате пікірінен айнымай, өз ұстанымын қасарыса қорғап келді, бұл енді – «қырық кісі бір жақ, қыңыр бір жақтың» кері. Қазақ тарихшылары, ел тарихын әлдекімдердің оңды-солды бұрмалап ұпай түгендеуіне ешқашанда жол бермейді» деп аяқтаған [2, с. 260-281.]. Бекежан Сүлейменов Бекмахановтың еңбегін талқылау барысында еңбектің құндылығын жоққа шығара отырып, кейін өзінің де осындай айыппен қудаланатынын әсте сезбеген сияқты.

1952 жылы 23-25 қаңтарда институт ғалымдарының қатысуымен академия қабырғасында «Төңкеріске дейінгі Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар сипаты» атты пікір-таластық конференция өтеді. Осы конференцияға қатысқан ғалымдар: И.И. Афонов, М.А. Сужиков, Г. Қаржаубаев, Е.Б. Тойбеков, Н. Нұрымбаев, Н.Д. Жандилдин, А.И. Белов, И.П. Храмов, А.И. Неклюдов, К. Исаков, Б. Косунов, М.И. Горяев, Н.Т. Саурамбаев, Д.В. Сокольский, С.Я. Ефимов, С.В. Юшков, С.Н. Покровский, Х.Г. Айдарова, Т.Ш. Шойынбаев, Б.С. Сүлейменов, А.Б. Тұрсынбаев, А.Н. Нүсіпбеков, Т.Т. Тәжібаев,

С.Б. Бәйішев, Я.Г. Гулямов (Өзбекстан), Меджитов (Қырғызстан), Касанов (Қырғызстан), О. Кулиев (Түркіменстан), Х. Гимади (Татарстан), Ш. Типеев (Башқұртстан), Б.И. Искандиров (Тәжікстан).

Конференцияда Б. Сүлейменов «Қазақстандағы ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыс» деген тақырыпта баяндама жасады [3, 40-102 пп.]. Осы көтерілістің тарихымен айналысқан бүкіл авторлар көтеріліс тек екі облыста болды, яғни көтерілістің ірі ошақтары Торғай мен Жетісу облыстарында өрістеді деп санаса, Б. Сүлейменов көтеріліс бүкіл қазақ жерінде болғанын, тек көтерілістің ішкі ерекшелігі Торғай мен Жетісу облыстарындағы жағдаймен салыстырғанда өзге облыстарда әлсіздеу өткенін атап көрсетті. Ғалымның пікірінше 1916 жылғы көтеріліс, 1917 жылғы ақпан төңкерісі кезінде де аталған екі облыста партизандық әдіспен жалғасқанын алға тартады. Сонымен қатар 1916 жылғы көтеріліс ауқымы мен халықты қамту жағынан бүкіл Қазақстанның сипатта болғанын және күреске бүкіл өлкедегі болыстардың қатысқанын пайымдай келе, көтерілістің негізгі себептерін: жергілікті халықтың толық саяси құқығының жоқтығын, соғыс салығының көп салынуы, қазақ халқының жаппай жерсізденуі, самодержавиелік үкімет негізінде орыс монархиясын нығайту және т.б. сол сияқты нақты қозғаушы факторлармен анықтайды.

Патша үкіметінің «Уақытша ережелеріне» сәйкес Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарында «төтенше» жағдайда құрылған отрядтар қазақ ауылдарын ата қонысынан жақсы жайылымдық жерлерінен шөл-шөлейтті, қу-тақыр, үстіртке зорлықпен ығыстырғаны үшін жергілікті халық патшалық саясатқа қарсы күреске шықты. Б. Сүлейменов төңкеріске дейінгі патша үкіметінің саясаты сипаты жағынан қазақтарды қанау бағытында болатын деді. Ғалым патша үкіметінің жер мәселесін әділетті шеше алмауы қанды қақтығыстарға әкелді, бұл қақтығыстарда ауыр жапа шеккен қазақ шаруалары болғанын айта келіп, әкімшіліктің жақсы, өте құнарлы игерілген жерлерді тартып алуға бағытталған белсенді шаралары жаппай наразылық тудырды деп орынды тұжырым жасайды.

Бекежан Сүлейменов реформаға дейінгі отарлау үкіметінің алым-салық саясатын баяндай келе, 1867-1868 жылдардағы «Уақытша ереже» бойынша ұлғайған отаршыл әкімшілік аппаратты қаржыландырып, саясатын әрі қарай сәтті жүргізу үшін түтін салығы тағы да өсірілгенін көрсетті. Аталған реформаға байланысты түтін салығы екі есе, яғни 1 сом елу тиыннан 3 сомға дейін өссе, жерді отарлаудың жаңа заңы елді одан әрі басып, басқаруға бағытталған 1891 жылғы «Далалық ереже» күшіне енуіне сәйкес түтін салығы 4 сомға дейін өсті. Қазақтың кең-байтақ жақсы жайылымды, құнарлы жерлерін қандай жолмен болса да тонау мақсатымен шығарған заң ережелерін талдау арқылы автор бұл саясаттың ішкі сырын ашады. Сонымен қатар Ресей империясы қазақ халқының билігін алумен қатар салық салып, ата мекен жеріне қолын салды. Жердің жарамды таңдаулысы отаршылардың үлесіне тиді де, құнарсыз шөлді бөліктері байырғы тұрғындарға қалдырылды.

1952 жылы болған тарихшылардың пікірталасында 1916 жылғы көтерілісті бағалаудағы теріс көзқарастарға тойтарыс берілген соң, Б. Сүлейменов осы көтерілістің тарихына байланысты арнайы монографиялық зерттеуін баспаға бастыруды мақсат етіп қояды. Алайда, дәл сол уақытта, ғалымның қызметтерін айыптайтын домалақ арыздар түсе бастайды. Осы жылдың 17 шілдесінде Б. Сүлейменовті Қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері тұтқынға алады. 22 шілдеде Тарих, археология және этнология институтының №28 бұйрығының 5 бабымен Бек Сүлейменов институт қызметкерлерінің тізімінің құрамынан шығарылады [1, 39-п.].

Б. Сүлейменов сол жылдары әшкерелеу науқаны шегіне жетіп, идеологиялық тұрғыдан диссертацияларды «әшкерелеп», «қайта-қарау» үрдісіне қарсы тұрып, әрбір ғылыми жұмысты объективті әділ бағалауды ұсынды. Бекежанды айыптағанда алғашқы ғылыми еңбегі 1867-1868 жж. Қазақстандағы реформа тақырыбына жазылған кандидаттық диссертациясындағы көптеген тұжырымдарды айып ретінде алға тартты. Мысалы: «Патша үкіметінің үдемелі отарлау саясаты нәтижесінде Қоқан қамалы Әулие-атаны басып алуы Қоқан ханын Орта Азияны қорғауға мәжбүр етті. Оған басшылық жасаған атақты Кенесары ханның баласы Сыздық еді» деген тұжырымын сыныққа сылтау етіп идеология сақшылары Қоқан хандығын және Сыздық сұлтанды мадақтадың, Қазақстанның Ресейге қосылуының прогресивтілігін жоққа шығардың деген айып тақты. Сонымен қатар ХІХ ғасырдың екінші жартысында патшалық Ресейдің қазақ даласында жүзеге асырған реформасынан кейін халықтың ауыр жағдайы зар-заман ақындарының өлеңдерінде паш еткен ақын «Шортанбай Қанаевты дәріптеу арқылы Қазақстанның Ресейге қосылуын жоққа шығарып, хан, сұлтан, керітартпа ақындарды насихаттады және 1868-1870 жылдардағы Торғай, Орал облыстарындағы және Маңғышылақтағы реформаға қарсы көтерілістерді жазды» деген кінәлар тақты [4, 50 б.].

Бекежан Сүлейменовты КСРО Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10-тармағымен қамауға алынып, сотталады. Сталин қайтыс болғаннан кейін, 1954 жылы 3 мамырда ақталып, қайта босап шығады.

---

---

1954 жылы 1 маусымдағы Қазақ КСР Ғылым академиясының президумының №110 қаулысымен Тарих, археология және этнография институтына жарты ставкаға аға ғылыми қызметкерлікке алынады.

1957 жылы 1 қарашада Қазақ КСР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімінің отырысында жабық дауыс беру нәтижесінде «Қазақстанның жаңа тарих» бөлімінің меңгерушілігіне Бекежан Сүлейменов қайта бекітіледі.

1964 жылы Бекежан Сүлейменов Өзбекстанның қоғамдық ғылымдар бөлімінің біріккен диссертациялық кеңесінде докторлық диссертация қорғады. 1965 жылы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алады. 1968 жылы профессор атағы беріледі. 1972 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының мүше-корреспондентігіне сайланады [1, 122-п.].

Б. Сүлейменов кеңестік дәуірдегі тоталитаризмнің нығайып, күшіне енген кезеңінде-ақ, қоғамтану ғылымына идеологиялық қысымның ұлғая түскен уақытында ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысып, марксизм-ленинизм ілімінің үстемдік құрып тұрған кезінің өзінде іргелі еңбектер жазды. Оның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі аграрлық мәселелер, 1916 жылғы көтеріліс және Қазақстандағы қоғамдық ой-пікір мен ағартушылық тарихы туралы «Амангелді Иманов - Қазақстан азаматтық соғысының батыры», «Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс», «Қазақстандағы 1905-1907 жылдардағы революция», «Қарағанды көмір бассейнінің тарихы», «Қазақ батырлары», «Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX и начале XX в.», «Реформы 1867-1868 гг. в Казахстане», «Казахстан в составе России в XVIII - начало XX века» атты ғылыми еңбектері мен құжаттар жинақтарын жариялады.

---

#### **Әдебиеттер**

1 Ұлттық Ғылым Академиясының Біріккен Ведомстволық Мұрағаты (ҰҒА БВМ). 11-қ., 1-д-т., 165-іс. 3-135-пп.

2 Бекмаханов Е. Сочинения в семи томах. Стенограмма. – Павлодар: ЭКО, 2005. – Т. 6. – 360 с.

3 ҰҒА БВМ. 11-қ., 2-т., 9-іс. 40-102-пп.

4 Асылбеков М.Х., Есқалиев С.А., Бекежан Сүлейменов – тарихшы ғалым. – Алматы: Өркениет, 2001. – 182 б.

#### **Резюме**

В статье проанализированы исследования Бекежана Сулейменова о народно-освободительном восстании XIX – начале XX века. Изложена рецензия, данная 1948 году монографии Е. Бекмаханова. Также приводятся репрессивные меры, оказанные властью на Б. Сулейменова.

#### **Summary**

In this article the author analyzed Bekezhan Suleymenov's studies on liberation rebellion in the XIX – early XX centuries. Also his review for Y. Bekmakhanov's monograph is shown here (the review was made in 1948). Besides, the author described repressive measures of authority against B. Suleymenov.

---

---

**Сын және библиография**  
**Критика и библиографии**  
**Reviews and Bibliography**

**ӘБДІЖӘЛЕЛ БӘКІР**

саяси ғылымдар докторы, профессор

**ЖАҚСЫ БАСТАМАНЫҢ КЕМШІЛІГІ КӨП**

(Уәлиханов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Толағай групп)

Сауатсыздық нәм жауапсыздық «Мәдени мұраға» көлеңке түсірді немесе Ш.Ш. Уәлихановтың шығармаларының қазақ тіліндегі көптомдығы көңілден шықпады.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасына сәйкес «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы айдарымен шығып жатқан кітап сериялары еліміздің мәдени өміріндегі ерекше оқиға болып отырғанына дау жоқ. Талай сан түрлі ғылыми-публицистикалық, әдеби мұралар жарық көрді. Бұл тәуелсіздігіміздің, өз билігіміз өзімізге тигеннің арқасында ғана мүмкін болып отыр. Сөйтіп өшкеніміз жанып, жоғымыз табылып, барымыз байып жатқаны сөзсіз.

Алайда, осындай аса бір игі істерді жүзеге асыруда, әттегене-ай, дейтін мәселелер де жоқ емес. Біріншіден, қазіргі «Мәдени мұра» бағдарламасымен шығып жатқан басылымдар аз ғана таралымда болғаннан кейін олар еліміздегі кітапханалардың төрттен бірінің сәресіне қоюға ғана жетеді. Екіншіден, бұлар саудаға түспейді, әлдеқалай түскенде басылымдардың бағалары тым қымбат, оларды жеке сатып алушылар ала алмайды. Шынына келгенде, бұларды қарапайым халық көріп те жатқан жоқ. Үшіншіден, сонда халықтың өз мұрасын өздері еркін сатып ала алмауы, оны тіпті көрмеуінен бұлар кімдер үшін шығарылып жатыр деген пікір еріксіз ойға оралады. Төртіншіден, осы асыл мұралардың шынайы іздеушілері үкімет болмай, жеке кісілер не әлдеқалай топтар болып жатқаны ақылға сиымсыз. Әрине, жалғыз адамның қыруар жұмыс бітірген фактілері де кездесіп қалады. Мысалы, Алаш қозғалысының жетекшісі, ұлтымыздың шынайы көсемі Әлихан Бөкейханның 9-томдық толық жинағының құрастырушысы, соңғы 20 жылдық еңбек еткен, белгілі журналист Сұлтанхан Аққұлұлы Жүсіпті арнайы айта кетсе артық емес. Ол Астана қаласындағы «Сарыарқа» баспасымен қоян-қолтық жұмыс жасай отырып, көп нәрсені тындырды. Алайда, осы басылымның 2009 жылдан бері созылуы, тіпті төртінші томына бөлінген мемлекеттік қаржының берілмей, баспа оның егелерімен әлі соттасып жүргені, осы басылымның қалған томдарының бірнешеуін тұсау кесері алдында баспа өз қаржысына шығаруға мәжбүр болғаны өкінішті. Кейде тендерлер сыбайлас жемқорлыққа жол ашып, биліктің ол жақ, бұл жағында жүргендердің күн көріс көзі, ашық ұрлықтың өзі болып алды. Осылардан кейін «Мәдени мұра» бағдарламасы маңайында басқа да мәселелер болып жатқанына күдікпен қарамауға болмайды.

***Аударманы оқып жанымыз ауырды***

Шынына келгенде, біздің айтпағымыз бұл емес. Әңгімеміздің төркіні 2010 жылы Алматыдағы аты-заты түсініксіздеу, орысша-қазақшасы аралас «Толағай групп» баспасынан шыққан Шоқан Уәлихановтың қазақ тіліндегі көп томдық шығармалар жинағының аудармасы туралы болмақ. Ғылыми мақсатпен қажетті деген бірнеше шығармаларды оқу үстінде байқалған өрескел кемшіліктерден кейін бүкіл «Мәдени мұра» бағдарламасымен шығып жатқан кітаптардың сапасы онша емес-ау деген ойдың болғаны жасырын емес. Артық айтсам, кешірім өтінемін.

Ең алдымен ұлы ғалымның орыс тіліндегі бес томдығын шығаруға ерен еңбек еткен ғұлама Әлкей Марғұланның «Шоқан (Мұхаммед-Ханафия) Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі» атты бірінші томдағы көлемді бас мақаласының аудармасына қатысты ойларымызды ортаға салайық. Осы классикалық ғылыми туындының Ресей мен Қазақстанның арасындағы қатынасқа байланысты жазылған алғашқы үлкен бір азат жолы алынып тасталған. Аудармашы өзінше Әлекеңнің «кемшілігіне» қырағылық танытыпты. Осынысымен өзінің сауатсыздығын бірден танытып отыр. Біріншіден, аудармашы «Авторлық және аралас құқық туралы» Заңнан хабарсыз болғаннан кейін ол құжатты белінен бір-ақ басыпты. Екіншіден, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын орынды сынай отырып, орыс халқының алдыңғы қатарлы мәдениетінің ұлттық кадрларымыздың қалыптасуындағы рөлін түгелдей жоққа шығару әділдік бола қоймас. Арысы Батыстың, берісі Ресейдің саяси өмірі мен мәдениетінің озық ойлы өкілдері болмаса Шоқанның сонау биікке көтеріле қоюы мүмкін болар ма

еді? Ресейде оқып, білім алған, ұлттық саяси тарихымызда, рухани дүниемізде бетбұрыстар жасаған алыптар Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай және тағы басқа Алаштың ардақты жетекшілері туралы да осыны айтуға болады. Сол себепті «Появление на исторической арене Чокана Уәлиханова могло произойти только в результате экономического и культурного общения двух народов - русского и казахского» деген Әлекеңнің объективті шындықтан туған ойдан ат-тонды ала қашу орынсыз [1, 9 б.] Қазақстанның Ресейге қосылуына байланысты кешегі кеңестік кездегі Әлекең пікірін кім болса да жақсы түсінетін еді. Сонан соң бас мақаланың өзінің де аударылуы ойдағыдай емес. Мысалы, «Это был вполне сформировавшийся крупный ученый (Шоқан – Ә.Б.) с энциклопедическим складом ума, сумевший поставить по-новому ряд вопросов в современной ему науке» деген [1, 66 б.] мәтін қазақшаға былай аударылған «Ол (Шоқан – Ә.Б.) терең энциклопедиялық білімі бар, өз заманындағы ғылымда бір қатар мәселелерді жаңаша көтере білген кемелді ірі ғалым еді» [2, 60-61 б.].

Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Аудармашылардың тәжірибесіздігінен бас мақаладағы Шоқан Уәлиханов шығармаларынан келтірілген үзінділер аудармадағы негізгі мәтіндермен бірдей болуы ойластырылмаған. Бұл элементарлық талап емес пе? Бір мысал келтіре кетейік. Шоқан Уәлихановтың «Сот реформасы жайындағы жазба» еңбегінен алынған: «...нет вопроса общественного, который был так всемогуще важен, как вопрос о народных реформах.

Нет сомнения, что все законодатели и реформаторы имели и имеют в виду общественную пользу, но понятия о том, что полезно и что вредно для общественного развития в разные века были различные и теперь между нами ходит много диких гипотез, которые по рутине и по привычке к прошлым преданиям принимаются многими на веру, как непреложные аксиомы, хотя науки ясно доказали их ошибочность и несостоятельность» деген [1, 74 б.] үзінді қазақ тіліне былай аударылған: «...халық реформасынан жоғары тұратын маңызды қоғамдық реформа жоқ. Барлық заң шығарушылар мен реформаторлардың қоғамға пайданы көздеп келгені және көздейтіні күмәнсіз, бірақ қоғам дамуына пайдалы, зиян деген түсінік әр ғасырда әртүрлі болды. Қазір біздің арамызда бағзы замандардан бері көпшілік санасына сіңіп, бұлжымас аксиомаға айналып, күнделікті тірлік пен дағдыға сай қалыптасып кеткен көптеген жабайы гипотезалар бар, ғылым олардың қателігі мен заманға сай келмейтінін дәлелдеп отыр» [2, 65 б.]. Ал осы Жазбаның қазақ тіліндегі негізгі мәтінінде: «Сондықтан халық реформасы жөніндегі мәселе сияқты соншалықты маңызды болатындай қоғамдық мәселе жоқ. Барлық заң шығарушылар мен реформаторлардың бұл тұрғыда қоғамдық пайда тұрғысынан ойланғандарына күмән жоқ, алайда түрлі ғасырларда қоғам дамуы үшін ненің пайдалы, ненің зияндылығы туралы түсінік әр түрлі болған, енді қазір біздің арамызда да көптеген тұрпайы болжамдар орын алып жүр, ғылым олардың қателіктері мен негізсіздігін дәлелдесе де, олар ескі тәртіп бойынша және өткен аңызға байланысты қалыптасқан дағды бойынша мызғымас тұжырым ретінде сенімге кірген» делінсе [3, 84 б.],

2003 жылы «Жеті жарғы» баспасынан шыққан «Сот реформасы жайындағы жазбада» осы үзінді былай аударылған: «Сондықтан да қоғамдық мәселеде халық реформасынан аса қажет мәселе жоқ. Заң шығарушылар мен реформаторлар қоғам мүддесін көздеп келгені, соны көздейтіні жайында күдік болмаса керек. Бірақ қоғамның дамуына не залал, не пайда екені жайындағы ұғым әр дәуірде әр түрлі болған-ды, әлі күнге дейін де көптеген тағылық болжал (гипотеза) орын алып отыр, ал ғылым мұның жансақтығын, ешқандай негізсіздігін толық дәлелдесе де керенаулықтан, ескінің аңызына шырмалған әдеттен, дағдыдан арыла алмағандықтан көптеген жұрт оны ақиқатты аксиома санап, сенім білдіреді, яғни діншілдік нанымға айналдырды [4, 39 б.]. Міне, өздеріңіз көріп отырғандай, ұлы ғалымның ұлы шығармасы осылай әр басылымда әр түрлі, көбіне әлсіз аударылып жүр. Оның үстіне осы еңбектің қазақ тіліндегілерінің осы кезге дейін біресе «Сот реформасы жайында жазба» не «Сот реформасы туралы жазба» болмаса «Сот реформасы жайлы жазба», тіпті «Сот реформасы туралы хат» деп әр түрлі аталып жүруі де орынсыз. Бір тоқтамға келу керек.

Сонан соң Әлкей Марғұланның мақаласында келтірілген Г.Н. Потанин, П.П. Семенов-Тянь-Шаньский және басқалардың Шоқан Уәлиханов туралы жазғандарынан келтірілген үзінділер мен дәйексөздер қазақ тіліне әр түрлі нұсқада аударылған. Мысалы, Шоқан Уәлиханов 1862 жылғы 6 желтоқсанда Көкшетаудан ақын А.Н. Майковқа жолдаған хатынан алынған мына үзінді: «Мои родные... имеют множество как национальных, так и сословных предрассудков и качеств. Особенно выдается непомерное упорство и тщеславие. Понятно после этого, они имеют слишком высокое мнение о себе, о своем уме и проч. Понятно и то, что всякие советы или споры только раздражают их тщеславие и укрепляют упорство» [1, 63 б.] қазақшаға былай аударылған: «Менің туыстарым... көптеген ұлттық та, таптық та ескілік шырмауында. Әсіресе, бірбеткейлік, даңққұмарлық бірден көзге шалынады. Осыдан-ақ олардың өздері туралы өздерінің ақылдылығы туралы және басқалар *басқалар* (мәтінде



---

осылай – Ә.Б.) туралы жоғары пікірде болатыны түсінікті. Әр түрлі ақыл-кеңестер немесе дау-дамай олардың менмендігін тек тітіркендіреді және қасарушылықтарын нығайтады» [2, 58 б.]. Ал осы үзінді 5 томдағы негізгі мәтінде былайша берілген: «Менің туысқандарым – ... ұлттық жағынан да, сословиелік жағынан да толып жатқан соқыр сезімдері мен өзіне тән қасиеттері болады, әсіресе қайсар, өркөкірек келеді. Сондықтан олардың өздерін жоғары санайтындығы және ақылды адамдармыз деп есептейтіндігі және тағы сондайлары болатыны түсінікті. Ал осыған байланысты оларға ақыл айтсаң немесе бір мәселе жөнінде талассаң, қытығына тиіп, қыңырлана түсетіні де белгілі» [5, 146 б.]. Мұндай мысалдар да жетіп артылады. Бұл аудармашылардың бұдан бұрын мұндай жауапты жұмыспен айналыспағанын көрсетеді.

Жалпы аударма жұмысындағы қателерден аяқ алып жүре алмайсың. Оның барлығын тізбелеп жатуды мақсат етпедік. Бірер мысал келтірумен шектелейік. Бірінші томдағы Г.Н. Потаниннің «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов» деген мақаласындағы «Все они были самые образованные люди города; вращаясь в их среде, Чокан быстро развивался и шел далеко впереди своих товарищей, в особенности в области политических идей и литературных новостей» деген [1, 91 б.] сөйлем былай аударылған «Бұлардың барлығы қаладағы ең көзі ашық, оқымысты жандар болатын, олардың ортасына түскен Шоқан тез дамып, өз жолдастарынан озып кетті, әсіресе, саяси ойлар мен әдеби жаңалықтарға жетік болды» [2, 77 б.]. Өздеріңіз көріп отырғандай, Потанин Шоқанның өз жолдастарынан саяси ойлар мен әдеби жаңалықтар саласында озып кеткенін айтып отырса, аудармада мағына өзгеріп кеткен. Тағы бір мысал. Орыс тіліндегі 5-томның 91-бетіндегі «Высочайшие указы по Военному ведомству. 24 мая 1865 г.» деп аталатын ақпараттың «Умершие исключаются из списков: по кавалерии состоящий по армейской кавалерии и находящийся в распоряжении командующего войсками Западной Сибири штабс-ротмистр султан Чокан Уалиханов» деген [6, 91 б.] мәтін: «Армиялық кавалерия құрамындағы Батыс Сібір әскерінің қолбасшысы қызметін атқарған штабс-ротмистр султан Шоқан Уәлиханов қайтыс болуына байланысты тізімнен шығарылады» деп аударылған [5, 88 б.]. Бұл аудармадағы екі қателікті атай кетейік. Біріншісі, бұл мәтіннің үзінді және ресми құжат екендігі ескерілмеген. Екіншіден, дұрыс аударылмағаннан кейін Шоқан Уәлиханов *қолбасшы* болып кеткен. Мұндай қателіктер Шоқанның қызметіне қатысты құжаттардың біразында қайталанған.

#### **Авторлардың ойы да қысқартылған**

Аудармаларда авторлардың ойын қысқарту да аз кездеспейді. Мысалы Әлкей Марғұланның бас мақаласындағы «Хотя Ч. Валиханов в толковании общественных процессов оставался в целом на идеалистических позициях, в его произведениях содержатся глубокие и оригинальные мысли, которые можно рассматривать как материалистическую тенденцию в его мировоззрении» деген [1, 73 б.] сөйлем «Ш. Уәлиханов қоғамдық *үрдістерді* (дұрысы үдерістерді – Ә.Б) түсіндіруде тұтастай алғанда идеалистік бағыт ұстанды, оның шығармаларында терең және таза ойлар сақталған...» деп аударылған [2, 65 б.].

Басылымды дайындаушылардың өздерінің кімнің еңбегімен жұмыс істеп отырғандарына жеткілікті мән бермеуден, ұқыпсыздық салдарынан мынандай кемшіліктерге де жол берілген. Орыс тіліндегі бас мақаланың екі беттей мәтіні аудармада жоқ, оның орнына 6-томдағы «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың еңбектерінің басылуы және олар туралы әдебиеттер» деп аталатын бөлімнің 18-19 және 30-31 беттер жүр. Сонан соң 5-томның 306- 307, 310-311, 314-315 және 318-319 беттердің орнына 294-295, 290-291, 302- 303 және 298-299 беттер қайта салынып кеткен. Бұл сауатсыздық ғана емес, жауапсыздық да. Мұны баспахана қызметкерлерінің жұмыс деңгейі десек, жауапты шығарушылар қайда қарап отырған?

Бүгінгі күнге дейін Шоқан Уәлиханов еңбектері қазақ тілінде көп болмаса да әр түрлі аудармалармен шықты. Осылар қалай екен деген мақсатпен Шоқанның бірер мақаласын қарап шықтық. Содан салыстырмалар келтіре кетейік. 1985 жылы орыс тілінде шыққан бес томдық шығармалар жинағына кірген «Записка о судебной реформе» еңбектегі: «Россия в числе сыновей имеет немало народностей иноверческих и инородческих, которые ведут образ жизни диаметрально противоположный образу жизни коренного русского населения, имеют нравы и обычаи диаметрально противоположные нравам и обычаям русских славянского племени. Понятно, что преобразования, проектированные для христианского и оседлого русского населения, по вышеизложенным причинам, не принесут никакой пользы и будут бессмысленны, если будут всецело применены к кочевым и бродячим инородцам Европейской и Азиатской России» деген [7, 77 б.] жолдар соңғы қазақ тіліндегі 6-томдықтың 4-томында былай аударылған: «Россия өз ұлдарының қатарында байырғы орыс тұрғындарының өмір салтына қарама-қайшылықты өмір кешетін, славяндық орыс тайпасы салттары мен өнегесіне мүлдем керегар

өнегелері мен ғұрыптары бар өзге дінді және бұратана көптеген халықтарға да ие. Жоғарыдағы баяндалған себептерге байланысты христиандық әрі отырықшы орыс халқына арналып жобаланған қайта жаңғыртудың ешқандай пайда әкелмейтіні және де ол көшпенділерге, Еуропа мен Азиялық Ресейдің қаңғыбас бұратаналарына тұтастай қолданатын болса, мән-мағынасыз болатыны түсінікті» [3, 83 б.] Осы үзінді 2003 жылы «Жеті жарғы» баспасынан шыққан «Сот реформасы жайында жазбада» былайша аударылған: «Ресей тумаларының ішінде байырғы орыс тұрғындарының өмір тіршілігіне қарама-қарсы тіршілік ететін, әдет-ғұрпы, әрісі славян тайпасының әдет-ғұрпынан өзгеше, керегар келетін діні, тегі өзге халықтар аз емес. Бұл жайтқа жүгінгенде, жоғарыда келтірілген себептерді ескергенде христиандарға, отырықшы орыс тұрғындарына арналып жобаланған әкімшілік өзгеріс, егер Ресейдің Еуропалық, Азиялық бөлігінде көшіп-қонып жүрген бұратана халықты басқаруға бүтіндей қолданылса, онда мұндай өзгерістен ешқандай да пайда келуі былай тұрсын, нағыз тұрпайылық болар еді» [4, 38 б.].

Шоқан Уәлихановтың классикалық шығармасы «Сот реформа жайында жазбаның» аудармасынан тағы бір мысал келтіре кетейік. «Только вследствие невнимательности, которая, надо сказать, в отношении нас, киргиз, уже вошла в привычку областного начальства, комитет, бывший при областном правлении, мог принять без всякой критической оценки мнения султанов, биев, и других знатных киргиз за главное основание для своих работ и только по укореившийся невнимательности мог утвердить в своем проекте те ненужные и вредные для народа преобразования и изменения, которых добивался привилегированный класс киргизского народа и которых не хотел простой, или, как выражаются степные аристократы, «черный» киргизский народ» [7, 81 б.] деген мәтін «Жеті жарғы» баспасы шығарған кітапшада былай аударылған: «Біздерді ерен санамауының ғана салдарынан облыс бастықтары, бұрынғы облыс басқармасының қасындағы комитет өз жұмыстарының арқауы етіп, ешқандайда баға берместен сұлтандар мен билердің және басқа атақты қазақтардың пікірлерін қабылдап жатты. Қазақ халқының үстем табы «қара бұқара» қаламайтын, олардың мүддесіне қажет емес, керісінше зиянды өзгерістермен қайта құрылымды жобаларында енгізуі тек қана ескерусіздіктің, немқұрайдылықтың салдары. Халық пікіріне дұрыс баға беру үшін комитет қазақтың қауымдық қатысына, олардың орыс үкіметіне тікелей қатысына назар аударуы қажет еді. Комитеттің қолында мұндай дәлелсіз пікірді тексеретін, анықтайтын тарихи және санақтық деректер де болды. Облыс басқармасындағы құжат деректері мен санақ деректері жұтаң болғанның өзінде де білімсіз, жартылай жабайы халықтың, білімсіз де жабайы ақсүйектерінің пікірінен әлдеқайда құнды да, әрі ықтималдығы да мол еді» [4, 45 б.]. Осы қазақ тіліндегі 4-томда былай аударылған: «Айта кету керек, бізге, қырғыздарға қатынасында, ендігі аймақтық басқарманың әдетіне айналып кеткен ықылассыздықтың салдарынан ғана аймақтық басқарма жанындағы бұрынғы комитет сұлтан-билердің және басқа «ақсүйек» қырғыздардың пікірлерін ешбір сыни бағасыз-ақ өз жұмыстарына басты негіздеме етіп қабылдайды және тереңнен тамыр алған салғырттықтан халық үшін түкке керегі жоқ, тек қырғыз халқының мәртебесі жоғары класы қол жеткізуге тырысатын зиянды жаңғыртулар мен өзгерістерді өз жобасында қайта бекітеді, ал оларды қарапайым халық немесе дала аристократтары айтатындай, «қара» қырғыз халқы қаламайды» [3, 88 б.].

Сондай-ақ бес томдық шығармалар жинағының бірінші томына кірген «Заметки по истории южносибирских племен» атты мақаланың «На пространстве юго-восточной части европейской России и по тундрам, лесам и степям всей Сибири живут оседло, кочуют и бродяжничают множество разноплеменных народов, известных у нас под именем инородцев. Народы эти принадлежат к финскому, тюркскому и монгольскому корню или же составляют любопытное соединение элементов от всех этих племен» деген [1, 294 б.] үзіндісі 6-томдықтың бірінші томында «Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы туралы жазбалар» деп аталған мақалада: «Еуропалық Ресейдің оңтүстік-шығыс бөлігі мен тундрада, бүкіл Сібірдің орманы мен даласында отырықшы, көшіп қонып және қаңғырып көптеген түрлі тайпалардың халықтары өмір сүреді. Олар бұратана деген атпен белгілі. Бұл халықтар фин, түркі және монғол тайпаларына жатады және осы тайпалардың барлығының қосындысынан тұрады» деп аударылған [2, 248 б.]. Ал қазақ тіліндегі көп томдық шыққан жылы белгілі қаламгер Сарбас Ақтаевтың құрастыруымен және аударуымен жарық көрген Шоқан Уәлихановтың шығармаларының жинағында: «Еуропалық Ресейдің түстік-шығыс бөлігіндегі кеңістігінде, тундрада, бүкіл Сібір ормандары мен қырларында қоңыс теуіп, көшіп-қонып, қаңғып жүрген жұрт бізге бұратана деген атпен таныс әралуан халық көп-ақ. Бұл халықтардың түбі фин, түркі және монғол тегіне жатады немесе осы тайпалардың түрлі нышандарын тал бойына тамаша жинақтаған бөлекше бір құрама» деп аударылған [8, 84 б.].

Ал енді осы мақала көп томдықта «Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы туралы жазбалар»

---

---

деп аталса, С. Ақтаев шығарған жинақта «Түстік- Сібір тайпаларының тарихы» деп аударылған.

### **Құлдық психология аудармадан көрініп тұр**

Ұлы ғалымның ұлы туындыларына немқұрайлы көзқарас, тіпті жалпы аударма ісінің белгілі принциптеріне көңіл бөлмеушілік те анық байқалады. Сол себепті Шоқан Уәлихановтың көптомдығын шығарушылар мен аудармашылар осы кезге дейінгі қазақ тілінде шыққан басылымдарды ескермеген. Әрине, әр аудармашы өзінше аударып жатуы мүмкін. Алайда кейінгі аудармашылар бұрынғы нұсқадан кем түспеуі және бұрынғы нұсқаның жақсы жағын жетілдіре отырып аударған жөн болатын еді. Сонда ғана еңбек сапалы болады. Олай болмаса қолға алма. Біздіңше, аудармашылар алдына мұндай игі мақсат қоя алмаған.

Тағы бір айта кететін мәселе – Шоқан шығармаларының бірсыпыра аудармаларында «қазақ» деген сөздің орыс тіліндегідей негізінен «қырғыз» деп берілуіне түсіне қоймадық. Көптомдықты шығарушылар негізгі мәтіндегіні сақтадық дегісі келетін шығар. Сонда біз не ұтамыз? Әлде аудармашылар халқымызға «қазақ» сөзін қимай отыр ма? Болмаса бұлардың көңілінен құлдық психология кете қоймаған ба? Терминдерді пайдалануда да қателер жеткілікті. Тіпті үрдіс пен үдерісті не процесті ажырата алмаушылық жиі кездеседі.

Жоғарыдағыдай мысалдарды жалғастыра беруге болар еді. Бірақ біздің бүгінгі айтпағымыз – қазақ халқының ғылыми өресін алғаш әлемдік деңгейге көтерген, шығармалары тұңғыш ағылшын, француз, неміс тілдерінде аударылған Шоқан Уәлиханов сияқты ұлы ғалымның қазақ тіліндегі көп томдық шығармалар жинағын шығаруға бір кітаптан екіншіге көшіп жүретін, нақты міндеттері жоқ толып жатқан формальды комиссия мүшелерінің не басылымға тікелей жауапты кісілердің бірде-біреуінің кітапты баспаға ұсынғанда бір қарап шығуға қолдарының тимегені өкінішті-ақ. Бірақ қарап не қылады. Бәлкім, оларда бұл кітаптарды кімдер оқып жатыр, кітапханаларға барады да жатады, саудаға түсе қоймайды деген көзқарастар та болмай қалмаған шығар.

Нақты шығарушылардың тәжірибелерінің жоқ екені, аудармашылардың алдымен сауатсыздықтары оның үстіне қосылған жауапсыздықтары көзге ұрып тұр. Осылай бағалауға мәжбүр болып отырмыз. Бұл кейбір өзіміздің зерттеу мақсатымызға қажетті деген еңбектерді оқу үстінде байқалғандары ғана. Тереңдеп барыңқырасақ, бұлардан да зоры шығуы мүмкін.

Мұндай өрескел қателерге неге жол берілді деген сұрақ қойдым да, оған өзімше жауап беруге тырыстым. Бәлкім қателесермін. Пендеміз ғой. Ең бірінші – құлқын. Шамаң келмесе де, арам үлесінді ал. Екіншіден, сауатсыздықпен астасып жатқан шексіз жауапсыздық. Аруақтан қорықпау. Бұл ұлы адамның ұлы мұрасын сыйламаудан басқа ештеңе емес. Шынына келгенде, «сен салар да мен салар, атқа жемді кім салар» болған.

Ия, бүгін тәуелсіздігіміз толыса қоймаған, нарықтың келеңсіз көріністерімен батыл күресе алмай, көбіне халықтың мүддесінен гөрі жеке меншік психологияға жол беріп, имандылықты қиналғанда еске алатын кезде ақша не істетпейді. Сондықтан лауазымды біреу билікпен жең ұшынан жалғасып, белгілі бір топ тендерді жеңіп алып, халықтың миллиондаған қаржысын қазіргі заманғы «пысықтық жолмен» қалтаға басып отырғандарға таң қалуға болмайды. Ондайлар қазір қай әлеуметтік кеңістікте болмасын жетіп артылады. Мен «Толағай групп» деген баспаны да солардың бірі ме деп ойлап отырмын. Бәлкім, біле бермейтін шығармын. Артық айтсам, кешірім өтінемін. Менің мынандай аударманы көргендегі күйзелісімді түсінерсіздер.

Тағы бір айтарымыз, шынына келгенде, таң қалғанымыз – осындай аса маңызды аударма жұмысына ұлы ғалым атындағы институттың жетекші мамандарының тартылмағаны. Толып жатқан комиссия мүшелерінің орнына олар болғанда дәл мұндай ұлы мұра аяқ асты болмас еді.

Біздің ұсынысымыз – осы кезге дейінгі шыққан Шоқан Уәлиханов шығармаларының барлық басылымдарын салыстыра, жетілдіре отырып, қазақ тіліндегі көп томдықты қайтадан шығару. Мүмкіндігінше мұның шығынын осы басылымға қатысып, қаржыландырылған кісілерден толықтыру керек. Сонан соң бұл басылымды Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына тапсырып, ұжымдық әрі академиялық басылым еткен жөн. Ресей географиялық қоғамының толық мүшесі болғанда 22-ге жетпеген, қазақ ғалымдарының арасында еңбектері тұңғыш рет әлемнің бірнеше тілдеріне аударылғанда жасы 30-ға да толмаған, халықтық реформаны аңсап кеткен, ұлтының болашағын білім мен мәдениеттен іздеген, шығыстану көгінде жарық жұлдыздай жарқырап өткен, ғұлама ғалым Шоқан аруағының алдындағы айыбымызды осылай ғана жуа аламыз. Олай жасай алмасақ, ұлтымызға сын. Бүгінгі оқырмандарға да, келер ұрпаққа да күлкі болмайық, ағайын!

## Әдебиеттер

- 1 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пятих томах. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – Том 1. – 432 с.
- 2 Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Толағай групп, 2010. – 1-том. – 376 б.
- 3 Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Толағай групп, 2010. – 4-том – 496 б.
- 4 Шоқан Уәлиханов. Сот реформасы жайында жазба. Кіріспе мақалалар мен ескертулерді жазған С.Ф. Ударцев. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 116 б. (Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары сериясы).
- 5 Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Толағай группа, 2010. – 5-том. – 528 б.
- 6 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пятих томах. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии. – 1985. – Том 5. – 528 с.
- 7 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пятих томах. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – Том 4 – 461 с.
- 8 Уәлиханов Шоқан. Шығармалары. – Алматы: Ана тілі баспасы, 2010. – 320 б.

## Е.Ж. ОРАЗБЕК

старший научный сотрудник  
Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

### Рецензия на книгу:

**Чокотегин М. Тоо көчмөндөрүнүн турак жайларынын этногенездик жана маданияттык негиздери [Жилище горных кочевников: этногенез и этнокультурные аспекты].**

**Бишкек: Алтын-Принт, 2012.–168 бет.**

Первостепенной задачей для исследователей в области социо-гуманитарных наук современного **тюрко-монгольского мира** /мегарегиона является:

а) *осмысление/анализ* своей многотысячелетней блистательной истории и уникальной этно-экологической культуры (привнесших в сокровищницу мировой цивилизации такие креативные новшества, как – доместикация коня, изобретение седла, стремян, удила и поводьев, колесниц, комплекс снаряжения боевого коня, эффективная военная тактика кавалерии, мобильное жилище – юрта, виды одежды/штаны, комплексное, эффективное, безотходное, экологически-щадящее хозяйственное освоение бескрайних степей, лесостепей, полупустынь, пустынь, плоскогорий и горных плато, выведение адаптивных кочевых/полукочевых пород скота, создание уникальной **конно-кочевой степной цивилизации** – феномена, «выступавшего» генератором и «модератором» геополитических и макроэкономических процессов на евразийском мегаконтиненте, начиная с эпохи бронзы, вплоть до начала Нового времени);

б) *научно/интеллектуальное* определение потенциального места и роли современных тюрко-монгольских народов в системе «координат» нынешней исторической эпохи начала XXI века (эпохи постиндустриальной, информационной, – для авангарда развитых стран мира), и параметров их адаптационно-модернизационных возможностей к органичному «вступлению» в «поток»/мейнстрим развития мировой цивилизации в качестве полноправного **субъекта** исторического развития и процессов, не «растерявшего» свой креативно-цивилизационный потенциал; для нас (современных тюрко-монгольских народов), в перспективе плодотворным явится креативное применение некоторых реактуализированных констант, базисных элементов, символов нашей традиционной этнической культуры в условиях и контексте современного потока времени.

